«KEGOC» АҚ-ның ағымдағы жай-күйіне жүргізілген соңғы стратегиялық талдау және SWOT-талдау нәтижелері төмендегілердің Компания үшін оның қызметінің тиімділігіне әсерін тигізетін және Даму жоспарында (Стратегияда) стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді анықтау кезінде ескерілуі тиіс негізгі сын-тегеуріндер екенін көрсетті:

- жүктемелердің болжамды өсуінің ескерілуімен Қазақстан Республикасы ҰЭТ-тың жеткіліксіз өткізу қабілеті;
- тұтынушылар жүктемелерінің өсуіне байланысты елде орта мерзімді перспективада электр энергриясы мен қуаттың тапшылығы;
- электр желісінің сенімді жұмыс істеуіне әсерін тигізетін ЖЭК-ті дамыту;
- энергетикалық жүйені басқаруды цифрландыру және автоматтандыру, сондай-ақ киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- электр желілерінің тозу дәрежесінің жоғарылауы және осыған байланысты активтердің істен шығу тәуекелдері;
- инвестициялық қызметті жоспарлаудың және жобаларды басқарудың жаңа тәсілдерінің ескерілуімен инвестициялық жобалардың жаңартылған портфелі;
- теңгерімдеуші нарықты енгізу;
- электр энергетикалық саланы басқарудың жаңа тәсілдерін және жалпы электр энергетикасының дамуын қамтамасыз ететін нарық моделін (дизайнын) қалыптастыруға Компанияның белсенді қатысу қажеттілігі.

Осыған байланысты, Компанияның 2023–2032 жылдарға арналған Даму жоспарында (Стратегиясында) үш стратегиялық мақсат айқындалған:

**«KEGOC» АҚ стратегиялық мақсаттары**

**1-МАҚСАТ**

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ АУЫСУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚСТАН БЭЖ-ІНІҢ СЕНІМДІ ЖҰМЫС ІСТЕУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

1. Қазақстан Республикасы БЭЖ-і Жүйелік операторы функцияларын орындау;
2. ҚР ҰЭТ-ты озық қарқынмен дамыту, ЖЭК-ті 19% деңгейінде тиімді біріктіру;
3. заманауи инновациялық және цифрлық технологияларды, Smart Grid-ті енгізу.

Мақсаттарға жетудің негізгі индикаторлары

**GA — AIT**

**2-МАҚСАТ**

ESG ҚАҒИДАТТАРЫНА СӘЙКЕС ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

1. көміртек ізін азайту;
2. адам капиталын дамыту;
3. корпоративтік басқаруды жетілдіру;
4. кәсіби қауіпсіздік жүйесін жетілдіру.

Мақсаттарға жетудің негізгі индикаторлары

**LTIFR — ESG рейтингі**

**3-МАҚСАТ**

ТАЗА АКТИВТЕРДІҢ ҚҰНЫН АРТТЫРУ

1. қаржылық тұрақтылықты нығайту;
2. халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

Мақсаттарға жетудің негізгі индикаторлары

**TSR — EBITDA margin**

Даму жоспарын әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы, жалпыұлттық басымдықтар, мемлекеттік бағдарламалар, адам құқықтары мен қоршаған ортаны қорғауды қоса алғандағы халықаралық міндеттемелер, сондай-ақ стейкхолдерлер алдындағы міндеттемелер және т.б. ескерілді.

2-22, 2-23, 2-24



# 3.

БОЛАШАҚ ЖЕТІСТІКТЕРДІҢ ЭНЕРГИЯСЫ

ҰЛТТЫҚ ЭЛЕКТР ТОРАБЫ БҮКІЛ ЕЛ БОЙЫНША ӨНЕРКӘСІП ПЕН ХАЛЫҚТЫ СЕНІМДІ ЖӘНЕ ТИІМДІ ЭЛЕКТРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ.

9 ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ, ИННОВАЦИЯЛАР, ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

11 ОРНЫҚТЫ ҚАЛАЛАР МЕН ЕЛДІ МЕКЕНДЕР

# ҰЭТ-тың сенімділігі және оны дамыту

Өндірістік қызмет .......... 20
Тұтынушылармен жұмыс .......... 22
Инвестициялық қызмет .......... 23
Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар .......... 25
Желінің сенімділігі .......... 29

# Өндірістік қызмет

2-6

## 2023 ЖЫЛЫ «ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫНА 2023 ЖЫЛҒЫ 1 ШІЛДЕДЕН БАСТАП БІРЫҢҒАЙ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН САТЫП АЛУШЫ ҮЛГІСІН ЕНГІЗУГЕ ЖӘНЕ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ ТЕҢГЕРІМДЕУШІ НАРЫҒЫН ІСКЕ ҚОСУҒА ҚАТЫСТЫ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ.

«Электр энергетикасы туралы» Заңның аясында Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар туралы» заңнамасына сәйкес «KEGOC» АҚ электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілеріне олар Бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алу және теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу-сату операцияларын және теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының есеп айырысу орталығымен теріс теңгерімсіздіктерді жүзеге асыру кезінде көрсететін электр энергиясын жеткізу саласына жататын ҰЭТ-ты пайдалану бойынша жаңа қызмет енгізілді.

### «KEGOC» АҚ жүйелік қызметтерінің құрылымындағы өзгерістер

**«KEGOC» АҚ жүйелік қызметтерінің құрылымындағы өзгерістер**

| ҰЭТ пайдалану бойынша | ҰЭТ арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша | Техникалық диспетчерлендіру бойынша | Электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша |
|---|---|---|---|
| Көтерме сауда нарығының субъектілеріне олардың электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан сатып алуы және теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу-сату операцияларын жүзеге асыруы және теңгерімдеуші энергияның есеп айырысу орталығымен теріс теңгерімсіздіктер кезінде көрсетілетін электр энергиясын жеткізу саласына жататын қызмет | ЭНЖО-мен көрсетілетін қызмет:<br>1) электр энергиясын экспорттайтын және импорттайтын;<br>2) электр энергиясының мемлекетаралық транзитінің көлемі үшін басқа мемлекеттердің ұйымдарына;<br>3) адамдар тобына кіретін ұйымдарға;<br>4) шартты тұтынушыларға;<br>5) ЖЭК-пен екі жақты шарттар жасасқан тұтынушыларға | Өзгеріссіз қалады | Өзгеріссіз қалады |

### «KEGOC» АҚ желілері арқылы электр энергиясын жеткізу, млрд кВт·сағ




2023 жылдың 1 шілдесіне дейін ҰЭТ арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша қызметтердің нақты көлемі 31,2 млрд кВт·сағатты құрады, бұл жоспарлы шамалардан 1,42 млрд кВт·сағатқа артық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасындағы әкімшілік реформа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен «Электр энергетикасы туралы» Заңына 2023 жылғы 1 шілдеден бастап Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы үлгісін енгізуге және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығын іске қосуға қатысты өзгерістер енгізілді.

Осыған байланысты, ҰЭТ арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша қызметтер көлемінің құрылымы өзгертілді.

Мысалы, «Электр энергетикасы туралы» Заңның 1-бабының 27-1) тармағына сәйкес, ҰЭТ арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша көрсетілетін қызмет — электр энергиясын экспорттайтын және импорттайтын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілеріне және электр энергиясының мемлекетаралық транзитінің көлемі үшін басқа мемлекеттердің ұйымдарына, осы ұйымдардың құрамына кіретін объектілер үшін ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізуді жүзеге асыратын тұлғалар тобына кіретін ұйымдарға, шартты тұтынушыларға, сондай-ақ ЖЭК-ті пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдармен екіжақты шарттар жасаған тұтынушыларға жүйелік оператор көрсететін қызмет.

2023 жылғы 1 шілдеге дейін ҰЭТ бойынша электр энергиясын беру жөніндегі қызметтердің нақты көлемі

**31,2** млрд кВт·сағ

2-6

2023 жылы Ресей — Қазақстан — Қырғызстан бағыты бойынша «KEGOC» АҚ желілері арқылы мемлекетаралық электр энергиясын жеткізу (транзит) жүзеге асырылды. Электр энергиясының транзиті бойынша көрсетілген қызметтердің көлемі 5,2 млрд кВт·сағатты құрады. Бұдан басқа, 1,1 млрд кВт·сағ көлемінде «KEGOC» АҚ желілері арқылы Қазақстан Республикасының энергия жүйесінен Қырғыз Республикасына экспорт жүзеге асырылды.

## ҰЭТ-ты пайдалану

**ҰЭТ-ты 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап пайдалану, млрд кВт·сағ**




2023 жылы ҰЭТ-ты пайдалану бойынша қызметтердің нақты көлемі

**36,0** млрд кВт·сағ

Электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша көрсетілген қызметтердің көлемі

**106,3** ▲ 1,9% млрд кВт·сағ

Электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтер көлемі

**205,4** ▲ 1,1% млрд кВт·сағ

## Техникалық диспетчерлендіру

**«KEGOC» АҚ-ның техникалық диспетчерлендіруі, млрд кВт·сағ**




2023 жылы электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша көрсетілген қызметтердің нақты көлемі 106,3 млрд кВт·сағатты құрап, 2022 жылғы көрсеткішті 2,0 млрд кВт·сағатқа немесе 1,9%,-ға асып түсті, бұл электр энергиясының импортының артуына байланысты орын алды.

## Электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру

**Электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру, млрд кВт·сағ**




2023 жылы электр энергиясын өндіруді-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша көрсетілген қызметтердің нақты көлемі 205,4 млрд кВт·сағатты құрап, 2022 жылғы көрсеткіштерден 2,3 млрд кВт·сағатқа немесе 1,1%-ға асып түсті, бұл Қазақстан Республикасының көтерме нарығында электр энергиясын тұтынудың артуымен шартталған.

## Электр энергиясын сатып алу-сату бойынша операциялар

«Электр энергетикасы туралы» Заңға сәйкес «KEGOC» АҚ қатарлас жұмыс режимдерін басқару және тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша шектес мемлекеттердің энергетикалық жүйелерімен өзара іс-қимыл бойынша Қазақстан Республикасы БЭЖ-дің Жүйелік операторы функциясын орындайды.

Қазақстан Республикасы БЭЖ-де тәулік бойы электр энергиясын тұтыну айқын біркелкіпсіздікке ие: түнде тұтыну төмендеп, жұмыс күнінің басында артады, және кешкі сағаттарда ең жоғары шамаларға жетеді. Бұл ретте генерациялаушы қуаттардың негізгі үлесін өз технологиясы бойынша базалық режимде жұмыс істейтін (жүктемесін тез өзгерте алмайтын) жылу электр станциялары құрайтын Қазақстан Республикасы БЭЖ-і өз электр станцияларымен ауыспалы тұтыну кестесін толығымен қамти алмайды. Осының салдарынан Қазақстан Республикасы БЭЖ-де электр энергиясын өндіру мен тұтыну арасында теңгерімсіздік пайда болады. Қазақстан Республикасы БЭЖ-де маневрлі өндіруші қуаттардың тапшылығы жағдайы жұмыс істеп тұрған электр станциялары жабдығының авариялық тоқтатылуымен және өндірудің тұрақсыздығымен сипатталатын ЖЭК объектілерін іске қосудың жоғары қарқынымен де күшейтілуде. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы БЭЖ-де жиілікті қолдау және туындайтын теңгерімсіздіктерді қамту Ресей Федерациясы БЭЖ-мен қатарлас жұмыс шеңберінде өзара әрекеттесу арқылы да қамтамасыз етіледі.

2009 жылғы 20 қарашадағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы Үкіметтері арасындағы тараптардың электр энергетикалық жүйелерінің қатарлас жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы Келісімге сәйкес «KEGOC» АҚ мен «Интер РАО» ЖАҚ арасында Қазақстан Республикасы БЭЖ-і мен Ресей Федерациясы БЭЖ-і шекарасында электр энергиясы ағынының нақты мемлекетаралық сальдосының жоспардағыдан сағаттық ауытқу көлемдерін өтеу мақсатында жыл сайын электр энергиясын сатып алу-сату шарттары жасалады. Осы Келісімге сәйкес ауытқуларды сатып алу-сатудың қаржылық нәтижесі Ресей Федерациясы энергия жүйесінің Қазақстан Республикасы БЭЖ-інің ауытқуларын физикалық реттеуі үшін әділ төлем болып табылады,

2023 жылы «KEGOC» АҚ электр энергиясы ағынының нақты мемлекетаралық сальдосының Қазақстан БЭЖ-і мен Ресей Федерациясы БЭЖ-і шекарасындағы жоспардағыдан сағаттық ауытқу көлемдерін өтеу мақсатында электр энергиясын сатып алуы 31 116,9 млн теңге сомасына 1 752,8 млн кВт·сағатты (17,75 теңге/кВт·сағ) құрады.

Қазақстан Республикасы БЭЖ-і мен Ресей Федерациясы БЭЖ-і шекарасында электр энергиясы ағынының нақты мемлекетаралық сальдосының жоспардағыдан сағаттық ауытқу көлемдерін өтеу мақсатында, «KEGOC» АҚ электр энергиясын 8 621,9 млн теңге сомасына 1 329,2 млн кВт·сағ (6,49 теңге/кВт·сағ) көлемінде сатуды жүзеге асырды.

# Тұтынушылармен жұмыс

КЕЛЕСІ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР «KEGOC» АҚ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ТҰТЫНУШЫЛАРЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ: ЭНЕРГИЯ ӨНДІРУШІ, ЭНЕРГИЯ БЕРУШІ, ЭНЕРГИЯМЕН ЖАБДЫҚТАУШЫ ҰЙЫМДАР, ӨНЕРКӘСІПТІК КӘСІПОРЫНДАР.

2-6

**Жүйелік қызметтердің көлемін жоспарлаған кезде келесі факторлар есепке алынады:**

- елдегі ағымдағы экономикалық жағдай;
- тұтынуды арттыру/азайту бойынша жүйелік қызметтер тұтынушыларының өңірлік өндіруі мен жоспарларын дамыту;
- жөндеу жұмыстарын оңтайландыруға қатысты шектес елдерге электр энергиясының экспорты мен транзитіне жәрдемдесетін схемалық-режимдік сипаттағы мүмкіншіліктер.

Осы іс-шаралардың барлығы жүйелік қызметтердің көлемінің жоспарланғаннан төмендеу тәуекелін азайтуға жәрдемдеседі. 2023 жылы көтерме нарық субъектілеріне жүйелік қызметтер жасалған шарттарға және тұтынушылардың өтінімдеріне сәйкес толық көлемде көрсетілді.

**Шарттарды критерийлер бойынша бөлу, %**




EU3, 2-6

- Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар
- Энергия беруші ұйымдар
- Шетелдік контрагенттер
- Энергия өндіруші ұйымдар
- Тікелей тұтынушылар

**2022 жылдан бастап ауысатын және 2023 жылы жасалған тұтынушыларға қызмет көрсету, электр энергиясын сатып алу-сату шарттары мен келісімдерінің жалпы саны**

| Түрі | Саны |
|---|---|
| Электр энергиясын ҰЭТ арқылы жеткізу бойынша | 444 |
| ҰЭТ -ты пайдалану бойынша | 428 |
| Электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша | 184 |
| Электр энергиясын өндіруді-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша | 540 |
| Резервтік электр қуатын жеткізу және беру бойынша | 1 |
| Ысырапты өтеуге және тұрмыстық қажеттіліктер үшін электр энергиясын сатып алуға | 5 |
| Қуатты реттеу жөніндегі қызметтерді сатып алуға | 7 |
| Электр энергиясының нақты мемлекетаралық сальдо-ағындарының жоспарланғандардан ауытқуларының сағаттық көлемдерін өтеу мақсатында Ресей Федерациясынан электр энергиясын сатып алуға | 1 |
| Электр энергиясының нақты мемлекетаралық сальдо-ағындарының жоспарланғандардан ауытқуларының сағаттық көлемдерін өтеу мақсатында Ресей Федерациясына электр энергиясын сатуға | 1 |
| «Россети» ЖАҚ үшін электр энергиясын жеткізу (транзиті) бойынша қызметтерді көрсету | 1 |
| «Электрические станции» ААҚ үшін электр энергиясын жеткізу (транзиті) бойынша қызметтерді көрсету | 1 |
| «СОЛАРКОИН» ЖШҚ үшін электр энергиясын жеткізу (транзиті) бойынша қызметтерді көрсету | 1 |
| «НЭС Узбекистана» АҚ үшін электр қуатын (жиілігін) реттеу бойынша қызметтер көрсету | 1 |
| «НЭС Кыргызстана» ААҚ үшін электр қуатын (жиілігін) реттеу бойынша қызметтер көрсету | 6 |
| «Батыс транзит» АҚ-дан ысыраптар үшін электр энергиясын жеткізу қызметтерін сатып алуға | 1 |
| «НЭС Кыргызстана» ААҚ-дан электр қуатын реттеу жөніндегі қызметтерді сатып алуға | 1 |
| Жоспардан тыс ағындарды реттеу үшін электр энергиясын сатып алуға («НЭС Узбекистана» АҚ-дан) | 1 |
| Жоспардан тыс ағындарды реттеу үшін электр энергиясын сатуға («НЭС Узбекистана» АҚ үшін) | 1 |
| Жоспардан тыс ағындарды реттеу үшін электр энергиясын сатып алуға («НЭС Кыргызстана» ААҚ-дан) | 2 |
| Жоспардан тыс ағындарды реттеу үшін электр энергиясын сатуға («НЭС Кыргызстана» ААҚ үшін) | 1 |
| Жоспардан тыс электр энергиясын сатып алуға | 1 |
| ЖИЫНЫ | 1 629 |

Көрсетілетін қызметтерінің сапасын жақсарту үшін, «KEGOC» АҚ, «Жүйелік қызметтерді көрсетуді және тұтынушылардан түскен кінәрат-талаптарды басқару» ішкі стандартын әзірледі. Осы стандартқа сай, жүйелік қызметтердің барлық тұтынушыларына, кем дегенде, жарты жылда бір рет сауалнама жіберіледі. Сауалнамаларға Компания персоналының жұмыс деңгейін, ұсынылатын іскери және техникалық ақпараттың дұрыстығын, тұтынушылардың өтініштері бойынша жұмыстың жеделдігін, жүйелік қызметтердің сапасын, жедел-диспетчерлік басқару бөлігінде ОДО жұмысының сапасын бағалау және «KEGOC» АҚ көрсететін қызметтерінің сапасы бойынша ұсыныстар беру туралы өтініш кіреді. Келіп түсетін жауаптар көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру мақсатында талданады.

2-24, 2-26

2023 жылы тұтынушылардың қанағаттанушылық дәрежесінің орташа жылдық бағасы бес балдық шкала бойынша 4,75 балды құрады. Жақсартуды талап ететін критерийлер бойынша тиісті шаралар қолданылады.

2-25

Компанияға қызметтерді ұсынуға қатысты заңнама мен нормативтік талаптардың сақталмағаны үшін салынған айыппұлдар 2023 жылы орын алмаған.

2-27

# Инвестициялық қызмет

**ЕЛІМІЗДІҢ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ӨСУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ҚОСА АЛҒАНДА, ЖАЛПЫ ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ САЛАНЫҢ ОЗЫҚ ҚАРҚЫНМЕН ДАМУЫ ҚАЖЕТ.**

Компания тиімділікті арттыру, ҰЭТ жұмысының сенімділігі мен желінің өткізу қабілетін ұлғайту мақсатында ауқымды инвестициялық жобаларды іске асыруды жалғастыруда. Бұл жобалар жаңартылатын энергетиканы (өндірудің тұрақсыздығымен ерекшеленетін КЭС мен ЖелЭС) дамыту, ЖЭК ірі объектілерінің қуатын беруді қамтамасыз етуге арналған тиісті электр желілік құрылысты дамыту үшін жағдай жасауды есепке ала отырып, іске асырылуда.

Бұдан басқа, жобалардың маңызды әлеуметтік мәні бар — ҚМЖ кезеңіне қосымша жұмыс орындары құрылатын болады. Бұл өз кезегінде экономиканың нақты секторының дамуына, халықтың жұмыспен қамтылуы мен әл-ауқатының өсуіне, бюджетке салық аударымдарының артуына оң әсерін тигізетін болады.



2023 жылы Компания келесі ірі инвестициялық жобалар жүзеге асырды:

**«KEGOC» АҚ-ның 2023 жылғы инвестициялық жобалары** 203-1

| Жобаның атауы | Жоба мақсаты | Қаржыландыру көзі | Жобаның іске асырылу мәртебесі |
|---|---|---|---|
| 1. **«KEGOC» АҚ «Ақтөбе ЖЭТ», «Батыс ЖЭТ» және «Сарыбай ЖЭТ» филиалдарының 220-500 кВ ӘЖ-сін реконструкциялау, 1-кезең.** | 24 ӘЖ-ні жаңғырту және реконструкциялау бойынша ауқымды жоба. | Жобаны қаржыландыру: «KEGOC» АҚ-ның меншік және «жасыл» облигацияларын KASE сауда-саттық алаңында орналастыру арқылы тартылған қарыз қаражат. | Іске асырылған<br>2023 жылы **24 ЭЖЖ** объектісінде ҚМЖ аяқталды. Жобаны іске асыру басынан бері 2023 км ӘЖ, соның ішінде 2023 жылы **255,9 км** ЭЖЖ реконструкцияланды.<br>2023 жылы күрделі қаржы салымдарын игеру көлемі — **6,9 млрд теңге**. |
| 2. **Қазақстан Республикасы БЭЖ-і Батыс аймағының электр желісін күшейту** | Республиканың батыс облыстары арасындағы 220 кВ электр желілерін күшейту арқылы Қазақстан Республикасы БЭЖ Батыс аймағындағы тұтынушыларды электрмен жабдықтаудың өткізу қабілеті мен сенімділігін арттыру. | Жобаны қаржыландыру: «KEGOC» АҚ-ның меншік және «жасыл» облигацияларын KASE сауда-саттық алаңында орналастыру арқылы тартылған қарыз қаражат. | Іске асырылған<br>2023 жылғы 28 қарашада Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің қатысуымен жалпы ұзындығы 779,7 км құрайтын 220 кВ «Орал –Правобережная– Индер — Қарабатан — Құлсары — Теңіз» ӘЖ пайдалануға берілді. 220 кВ «Орал», «Правобережная», «Индер», «Құлсары», «Теңіз» ҚС кеңейтіліп, 220 кВ «Қарабатан» ТП салынды. 2023 жылы күрделі салымдарды игеру көлемі — 24,7 млрд теңге. |
| 3. **Қазақстан Республикасы БЭЖ-і Оңтүстік аймағының электр желісін күшейту** | Оңтүстік аймақтағы тұтынушыларды электрмен жабдықтау сенімділігін қамтамасыз ету және Оңтүстік аймақ облыстары арасындағы электрлік байланысты күшейту үшін Қазақстан Республикасының аумағы бойынша БЭЖ-і Оңтүстік аймағының электр энергетикалық жүйесін күшейту. | Жобаны қаржыландыру: меншік қаражат және «KEGOC» АҚ-ның «жасыл» облигацияларын KASE сауда-саттық алаңында орналастыру арқылы тартылған қарыз қаражат. | ТЭН әзірленген. **5 объект** бойынша (2 ӘЖ мен 3 ҚС) ЖСҚ-ны әзірлеуге, жабдықты, материалдарды жеткізуге және ҚМЖ-ны орындауға шарттар жасалды. Жұмыс басталды, ӘЖ мен ҚС зерттеліп, ӘЖ трассасын таңдау алдын ала келісілді, жұмыс кестеге сәйкес жүргізілуде. 2023 жылы күрделі қаржы салымдарын игеру көлемі — **0,071 млрд теңге**. |

2022 жылдың желтоқсан айынан бастап «KEGOC» АҚ жалпы орналастыру көлемі

**35** млрд теңгені

құрайтын «жасыл» облигацияларды екі рет шығарды

Тартылған қаражат Компанияның «KEGOC» АҚ филиалдарының 220-500 кВ ӘЖ-сін реконструкциялау» және «Қазақстанның БЭЖ-і Батыс аймағының электр желісін күшейту. Электр желілік объектілерді салу» инвестициялық жобаларын қаржыландыруға бағытталған.

2023 жылғы 7 маусымда «Astana Finance Days» конференциясы аясында «Green Finance Awards 2023» марапаттарды табыстау рәсімі өтті, оның барысында «KEGOC» АҚ-ға 2022 жылы «жасыл» облигациялардың ең ірі шығарылымы үшін «Ең ірі қаржылық емес корпоративтік жасыл облигация» номинациясы бойынша сыйлық табыс етілді. Бұл премия Компанияның экономиканың жасыл экономикаға көшуін қаржыландыру және табиғи ресурстарды ұқыпты пайдалану жөніндегі жұмысына берілген жоғары баға болды. «Green Finance Awards» сыйлығының лауреаттары 2 жыл сайын анықталады. Биыл ОА, Шығыс Еуропа, Кавказ және Моңғолия өңірлерінде 2021–2022 жылдары тұрақты қаржыландыру нарығын дамытуға үлес қосқан ұйымдар марапатталды.

Инвестициялық жобалар портфелін қалыптастырған кезде «KEGOC» АҚ Қазақстан Республикасы БЭЖ электр энергиясы мен қуатының болжамды теңгерімін әзірлеуге және жыл сайынғы жаңартуға негізделген сценарийлік тәсілді пайдаланады. Будан басқа, климаттың өзгеру тәуекелдері, атап айтқанда төтенше жағдайлардың туындау қаупіне әкелетін табиғи факторлар (су тасқыны, дауыл, жер сілкінісі, індеттер) есепке алынады. Желінің сенімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ өндірістік активтердің істен шығуының негізгі тәуекелін азайту үшін Компания жақын арада ҰЭТ-ты дамытуға бағытталған келесі инвестициялық жобаларды жүзеге асыруды жоспарлап отыр:

**«Батыс Қазақстан энергетикалық жүйесін Қазақстан Республикасы БЭЖ-мен біріктіру»**

Жоба Батыс аймақты Қазақстан Республикасы БЭЖ-інің негізгі бөлігімен Республика аумағы бойынша біріктіруге, Қазақстан Республикасы Батыс облыстарының энергия қауіпсіздігі мен энергия тәуелсіздігін қамтамасыз етуге, Батыс аймақтағы тұтынушыларды электрмен жабдықтау сенімділігін арттыруға, электр энергиясы теңгерімсіздігін өтеу және ЖЭК-тің дамуы үшін Батыс аймақтың манерлік өндіруін іске қосуға мүмкіндік беретін болады.

1-кезеңдегі әзірлеу нәтижелері бойынша «Қарабатан» ҚС-дан «Өлке» ҚС-ға дейін **500 кВ ӘЖ-ні** салуды ескеретін нұсқа қабылданды.

Қазіргі таңда ТЭН әзірленді және «Мемсараптама» РМК-ның қарауында. ЖСҚ-ны 2024-2025 жылдары, ҚМЖ-ны 2025-2027 жылдары әзірлеу жоспарлануда. Жобаны іске асырудың жоспарланған мерзімі — 2027 жыл.

1

**«KEGOC» АҚ филиалдарының 220-500 кВ ӘЖ-сін реконструкциялау, II кезең**

Нормативтік қызмет ету мерзіміне жеткен қолданыстағы ЭЖЖ-ні, сонымен қатар таяу арада қызмет ету мерзімі нормативтік шамаға жететін ӘЖ-ні реконструкциялау арқылы Қазақстан ҰЭТ жұмысының сенімділігін арттыру жобаның мақсаты болып табылады.

«Ақмола ЖЭТ», «Орталық ЖЭТ», «Шығыс ЖЭТ», «Солтүстік ЖЭТ» филиалдарының теңгерімінде тұрған жалпы ұзындығы 4 236 км құрайтын 220–500 кВ-тық 48 ӘЖ реконструкциялау объектілері болып табылады. ТЭН-ді әзірлеу жүргізілуде.

2

**«KEGOC» АҚ филиалдарының 220-500 кВ ӘЖ-сін реконструкциялау, III кезең**

ҰЭТ-ты реконструкциялау қажеттілігі келесі себептерге негізделген:

- бірқатар 220-500 кВ ӘЖ-нің нормативтік қызмет ету мерзіміне жетіп, одан асып кетуі;
- тұтынушыларды электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру, электр энергиясының транзиті, электр станцияларының қуатын беру.

«Алматы ЖЭТ», «Орталық ЖЭТ», «Оңтүстік ЖЭТ» филиалдарының теңгерімінде тұрған жалпы ұзындығы **4 332 км** құрайтын **220–500 кВ-тық 44 ӘЖ** реконструкциялау объектілері болып табылады. ТЭН-ді әзірлеу жүргізілуде.

201-2

3

Сонымен қатар, 2035 жылға дейінгі перспективада «KEGOC» АҚ өз портфелінің ҰЭТ-ты дамыту бойынша келесі ірі жобалармен толықтырылуын қарайтын болады:

**Астана қаласын сырттан электрмен жабдықтау схемасын күшейтумен байланысты жоба**

**500 кВ** Астана ҚС салу. Жобаны іске асыру 500 кВ жеткізуші желілері бар қаланы екінші қоректендіру орталығын құру арқылы Астана қаласын электрмен жабдықтау сенімділігін арттыруға бағытталған. Жобаны іске асыру қаланың электр энергиясына деген өсіп келе жатқан қажеттілігін қамтуға және Астана қаласы ауданында ЖЭК объектілерін қосуға мүмкіндік береді.

1

**Солтүстік-Оңтүстік тұрақты ток желісін салу**

Бұл перспективалық жоба Солтүстік-Оңтүстік транзитінің өткізу қабілетін арттыруға, Қазақстан Республикасының оңтүстігінің электр энергиясына қажеттілігін перспективалық қамтуды қамтамасыз етуге және ЖЭК-ті өндірудің тұрақсыздығын теңестіруге, сонымен қатар экспорттық және транзиттік әлеуетті кеңейтуге мүмкіндік беретін болады.

Тұрақты ток желісін салу Қазақстан Республикасының CASA-1000 жобасына қосылуға және Оңтүстік Азияға (Ауғанстан, Пәкістан) электр энергиясын сату нарықтарын кеңейтуге мүмкіндік береді. Жобада ұзындығы елдің Солтүстігінен Оңтүстігіне дейін қуаты 2 ГВт-ты құрайтын **1 300 км-ге жуық ±500 кВ ӘЖ** тұрақты ток электр жеткізу желісін салу көзделген.

2

**Ұзындығы 290 км-ге жуық 500 кВ Қарағанды — Астана ӘЖ-ні салу және жаңа 500 кВ Қарағанды қосалқы станциясын салу**

Жобаны іске асыру бірінші кезекте еліміздің ірі өнеркәсіптік кәсіпорындары шоғырланған Қарағанды-Теміртау энергия торабының сенімділігін арттыруға және 500 кВ желінің өткізу қабілетін арттыруға жағдай туғызатын болады.

3

**Батыс аймақты Қазақстан Республикасы БЭЖ-імен біріктіру. II-кезең**

Жоба Батыс аймақтағы газ өндірудің маневрлігі есебінен энергия жүйесін теңгерімдеуге, ЖЭК-ті Қазақстан Республикасы БЭЖ-іне біріктіруге мүмкіндік беретін болады, сондай-ақ болашақта транзиттік әлеуетті кеңейтуге жағдай туғызады. Бұл жоба энергия жүйесін жоғары вольтты желілермен тұйықтауды аяқтауға мүмкіндік беретін болады. Жоба Маңғыстаудан Оңтүстік аймақ бағытында ұзындығы шамамен 2 000 км құрайтын тұрақты тоқты (айнымалы тоқты) жеткізу желісін салуды болжайды.

4

# Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар

**Төмендегілер «KEGOC» АҚ технологиялық дамуының негізгі бағыттары болып табылады:**

- инновациялар;
- ҒЗТКЖ;
- Ұтымгерлік және өнертапқыштық қызмет (ҰӨҚ).

**«KEGOC» АҚ-ның соңғы 5 жылдағы технологиялық даму көрсеткіштері**

| | 2019 | 2020 | 2021 | 2022 | 2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Жалпы шығындар, млн теңге, соның ішінде:** | **399,58** | **1 887,43** | **236,97** | **3,72** | **15,09** |
| - Инновациялар | 382,08 | 1 834,97 | 215,50 | - | - |
| - ҒЗТКЖ | 15,79 | 45,14 | 19,80 | - | - |
| - Ұтымгерлік қызмет | 1,71 | 7,32 | 1,67 | 3,72 | 15,09 |
| - Ғылыми-зерттеу қызметімен айналысатын жұмыскерлер саны, адам | 26 | 26 | 26 | 26 | 26 |

«KEGOC» АҚ-ның 2023 жылы технологиялық дамуға жұмсаған жалпы шығындары

**15,09** млн теңге

## Инновациялар

ЖАҺАНДЫҚ ҮРДІСКЕ СӘЙКЕС ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАМЫТУ САЛАСЫНДА ЖҰМЫС ЖАЛҒАСАДЫ, ОНЫҢ НЕГІЗІ БОЛЫП БАЗАСЫНДА «SMART GRID» ДЕП АТАЛАТЫН ЖАҢА БУЫН ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІН ҚҰРУҒА БОЛАТЫН ЖЕЛІ ОБЪЕКТІЛЕРІН ЗИЯТКЕРЛІК БАСҚАРУДЫҢ ӘРТҮРЛІ ЭЛЕМЕНТТЕРІН (ӨЛШЕУ, БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІ) ЕНГІЗУ ТАБЫЛАДЫ.

Интеллектуалдық энергия жүйесінің (Smart Grid) құрылысы электр энергетикалық саласының барлық қатысушыларына: өндіруге, жеткізуге, таратуға, жабдықтауға, тұтынуға және жүйелік операция жасауға әсерін тигізеді.

«Smart Grid» тұрақты, экономикалық тұрғыдан тиімді, қауіпсіз электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету және көрсетілетін қызметтердің сапасын, олардың қолжетімділігін арттыру мақсатында оған барлық қатысушылардың іс-қимылын нақты уақыт режимінде басқару қабілетін болжайды, және энергетикалық желіге барлық қатысушылардың бірігуінен техникалық және экономикалық пайданың алуын тұспалдайды, ал бұл сенімділік пен қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамсыздандырады.

**Қазақстан Республикасында электр энергиясын өндіру, жеткізу және тарату, өткізу және тұтыну секторларына таралатын Smart Grid-тің негізгі бағыттары болып мыналар табылады:**

**Мониторинг**

Мониторинг электр энергетикалық жүйесінің жұмыс режимдерін және оның активтерінің жай-күйін бақылап тұру үшін нақты уақыт режимінде ақпаратты жинауды және өңдеуді қамтамасыз ететін технологиялар кешенін қамтиды.

**Энергетикалық жүйені басқаруға**

Энергетикалық жүйені басқаруға электр энергетикалық жүйесінің қалыпты жұмысын қамтамасыз ету мақсатында нақты уақыт режимінде басқару объектілеріне ықпал ететін технологиялар кешені кіреді.

**Есепке алу**

Есепке алу субъектілер арасындағы сәйкес өзара есеп айырысулар үшін пайдаланылатын шамаларды нақты уақыт режимінде өлшеуге бағытталған технологиялар кешенін қамтиды.

**Активтерді басқаруға**

Активтерді басқаруға электр қондырғыларын олардың өмірлік циклдері бойы барынша тиімді пайдалануға және электр қондырғыларына қатысты басқарушылық шешімдерді қабылдауға бағытталған технологиялар кешені кіреді.

**Деректерді басқару**

Деректерді басқару ақпараттық жүйелерді біріктіруге бағытталған, ағымдағы және болжамды деректер туралы ақпаратты нақты уақыт режимінде жалпы және субъектілер мен аумақтық тиесілілігі бойынша бөлген түрде көрсетуге бағытталған технологиялар кешенін қамтиды.

«KEGOC» АҚ Қазақстан Республикасы БЭЖ-і сенімділігі мен тиімділігінің деңгейін арттыру үшін Smart Grid технологияларын белсенді түрде енгізуде. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы БЭЖ жұмысының режимдерін диспетчерлік басқарудың және қадағалаушылығының тиімділігін арттыруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы БЭЖ-інің тұрақтылық мүмкіндігінің мониторингін және жай-күйінің бағалауын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін SCADA/EMS жүйесін жаңғырту және WAMS мониторинг жүйесін кеңейту (2-саты) бойынша жобалар іске асырылу кезеңінде.

2023 жылы ЖЭК-ті біріктіру кезінде электр энергиясын сақтау жүйелерінің БЭЖ-дің реттеуіне әсерін зерттеу үшін «Қазақстан Республикасының БЭЖ электр энергиясын сақтау жүйелерін енгізу» пилоттық жобасын (пилоттық жоба) іске асыру басталды. 2023 жылғы 4 желтоқсанда осы пилоттық жобаны іске асыру үшін «KEGOC» АҚ, «China Power International Development Limited», «China Power International Holding Limited» және «Қазақстанның жаңартылатын энергетика қауымдастығы» ЗТБ арасында Келісімге қол қойылды.

Пилоттық жобаны іске асыру нәтижелері бойынша «Қазақстанның жаңартылатын энергетика қауымдастығы» ЗТБ-ның қолдауымен Қазақстан Республикасының БЭЖ-де электр энергиясын сақтау жүйелерін қолдану мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлеу бойынша ұсынымдар әзірленетін болады.

Пилоттық жобаны іске асыру Қазақстан Республикасында электр энергиясын сақтау технологияларын дамытуды ынталандыруға жағдай туғызатын болады, ал бұл өз кезегінде елде ЖЭК санын арттыруды қамтамасызететін болады.

Пилоттық жоба бойынша 500 кВ «ОБТҚ» ҚС-да сыйымдылығы

**6,77** МВт·сағатты

құрайтын электр энергиясын сақтау жүйесін орнату жоспарлануда

203-2

**Smart Grid бағыттары мен технологиялары**




Келешекті · Іске асырылатын · Іске асырылған

# Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар

Компаниядағы ҒЗТКЖ-ны басқару жөніндегі қызмет «KEGOC» АҚ-ның тапсырысы бойынша орындалатын ҒЗТКЖ-ны ұйымдастыруға, жоспарлауға, есепке алуға, орындалуын бақылауға және қабылдауға қойылатын бірыңғай талаптарды белгілейтін тиісті ішкі құжаттармен реттеледі, ҒЗТКЖ міндеттерді анықтаудан бастап Компанияның тәжірибелік қызметінде әзірлеу нәтижелерін пайдаланудың нақты әсерін бағалауға және есепке алуға дейінгі бүкіл өмірлік циклді қамтитын процесс ретінде қаралады.

Компанияда ҒЗТКЖ-ны өткізу «KEGOC» АҚ-ның Даму жоспарына және «KEGOC» АҚ Инновациялық-технологиялық саясатына сәйкес Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған.

Компанияда ҒЗТКЖ-ны ұйымдастыру кезіндегі негізгі мақсаттар:

- Компанияның инновациялық және технологиялық дамуы үшін олардың басымдылығы мен жаңалығын ескерілуімен, ҒЗТКЖ-ны жоспарлау және орындау процестерін құру, жүйелеу және дамыту;
- ғылыми-техникалық өнімдерді әзірлеуге және пайдалануға байланысты процестердің тиімді өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету;
- ҒЗТКЖ нәтижелерін өндірістік бизнес-процестердің тиімділігі мен сапасын арттыру үшін енгізу;
- мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізудің мониторингі.



## Техникалық-экономикалық зерттеулердің (ТЭЗ), ғылыми-зерттеу (ҒЗЖ) және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың (ТКЖ) іске асырылған жобалары

| Жоба | Жүзеге асыру жылдары |
|---|---|
| «KEGOC» АҚ-ның шунттаушы реакторлары мен автотрансформаторларының техникалық жай-күйін оларға техникалық қызмет көрсетуді, жөндеуді және қайта жаңғырту жоспарлау үшін бағалау» ҒЗЖ | 2003 |
| Кернеуді тұрақтандыру, өткізу қабілеттілігін арттыру және ысыраптарды төмендету мақсатында Қазақстан Республикасы БЭЖ-інің 220-500 кВ желісіндегі реактивті қуатты өтеу жөніндегі ТЭЗ | 2008 |
| «ПОГ-1150-1, ПОГ-1150-5, ПОГ-1150-11 типті аралық тіректердің тартқыштарын жер бетіне шығара отырып, бекітудің анкерлік торабының жобалық-конструкторлық құжаттамасын әзірлеу» ТКЖ | 2011 |
| Қазақстан Республикасы БЭЖ-інің жиілік пен қуат ағындарын автоматты реттеу жүйесін құру бойынша ТЭЗ | 2012 |
| «Тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін басқару алгоритмдердің әзірленуімен Қазақстан Республикасы ҰЭТ-інің 220-500-1150 кВ ЭЖЖ-нің өткізу қабілеттілігін автоматты басқару тиімділігін зерттеу» ҒЗЖ | 2012-2013 |
| «Қуаты 200 МВт-ты құрайтын СКБ-ні орнатқан кезде «Шымкент» 500 кВ ҚС-ның 220 кВ шиналарындағы электр магниттік өтпелі процестерді зерттеу» ҒЗЖ | 2015 |
| Қазақстан Республикасының ҰЭТ-інде электр энергиясының «тәжге» ысыраптарын азайту бойынша ТЭЗ | 2015–2018 |
| КАОК бар 500 кВ ЭЖЖ-де электр энергиясының ысыраптарын азайту бойынша ҒЗЖ | 2017–2020 |
| «Қазақстан Республикасы 500-220 кВ ҰЭТ-ының статикалық және динамикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жүйелік электр станцияларының ҚАР-дың тиімділігін зерттеу» ҒЗТКЖ | 2018–2022 |
| WAMS синхрофазорлық өлшемдері негізінде WACS автоматикасын құру және алгоритмдерді әзірлеу бойынша ТЭЗ | 2019–2020 |
| «Батыс ЖЭТ» электр жабдығы оқшауламасының ластану факторлары мен көздерін анықтау бойынша ҒЗЖ | 2021 |
| Қазақстан Республикасы БЭЖ-і үшін электр энергиясы жинақтауышын қолдану мүмкіндігі туралы ТЭЗ | 2021 |
| Цифрлық ҚС технологиялары бойынша ТЭЗ | 2021 |
| ҚР БЭЖ-інде реактивті қуатты өтеу үшін FACTS құрылғыларын таңдау жөніндегі ТЭЗ | 2021–2022 |

## Іске асырылып жатқан ТЭЗ, ҒЗЖ және ТҚЖ жобалары

| Жоба | Жүзеге асыру жылдары |
|---|---|
| Шектес энергия жүйелерден оқшауланған жұмыс істеу жағдайында Қазақстан Республикасы БЭЖ-інің сенімді жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі ТЭЗ | 2023–2024 |
| Микропроцессорлық РҚА құрылғылары бар ҚС-дағы басқару кабельдерінің экрандаушы қабықшаларын жерге тұйықтау қажеттілігі туралы ТЭЗ | 2023–2024 |

## Жұмыс нәтижелерін патенттеу

**«ПОГ-1150-1, ПОГ-1150-5, ПОГ-1150-11 типті аралық тіректердің тартқыштарын жер бетіне шығара отырып, бекітудің анкерлік торабының жобалау-конструкторлық құжаттамасын әзірлеу» ТҚЖ**

Жұмыстардың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының селекциялық жетістіктердің, өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік үлгілердің, тауар белгілерінің, тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінде тіркелген № 27514 инновациялық патент алынды.

**Пайдалары**: бұл инновациялық пайдалану жұмыстары кезінде топырақтың ашылуымен орындалатын тіректер тартқыштарын бекітудің анкерлік торабын тексеруге жұмсалатын шығыстарды азайтуға мүмкіндік берді. Инновация 1150 кВ «Екібастұз — Көкшетау», «Көкшетау — Қостанай», «Қостанай — Челябинск» және «Екібастұз — Алтай» ӘЖ-не енгізілді.

1

**Қазақстан Республикасының ҰЭТ-інде электр энергиясының «тәжге» ысыраптарын азайту бойынша ТЭЗ**

Жұмыстардың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының селекциялық жетістіктердің, өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік үлгілердің, тауар белгілерінің, тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінде тіркелген келесі өнертабыстық патенттер алынды:

- № 32955 «Электролиттік-доғалы қондырғы»;
- № 34167 «Тәжге қарсы жабын, оны құру тәсілі және тәсілде қолданылатын электролиттік ерітінді».

**Пайдалары:** Бұл өнертабыстар жаңбыр кезінде ӘЖ-дегі «тәж» салдарынан ысыраптарды азайтуға мүмкіндік береді.

2



## Ұтымгерлік және өнертапқыштық қызмет

«KEGOC» АҚ-да ҰӨҚ Даму жоспарына және «KEGOC» АҚ-ның Инновациялық-технологиялық саясатына сәйкес Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған.

ҰӨҚ-ты ұйымдастыру «KEGOC» АҚ және оның еншілес ұйымында рационализаторлық және өнертапқыштық қызметті ұйымдастыру қағидаларына» сәйкес жүзеге асырылады.

ҰӨҚ-тың басты артықшылығы — әрбір жұмыскердің осы процеске қатысу мүмкіндігі, бұл өз кезегінде идеяның пайда болғаннан жүзеге асырылуына дейінгі уақытты барынша азайтуға және Компания жұмыскерлерінің барынша көп санын қамтуға мүмкіндік береді.

ҰӨҚ шеңберінде Компанияның басқа бөлімшелерінде қолдану мүмкіндігі бар идеялар айқындалып, ұсыныстың ауқымын кеңейту шарттары қамтамасыз етіледі.

**ҰӨҚ-ты ұйымдастыру кезіндегі негізгі мақсаттар:**

- ҰӨҚ-ты іске қосу және Компания мен оның еншілес ұйымдары жұмыскерлерінің жаппай техникалық шығармашылығын одан әрі дамыту;
- ҰӨҚ -ты моральдық және материалдық ынталандыру арқылы Компания мен ЕҰ жұмыскерлерінің өз еңбектерінің нәтижелеріне қызығушылығын арттыру.

2023 жылы 23 өтінім ұтымгерлік деп танылып, ұтымгерлік ұсыныстарға 15 млн теңге көлемінде сыйақы төленді. «Қостанай энергетикалық торабын электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру» ұтымгерлік ұсынысын енгізгені үшін «KEGOC» АҚ «Сарыбай ЖЭТ» филиалына 2023 жылы 10 млн теңге сыйақының ең жоғары сомасы төленді. Осы ұтымгерлік ұсыныстың шеңберінде үшінші тараптың желілері арқылы транзитті азайту бойынша техникалық шешім әзірленді. Осы ұтымгерлік ұсынысты жүзеге асырудан түскен экономикалық әсер жылына 68 млн теңгені құрайды.

Барлығы 2013-2023 жылдар кезеңінде «KEGOC» АҚ-да 262 ұтымгерлік ұсыныс тіркелген.

**KEGOC» АҚ-да 2013-2023 жылдар кезеңіндегі тіркелген ұтымгерлік ұсыныстар**




- Атқарушы дирекция және «Энергоинформ» АҚ
- Ақмола ЖЭТ
- Ақтөбе ЖЭТ
- Алматы ЖЭТ
- Шығыс ЖЭТ
- Батыс ЖЭТ
- Солтүстік ЖЭТ
- Сарбай ЖЭТ
- Орталық ЖЭТ
- Оңтүстік ЖЭТ
- ҰДО СО

2013-2023 жылдар кезеңінде «KEGOC» АҚ-да барлығы

**262** ұтымгерлік ұсыныс тіркелген

# Желінің сенімділігі



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ ӨТЕ ЗОР, СЕБЕБІ ЕЛІМІЗДІҢ МЕТАЛЛУРГИЯ ЖӘНЕ МҰНАЙ-ГАЗ ӨНДІРУ СИЯҚТЫ НЕГІЗГІ САЛАЛАРЫ ЖОҒАРЫ ЭНЕРГИЯЛЫҚ СЫЙЫМДЫЛЫҚПЕН СИПАТТАЛАДЫ. ТИІСІНШЕ, ҚАЗАҚСТАН ӨНЕРКӘСІБІНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ МЕН ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫ ТҰТЫНУШЫЛАРДЫ СЕНІМДІ ЖӘНЕ САПАЛЫ ЭНЕРГИЯМЕН ЖАБДЫҚТАУҒА БАЙЛАНЫСТЫ.

2023 жылы Компанияда 1-ші дәрежелі 5 істен шығуды және 2-ші дәрежелі 60 істен шығуды қоса алғанда, 65 технологиялық бұзылыс тіркеліп, тексерілді, соның ішінде: электр жеткізу желілерінде 53 технологиялық бұзылыс, қосалқы станцияларда 12 технологиялық бұзылыс орын алды. Авариялар орын алған жоқ. 2022 жылмен салыстырғанда көрсеткіштің 23%-ға нашарлауы байқалады, бұл қолайсыз ауа райы жағдайларының әсеріне негізделген.

### Жіктеу белгілері бойынша технологиялық бұзылыстарды бөлу




Халықаралық тәжірибеде желінің сенімділік деңгейін бағалау үшін келесі көрсеткіштер қолданылады:

**SAIDI** (System Average Interruption Duration Index — жүйе жұмысындағы үзілістер жиілігінің орташа индексі) — жүйеде бір жылда бір үзілістің орташа есеппен ұзақтығын минуттармен сипаттайды.

**SAIFI** (System Average Interruption Frequency Index — жүйе жұмысындағы үзіліс ұзақтығының орташа индексі) — тұтынушыларды электрмен жабдықтаудағы үзілістердің орташа жиілігін сипаттайды.






Табиғат құбылыстарының әсерінен 46 технологиялық бұзылыс орын алды (жалпы көрсеткіштің 71%-ы).

Климаттың өзгеруі, біздің объектілеріміз үшін қауіп төндіретін ауыр және экстремалды, соның ішінде қатты жел мен жаңбыр, бұршақ, дауыл, циклондар, құрғақшылық сияқты ауа райы құбылыстарының санын көбейтуде, сондай-ақ бұдан басқа өрт пен су тасқынының туындау тәуекелдерін тудырады. Экстремалды ауа райы жағдайлары және ауа температурасының өзгеруі жүйеге жүктеме түсіріп, тиімділікті төмендетуі, сондай-ақ тұтынушыларға қызмет көрсетудегі ықтимал үзілістерге әкелуі мүмкін.

Күшті жел, найзағайдан болатын асқын кернеу, ӘЖ сымдары мен найзағайдан қорғайтын арқан сымдарда мұзтайғақ-мұздақ түзілімдерінің пайда болуы және түсірілуі негізгі қолайсыз метеорологиялық факторлар болып табылады. Компания оны әзірлеген кезде ауа райы жағдайларының құбылмалылығын қоса алғанда, «KEGOC» АҚ кездестіруі мүмкін мүмкін ықтимал сценарийлер, сондай-ақ экстремалды ауа райы оқиғаларының ауырлығы мен жиілігін артуы талданған климатқа сезімтал тәуекелдер тізілімін әзірледі. Бұл тәуекелді іске асырудың салдары мынадай болуы мүмкін:

- ҚС мен ЭЖЖ жабдығының істен шығуы;
- Тұтынушыларға электр энергиясын жеткізу көлемінің/сапасының төмендеуі;
- Электр энергиясының толымсыз босатылуы;
- Жабдықты қалпына келтіруге жұмсалған күтпеген шығыстардың орын алуы.

Климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдер оның көмегімен өзгерістерді басқару іске асырылатын Компанияның тәуекелдер тізілімінде көрсетіледі.

Осылайша, өндірістік активтердің істен шығу тәуекелі табиғи құбылыстардың әсері сияқты климаттық факторлар салдарынан туындауы мүмкін. Осы тәуекелді азайту үшін Компания келесі іс-шараларды жүргізеді:

- персоналды авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу дағдыларына үйрету;
- көлік құралдары мен арнайы техниканың авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге дайындығын қамтамасыз ету;
- филиалдарды авариялық қормен жабдықтау;
- ҚС жабдығын сақтандыру;
- аварияға қарсы жаттығуларды өткізу;
- Табиғи құбылыстардың Компанияның өндірістік активтеріне тигізетін әсерін төмендету үшін инновацияларды енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Климаттың өзгеруі, атап айтқанда, табиғи факторлар (су тасқыны, дауылдар, жер сілкінісі, індеттер) ТЖ туындау қаупін тудырады. Осы тәуекелді азайту үшін Компания бекітілген тақырыптарға сай жылдық Графикке сәйкес аварияға қарсы жаттығулар өткізіп тұрады; табиғи апаттардың (су тасқыны, дауылдар, жер сілкінісі) салдарларын жою бойынша іс-шаралар пысықталатын жыл сайынғы «Көктем», «Қыс», «Жер» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуларына қатысады, сондай-ақ жеке қорғану құралдарын сатып алады.

Бұдан басқа, 2023 жылы өндірістік активтердің істен шығуының негізгі тәуекелін төмендету мақсатында желінің сенімділігін қамтамасыз ету үшін Компания келесі іс-шараларды жүзеге асырды:

- күштік электр жабдығының жоғары вольтты ендірмелерін ауыстыру;
- сараптау ұйымдарын тарта отырып, ҚС мен ЭЖЖ жабдығын техникалық куәландыру;
- сараптау ұйымдарын тарта отырып, ҚС мен ЭЖЖ жабдығының жай-күйіне техникалық сараптама жүргізу;
- активтерді жаңғырту және реконструкциялау;
- электр желілеріндегі технологиялық бұзылыстарды және т.б. талдау.

201-2

Үздіксіз өндірістік қызмет бойынша бизнес-процесс үшін қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету шеңберінде кең ауқымды ТЖ-ні жою үшін Компания қызметіне тән аварияларды жою жоспарлары (АЖЖ) және ТЖ-ні жою жөніндегі іс-қимылдар жоспары (ТЖЖІЖ) әзірленді.

АЖЖ авариялық жағдай туындаған кезде іс-қимылдар объектісін, көлемін және орындау реттілігін, сондай-ақ оларды қамтамасыз ету және жүзеге асыру жауапкершілігін белгілейді. АЖЖ-ны тестілеу тұрақты өртке қарсы және аварияға қарсы жаттығулар түрінде жүзеге асырылады.

ТЖЖІЖ-да жұмыстың орындалу мерзімі мен уақытының көрсетілуімен ТЖ туындау қаупі кезінде және ТЖ салдарын жою кезінде жүргізілетін іс-шаралар қамтылып көрсетілген. Компания объектілерінде ең кең таралған ТЖ түрі болып өртке қарсы іс-шаралардың сақталмауы, штаттан тыс жағдайлардың туындауы нәтижесінде орын алатын өрт табылуы мүмкін. Сондай-ақ ТЖЖІЖ адамдардың өлімі, елеулі мүліктік залал немесе өзге де ауыр зардаптар қаупін тудыратын лаңкестік актілер туындаған кездегі іс-шараларды қамтиды. ТЖ туындағанда және оны жою кезінде Компания жұмыскерлерін уақытылы хабардар ету үшін ТЖЖІЖ-нің бөлігі болып табылатын Байланыс және хабарландыру жоспарлары, Өрт сөндіру жоспары қолданысқа енгізіледі.

Ықтимал ТЖ-ны жою бойынша іс-қимылдарға дайындықты тексеру үшін Компания жыл сайынғы республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуларға қатысады, жер сілкінісі қаупі жоғары аймақтарда (Оңтүстік, Шығыс, Батыс) объектілік оқу-жаттығулар мен сейсмикалық оқу-жаттығулар өткізеді. Бұл оқу-жаттығуларда жоспарларды әзірлеудің толықтығы, азаматтық қорғаныс құрамаларының үйлесімділігі, АЭТ-те авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу кезіндегі күштер мен құралдардың әрекеті тексеріледі.

Келесі ҚНК 1-стратегиялық мақсатқа қол жеткізу индикаторлары ретінде айқындалған:

- **Grid Availability** (657 немесе электр желісінің қолжетімділігі, есептік жыл үшін %-бен өлшенеді)
- **AIT** (Average Interruption Time — орташа үзіліс уақыты, минутпен).

Компания есептік 2023 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның стратегиялық ҚНК қол жеткізілді және олар жоспарланған көрсеткіштерден асып түсті.

### 1-Мақсатты жүзеге асыру индикаторлары

| ҚНК атауы | 2019 факт | 2020 факт | 2021 факт | 2022 факт | 2023 мақсат | 2023 факт |
|---|---|---|---|---|---|---|
| GA, % | индикаторлар 2021 жылғы желтоқсанда анықталған | | | 99,99987 | 99,99877 | **99,99988** |
| AIT, мин. | | | | 0,682 | 6,476 | **0,657** |

# 4.

БОЛАШАҚ ЖЕТІСТІКТЕРДІҢ ЭНЕРГИЯСЫ

«KEGOC» АҚ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ, ЖЭК-ТІ ЭНЕРГИЯ ЖҮЙЕСІНЕ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ БОЙЫНША ЖҰМЫС ЖАСАЙ ОТЫРЫП, ҰЛТТЫҚ КӨМІРТЕГІ ІЗІН АЗАЙТУ ЖӨНІНДЕГІ МАҚСАТТАРДЫ ҚОЛДАЙДЫ.




# Тұрақты даму

Қоршаған орта ........ 32
Кадрлық саясат ........ 39
Еңбекті қорғау ........ 50

«KEGOC» АҚ өзінің экономикаға, экологияға және қоғамға тигізетін ықпалының маңызын түсінеді және ұзақ мерзімді құнның өсуіне ұмтылып, өзінің экологиялық (E), әлеуметтік (S) және басқарушылық (G) мақсаттарының үйлесімділігі арқылы өз қызметінің тұрақты даму қағидаттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

«KEGOC» АҚ экологиялық және әлеуметтік жауапкершілікті, акционерлердің құқықтарын тиімді іске асыруды, акционерлерге деген әділ көзқарасты, теңгерімді дивидендтік саясатты, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқармасы қызметінің тиімділігін, мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу жүйелерін, мүдделі тараптарға Компания туралы ақпаратты лайықты ашуды және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйелерін жетілдіруді қамтамасыз етуге негізгі назар аудара отырып, корпоративтік басқаруды қоса алғанда, ESG қағидаттарын жетілдіру бойынша жоспарлы жұмыс жүргізуде.

Компанияның ESG факторларын стратегия мен бизнес-процестерге біріктіру жөніндегі күш-жігерінің, корпоративтік басқаруға, әлеуметтік жауапкершілік пен іскери этикаға қатысты қағидаттарға бейілділігінің, сондай-ақ қызмет ақпаратты ашу сапасының арқасында S&P Global тәуелсіз рейтинг агенттігі 2023 жылғы 25 тамызда «KEGOC» АҚ-қа 51/100 деңгейінде S&P Global CSA Score 2023 ESG-рейтингін берді.

Бұл рейтинг Компанияның ESG қағидаттарына бейілділігін көрсетеді және оның неғұрлым тұрақты болашақты құруға қосқан үлесін таниды.

**S&P Global**

«KEGOC» АҚ-қа S&P Global CSA Score 2023 ESG-рейтингін берді

**51/100** деңгейінде

# Қоршаған орта

## Негізгі көрсеткіштер

Еңбекке қабілеттілікті уақытша жоғалтатын жарақаттар жиілігінің коэффициенті (LTIFR) 3 есе қысқарды

**0,15** LTIFR

Өлім оқиғалары коэффициенті (FAR) нөлге дейін төмендеді

**0** FAR

2022 жылғы желтоқсаннан бастап жалпы көлемі 33 млрд теңгені құрайтын «KEGOC» АҚ-ның «жасыл» облигациялары KASE сауда-саттық алаңында ойдағыдай орналастырылды

**33** млрд теңге

«KEGOC» АҚ 2023 жылдың қорытындысы бойынша өндірістік қауіпсіздік саласындағы жетістіктері үшін «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компаниялары арасында бірінші орынды иеленді

**1** орын

## Негізгі құжаттар

- «KEGOC» АҚ-ның 2023-2032 жылдарға арналған Даму стратегиясы
- Тұрақты даму саласындағы басқару жүйесі жөніндегі нұсқаулық
- Экологиялық саясат
- Сапа, экология, кәсіби қауіпсіздік және денсаулықты қорғау салаларындағы мақсаттар
- Экологиялық аспектілер тізілімі
- Экологиялық менеджмент жүйесін жоспарлауды басқару жөніндегі стандарт
- Қалдықтарды басқару жөніндегі стандарт

## Тұрақты даму мақсаттары




## Басқару жүйесі

**Директорлар кеңесі**

Компания қызметінің бағыттарын анықтайды, Даму стратегияларын бекітіп, мақсаттар мен міндеттерді және оларға жету индикаторларын белгілейді

**Стратегия, корпоративтік және тұрақты даму жөніндегі комитеті**

Мәселелерді жан-жақты пысықтайды және ДК-ға ұсыныстар береді

**Басқарма**

ДК белгілеген мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуын қамтамасыз етеді

**Тұрақты даму және БМЖ жөніндегі үйлестіру кеңесі**

Басқармаға ТД мен БМЖ-ны жетілдіру бойынша ұсынымдар береді

2-12, 2-13

## Қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат

«KEGOC» АҚ қоршаған ортаны қорғау бойынша қызметті өзінің күнделікті жұмысының ажырамас бөлігі деп қарайды. Қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау — «KEGOC» АҚ Экологиялық саясатының негізгі қағидаты.

«KEGOC» АҚ-ның Экологиялық саясаты қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайтуға, көміртегі ізін азайтуға, экологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыруға, Қазақстан Республикасының ҰЭТ-ын дамыту кезінде қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету үшін жауапкершілікке, энергияны үнемдеуге және Компания қызметінде табиғи және энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалануға бағытталған. Экологиялық саясат «KEGOC» АҚ-ның барлық жұмыскерлеріне, сонымен қатар өнім берушілеріне, мердігер ұйымдар жұмыскерлеріне және жасалатын шарттарда көрсетілген талаптармен Компания объектілерінде қызмет көрсететін ұйымдарға қолданылады. «KEGOC» АҚ басшылығы Экологиялық саясатқа сәйкес қабылданған үнемі жақсарту және ластанудың алдын алу бойынша міндеттемелерді іске асыру, сонымен қатар қолданылатын заңнамалық және «KEGOC» АҚ өзінің экологиялық аспектілері бөлігінде қатысы бар басқа да талаптарға сәйкестік үшін жауапкершілікті өз мойнына алады. Компанияның әрбір жұмыскері, сонымен қатар Компания мүдделері үшін жұмыс істейтін мердігер ұйымдардың қызметкерлері «KEGOC» АҚ-ның Экологиялық саясатымен таныстырылған.

2-23, 2-24

Компанияда «KEGOC» АҚ-ның Біріктірілген менеджмент жүйесі шеңберінде әрекет ететін «Экологиялық менеджмент жүйесі» енгізіліп, ISO 14001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігіне сертификатталған. Компанияның өндірістік және экономикалық қызметінің экологиялық аспектілеріне тигізетін әсерін күшейтуге мүмкіндік беретін басқарудың жаңа әдістерін қолдану оны енгізу мен әрекет етуінің негізгі мақсаты болып табылады. Экологиялық аспектілерді басқару «KEGOC» АҚ-да тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің элементі болып табылады.

Экологиялық менеджмент жүйесін тиімді басқару үшін «KEGOC» АҚ-ның 2023 жылға арналған экологиялық аспектілерінің тізілімдері әзірленді. Аспектілерді анықтаған кезде Компания қызметінің экологиялық әсерінің барлық құраушылары (энергияны үнемдеу, биоалуантүрлілікке, суға, топыраққа, шығарындыларға, қалдықтарға әсер) талданады. Экологиялық аспектілерді басқару жөніндегі іс-шаралар Компанияның 2023 жылға арналған Экологиялық бағдарламасында белгіленген. 2023 жылы маңызды экологиялық аспектілер болып «құрамында полихлорланған дифенилдер (ПХД) болуы ықтимал қалдықтар», «трансформатор майы» және «пайдаланылған трансформатор майы» анықталды «Құрамында полихлорланған дифенилдер (ПХД) болуы ықтимал қалдықтар» аспектісінің маңыздылығы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес ПХД-ның қауіпті зат болып табылатындығымен шартталған. «Пайдаланылған трансформатор майы» және «трансформатор майы» аспектілерінің маңыздылығы май толтырылған жабдықтың болуына байланысты.

Жыл сайын барлық ЖЭТ филиалдары үшін міндетті және ерікті экологиялық сақтандыру шарттары жасалады.

2023 жылғы қыркүйекте «Батыс Қазақстанның энергия жүйесін Қазақстан Республикасының БЭЖ-імен біріктіру. Электр желілік объектілерді салу» жобасының ТЭН-і бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілді. Жоғарыда аталған жоба бойынша тыңдаулар «Қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп» материалдары негізінде Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына толық сәйкестікпен Ақтөбе және Атырау қалаларында жергілікті атқарушы органдардың, экология департаменттерінің, жұртшылықтың, мүдделі мемлекеттік энергетика және ТКШ органдары өкілдерінің қатысуымен өткізілді.

2023 жылдың қазанында «KEGOC» АҚ «Қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп» бойынша оң қорытынды алды.

Компания қызметін экологиялық заңнаманың талаптарына сәйкес жүзеге асыру үшін 2023 жылғы қыркүйекте «KEGOC» АҚ ЖЭТ филиалдарының қоршаған ортаны қорғауға жауапты жұмыскерлеріне Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне өзгерістер мен толықтыруларды енгізу бойынша корпоративтік оқыту өткізілді.

2023 жылы «KEGOC» АҚ-ға қатысты қаржылық және қаржылық емес санкциялар, сонымен қатар экологиялық заңнама мен нормативтік талаптарды сақтамағаны үшін салынған елеулі айыппұлдар орын алған жоқ.

2-27

Компанияға қоршаған ортаға әсеріне байланысты өтініштер түскен жоқ.

2-25

## Атмосфералық ауаға әсері

Қазақстан Республикасының жаңа Экологиялық кодексі енгізілгеннен бастап ЖЭТ филиалдарының негізгі бөлігі қоршаған ортаны қорғау жөніндегі уәкілетті органның шешімімен III және IV санаттағы объектілер үшін эмиссиялар нормативтері белгіленбейтін IV санаттағы объектілер ретінде айқындалды.

Алайда, филиалдарды мониторингтеу мақсатында оған сәйкес 2023 жылы ЖЭТ филиалдарында стационарлық көздердің шығарындылары бойынша тоқсан сайын есеп қалыптастырылған Экологиялық бақылаудың ішкі Бағдарламасы әзірленді.

Бұрын II санатты нысан ретінде анықталған «Оңтүстік ЖЭТ» филиалы 2023 жылдың желтоқсан айының соңында IV санаттағы объект, яғни Экологиялық Кодекске сәйкес қоршаған ортаға ең аз әсер объект ретінде қайта анықталды.

Қазіргі уақытта «KEGOC» АҚ-ның II санаттағы объектісі ретінде анықталған бір ғана филиалы бар. Осы филиалда экологиялық мониторинг мамандандырылған ұйымдармен есептеу жолымен немесе зертханалық өлшеулер арқылы жүргізіледі.

Ластаушы заттардың шығарындыларын есептеу Қазақстан Республикасының ластаушы заттарды есептеу әдістемелеріне сәйкес жабдықтың әр бірлігінің жұмыс уақыты мен материалдардың шығынын ескерілуімен есептеу әдісімен жүргізілді.

Стационарлық көздерден шыққан ластаушы заттардың жалпы шығарындылары (нормативтерге қатысты)

**88%** -ға төмен



### Ластаушы заттардың шығарындылары , тонна

| Ластаушы заттардың шығарындылары | 2023 |
|---|---|
| Азот оксидтері (NOx) | 0,405670 |
| Күкірт диоксиді (SOx) | 0,059297 |
| Қатты бөлшектер (шаң-тозаң) | 0,252290 |
| Көміртек тотығы (CO) | 0,290421 |
| Ұшпа органикалық қосылыстар | 0,179161 |



305-7

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес жылжымалы көздерден шығарындылар есептелмейді, есептілікте пайдаланылған отынның мөлшері көрсетіледі. Автокөліктің атмосфераға шығарылатын пайдаланылған газдардың уыттылығы мен түтініне тексерісі жүргізіліп тұрды.

Компания өз қызметінде климаттың өзгеруіне әсер ететін озонды бұзатын заттардың шығарылуын жүзеге асырмайды.

305-6

ЖЭК-ті Қазақстанның энергия жүйесіне біріктіру есебінен экономиканы көміртексіздендіруді қамтамасыз ету «KEGOC» АҚ-ның электр желілік компания және Жүйелік оператор ретіндегі қоршаған ортаға неғұрлым елеулі оң әсері болып болып табылады, ал бұл негізгі қызметтің стратегиялық мақсаты мен міндеттеріне жатады.

2023 жылы өтпелі климаттық тәуекелді төмендету мақсатында, Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясының, қабылданған «Самұрық-Қазына» АҚ-ның төмен көміртекті даму тұжырымдамасының және «KEGOC» АҚ-ның 2023-2032 жылдарға арналған бекітілген Даму стратегиясының ескерілуімен, Компания «KEGOC» АҚ-ның 2031 жылға дейінгі төмен көміртекті даму бағдарламасын және «KEGOC» АҚ-ның 2060 жылға дейін көміртегі бейтараптығына қол жеткізу бойынша пайымын (Бағдарламасын) әзірледі.

Төмен көміртекті күн тәртібінің интеграциясы Компанияға ЖЭК-тің қосылуын қамтамасыз ететін электр желілік компания және Жүйелік оператор ретінде үлес қосып қана қоймай, «KEGOC» АҚ-ның инвестициялық тартымдылығын, энергетикалық ауысу жағдайында оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, сонымен қатар Компанияның климаттық амбициялары туралы мәлімдеуге мүмкіндік береді.

**Бағдарламаны әзірлеудің мақсаты болып көміртегі ізін азайту саласындағы негізгі тәсілдер мен шараларды жүйелеу табылады, соның ішінде:**

- жүзеге асырылатын өндірістік қызметті есепке ала отырып, көміртегі ізін азайтудың қолда бар әлеуеті мен мүмкіндіктерін талдау және бағалау;
- көміртексіздендіру саласындағы негізгі бағыттарды және көміртегі ізін азайту жөніндегі шараларды айқындау;
- 2060 жылға дейін $CO_2$ шығарындыларының трендтерін болжамдау;
- Компания персоналының, соның ішінде көміртегі ізін азайту саласында орын алып жатқан әлемдік трендтер туралы хабардарлығын арттыру.

Бағдарламаны әзірлеу шеңберінде ағымдағы ахуалды талдау жүзеге асырылып, $CO_2$ (Scope 1 және 2) тікелей және жанама шығарындыларының негізгі көздері мен көрсеткіштері айқындалды, Компанияның өз қызметін жүзеге асыру кезінде көміртегі ізін төмендету үшін іс-шаралар және «KEGOC» АҚ-ның көміртегі ізін төмендету мониторингі үшін негізгі индикаторлар анықталды.

**«KEGOC» АҚ-дағы парниктік газдардың тікелей шығарындыларының (Scope 1) негізгі көздері:**

- мобильді көздер — өндірістік қызметтің негізгі түрлерін, соның ішінде пайдалану және жөндеу жұмыстарын жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын автокөлік құралдары;
- стационарлық көздер — байланыс құралдарының авариялық жағдайларында, сонымен қатар пайдалану және жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде электрмен жабдықтаудың сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында пайдаланылатын стационарлық және тасымалды электр станциялары мен электр энергиясының генераторлары.
- KEGOC» АҚ «ЖЭТ» филиалдары ҚС-ның қажетті жабдығы болып табылатын элегазды ажыратқыштар.

**Жанама шығарындылар көздеріне (Scope 2) мыналар жатқызылған:**

- электр энергиясын Қазақстан Республикасы ҰЭТ-ы арқылы жеткізген кезде оның технологиялық шығысын (жеткізу кезіндегі ысыраптар) өтеу үшін, сонымен қатар ғимараттарды, үй-жайларды, аумақтарды жылыту, жарықтандыру қажеттіліктеріне және т.б. үшін пайдаланылатын электр энергиясын қоса алғанда, технологиялық мақсаттарда пайдаланылатын Компания сатып алатын электр энергиясын өндіру кезінде пайда болатын шығарындылар.
- өндірістік және өндірістік емес үй-жайларды жылыту қажеттіліктері үшін пайдаланылатын Компания сатып алатын жылу энергиясын өндіру кезінде пайда болатын шығарындылар.

Жүйелік оператор және электр желісінің операторы ретінде Компанияның өзінің жаңартылатын генерациясын дамыту және ЖЭК құрылысы жөніндегі жобаларды іске асыру жөніндегі міндеттерді қоюға құқығы жоқ, өйткені бұл Қазақстан Республикасы БЭЖ-і Жүйелік операторының функцияларын іске асыру тұрғысынан әлеуетті мүдделер қайшылығын тудырады.

Бағдарламаның маңызды бағыты болып энергияны үнемдеу және энергиялық тиімділік жөніндегі тиісті әлеуетті іс-шаралармен ресурс үнемдеу және энергиялық тиімділікті арттыру жөніндегі қажетті іс-шараларды іске асыру табылатын болады. Мысалы, қазіргі уақытта да, болашақта да жүзеге асырылатын энергетикалық аудиттерді жүргізу, энергиялық тиімділікті арттыру іс-шараларын әзірлеу, сонымен қатар энергиялық тиімділік пен ресурс үнемдеуді арттыру бағдарламаларын жүзеге асыру Бағдарламаны іске асырудың негізгі механизмдері болады.

Сонымен қатар, Компанияның ресурстарды үнемдеу және энергиялық тиімділікті арттыру бағытындағы үздік нәтижелеріне ұтымгерлік ұсыныстар енгізу үшін Компания жұмыскерлерін ынталандыру құралдарымен энергиялық тиімділікті арттыру саясатын енгізу, ҒЗТКЖ арқылы жаңа технологияларды енгізу, пилоттық жобалар мен сынақтарды іске асыру жататынын атап өткен жөн.

Бағдарламада 2031 жылға дейін төмен көміртекті дамытуға қол жеткізу индикаторлары тіркелген:

- **Scope 1 бойынша** (тікелей шығарындылар) — 2030 жылға қарай шығарындылар деңгейін 2%-ға төмендетуге қол жеткізу үшін іштен жану қозғалтқыштары бар жеңіл автокөлікті төмен көміртекті отынмен қозғалатын ұқсас көлік түрлеріне (электрмобильдер, LPG) біртіндеп ауыстыру арқылы;
- **Scope 2 бойынша** (жанама шығарындылар) — ЖЭК-тен «жасыл» электр энергиясын өндіру үлесін біртіндеп ұлғайту және оған 2031 жылға қарай 20% деңгейінде қол жеткізу арқылы.

**201-2, 2-24**

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес «Экономиканың реттелетін секторларында парниктік газдардың квоталанатын шығарындыларының көлемі жылына жиырма мың тонна көміртегі диоксидінен асатын қондырғы квоталанатын қондырғы болып танылады». «KEGOC» АҚ квоталану субъектісі болып табылмайды. Сонымен қатар, БҰҰ-ның «Климаттың өзгеруі туралы» негіздемелік конвенциясының, Киото хаттамасының, Париж келісімінің талаптарына сәйкес 2023 жылдың қорытындысы бойынша «KEGOC» АҚ Парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есепті әзірледі. Деректер операциялық тәсілдің қолданылуымен жалпы корпоративтік деңгейде шоғырландырылған. Есептеу шектеріне $CO_2$, $CH_4$, $N_2O$, SF6 парниктік газдары кірді. Scope 1 тікелей шығарындыларының есептеулерінен деректердің жеткіліксіздігіне және олардың көлемінің елеусіз болуына байланысты ауаны баптау жүйелерінен парниктік газдар шығарындылары алынып тасталды. Scope 3 парниктік газдар шығарындылары деректердің жеткіліксіздігіне байланысты есепке енгізілмеген.

**2-23, 305-1, 305-2, 305-3**

2022 жыл базалық болып таңдалды, себебі IPCC, 2006 және GHG Protocol әдістемелері бойынша парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есепті «KEGOC» АҚ алғаш рет 2022 жылы әзірледі. Егер жаңа санат қосылса немесе дәлірек әдістемеге көшу жүзеге асырылса, базалық жылды қайта есептеу жүргізіледі.

**305-1, 305-2**

Жаһандық жылыну әлеуетінің коэффициенттері климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар тобының Бесінші бағалау есебіне сәйкес 6 / CP.27, 2022 қабылданды.

Парниктік газдар шығарындыларының жалпы қарқындылығы (жалпы Scope 1 мен Scope 2)

**0,011** тонна $CO_2$-экв / мың теңге кіріс

### Шығарындылар көрсеткіштері

| Шығарындылар | ЖИЫНЫ (т $CO_2$-экв) | $CO_2$ (т) | $CH_4$ (т $CO_2$-экв) | $N_2O$ (мың $CO_2$-экв) | $SF_6$ (мың $CO_2$-экв) |
|---|---|---|---|---|---|
| Тікелей (Scope 1) | 10 339 | 8 610,62 | 43,70 | 110,62 | 1 574,50 |
| Жанама (Scope 2) | 2 748 431 | 2 748 431 | - | - | - |

### Шығарындылар көрсеткіштері, тонна $CO_2$-эквивалент

| Шығарындылар | 2021 | 2022 | 2023 |
|---|---|---|---|
| Scope 1 | 9 144 | 8 887 | 10 339 |
| Scope 2 | 2 851 258 | 2 632 728 | 2 748 431 |
| Scope 1 + Scope 2 | 2 860 402 | 2 641 615 | 2 758 770 |

**305-1, 305-2**

Тікелей шығарындылар (Scope 1) жеңіл автокөлік пен арнайы көліктерден, байланыс құралдарының авариялық жағдайларда электрмен жабдықтау сенімділігін қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын стационарлық және тасымалды электр станциялары мен электр энергиясы генераторларынан пайда болатын, және техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары кезінде пайда болатын шығарындылардан, сонымен қатар элегазды ажыратқыштардың жұмысының бұзылыстары кезінде пайда болатын шығарындылардан тұрады.

Компания элегазды жабдық болып табылатын элегазды ажыратқыштарды (SF6) пайдаланады. Жүргізілген жаңғырту шеңберінде қосалқы станцияларда жоғары сапасымен, сенімділігімен және экологиялылығымен сипатталатын ABB, Siemens, GE фирмаларының 110-500 кВ кернеулі заманауи элегаздық ажыратқыштары орнатылды. Элегазды ажыратқыштарды пайдалануды оқытылған персоналы нұсқаулықтар мен регламенттерге қатаң сәйкестікпен жүргізеді, элегазды пайдалануды бақылау және мониторингілеу жүргізіледі, 2019–2023 сыртқа шығу жылына орташа есеппен 0,06 %-ды құрады.

Бүгінгі таңда 220-500 кВ кернеулі вакуумдық ажыратқыштар шығарылмайды және кернеудің бұл класында элегазды ажыратқыштарға балама жоқ. 110 кВ вакуумдық ажыратқыштарды қолдану әлемде кең таралмаған, сондықтан қазіргі уақытта бұл ажыратқыштар Компанияда пайдаланылмайды.

Қосалқы станцияларды реконструкциялау кезінде элегазды пайдалануды азайту үшін 6-10-35 кВ кернеулі экологиялық қауіпсіз вакуумдық ажыратқыштар қолданылады.

Тікелей шығарындылар (Scope 1) 2023 жылы 1 452 тонна $CO_2$-экв. құрылымның ақауына байланысты элегаздың ағып кетуімен бір элегаз қосқышының бұзылуына байланысты өсті.

Компания электр энергиясын Қазақстан Республикасының ҰЭТ-ы арқылы жеткізу кезінде электр энергиясының технологиялық шығысын өтеу үшін сатып алатын электр энергиясын өндіру кезінде пайда болатын шығарындылар жанама шығарындылардың (Scope 2) ең үлкен үлесін (жеткізу кезіндегі ысыраптар) құрайды. Технологиялық шығыстың шамасы электр энергиясын тұтыну көлемімен, транзиттік ЭЖЖ-нің ұзындығына байланысты және шектес мемлекеттердің энергия жүйелерінің жұмыс режимдеріне (электр энергиясының транзиті, экспорты және импорты), климаттық жағдайларына байланысты және Компания оның алдын ала алмайды. Scope 2 жанама шығарындылары 2023 жылы 115 703 тонна $CO_2$-ге (4,4%) желіге жіберу көлемінің ұлғаюына және электр энергиясының шығын көлемінің тиісті ұлғаюына байланысты өсті. Электр энергиясы нарығындағы өзгерістерге байланысты (толығырақ 9-беттегі суретті қараңыз) GHG Protocol сәйкес location-based әдісі таңдалды. Есептеу үшін ресми желі эмиссиясының коэффициенті Development Of Kazakhstan 8th National communication to the UNFCCC және 5th Biennial report, 2021 сәйкес қабылданды. Қазақстанда ЖЭК генерациялау үшін 2021 жылдан 2023 жылға дейін 3,6%-дан 5,92%-ға дейін өскенін атап өткен жөн. Қазақстанның 2060 жылға дейінгі көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу стратегиясы жүзеге асырылған сайын және осы өзгерістер үшін қажетті жаңғыртуға және желілік инфрақұрылымды дамытуға қажетті инвестициялар жасалған кезде, Компанияның Scope 2 көміртегі ізі азая береді деп күтілуде.

**305-5**

### Есепті кезеңдегі парниктік газдар шығарындыларының қарқындылығы

| | |
|---|---|
| Парниктік газдар шығарындыларының жалпы көлемі (Scope 1 және Scope 2), т $CO_2$-экв. | 2 758 770 |
| Түсім сомасы, мың теңге | 252 136 383 |
| Парниктік газдар шығарындыларының жиынтық қарқындылығы (Scope 1 және Scope 2), т $CO_2$-экв / мың теңге | 0,011 |

**305-4**

«KEGOC» АҚ желілік инфрақұрылымды дамыту, соның ішінде ұзақ мерзімді перспективада жаңартылатын энергетиканың дамуы үшін жағдайдың жасалуын ескере отырып, «жасыл жобаларды» іске асыру арқылы климаттың өзгеруіне қарсы күреске үлесін қосуда, бұл Қазақстан Республикасында парниктік газдардың елеулі шығарындыларын жанама түрде болдырмауға мүмкіндік беретін болады.

2023 жылы мамырда экологияны жақсартуға және көміртегі ізін азайту саласындағы әлемдік трендтерді қолдауға үлес қосу мақсатында Компания жұмыскерлері Астана қаласында 105 ағаш көшетін отырғызды, оларға күтім жалғасатын болады. Көмірқышқыл газын сіңіру қабілеті жоғары болғандықтан отырғызу үшін үйеңкі көшеттері таңдалды.

## Қалдықтарды басқару

Өндіріс қалдықтары жабдығын пайдалану, жөндеу және жаңарту кезінде қалыптасады. «KEGOC» АҚ-да қалдықтарды басқару оларға сәйкес барлық қалдықтар қауіпті және қауіпсіз болып бөлінетін Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне және «KEGOC» АҚ-да қалдықтарды басқару» ұйым стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

306-3

**«KEGOC» АҚ қауіпті және қауіпті емес қалдықтарының көлемі, тонна**

| Көрсеткіш | 2023 жыл |
|---|---|
| Қауіпті қалдықтар | 462,002 |
| Қауіпті емес қалдықтар | 2 883,764 |
| **ЖИЫНЫ** | **3 345,765** |

2023 жылы кәдеге жаратуға, шеттетуге, жоюға жасалған шарттар бойынша Компания бөгде мамандандырылған ұйымдарға берген қалдықтардың жалпы көлемі **3 345,765** тоннаны құрады. Мамандандырылған ұйымдар «KEGOC» АҚ объектілерінен тыс 646,84 тонна қалдықтарды қайта өңдеу, кәдеге жарату, жоюға актілерімен растады.

**«Қалдықтарды басқару», тонна**

| | Қауіпті қалдықтар | Қауіпті емес қалдықтар |
|---|---|---|
| **Қалпына келтіру, оның ішінде:** | **177,61** | **447,61** |
| - қайта пайдалануға дайындық | 145,90 | 447,45 |
| - қалдықтарды қайта өңдеу | 31,71 | 0,00 |
| - басқа қалпына келтіру операциялары | 0,01 | 0,17 |

625,23 тонна қалдық қалпына келтірілді.

306-4

| | Қауіпті қалдықтар | Қауіпті емес қалдықтар |
|---|---|---|
| **Кәдеге жарату, оның ішінде:** | **6,44** | **15,16** |
| - жану (энергияны қалпына келтірумен) | 5,90 | 15,16 |
| - жану (энергияны қалпына келтірусіз) | 0,00 | 0,00 |
| - жерлеу | 0,00 | 0,00 |
| - басқа кәдеге жарату операциялары | 0,55 | 0,00 |

21,61 тонна қалдықтар кәдеге жаратылды.

306-5

**«KEGOC» АҚ қалдықтарының көлемі, тонна**

| | 2019 | 2020 | 2021 | 2022 | 2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| Қалдықтар | 2 757,00 | 5 117,11 | 4 326,09 | 2 635,99 | 3 345,77 |

306-1

Қалдықтардың қауіпті түрлерін бөгде ұйымға беру қауіпті қалдықтарды қайта өңдеу, залалсыздандыру, кәдеге жарату және (немесе) жою жөніндегі жұмыстарды орындауға (қызмет көрсетуге) лицензия негізінде жүзеге асырылады. Қалдықтардың тізбесі және олардың қауіптілік деңгейі қажеттілікке қарай жаңартылады.

ЖЭТ филиалдары жыл сайын қалдықтардың шыққан жері бойынша пайда болу процестерінің сипаттамасын, олардың сандық және сапалық көрсеткіштерін, олармен жұмыс істеу қағидаттарын, оларды бақылау әдістерін, осы қалдықтардың қоршаған ортаға әсер ету түрлерін, қалдықтарды өндірушілер туралы мәліметтерді қамтитын әрбір түр үшін қалдықтардың төлқұжаттарын әзірлейді немесе түзетеді.

Өндіріс және тұтыну қалдықтарымен қауіпсіз жұмыс істеу үшін ЖЭТ филиалдарында оларды уақытша қауіпсіз және бөлек сақтауға арналған орындар анықталды, эпидемиологиялық лицензиясы бар объектілердің аумағында қалдықтарды орналастырудың карта-схемалары әзірленді, кейіннен кәдеге жарату үшін уақтылы шығару қамтамасыз етіліп тұр.

306-2

2023 жылы «Орнықты органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясын ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Орнықты органикалық ластағыштармен және олар құрамында бар қалдықтармен жұмыс істеу қағидаларына (Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің бұйрығымен бекітілген) сәйкес «KEGOC» АҚ ҚС жабдығында ПХД-ні анықтау бойынша жұмыс жалғастырылды. ЖЭТ филиалдары құрамында ПХД бар жабдықты есепке алу тізілімдерін жаңартылды, тізілімдер белгіленген мерзімде аумақтық қоршаған ортаны қорғау органдарына тапсырылды.

2023 жылы «Ақмола ЖЭТ», «Алматы ЖЭТ», «Сарыбай ЖЭТ» филиалдарының майымен толтырылған жабдығында ПХД-ның болуына зертханалық талдаулар жоспарланып, жүргізілді де, олардың қорытындысы бойынша ПХД табылған жоқ.

## Су объектілеріне әсері

Компанияның технологиялық процесінде су пайдаланылмайды. «KEGOC» АҚ-да суды тұтыну көлемі шамалы, және Компания қызметі су көздеріне айтарлықтай әсерін тигізбейді. Компания тұрмыстық тұтыну үшін суды қалалық сумен жабдықтау жүйесінен пайдаланады және суды жер үсті көздерінен (өзендер, көлдер және т.б.) жинамайды. 7 ЖЭТ филиалының объектілерінде артезиандық сумен жабдықтау жүйесі бар, ұңғымалар алынған арнайы суды пайдалануға рұқсаттарға сәйкес пайдаланылады. Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес мамандандырылған ұйымдармен жасалған шарттар бойынша ұңғымалардың су жинағышында жер асты суларына тұрақты негізде мониторинг жүргізіліп тұрады.

Май толтырылған жабдықта пайдаланылатын трансформатор майы, сонымен қатар шаруашылық қажеттіліктер үшін суды пайдалану нәтижесінде қалыптасатын ағынды сулар Компания объектілеріндегі су объектілері мен топырақтың ластануының ықтимал көзі болып табылады. «KEGOC» АҚ-ның жабдығын таңдаған кезде оның экологиялылығы басым критерийлерінің бірі болып табылып, май ажыратқыштарды элегазды және вакуумды ажыратқыштарға ауыстыру жоспарлы түрде жүргізілуде, ал бұл ЖЭТ филиалдарының ҚС-да пайдаланылатын трансформатор майының көлемін азайтуға мүмкіндік береді. Майсыз жабдықты қолдану сенімділікті, өрт қауіпсіздігін арттырады, жер асты су мен топырақтың ластануын болдырмайды. Маймен толтырылған жабдық майдың топыраққа түсуін болдырмайтын май қабылдағыш құрылғылармен немесе тегендермен жабдықталған. Май қабылдағыштардың үйіндісі үнемі тексеріліп тұрады. Ұңғымадан өндірілген су көлемі — 41 113,13 м³. Айналмалы су мен жабдықтау жүйесі жоқ. Сарқынды су жергілікті бедерге төгілмейді.

**«KEGOC» АҚ-ның су тұтыну көрсеткіштері**

| Су тұтыну | 2019 | 2020 | 2021 | 2022 | 2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұңғымалардан** | **0,037** | **0,048** | **0,056** | **0,052** | **0,041** |
| - соның ішінде, су тапшылығы бар өңірлерден* | 0,009 | 0,008 | 0,008 | 0,008 | 0,009 |
| **Қалалық сумен жабдықтау жүйелерінен** | **0,085** | **0,079** | **0,075** | **0,087** | **0,064** |
| - соның ішінде, су тапшылығы бар өңірлерден* | 0,011 | 0,009 | 0,009 | 0,010 | 0,196 |
| **Су тұтыну жиыны** | **0,122** | **0,127** | **0,131** | **0,140** | **0,105** |
| - соның ішінде, су тапшылығы бар өңірлерден* | 0,020 | 0,017 | 0,017 | 0,018 | 0,295 |

* су тапшылығы бар аймақтарға Су жетіспеушілігі картасына сәйкес «KEGOC» АҚ Оңтүстік және Батыс ЖЭТ филиалдарының аумақтары кіреді.

## Биоалуантүрлілікке әсері

«KEGOC» АҚ электр желілік Компания және жүйелік оператор бола тұра, жануарлар мен өсімдіктер әлеміне айтарлықтай әсерін тигізбейді.

Жобаларды, соның ішінде инвестициялық жобаларды іске асырған кезде Компания қоршаған ортаны қорғау және биоалуантүрлілікті сақтауға мәселелеріне кешенді көзқарасты қолданады.

Біз өз қызметіміздің барлық бағыттары бойынша тәуекелдерді талдау арқылы биоалуантүрлілікке қауіп төнуді болдырмауға көңіл бөлеміз. Сондай-ақ инвестициялық жобаларды іске асырудың әрбір кезеңінде және жобадан кейінгі мониторинг кезеңінде биоалуантүрлілікке қатысты тәуекелдер талдауы жүргізіледі.

Электр желілік объектілерді жобалау сатысында экологиялық тәуекелдерді басқару үшін ӘЖ трассалары мен ҚС алаңдарының елді мекендердің жерлері мен аумақтары, соның ішінде ауылдарды, кенттерді, қалаларды перспективалық дамытуға, сонымен қатар ауыл шаруашылығы өндірісін, табиғи қорықтарды, орман шаруашылықтарын, су қорғау аймақтарын, суармалы егістіктерді, ерекше қорғалатын аумақтарды, мәдени мұра объектілерін және тарихи ескерткіштерді дамытуға арналған жерлер арқылы өтулеріне жол берілмейді. ӘЖ трассалары негізінен дала және шөлейт жерлері арқылы өтеді.

«KEGOC» АҚ өз қызметін Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының қағидаттарына, атап айтқанда, экологиялық ақпараттың қолжетімділігі қағидатына және қоғамдық қатысу қағидатына сәйкес жүзеге асырады. Кез келген құрылыс және реконструкциялау жобаларын қарау кезеңінен өткен кезде қоғамдық тыңдауларды өткізу немесе ҚОӘБ жобаларын талқылау міндетті кезең болып табылады.

2-26

ҚОӘБ-тан өткенде жоспарланып отырған қызметті іске асыру кезінде қоршаған ортаға ықтимал елеулі әсерлердің барлық процестер ескеріледі, атап айтқанда:

- атмосфералық ауаға әсері,
- тоғандар мен жер асты суларына әсері,
- жер бедеріне әсері,
- биоалуантүрлілікті, жануарлар дүниесін сақтауға әсері.

Жобалардың тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау тұрақты негізде және жобаларды іске асырудың барлық кезеңдерінде жүзеге асырылады. Жобаларды іске асыру тәуекелдерін талдау үшін әлеуметтік және экологиялық тәуекелдерді талдауды қамтитын PESTEL-талдауы пайдаланылады. Биоалуантүрлілікке тиетін әсерді қоса алғанда, өткізілген ҚОӘБ нәтижелері есепке алынып, қоршаған ортаға ең аз зиян келтіретін нұсқа қабылданады.

Мысалы, 2023 жылғы қыркүйекте «Батыс Қазақстанның энергия жүйесін Қазақстан Республикасының БЭЖ-імен біріктіру. Электр желілік объектілерді салу» жобасының ТЭН-і бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілді. Тыңдаулар «Қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп» материалдары негізінде Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына толық сәйкестікпен Ақтөбе және Атырау қалаларында жергілікті атқарушы органдардың, экология департаменттерінің, жұртшылықтың, мүдделі мемлекеттік энергетика және ТҮКШ органдары өкілдерінің қатысуымен өткізілді. 2023 жылдың 10 қазанында «KEGOC» АҚ «Қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп» бойынша оң қорытынды алды.

«KEGOC» АҚ-ның биоалуантүрлілікке оң әсері болып ЭЖЖ-нің бөлінген алқаптарында, сонымен қатар қосалқы станциялардың айналасындағы санитарлық аймақтарда дәстүрлі мекендеу орындарын сақтауға жәрдемдесу табылады.

Әлемдік зерттеулердің нәтижелері бойынша кернеуі 0,4-10 кВ кернеулі ЭЖЖ жерге тұйықталған траверса немесе тіректің басқа жерге тұйықталған бөліктері мен кернеулі сымдар арасындағы қашықтықтың қысқа болуына байланысты құстарға қауіп төндіреді. Жерден ұшқан немесе жақындап ұшқан кезде құстар жерге тұйықталған траверсаға және ток өткізгіш сымға бір мезгілде тиген кезде өздерінің өмірлері қиылатындай қысқа тұйықталуды тудыруы мүмкін. «KEGOC» АҚ-ға тиесілі ӘЖ-нің 99,2%-ы кернеуі тіректердің жерге тұйықталған бөліктері мен ӘЖ-нің тоқ өткізгіш бөліктері арасындағы ең аз қашықтық кемінде 1,5 метрді құрайтын 110 кВ және одан жоғары жоғары вольтты желілерді құрайды. Демек, құстардың қанаттарының құлашы «сым — желінің жерге тұйықталған бөлігі» тізбегін тұйықтауға мүмкіндік бермейді, және бұл желілер құстар мен жарқанаттар үшін электр тоғының соғу қаупін төндірмейді. Дегенмен, «KEGOC» АҚ АТҚ-ның траверсалары мен порталдарына құстардың қонуы мүмкін жерлерде желілер мен қосалқы станциялардың элементтеріне құстардың қонуына жол бермейтін 11 мыңнан астам құстан қорғау қауіпсіз құрылғылары, соның ішінде құстар ӘЖ темірбетонды тіректерінің траверсаларының шетіне қонуға әрекеттенгенде айналатын, жел әсерінен іске қосылатын және құстар үшін тәуекелдерді азайтатын шуыл құралдары секілді филиалдарда ұтымгерлік ұсыныстарды енгізу нәтижесінде қондырылған құрылғылар орнатылған.

Компания биоалуантүрлілікті сақтау саласындағы әзірлемелер нарығын үнемі зерттейді, ұқсас компаниялардың тәжірибесімен танысып, табиғатты қорғау ұйымдарымен байланыс жасап тұрады. Мысалы, 2023 жылдың қыркүйегінде құстар қауіпсіздігі мәселесін шешудегі тәжірибе алмасу мақсатында жойылып бара жатқан экожүйелерді сақтау жөніндегі ынтымақтастық қорының (CEPF), LIFE EC, VGP FOUNDATION табиғат қорының қолдауымен «Биоалуантүрлілікті зерттеу және сақтау орталығы» Қоғамдық қоры (BRCC Research & Conservation), Қазақстанның, Венгрияның, Германияның Құстарды қорғау одақтары және басқа да қауымдастықтар ұйымдастырған «Палеарктика қырандары; зерттеу және қорғау» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы шеңберінде «Жыртқыш құстар және энергетика» ғылыми-тәжірибелік семинарға қатысты.



«KEGOC» АҚ ОРУ траверстері мен порталдарына құстардың қонуы мүмкін жерлерде

**>11 000** құс қорғау құрылғысы орнатылды

## Энергия тиімділігі

«KEGOC» АҚ объектілерінің өз қажеттіліктеріне энергия ресурстарының шығысын азайту есебінен азайтуды қоса алғанда, тұтынылатын отын-энергетикалық ресурстардың көлемін азайту, оны ҰЭТ арқылы берген кезде электр энергиясының технологиялық шығыстарын төмендету, энергия шығындарын бақылау механизмдерін жетілдіру және Компания объектілерін электр энергиясын және басқа да отын-энергетикалық ресурстарды есепке алу аспаптарымен жарақтандыру, осы есептеу аспаптарының негізінде ақпарат жинау процесін ұйымдастыру «KEGOC» АҚ-ның энергияны үнемдеу және энергиялық тиімділікті арттыру жөніндегі негізгі міндеттері болып табылады.

### 2023 жылы отын-энергетикалық ресурстардың тұтынуы, ГДж[1]

| | Өлшем бірлігі | Тұтыну, натуралды бірліктер | Тұтыну, ГДж |
|---|---|---|---|
| **Электр энергиясы барлығы** | **мың кВт·сағ** | **2 950 276,33** | **10 620 994,79** |
| оның ішінде жаңартылатын көздерден | мың кВт·сағ | 205 711,77 | 740 562,39 |
| Жылу энергиясы | Гкал | 18 839,42 | 78 876,88 |
| Отын | | 2 767,76 | 117 944,77 |
| оның ішінде: | | | |
| - мотор бензині | тонна | 900,88 | 39 368,35 |
| - дизель отыны | тонна | 1 769,55 | 75 205,83 |
| - табиғи газ | мың м³ | 90,71 | 3 066,10 |
| - сұйытылған газ | тонна | 6,62 | 304,49 |
| **ЖИЫНЫ** | | | **10 817 816,44** |

2023 жылы отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну 2022 жылмен салыстырғанда желіге босату көлемінің артуына байланысты электр энергиясын тұтынудың артуы есебінен және сәйкесінше электр энергиясының ысыраптары, сондай-ақ, натуралды бірліктерден Джоульге көшіру бойынша нормативтік құжаттарды жаңарту байланысты көлемінің артуы 443 188,44 ГДж-ға өсті.

302-1

### «KEGOC» АҚ-ның отын-энергетикалық ресурстарының меншікті тұтынуы, ГДж/мың теңге түсім

| | 2019 | 2020 | 2021 | 2022 | 2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| Меншікті энергия тұтыну | 0,069 | 0,058 | 0,060 | 0,048 | 0,043 |

302-3

[1] тұтынылған ТЭР көлемін Джоульге аудару үшін Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 9 бұйрығымен бекітілген парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін есептеу әдістемесі, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2016 жылғы 11 тамыздағы № 160 бұйрығымен бекітілген энергетика саласын сипаттайтын отын-энергетикалық теңгерімді қалыптастыру және жекелеген статистикалық көрсеткіштерді есептеу жөніндегі әдістеме қолданылды.

### «KEGOC» АҚ-ның электр энергиясын тұтынуы

| | 2020 | 2021 | 2022 | 2023 | |
|---|---|---|---|---|---|
| | млн кВт·сағ | | | | ГДж |
| Электр энергиясын тұтыну | 2 796,76 | 3 059,92 | 2 824,90 | 2 950,28 | 10 620 994,79 |
| - соның ішінде ЖЭК-тен | 162,67 | 32,41 | 14,23 | 205,71* | 740 562,39* |

* «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына 2023 жылғы 1 шілдеден бастап енгізілген өзгерістерге байланысты 2023 жылы Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы электр энергиясын ҰЭТ-на қосылған барлық энергия өндіруші ұйымдардан, оның ішінде ЖЭК-тен сатып алады. Осыған байланысты бұл көрсеткіш электр энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі ЖЭК-пен өндірілген электр энергиясының үлесіне негізделген есептеу арқылы алынды.

302-1

Энергияны тұтынуды азайту тұрғысынан ең үлкен нәтижені электр желілері арқылы жеткізуге арналған электр энергиясының технологиялық шығысын азайту іс-шаралары қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының БЭЖ-і негізінен Солтүстік аймақта қуатты энергия көздерінің шоғырлануымен және ұзартылған (шамамен 1 000 км) транзиттік ЭЖЖ-нің болуымен сипатталады (Қазақстанның Солтүстік — Оңтүстік транзиттерінің негізгі бағыттары, Павлодар облысы — Ақтөбе облысы) — бұл елдің үлкен аумағына байланысты және электр энергиясының технологиялық шығыстарының (техникалық ысыраптарының) деңгейіне елеулі әсерін тигізеді. «KEGOC» АҚ желісіндегі техникалық ысыраптар шектес мемлекеттердің энергия жүйелерінің жұмыс режимдеріне (электр энергиясының транзиті, экспорты және импорты) және климаттық жағдайларға да байланысты болады.

«KEGOC» АҚ-ның 2023 жылғы техникалық ысыраптары 2,923 млрд кВт·сағатты немесе электр энергиясын желіге босатудың 5%-ын құрады.

EU12

Бұл ретте электр энергиясының техникалық ысыраптары электр желілері арқылы электр энергиясын жеткізу кезінде орын алатын сымдар мен электр жабдығындағы физикалық процестермен шартталған электр энергиясының ысыраптары екенін есте ұстаған жөн, тиісінше электр желілеріндегі электр энергиясының ысыраптарын азайту жөніндегі іс-шараларды жоспарлау мен өткізудің негізгі мақсаты болып электр энергиясының техникалық ысыраптарының нақты мәнін олардың оңтайлы деңгейіне жеткізу табылады.

2023 жылы электр энергиясын тұтынуды азайту

**4,058** млн кВт·сағ

### 2023 жылғы «KEGOC» АҚ-ның электр энергиясы ысыраптарының құрылымы




Климаттың өзгеруі электр энергиясын жеткізу кезінде артық ысыраптарының пайда болу тәуекеліне әкелуі мүмкін. Сондықтан Компания осы тәуекелді азайту, сонымен қатар электр энергиясының ысыраптарын төмендету жөніндегі іс-шараларды әзірлеу кезінде климаттық факторларға талдау және «KEGOC» АҚ желісіндегі электр энергиясының нақты ысыраптарына талдау жүргізеді.

Қазақстан Республикасы БЭЖ режимдерін басқару аясында электр энергиясының ысыраптарын төмендету бойынша іс-шараларды іске асыру нәтижесінде 2023 жылы электр энергиясының шығысын төмендету 4,058 млн кВт·сағатты құрады.

### Электр энергиясының ысыраптарын төмендету жөніндегі іс-шаралардың әсері

| Іс-шара | Іс-шаралардың әсері | |
|---|---|---|
| | млн кВт·сағ | ГДж |
| Желілерді шағын жүктеме режимінде ажырату | 0,180 | 648 |
| Күштік трансформаторларды шағын жүктеме режимінде ажырату | 3,878 | 13 961 |
| **«KEGOC» АҚ бойынша жиыны** | **4,058** | **14 609** |

201-2, 302-4, 302-5



# Кадрлық саясат

## Негізгі көрсеткіштер

Кадрлардың тұрақтамауы

**6,51%**

Әлеуметтік тұрақтылықтың тұрақты индексі (SRS)

**86%**

Лауазымдық жалақылар/тарифтік мөлшерлемелер 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап сараланымдық ыңғайдың пайдаланылуымен орташа есеппен

**15%** өсті

Кәсіби және спорттық жарыстарда жеңімпаз атанған жұмыскерлерді марапаттау үшін жұмыскерлерге сыйлықақы берудің енгізілген тәжірибесіне сәйкес

**26** млн теңге төленді

Жеңілдікпен несиелеу бағдарламасы жүзеге асырылды. 2023 жылы

**51** қызметкер тұрғын үй сатып алды

## Басқару жүйесі

**Директорлар кеңесі**

Компания қызметінің бағыттарын анықтайды, Даму стратегияларын бекітіп, мақсаттар мен міндеттерді және оларға жету индикаторларын белгілейді.

**Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеті**

Мәселелерді жан-жақты пысықтайды және ДК-ға ұсыныстар береді

**Басқарма**

ДК белгілеген мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуын қамтамасыз етеді

## Негізгі құжаттар

- 2023-2032 жылдарға арналған даму жоспары (Стратегия)
- Мінез-құлық (Іскери этика) кодексі
- Тұрақты даму саласындағы басқару жүйесі жөніндегі нұсқаулық
- «KEGOC» АҚ кадрлық саясаты
- Персоналды оқыту және дамыту жөніндегі стандарт
- Персоналды іздеу және іріктеу жөніндегі қағидалар
- Жұмыскерлердің қызметін бағалау қағидалары
- Таланттарды басқару бойынша қағидалар
- Персоналға еңбекақы төлеу мен сыйлықақы беру қағидалары
- Жұмыскерлерге әлеуметтік қолдау көрсету қағидалары
- Жұмыскерлерді көтермелеу және сіңірген еңбектерін тану туралы қағидалар

## Тұрақты даму мақсаттары




2-12, 2-13

«KEGOC» АҚ Кадрлық саясаты адам ресурстарын басқару саласындағы стратегиялық құжат болып табылады және Компанияның білікті, құзыретті және ынталандырылған персоналына деген қажеттіліктерін қанағаттандыруға, сондай-ақ жұмыскерлер үшін қажетті еңбек жағдайлары мен қолайлы орта жасауға бағытталған.

Адами ресурстарды тиімді басқару ресурстардың оңтайлы таратылуын, еңбекті ынталандырудың әділ жүйесін, жұмысқа орналасу процестерінің ашықтығын, жұмыскерлердің мансаптық өсуі мен кәсіби өсуін қамтамасыз етеді.

Осылайша, «KEGOC» АҚ Кадрлық саясаттың негізгі басымдығы ретінде Компания жұмыскерлерін, сонымен қатар адами ресурстарды дамытуды Компанияның тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз ететін фактор ретінде анықтайды.

«KEGOC» АҚ халықаралық деңгейде жарияланған және Қазақстан Республикасының Конституциясында ескерілген адам құқықтарын қорғайды және құрметтейді, және жынысы, тілі, нәсілдік тиесілілігі, дінге деген көзқарасы, сексуалды бағдарлығы немесе гендерлік сәйкестігі бойынша құдалаудың немесе кемсітудің кез келген нысандарын болғызбай, барлық жұмыскерлер үшін тең еңбек жағдайларын жасау тәжірибесін жалғастырады. «KEGOC» АҚ өз қызметінде балалар немесе мәжбүрлі еңбекті пайдаланбайды. Компанияда адам құқықтарының сақталуына қатысты мәселелерді басқаруға қатысты жауапкершілік Омбудсмен мен Комплаенс Қызметіне жүктеледі.

2-23

**Кадрлық саясаттың негізгі бағыттары:**

- персоналды іздеу және іріктеу;
- оқыту және дамыту;
- қызметті бағалау;
- сыйақы;
- өндірістік қатынастарды дамыту;
- әлеуметтік қолдау;
- корпоративтік мәдениетті дамыту;
- HR-процестерін жетілдіру.

Ұжымдардағы әлеуметтік көңіл-күй мәселелері Компанияның жоғары басшылығының бақылауында.

2023 жылы Компанияда қолайлы еңбек жағдайларын қолдау үшін өндірістік қатынастарды дамыту процесі енгізілді. Осы процесс шеңберінде Әлеуметтік өзара ықпалдастық және коммуникациялар орталығының цифрлық платформасы негізінде өндірістік объектілердің скринингі жүргізілді. Осы жұмыстардың есепке алынуымен, 2023 жылғы 31 тамызда Өндірістік объектілердегі әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді. 572 бұзушылықты жою жоспарланған. 1-деңгейдегі бұзушылықтарды жою бойынша барлық іс-шаралар орындалды. 2024 жылы 2-деңгейдегі сәйкессіздіктерді жою шараларын іске асыру жоспарлануда.

Жыл сайын өндірістік персонал арасында айқындалатын «KEGOC» АҚ Кадрлық саясатының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылатын персоналдың қатысу (ӘБП жұмыскерлерінің сауалнамасын және онлайн-сұрастыруды жүргізудің нәтижелері бойынша есептелген) және SRS әлеуметтік тұрақтылық деңгейі индекстерінің зерттеулері жүргізіліп тұрады. Зерттеу Компанияның жұмыс ұжымының әлеуметтік әл-ауқаты туралы жалпы түсінікті алуға мүмкіндік беретін өндірістік персоналы арасында онлайн-сұрату жүргізу арқылы жүзеге асырылады. SRS зерттеуінің негізгі мақсаты — түзету шараларын қолданып қана қоймай, сонымен қатар алдын алу шараларын қолдануға мүмкіндік беретін еңбек қатынастарындағы проблемалық аймақтарды диагностикалау. Жиынтық SRS мәні 3 индекстен тұрады:

- Қатысу индексі еңбек жағдайлары мен еңбек қауіпсіздігіне, Компаниядағы қарым-қатынастар мен коммуникацияларға қанағаттанушылық деңгейін, сондай-ақ жұмыскерлердің бейілділік деңгейін көрсетеді.
- Әлеуметтік әл-ауқат индексі көбінесе сыртқы факторлармен және әлеуметтік ортамен айқындалатын жұмыскерлердің көңіл-күйін тіркейді.
- Әлеуметтік тыныштық индексі ұжымның әлеуметтік шиеленісу деңгейін және наразылық әлеуетінің бағасын қамтып көрсетеді.

2023 жылдың қорытындысы бойынша әлеуметтік тұрақтылық индексі **86%-ды**, персоналдың әл-ауқат индексі **54%-ды** құрады, бұл жалпы алғанда қолайлы әлеуметтік жағдайды және Компания жүргізіп отырған табысты әлеуметтік саясатты көрсетеді.

## SRS индексі

| Көрсеткіштің атауы | 2019 | 2020 | 2021 | 2022 | 2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| SRS индексі | 90 | 91 | 85 | 86 | 86 |
| сауалнамаға қатысқан жұмыскерлер %-ы | 18,6 | 15,8 | 16,6 | 32,9 | 58,3 |



## Персонал құрылымы

Кадрлық саясаттың мақсаттарының бірі болып портфельді тиімді басқаруды қамтамасыз ету шеңберінде адами ресурстарды белсенді жоспарлау табылады. HR көрсеткіштерін, зерттеу нәтижелерін талдау, қажеттіліктерді жинау және талдау, инвестициялық бағдарлама және т.б. негізінде қысқа және орта мерзімді кезеңге жұмыскерлердің саны мен оларға жұмсалатын шығыстарды жоспарлау жүзеге асыруда.

**Жұмыскерлер саны,** адам






2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компания жұмыскерлерінің тізімдік саны (ЕҰ-ны қоса алғанда)

**4 446** адамды құрады

2-7

**Жұмыскерлердің гендерлік белгі бойынша құрылымы,** %




**Жұмыскерлердің жұмыспен қамтылу түрі бойынша құрылымы,** %




**Жұмыскерлердің санаттар бойынша құрылымы,** %




**Жұмыскерлердің жасы бойынша құрылымы,** %



## Қызметкерлердің еңбек өтілі бойынша құрылымы, %




## Қызметкерлердің ұлты бойынша құрылымы, %




## Қызметкерлердің білімі бойынша құрылымы, %




## Қызметкерлердің өңірлер бойынша құрылымы, %




## «KEGOC» АҚ жұмыскерлерінің құрылымы, адам

| Көрсеткіш | | Барлығы | Үлес, % | ӘҚ | ӨҚ | Басшылар | Басшылықтағы үлесі, % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Тізімдік саны | | 4 446 | 100 | 552 | 3 894 | 630 | 100,0 |
| Жынысы | Ерлер | 3 409 | 76,7 | 178 | 3 231 | 565 | 89,7 |
| | Әйелдер | 1 037 | 23,3 | 374 | 663 | 65 | 10,3 |
| Ұлттық белгі бойынша топтар | Қазақтар | 3 296 | 74,1 | 482 | 2 814 | 476 | 75,6 |
| | Орыстар | 758 | 17,0 | 43 | 715 | 98 | 15,6 |
| | Украиндер | 123 | 2,8 | 4 | 119 | 20 | 3,2 |
| | Татарлар | 64 | 1,4 | 6 | 58 | 11 | 1,7 |
| | Немістер | 61 | 1,4 | 5 | 56 | 6 | 1,0 |
| | Басқалары | 144 | 3,2 | 12 | 132 | 19 | 3,0 |
| Жас топтары | Жасы 30-ға дейін | 709 | 15,9 | 41 | 668 | 42 | 6,7 |
| | Жасы 30-дан 50-ге дейін | 2 459 | 55,3 | 398 | 2 061 | 389 | 61,7 |
| | Жасы 50-ден жоғары | 1 278 | 28,7 | 113 | 1 165 | 199 | 31,6 |

## 2023 жылдағы қызметкерлердің лауазымдары бойынша гендерлік арақатынасы, адам

| Лауазымдар санаттарының атауы | Жалпы саны, адам | Ерлер | Әйелдер |
|---|---|---|---|
| Барлық деңгейдегі басшылар | 692 | 76,7 | 23,3 |
| Кіші деңгейдегі басшылар (1-ші басқару деңгейі) | 618 | 89,7 | 10,3 |
| Жоғары деңгейдегі басшылар | 26 | 90,5 | 9,5 |
| «Өндірістік персонал» санатындағы басшылар | 554 | 88,5 | 11,5 |
| «Әкімшілік персонал» санатындағы басшылар | 138 | 61,5 | 38,5 |
| STEM жұмыскерлері | 1 893 | 75,8 | 24,2 |

405-1

Жергілікті тұрғындардан (Қазақстан Республикасының азаматтары) жалданған жоғары дәрежелі басшылардың («KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің және Басқармасының мүшелері) жалпы үлесі 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша

**100%** құрайды



*«басқалар» деп: әзірбайжандар, армяндар, қырғыздар, түріктер, ұйғырлар және басқа ұлттар деп түсініледі.

**2023 жылдағы персоналының серпіні, адам**




**2023 жылы Компаниядан кеткен қызметкерлердің «KEGOC» АҚ-да істеген жұмыс ұзақтығы**




**«KEGOC» АҚ-дағы кадрлардың тұрақтамауы, %**




* Тұрақтамаушылық көрсеткіші оған сәйкес есепке тек өз өтініші бойынша жұмыстан босатылған қызметкерлердің саны ғана алынатын «Самұрық-Қазына» АҚ әдістемесі бойынша есептелген. Тұрақтамаушылықты есептеген кезде «Самұрық-Қазына» АҚ Компаниялар тобы шеңберінде тараптардың еркіне байланысты емес мән-жайлар бойынша жұмыс берушінің бастамасы бойынша, еңбек шартының мерзімі өткеннен кейін, қызметкерлер саны қысқарған кезде, еңбек шарты тоқтатылған кезде, жұмыскердің сайланбалы жұмысқа (лауазымға) ауысуына немесе оның лауазымға тағайындалуына байланысты еңбек шарты бұзылған кезде жұмыстан босатылған жұмыскерлер есепке алынбайды.

2023 жылы «KEGOC» АҚ-дағы кадрлардың тұрақтамауы

**6,51%**

2023 жылы «KEGOC» АҚ-да кадрлардың тұрақтамауының қорытынды мәні белгіленген «10%-дан жоғары емес» шекті мәнімен 6,51%-ды құрады. Бұл ретте ерлер арасында кадрлардың тұрақтамауы 7,29%-ды, әйелдер арасында 4,01%-ды құрады. Компаниядан 2023 жылы кеткен ерлердің орташа жұмыс өтілі 13,6 жылды (394 адам), әйелдердің орташа жұмыс өтілі 12,2 жылды (79 адам) құрады.

EU14

**«KEGOC» АҚ-ның зейнетке шығу құқығы бар жұмыскерлерінің үлесі**

| Көрсеткіш | Барлығы | ӘБҚ | ӨҚ |
|---|---|---|---|
| 2023 және 2027 жылдар аралығында зейнетке шығуы мүмкін (келесі 5 жыл ішінде) | 11,74 | 0,67 | 11,07 |
| 2023 және 2032 жылдар аралығында зейнетке шығуы мүмкін (келесі 10 жыл ішінде) | 21,59 | 4,25 | 17,34 |

EU15

# Персоналды іздеу және іріктеу

**Тиісті біліктілігі бар жұмыскерлерді тарту, олардың қатыстырылуын арттыру және еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету үшін Компания келесі элементтерден тұратын жұмыс берушінің ұсынысын қалыптастырады:**

**Бірегей тәжірибе**

әрбір жұмыскердің кәсіби тәжірибе жинақтап, Компанияның дамуына үлес қосуға, сол арқылы өзінің нарықтық құнын арттыруға мүмкіндігі бар.

**Корпоративтік құндылықтар**

Компанияның қызметі жұмыскерлердің өнімді жұмыс істеуі және өзін-өзі танытуы үшін қолайлы жағдай жасау талпыныстағы құндылықтарға негізделген.

**Бәсекеге қабілетті еңбек жағдайлары**

Нарықтық бағдарлардың, оқыту мен даму мүмкіншіліктерінің, әлеуметтік жеңілдіктердің ескерілуімен сыйақы.

**Әлеуметтік маңыздылық**

Әрбір жұмыскер Компанияның дамуына өзінің жеке үлесін қосады.



Персоналды іздестіру және іріктеу біліктілік деңгейі, кәсіби, іскери және жеке қасиеттері бойынша қойылатын талаптарға сай келетін ең қолайлы кандидаттарды тағайындауға бағытталған. Кандидаттар меритократия, ашықтық және объективтілік қағидаттарының сақталуымен конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша таңдалады. Тең жағдайларда басымдық Компанияның ішкі кандидаттарына беріледі.

Білікті мамандарды іздеу мен іріктеудің көздері мен әдістері мыналар болуы мүмкін:

- дарындар пулы;
- ішкі кандидаттар (Компанияның/еншілес ұйымдардың жұмыскерлері);
- «Самұрық-Қазына» АҚ тобының жұмыскерлері;
- «Samruk Qyzmet» Бірыңғай онлайн рекрутинг платформасында қалыптастырылған кандидаттардың электронды дереккор;
- әртүрлі кәсіптік бағыттар бойынша үміткерлердің түйіндемелерін жинау және талдау арқылы қалыптастырылған мамандардың электрондық базасы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ қамқорлығымен жүзеге асырылатын жас мамандарды дамыту/дарындарды басқару бойынша бағдарламалар түлектерінің электрондық дереккоры;
- веб-сайтта, салалық қауымдастықтарда, әлеуметтік желілерде жарнаманы орналастыру;
- іскери байланыстарды, ұсынымдарды пайдалану;
- рекрутингтік компанияларды тарту.

«KEGOC» АҚ-ның бос лауазымдарына персонал құрамын іздеу және іріктеу «Samruk Qyzmet» рекрутингтік сайты арқылы іске асырылады. Түйіндеме бойынша кандидаттарды қарау және алдын ала іріктеу (скрининг) кезінде үміткерлердің бос лауазымдардың біліктілік талаптарына міндетті сәйкес келуінің бақылауы қамтамасыз етіледі. Есептік жылы 205 бос жұмыс орны жарияланды. Өткізілген конкурстық рәсімдердің қорытындысы бойынша есептік кезеңде 158 сыртқы кандидат қабылданып, 73 бос жұмыс орнына ішкі кандидаттар орналасты.

2023 жылы жалданған қызметкерлердің жалпы саны

**543** адам

### «KEGOC» АҚ бос лауазымдарына персонал іздеу және іріктеу көрсеткіштері

| Көрсеткіш | 2019 | 2020 | 2021 | 2022 | 2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Жалданған қызметкерлердің жалпы саны** | **590** | **343** | **451** | **551** | **543** |
| Дарындар пулы | 6 | 14 | 19 | 21 | 12 |
| Ішкі үміткерлер | 14 | 5 | 17 | 34 | 61 |
| Рекрутингтік компанияларды тарту, соның ішінде «Samruk Qyzmet» рекрутинг кандидаттарының электрондық базасы | 147 | 80 | 107 | 192 | 170 |
| - соның ішінде сұхбаттасуды және CEO-1 деңгейіндегі лауазымдарға үміткерлердің құзыреттілігін бағалауды қолданумен | 2 | 2 | 3 | 4 | 1 |
| Бір адамнан сұхбат алуға жұмсалған шығындар, млн теңге | 0,20 | 0,49 | 0,65 | 0,42 | 0,43 |
| Жас мамандарды дамыту/дарындарды басқару жөніндегі бағдарламалар түлектерінің электрондық базасы | 0 | 2 | 0 | 3 | 0 |
| Әртүрлі кәсіптік бағыттар бойынша үміткерлердің түйіндемелерін жинау және талдау арқылы қалыптастырылған мамандардың электрондық базасы | 423 | 242 | 308 | 301 | 247 |

## Ынталандыру жүйесі

Компания жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына, Ұжымдық шартқа, еңбек шарттарына, еңбекақы төлеу және сыйақы беру жөніндегі ішкі құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

Еңбекақы төлеу және ынталандыру жүйесі тұрақты және айнымалы бөліктерді, әлеуметтік төлемдерді, сондай-ақ бейматериалдық ынталандыруды қамтиды.

Айқындық, ашықтық, ішкі әділеттілік және сыртқы бәсекеге қабілеттілік қағидаттарын басшылыққа ала отырып, Компания жұмыскерлердің сіңірген еңбектерін тану жүйесін, еңбек нәтижелеріне қол жеткізуді көтермелеуді және Компания мен қызметкерлердің мүдделерінің тепе-теңдігін сақтау үшін еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіруде. Бұл бағытты жүзеге асыру үшін келесі тәсілдер пайдаланылады:

- жалақы деңгейін және оның еңбек нарығындағы үрдістерін салалар мен өңірлерге бөлгендегі жүйелі түрде талдау;
- Компанияның мақсаттары мен қаржылық-экономикалық мүмкіндіктеріне сәйкес жалақы деңгейін ұстап тұру;
- Компаниядағы және жалпы еңбек нарығындағы ағымдағы жағдайдың ескерілуімен жұмыскерлерге еңбекақы төлеу жүйесін түсіндіру бойынша ашық және айқын коммуникациялар;
- жұмыскерлер жалақысының деңгейін анықтаудың дифференциалды тәсілін сақтау. Әрбір бөлімше мен жұмыскердің Компания қызметінің нәтижесіне қосқан үлесінің нәтижелеріне негізделген еңбекақы жүйесіне деген дифференциалды тәсіл;
- әкімшілік-басқару және өндірістік персонал арасындағы жалақы алшақтығын азайту, жалақысы төмен жұмыскерлердің еңбекақысын арттыру.

Компанияда «Hay Group» әдістемесіне негізделген ӘБҚ және инженерлік-техникалық персоналы үшін грейдтік еңбекақы төлеу жүйесі әрекет етеді. Еңбекақы төлеудің бұл жүйесі біліктіліктің, жұмыс өтілінің, сонымен қатар жауапкершілік деңгейінің ескерілуімен, және Компанияның еңбекақысы мен қаржылық-экономикалық мүмкіндіктерін есепке ала отырып, лауазымдық деңгейлер кестесін құруға мүмкіндік берді.

Компанияда ерлер мен әйелдердің еңбегіне тең сыйақы төлеу, сондай-ақ еліміздің барлық өңірлерінде орналасқан «KEGOC» АҚ филиалдарында ерлер мен әйелдердің еңбекақысын анықтауға бірыңғай көзқарас ескерілген. «KEGOC» АҚ жұмыскерлерінің лауазымдық жалақылары 2023 жылы Қазақстан Республикасында белгіленген ең төменгі жалақыдан асып түскен.

Акционерлердің жалпы жиналысының 2021 жылғы 27 сәуірдегі шешімімен (№21 хаттама) кандидаттардың іріктеу критерийлеріне, біліктілік талаптарына сәйкестігінің ескерілуімен «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерін қалыптастыру, Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы мен өтемақыны анықтау қағидаларына сәйкес Директорлар кеңесінің құрамы үш жылға сайланды.

2-10

## 2023 жылғы 1 қаңтардағы жай-күй бойынша Директорлар кеңесінің құрамы

- Ернат Құдайбергенұлы Бердіғұлов — Директорлар кеңесінің төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерін білдіруші («KEGOC» АҚ Басқармасының төрағасы болып табылмайды);

2-11

- Нұрлан Заманбекұлы Аханзарипов — Директорлар кеңесінің мүшесі, Аға тәуелсіз директор;
- Ульф Вокурка — Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор;
- Дамир Серкбайұлы Сүентаев — Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор;
- Алексей Юрьевич Репин — Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерін білдіруші;
- Алмат Күнжолұлы Жәмиев — Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерін білдіруші;
- Қаныш Тәңірбергенұлы Молдабаев — Директорлар кеңесінің мүшесі, «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы.
- 2023 жылғы 31 шілдеде (№ 32 хаттама) «KEGOC» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен:
- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің: тәуелсіз директор Ульф Вокурканың, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі Алексей Юрьевич Репиннің және «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы Қаныш Тәңірбергенұлы Молдабаевтың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі құрамына тәуелсіз директор ретінде Марат Тұрғанбекұлы Дұлқайыров, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі Қаныш Тәңірбергенұлы Молдабаев және «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы Нәби Еркінұлы Айтжанов сайланды.



## Директорлар кеңесінің мүшелері туралы мәліметтер

(2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Директорлар кеңесінің құрамы)

2-9



### Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлы

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі

2-11

**1987 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы.**

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына **алғаш рет** 2021 жылғы 24 қарашадағы «KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен (№ 25 хаттама) «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі ретінде сайланды.

«KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының 2022 жылғы 10 наурыздағы шешімімен (№ 26 хаттама) «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.

**«KEGOC» АҚ-ның және оның ЕҰ-ның акцияларына иелік етпейді.**

**Білімі:**

- 2004-2007 жж. — әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, халықаралық қатынастар факультеті, Алматы;
- 2007-2010 жж. — University of Toronto Мемлекеттік саясат және Халықаралық қатынастар мамандығы бойынша (бағыты — Халықаралық экономика);
- 2015-2018 жж. — Ұлыбританиядағы University of Warwick, Бизнес-әкімшілік ету магистрі;
- 2022 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін — Harvard Business School — Program for Leadership Development.

**Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:**

- 02/2022ж. қазіргі уақытқа дейін — «Самұрық-Қазына» АҚ Стратегия және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директоры;
- 04/2021-02/2022 жж. — «Самұрық-Қазына» АҚ Стратегия, тұрақты даму және цифрлы трансформациялау жөніндегі серіктес басқарушы директоры;
- 05/2019-04/2021жж. — Whiteshield Partners халықаралық консалтингтік компаниясындағы жобалар жетекшісі (әртүрлі жылда аға аналитик, консультат болып жұмыс істеді);
- 08/2018-04/2019 жж. — «Самұрық-Қазына» АҚ Активтерді басқару жөніндегі дирекциясының аналитигі.

**Қоса атқарған жұмысы және Директорлар кеңесіне мүшелік:**

- «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы;
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;
- «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.



### Ахanзарипов Нұрлан Заманбекұлы

Аға тәуелсіз директор, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің ТСК төрағасы, СКТДК мүшесі, Аудит жөніндегі комитетінің мүшесі

**1965 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы.**

Сертификатталған тәуелсіз директор (Cert IoD) Institute of Directors, UK.

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына **алғаш рет** «KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының 2020 жылғы 26 маусымдағы шешімімен (№ 18 хаттама) тәуелсіз директор ретінде сайланды.

«KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының 2021 жылғы 27 сәуірдегі шешімімен (№ 21 хаттама) «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор болып сайланды.

**«KEGOC» АҚ-ның және оның ЕҰ-ның акцияларына иелік етпейді.**

**Білімі:**

- Шәкәрім атындағы Семей технологиялық университеті, бухгалтер-экономист, есепке алу және аудит.
- КІМЕР MBA, Іскери әкімшілік ету магистрі.
- Қ.И.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, геология және пайдалы қазбаларды барлау.

**Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:**

- 2021-2023 жж. — «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры;
- 2019-2022 жж. — «АстанаГазҚМГ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры;
- 2019-2021 жж. — «PLANETCARE MANAGEMENT» ЖШС Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары;
- 2019-2020 жж. — «Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы» АҚ, «Әрекет» Жоғары технологиялар қоры» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

**Қоса атқарған жұмысы және Директорлар кеңесіне мүшелік:**

- «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директоры.

# Директорлар кеңесінің мүшелері туралы мәліметтер

(2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Директорлар кеңесінің құрамы)



## Дұлқайыров Марат Тұрғанбекұлы

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры, СКТДК және АК мүшесі

**1947 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы**

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына «KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының 2023 жылғы 31 шілдедегі шешімімен (№ 32 хаттама) Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор ретінде **сайланды.**

**«KEGOC» АҚ-ның және оның ЕҰ-ның акцияларына иелік етпейді.**

**Білімі:**

1965-1972 жж. — Г.И.Носов атындағы Магнитогорск тау-кен металлургиялық институты, өнеркәсіптік кәсіпорындарды, қалаларды және ауыл шаруашылығын электрмен жабдықтау мамандығы бойынша біліктілігі инженер- электрик.

**Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:**

04/2015 қазіргі уақытқа дейін — ҚР Инженер-энергетиктер одағының Бас директоры.

Алматы Энергетика және Байланыс Университетінің құрметті профессоры, ҚР мен ТМД-ның еңбек сіңірген энергетигі.



## Сүентаев Дамир Серкбайұлы

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры, АК төрағасы, ТСК мүшесі

**1984 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы**

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына «KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының 2022 жылғы 18 шілдедегі шешімімен (№ 28 хаттама) Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор ретінде **сайланды.**

**«KEGOC» АҚ-ның және оның ЕҰ-ның акцияларына иелік етпейді.**

**Білімі:**

- 2001-2006 жж. — Қазақ мемлекеттік заң академиясы, Мамандығы құқықтану, Алматы қ.;
- 2006-2008 жж. — Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, экономика бакалавры, Алматы қ.;
- 2012-2014 жж. — РФ Президентінің жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы, инновациялық-технологиялық бизнес факультеті, MBA «Инновациялық және жобалық менеджмент», Москва қ.;
- 2018-2022 жж. — Ұлыбритания Директорлар институты, IoD Chartered Director бағдарламасы, Лондон.

Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясының Тәуелсіз директорлар қауымдастығының, Қазақстан Республикасының Ішкі аудиторлар институтының мүшесі болып табылады және Украинаның Корпоративтік басқарудың кәсіпқой қауымдастығының тізілімне кіреді.

**Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:**

- 08/2021 ж. — қазіргі уақытқа дейін — «Ұлттық сараптама және сертификаттау орталығы» АҚ Президенті;
- 02/2016-10/2021 жж. — «Digital Finance Union» ЗТБ Төрағасы.

**Қоса атқарған жұмысы және Директорлар кеңесіне мүшелік:**

- «Астана Медицина университеті» КЕАҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директоры;
- «Жолаушылар тасымалы» АҚ/ «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директоры;
- ҚР ҰЭМ «Қазақстандық МЖӘ орталығы» АҚ-ның Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директоры.

# Директорлар кеңесінің мүшелері туралы мәліметтер

(2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Директорлар кеңесінің құрамы)



## Молдабаев Қаныш Тәңірбергенұлы

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің СКТДК төрағасы

**1963 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы.**

«KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының 2021 жылғы 27 сәуірдегі шешімімен (N° 21 хаттама) «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып **алғаш рет** сайланды.

Акционерлердің жалпы жиналысының 2021 жылғы 24 қарашадағы шешімімен (N° 25 хаттама) «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасы болып сайланды

Акционерлердің жалпы жиналысының 2021 жылғы 24 қарашадағы (N° 25 хаттама) және 2023 жылғы 31 шілдедегі (N° 32 хаттама) шешімдерімен Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі болып сайланды.

**«KEGOC» АҚ-ның және оның ЕҰ-ның акцияларына иелік етпейді.**

**Білімі:**

- 1981-1987 жж. — Павлодар индустриалды институты, инженер-электрик;
- 1999-2002 жж. — Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, экономист-заңгер;
- 2003-2004 жж. — Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясы, мемлекеттік қызмет менеджері;
- 2016-2020 жж. — іскери әкімшілік ету докторы; Doctor of Business Administration (DBA), Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы;
- Халықаралық сертификаттау — IPMA Level B.

**Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:**

- 11/2021-07/2023 жж. — «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы
- 04/2021-11/2021 жж. — «Самұрық-Қазына» АҚ Энергетика және тау-кен активтері дирекциясының директоры;
- 04/2019-04/2021 жж. — «Самұрық-Қазына» АҚ — «Энергетика» секторының жетекшісі;
- 09/2018-04/2019 жж. — «Қазақстан атом электр станциялары» АҚ Бас директорының орынбасары.

**Қоса атқарған жұмысы және Директорлар кеңесіне мүшелік:**

- «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор;
- «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор.



## Жәмиев Алмат Күнжолұлы

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі, ТСК мүшесі

**1979 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы.**

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына «KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының 2022 жылғы 10 наурыздағы шешімімен (N° 26 хаттама) Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі ретінде **сайланды.**

**«KEGOC» АҚ-ның және оның ЕҰ-ның акцияларына иелік етпейді.**

**Білімі:**

- 1997-2001 жж. — Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Заңгер, Құқықтану;
- 2001-2003 жж. — Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Құқықтану магистрі;
- 2003-2005 жж. — Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Аспирантура;
- 2017-2019 жж. — Назарбаев Университеті, Жоғары бизнес мектебі (DUKE University бірлескен бағдарлама, АҚШ), Қазақстан Республикасы, Executive MBA.

**Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:**

- 08/2021 — қазіргі уақытқа дейін — «Самұрық-Қазына» АҚ Құқықтық сүйемелдеу департаментінің директоры;
- 2016-2021 жж. — «Самұрық-Қазына» АҚ Құқықтық сүйемелдеу және әдіснама департаментінің директоры.

**Қоса атқарған жұмысы және Директорлар кеңесіне мүшелік:**

- «КАЭС» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшесі;
- «Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшесі;
- Bolashaq Investments Ltd Директорлар кеңесінің мүшесі (компания АХҚО-да тіркелген).

# Директорлар кеңесінің мүшелері туралы мәліметтер

(2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Директорлар кеңесінің құрамы)



## Айтжанов Нәби Еркінұлы

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы

**1980 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы.**

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына «KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының 2023 жылғы 31 шілдедегі шешімімен (№ 32 хаттама) Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде **сайланды.**

**«KEGOC» АҚ-ның және оның ЕҰ-ның акцияларына иелік етпейді.**

**Білімі:**

- 1997-2002 жж. — С. Сейфулин атындағы Ақмола аграрлық университеті, Экономика және менеджмент;
- 2011-2012 жж. — Халықаралық бизнес академиясы, іскери әкімшілік ету магистрі.

**Соңғы 5 жылдағы жұмыс тәжірибесі:**

- 2010-2023 жж. — «Қазақстан коммуналды жүйелері» ЖШС Бас директоры.

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің өкілеттік мерзімі 2024 жылғы сәуірде аяқталатын жалпы «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзіміне сәйкес келеді.

**Директорлар кеңесінің жас бойынша құрылымы,** адам




405-1

**Директорлар кеңесінің тәуелсіздігі,** %



# Директорлар кеңесі мүшелерінің құзыреті

### Директорлар кеңесі құзыретінің матрицасы*

| Директорлар кеңесінің мүшелері | Е.Қ. Бердіғұлов | Н.З. Аханзарипов | М.Т. Дүлкайыров | Д.С. Сүентаев | Қ.Т. Молдабаев | А.К. Жәмиев | Н.Е. Айтжанов |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Саладағы жұмыс өтілі/жалпы өтілі, жыл | 9/12 | 21/30 | 58/58 | 5/17 | 31/36 | 5/27 | 22/22 |
| **Негізгі құзыреттер** | | | | | | | |
| Саланы білуі | | | | | | | |
| Салада өндірістегі жұмыс тәжірибесі | – | – | + | – | + | – | + |
| Саланы терең білуі | + | + | + | + | + | – | + |
| Техникалық дағдылар/ тәжірибе | – | + | + | – | + | – | + |
| Арнайы дағдылар мен тәжірибе | | | | | | | |
| Қаржылық сауаттылық | + | + | + | + | + | + | + |
| Қаржыны терең білуі | + | + | – | + | – | – | + |
| Маркетингті терең білуі | + | + | + | + | + | + | + |
| Әлеуметтік және экологиялық мәселелер бойынша терең білімі | + | + | + | + | + | + | + |
| Басқарудағы және құқықтанудағы жұмыс тәжірибесі | | | | | | | |
| Корпоративтік басқару | + | + | – | + | + | + | + |
| Трансформация | + | + | – | + | + | + | + |
| IPO- өткізу тәжірибесі | + | + | – | – | + | + | + |
| Стратегияны әзірлеу және жүзеге асыру | + | + | + | + | + | + | + |
| Халықаралық тәжірибе | + | + | – | + | – | + | – |

* Директорлар кеңесі мүшелерінің құзыреттері боялған.

2-9, 2-10

### Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілік теңгерімі, адам




## Тәуелсіз директорларды іріктеу критерийлері

Тәуелсіз директор жекелеген акционерлердің, Басқарманың және басқа да мүдделі тараптардың ықпалынан еркін тәуелсіз және объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсіби және тәуелсіз болуы тиіс.

Тәуелсіз директорлар тәуелсіздіктің барлық заңнамалық критерийлеріне сәйкес келеді; олардың мәртебесі, өкілеттіктері, құқықтары мен міндеттері «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, «KEGOC» АҚ Жарғысының, Корпоративтік басқару кодексінің талаптарымен және «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерін іріктеу және сайлау қағидаларымен қатаң регламенттелген.

Корпоративтік басқарудың әлемдік тәжірибесіне және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адамды құрауы тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кемінде 30%-ы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 20) тармақшасына сәйкес Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері:

- Компанияның үлестес тұлғалары болып табылмайды және өздері Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай тұлғалар болмаған;
- «KEGOC» АҚ-ның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмайды;
- осы «KEGOC» АҚ-ның немесе «KEGOC» АҚ-ның ұйымдарының-үлестес тұлғаларының лауазымды тұлғаларымен бағыныстылығымен байланысты емес, және өздерінің Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде осы тұлғалармен бағыныстылықпен байланысты болмаған;
- «KEGOC» АҚ-ның аудитіне аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қатыспайды және өздері Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған;
- «KEGOC» АҚ органдарының отырыстарында акционер өкілдері болып табылмайды және өздері Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай өкілдер болмаған;
- мемлекеттік қызметшілер болып табылмайды.

Сайланған кезде тәуелсіз директорлар өздерінің тәуелсіздігі туралы мәлімдемеге қол қояды.

2-9, 2-10

# «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің отырыстары

### 2023 жылы Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысу матрицасы

| Директорлар кеңесінің мүшелері | 27-қаң-23 | 24-ақп-23 | 1-сәу-23 | 28-сәу-23 | 31-мам-23 | 30-мау-23 | 27-шіл-23 | 15-там-23 | 25-там-23 | 29-қыр-23 | 31-қаз-23 | 24-қар-23 | 21-жел-23 | % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Ернат Құдайбергенұлы Бердіғұлов**<br>Директорлар кеңесінің төрағасы | + | + | + | + | - | - | - | + | + | + | + | + | + | 77[2] |
| **Нұрлан Заманбекұлы Аханзарипов**<br>Аға тәуелсіз директор | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | 100 |
| **Ульф Вокурка**<br>Тәуелсіз директор | + | + | + | + | + | + | + | **2023 жылғы 31 шілдеден бастап өкілеттіктері тоқтатылды** | | | | | | 100 |
| **Дамир Серкбайұлы Суентаев**<br>Тәуелсіз директор | + | + | + | + | + | + | - | + | + | + | + | + | + | 92[3] |
| **Алмат Күнжолұлы Жәмиев**<br>«Самұрық-Қазына» АҚ өкілі | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | 100 |
| **Алексей Юрьевич Репин**<br>«Самұрық-Қазына» АҚ өкілі | + | + | + | + | + | + | + | **2023 жылғы 31 шілдеден бастап өкілеттіктері тоқтатылды** | | | | | | 100 |
| **Қаныш Тәңірбергенұлы Молдабаев**<br>Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі (2023 жылғы 01 тамыздан бастап) | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | 100 |
| **Нәби Еркінұлы Айтжанов**<br>Басқарма төрағасы | **ДК мүшесі болған жоқ** | | | | | | | + | + | + | + | + | + | 100 |
| **ЖИЫНЫ (%)** | | | | | | | | | | | | | | **96** |

Есепті кезеңде Директорлар кеңесінің 1 сырттай отырысы өткізіліп және

**12** күндізгі

Онда

**112** мәселе қаралды

2023 жылы Директорлар кеңесінің отырыстарында стратегиялық, қаржылық-экономикалық және инвестициялық бағыттағы, корпоративтік басқару мен тұрақты даму, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау мен аудит, кадрлық саясат, қауіпсіздік, еңбекті қорғау, еншілес ұйымдардың қызметі жөніндегі мәселелер қаралды.

### 2023 жылы Директорлар кеңесінің отырыстарында қаралған мәселелер, %




- Стратегиялық, қаржылық-экономикалық және инвестициялық бағыттағы мәселелер
- Корпоративтік басқару және тұрақты даму мәселелері
- Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит мәселелері
- Кадрлық саясат мәселелері
- Еншілес компаниялардың мәселелері

2-13

SPO бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде Директорлар кеңесінің мүшелері басқаларымен қатар жүргізіліп жатқан «роуд-шоуларға» белсенді қатысты: Директорлар кеңесінің мүшелері KASE және AIX биржаларындағы инвестициялық қоғамдастықты Компания қызметі және сауда-саттықтың ашылуы туралы хабардар етті.

## Директорлар кеңесінің комитеттері

- Жекелеген мәселелерді белсенді талқылауға және толық талдауға арналған алаң құру үшін Директорлар кеңесі жанында 3 (үш) комитет құрылды:
- Аудит жөніндегі комитет;
- Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет;
- Стратегия, корпоративтік және тұрақты даму жөніндегі комитет.

2-13

[2] Директорлар кеңесінің төрағасы Е.Қ. Бердіғұлов іссапарда болып, 2023 жылғы 31 мамырдағы, 30 маусымдағы және 27 шілдедегі Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысқан жоқ.

[3] Директорлар кеңесінің мүшесі Д.С. Суентаев еңбек демалысында болып, Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 27 шілдедегі отырысына қатысқан жоқ.

## Аудит жөніндегі комитет

2-9

Комитеттің қызметі Аудит жөніндегі комитет туралы ережемен реттеледі. Комитет өз қызметінде толығымен Директорлар кеңесіне есеп береді. Комитеттің барлық мүшелерінің жеткілікті білімі мен тәжірибесі, соның ішінде практикалық тәжірибесі бар. Аудит жөніндегі комитет құрамына үш тәуелсіз директор және бір сарапшы (дауыс беру құқығынсыз) кіреді.

**2023 жылғы 1 қаңтардағы жай-күй бойынша Комитет құрамына келесі тұлғалар кірген:**

- Дамир Серкбайұлы Суентаев — Комитет төрағасы, тәуелсіз директор;
- Нұрлан Заманбекұлы Ахانзарипов — Комитет мүшесі, Аға тәуелсіз директор;
- Ульф Вокурка — Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;
- Ернар Сеитұлы Мыңжанов — Сарапшы (дауыс беру құқығынсыз).

Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 27 қаңтардағы және 2023 жылғы 25 тамыздағы шешімдеріне (№9 хаттама) сәйкес Комитет құрамына өзгерістер енгізілді.

**2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Комитет құрамына келесі тұлғалар кірген:**

- Дамир Серкбайұлы Суентаев — Комитет төрағасы, тәуелсіз директор;
- Нұрлан Заманбекұлы Ахانзарипов — Комитет мүшесі, Аға тәуелсіз директор;
- Марат Тұрғанбекұлы Дұлқайыров — Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;
- Мақсат Мырзатай — Сарапшы (дауыс беру құқығынсыз).

### 2023 жылы Аудит жөніндегі комитеттің отырыстарына қатысу матрицасы

| Аудит жөніндегі комитет мүшелері | 26-қаң-23 ж. | 23-ақп-23 ж. | 1-сәу-23 ж. | 26-сәу-23 ж. | 29-мам-23 ж. | 30-мау-23 ж. | 26-шіл-23 ж. | 24-там-23 ж. | 28-қыр-23 ж. | 30-қаз-23 ж. | 23-қар-23 ж. | 20-жел-23 ж. | % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Дамир Серкбайұлы Суентаев<br>Комитет төрағасы, Тәуелсіз директор | + | + | + | + | + | + | - | + | + | + | + | + | 92 |
| Нұрлан Заманбекұлы Ахانзарипов<br>Комитет мүшесі, Аға тәуелсіз директор | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | 100 |
| Ульф Вокурка<br>Комитет мүшесі, Тәуелсіз директор | + | + | + | + | + | + | + | 2023 жылғы 31 шілдеден бастап өкілеттіктері тоқтатылды | | | | | 100 |
| Марат Тұрғанбекұлы Дұлқайыров<br>Комитет мүшесі, Тәуелсіз директор | Комитет мүшесі болған жоқ | | | | | | | | + | + | + | + | 100 |
| **ЖИЫНЫ:** | | | | | | | | | | | | | **98** |

Комитет мүшесі Д.С. Суентаев еңбек демалысында болып, Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 26 шілдедегі отырысына қатысқан жоқ.

2023 жылы Комитеттің

**12** күндізгі отырысы өткізіліп

Онда

**58** мәселе қаралды

2-13

Комитет Директорлар кеңесіне ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару, қаржылық есептілік, сыртқы аудит мәселелері бойынша, соның ішінде «KEGOC» АҚ қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін сыртқы аудитордың өкілдерімен кездесулер өткізу, Ішкі аудит қызметі мен Комплаенс қызметі мәселелері және басқа да мәселелер бойынша ұсынымдар берді.

«RSM Qazaqstan» ЖШС сыртқы аудиторының өкілдерімен 2 кездесу өткізілді, онда 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитінің нәтижелері бойынша, 2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы аралық шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитінің нәтижелері бойынша есептер, оның ішінде сыртқы аудитордың тәуелсіздігін растау мәселелері қаралды.

### 2023 жылы АК отырыстарында қаралған мәселелер, %




- Ішкі аудит мәселелері
- Комплаенс қызметінің мәселелері
- ІБЖ және ТБЖ мәселелері
- Қаржылық есептілікке қатысты мәселелер
- Басқалар

Бұл ретте, 2023 жылы мәселелерді қараған кезде Комитеттің жеке ұсыныстарын/ұсынымдарын Директорлар кеңесі қабыл алмаған жағдайлар тіркелген жоқ.

## Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет

2-9

Комитеттің қызметі Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет туралы ережемен реттеледі. Комитет өз қызметінде толығымен Директорлар кеңесіне есеп береді.

Комитеттің барлық мүшелерінің жеткілікті білімі мен үлкен тәжірибесі, соның ішінде практикалық тәжірибесі бар.

**2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Комитет құрамына келесі тұлғалар кірген:**

- Нұрлан Заманбекұлы Аханзарипов — Комитет төрағасы, Аға тәуелсіз директор;
- Дамир Серкбайұлы Сүентаев — Комитет мүшесі, Тәуелсіз директор;
- Алмат Күнжолұлы Жәмиев — Комитет мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі;
- Сырым Сәкенұлы Төтебаев — Сарапшы (дауыс беру құқығынсыз).

### 2023 жылы Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің отырыстарына қатысу матрицасы

| Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет мүшелері | 26-қаң-23 | 23-ақп-23 | 1-сәу-23 | 26-сәу-23 | 29-мам-23 | 30-мау-23 | 26-шіл-23 | 24-там-23 | 28-қыр-23 | 30-қаз-23 | 23-қар-23 | 20-жел-23 | % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Нұрлан Заманбекұлы Аханзарипов<br>Төраға, Тәуелсіз директор | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | 100 |
| Дамир Серікбайұлы Сүентаев*<br>Тәуелсіз директор | + | + | + | + | + | + | - | + | + | + | + | + | 91 |
| Алмат Күнжолұлы Жәмиев<br>«Самұрық-Қазына» АҚ өкілі | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | 100 |
| **ЖИЫНЫ:** | | | | | | | | | | | | | 97 |

Комитет мүшесі Д.С. Сүентаев еңбек демалысында болып, Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 26 шілдедегі отырысына қатысқан жоқ.

2023 жылы Комитеттің **12** күндізгі отырысы өткізіліп

Онда **46** мәселе қаралды

Есепті кезеңде Директорлар кеңесіне Директорлар кеңесінің құрамына, Корпоративтік хатшы лауазымына кандидаттарды тағайындау/сайлау; Компанияның ұйымдық құрылымын бекіту; Пул менеджментін орындау; Басқарма мүшелері қызметінің негізгі көрсеткіштерін және корпоративтік хатшының, Омбудсменнің мақсаттар картасын, Басқарманың, Омбудсменнің және Корпоративтік хатшының лауазымдық қызметақыларының схемасын қарау; Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру жоспарын бекіту және өзге де мәселелер бойынша ұсыныстар берілді.

2-13

**2023 жылы ТСК отырыстарында қаралған мәселелер, %**




- Қызметті ұйымдастыру мәселелері
- Тағайындау және сыйақы мәселелері
- Сабақтастық және бағалау мәселелері
- Еншілес ұйым қызметінің мәселелері

2-13

2023 жылы мәселелерді қараған кезде Директорлар кеңесі Комитеттің жеке ұсыныстарын/ұсынымдарын қабыл алмаған жағдайлар тіркелген жоқ.

# Стратегия, корпоративтік және тұрақты даму жөніндегі комитет

2-9

Комитеттің қызметі Стратегия, корпоративтік және тұрақты даму жөніндегі комитет туралы ережемен реттеледі. Комитет өз қызметінде толығымен Директорлар кеңесіне есеп береді. Комитет төрағасы тәуелсіз директор болып табылады.

Комитеттің барлық мүшелерінің жеткілікті білімі мен елеулі тәжірибесі, соның ішінде практикалық тәжірибесі бар.

**2023 жылғы 1 қаңтардағы жай-күй бойынша Комитет құрамына келесі тұлғалар кірген:**

- Ульф Вокурка — Комитет төрағасы, Тәуелсіз директор;
- Нұрлан Заманбекұлы Ахкзарипов — Комитет мүшесі, Тәуелсіз директор;
- Алексей Юрьевич Репин — Комитет мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі;
- Сырым Сәкенұлы Төтебаев — Сарапшы (дауыс беру құқығынсыз).

Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 25 тамыздағы (N° 9 хаттама) шешімдеріне сәйкес Комитет құрамына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

**2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Комитет құрамына келесі тұлғалар кірген:**

- Қаныш Тәңірбергенұлы Молдабаев — Комитет мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі;
- Нұрлан Заманбекұлы Ахкзарипов — Комитет мүшесі, Аға тәуелсіз директор;
- Марат Тұрғанбекұлы Дұлқайыров — Комитет мүшесі, Тәуелсіз директор;
- Сырым Сәкенұлы Төтебаев — Сарапшы (дауыс беру құқығынсыз).

**2023 жылы Стратегия, корпоративтік және тұрақты даму жөніндегі комитеттің отырыстарына қатысу матрицасы**

| Стратегия, корпоративтік және тұрақты даму жөніндегі комитет мүшелері | 26-қаң-23 | 23-ақп-23 | 1-сәу-23 | 26-сәу-23 | 29-мам-23 | 30-мау-23 | 26-шіл-23 | 28-қыр-23 | 30-қаз-23 | 23-қар-23 | 20-жел-23 | % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ульф Вокурка<br>Төраға, тәуелсіз директор | + | + | + | + | + | + | + | 2023 жылғы 31 шілдеден бастап өкілеттіктері тоқтатылды | | | | 100 |
| Нұрлан Заманбекұлы Ахкзарипов<br>Тәуелсіз директор | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | 100 |
| Алексей Юрьевич Репин<br>«Самұрық-Қазына» АҚ өкілі | + | + | + | + | + | + | + | 2023 жылғы 31 шілдеден бастап өкілеттіктері тоқтатылды | | | | 100 |
| Қаныш Тәңірбергенұлы Молдабаев<br>Төраға, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі | Комитет мүшесі болған жоқ | | | | | | | + | + | + | + | 100 |
| Марат Тұрғанбекұлы Дұлқайыров<br>Тәуелсіз директор | Комитет мүшесі болған жоқ | | | | | | | + | + | + | + | 100 |
| **ЖИЫНЫ:** | | | | | | | | | | | | 100 |

Есепті кезеңде Комитеттің

**11** күндізгі отырысы өткізілін

Онда

**25** мәселе қаралды

2023 жылы Комитеттің отырыстарында стратегиялық және экономикалық бағыттар бойынша, корпоративтік және тұрақты басқару, инвестициялық бағдарлама, өндірістік қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және өзге де мәселелері қаралды.

**2023 жылы Стратегия, корпоративтік және тұрақты даму жөніндегі комитеттің отырыстарында қаралған мәселелер, %**




- Корпоративтік даму және тұрақты басқару мәселелері
- Стратегиялық және экономикалық бағыттар мәселелері
- Инвестициялық жобалар және өндірістік қауіпсіздік мәселелері
- Еншілес компаниялардың мәселелері

Бұл ретте Директорлар кеңесінің 2023 жылы мәселелерді қарау кезінде Комитеттің жекелеген ұсыныстарын/ұсынымдарын қабыл алмаған жағдайлар тіркелген жоқ.

2-13

# Кәсіби даму

2023 жылғы 23 ақпанда Компанияда «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің, Басқарма мүшелерінің, басқарушы директорларының және «Самұрық-Қазына» АҚ қатысуымен келесі мәселелерді қамтыған стратегиялық сессия өткізілді:

- «Қазақстан Республикасының электр энергетикасының перспективалық дамуы. 2035 жылға дейінгі электр энергиясы теңгерімін әзірлеу»;
- «Электр энергетикасы туралы заңнамадағы негізгі өзгерістер: Қазақстан Республикасында «Бірыңғай сатып алушы» үлгісін және нақты уақыт режимінде теңгерімдеуші нарықты енгізу»;
- «Электр энергетикасындағы соңғы өзгерістерді ескере отырып, Компанияның даму стратегиясын жаңарту»;
- «KEGOC» АҚ-ның цифрлық дамуы»;
- «KEGOC» АҚ-ның SPO-сы».

2023 жылғы 31 наурызда Директорлар кеңесінің Түркістан қаласындағы көшпелі отырысында «Самұрық-Энерго» АҚ-ның, «ЭҚРҚО» АҚ-ның және «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС-ның қатысуымен «Электр энергетикасы туралы заңнамадағы негізгі өзгерістер: Бірыңғай сатып алушы институтын енгізу және нақты уақыт режимінде теңгерімдеуші нарықтың жұмыс істеуі» тақырыбындағы стратегиялық сессия өткізілді.

2023 жылғы 22 қыркүйекте Директорлар кеңесінің мүшелері үшін «Қазақстан Республикасының электрэнергетикалық саласын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» тақырыбындағы семинар өтті.

2023 жылғы 19 қазанда Директорлар кеңесінің мүшелері Өзбекстан Республикасында, Ташкент қаласында «Мемлекет, Бизнес және Директорлар кеңестері: жаңа экономикадағы сын-қатерлер мен мүмкіндіктер» тақырыбындағы өткен Жібек жолы елдері директорларының екінші жыл сайынғы Бизнес-саммитіне қатысты.

2023 жылғы 12 және 19 желтоқсанда Директорлар кеңесінің мүшелері үшін «АТ аудитінің негіздері» және «ESG негіздері» тақырыптарындағы семинарлар өткізілді.

2-17

# Корпоративтік басқару кодексін сақтау

Компанияның корпоративтік басқару кодексі «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексінің негізінде қабылданған. Корпоративтік басқаруды жетілдіру, басқарудың айқындығын қамтамасыз ету, тиісті корпоративтік басқару стандарттарына бейілділікті растау Корпоративтік басқару кодексінің мақсаттары болып табылады.

Компаниядағы Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуын талдау Компания есептік жылы Компанияға қолданылатын корпоративтік басқару кодексінің барлық ережелерін сақтайтынын көрсетті. 2023 жылғы корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есеппен сілтеме арқылы танысуға болады.



# Атқарушы орган

«KEGOC» АҚ-ның ағымдағы қызметіне басшылықты алқалы атқарушы орган болып табылатын Басқарма жүзеге асырады, ол басқа органдардың құзыретіне жатқызылмаған «KEGOC» АҚ-ның қызметінің мәселелері бойынша шешімдерді қабылдайды.

Басқарма «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «KEGOC» АҚ Жарғысына, «KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне және «KEGOC» АҚ Басқармасы туралы ережеге сәйкес әрекет етеді.

2-13

Компанияның Басқарма төрағасын тағайындау (сайлау) және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатады. Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, Басқарма мүшелерін (Төрағадан басқа) сайлау, сонымен қатар олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады, және айқындық, әлеуетті, кәсібилік пен құзыреттілікті бағалаудың объективтілігі қағидаттарына негізделеді. «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі 5 (бес) адамнан тұратын «KEGOC» АҚ Басқармасының құрамын айқындады, олардың 100%-ы Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады.



## Басқарманың құрамы

(2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша)



### Айтжанов Нәби Еркінұлы

«KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы, 2023 жылғы тамыздан бастап Басқарма мүшесі

**1980 жылы дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы, саладағы жұмыс өтілі — 22 жыл.**

«KEGOC» АҚ-ның және оның еншілес пен тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді.

**Білімі:**

С. Сейфулин атындағы Ақмола аграрлық университеті, «Экономика және менеджмент» мамандығы бойынша (1997-2002 жж.), Халықаралық бизнес академиясы, іскери әкімшілік ету магистрі (2012 жж.).

**Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:**

- 2010-2023 жж.– «Қазақстан коммуналды жүйелері» ЖШС Бас директоры.
- 2023 ж. — «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы.

## Басқарманың құрамы

(2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша)



### Жазықбаев Бақытхан Медеғалиұлы

«KEGOC» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, 2017 жылғы ақпаннан бастап Басқарма мүшесі

**1968 жылы дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы, саладағы жұмыс өтілі — 21 жыл.**

«KEGOC» АҚ-ның және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді.

**Білімі:**

Т. Рысқұлов атындағы Қазақ мемлекеттік басқару академиясы, «Маркетинг және коммерция» мамандығы бойынша (1994), С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, «Электр энергетикалық жүйелер мен желілер» мамандығы бойынша (2005 ж.), «Нархоз университеті» АҚ, Іскери әкімшілік ету магистрі (2017 ж.).

**Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:**

- 2017-2018 жж. — «KEGOC» АҚ Өндірістік активтерді басқару жөніндегі басқарушы директоры.
- 2018-2021 жж. — «KEGOC» АҚ Өндіріс жөніндегі басқарушы директоры.
- 2021 ж. — «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.

**«KEGOC» АҚ-дағы функциялары:** өндірістік активтерді пайдалану, жөндеу, оларға қызмет көрсету және оларды диагностикалау бойынша қызметті жоспарлау; активтерге қызмет көрсету нормативтерін қоса алғанда, активтерді басқару бойынша саясатты және рәсімдерді әзірлеу; ЖЭТ филиалдарының орта мерзімді даму бағдарламасын әзірлеу және іске асыру; Стратегияны (Бюджетті және Инвестициялық бағдарламаны) жасау және орындау; іске асырылатын стратегиялық жобаларды басқару бойынша жұмысты үйлестіру; пайдаланушыларды электр желісіне қосу бойынша жұмысты үйлестіру және бақылау; күрделі құрылыс объектілері бойынша мердігер ұйымдармен жұмыстарды/қызметтерді сатып алу шарттарын жасау процесін бақылау; мердігер ұйымдарды, сондай-ақ қосалқы мердігер ұйымдарды іздеу, іріктеу және олармен қарым-қатынастарды дамыту бойынша жұмысты үйлестіру; Ақпараттық-телекоммуникациялық кешенді дамыту және АТ, телекоммуникациялар және деректерді басқару саласындағы жобаларды басқару стратегиясын үйлестіру; «KEGOC» АҚ объектілеріндегі жөндеу жұмыстарын үйлестіру.



### Сафуани Төлеген Есенқұлұлы

Құқықтық сүйемелдеу және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директор, 2017 жылғы маусымнан бастап Басқарма мүшесі

**1979 жылы дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы, саладағы жұмыс өтілі — 16 жыл.**

«KEGOC» АҚ-ның және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді.

**Білімі:**

Қазақ мемлекеттік заң академиясы, «Құқықтану» мамандығы бойынша (1996-2000 жж.), Қазақ технология және бизнес университеті, «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша, экономикалық ғылымдар магистрі (2011-2013жж.), «Алматы Менеджмент Университеті» БМ, Іскери әкімшілік ету магистрі (2018 жыл).

**Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:**

- 2017 ж. — «KEGOC» АҚ Құқықтық сүйемелдеу және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директоры.

**«KEGOC» АҚ-дағы функциялары:** құқықтық мәселелер; тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау, бизнестің үздіксіздігі жүйелерін енгізу және жетілдіру; экономикалық, техникалық және ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйелерін жетілдіру; стратегиялық объектілерде қауіпсіздікті қамтамасыз ету және лаңкестікке қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдармен өзара әрекеттесу; кінәраттық-талап қою жұмыстарды үйлестіру; қызметінде заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету және оның заңды мүдделерін қорғау.

«Энергоинформ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

## Басқарманың құрамы

(2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша)



### Қонақбаева Эльвира Бақытқызы

Стратегия және тұрақты даму жөніндегі басқарушы директор, 2022 жылғы қаңтардан бастап Басқарма мүшесі

**1987 жылы дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматшасы, саладағы жұмыс өтілі — 2 жыл.**

«KEGOC» АҚ-ның және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді.

**Білімі:**

Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институты (КИМЕП), «Экономика» мамандығы бойынша (2003-2007 ж.).

**Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:**

- 2015-2022 жж. — «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару департаментінің Аға менеджері, Корпоративтік басқару департаментінің директоры.
- 2022 ж. — «KEGOC» АҚ Стратегия, тұрақты даму және цифрлық трансформациялау жөніндегі басқарушы директоры.

**«KEGOC» АҚ-дағы функциялары:** «KEGOC» АҚ-ның даму стратегиясы, тұрақты даму, корпоративтік даму; технологиялық даму, ҒЗТКЖ және инновациялар, бизнес-процестерді цифрландыру және жетілдіру.



### Әкімбаева Айгүл Ермекбайқызы

Қаржы және есепке алу жөніндегі басқарушы директор, 2022 жылғы мамырдан бастап Басқарма мүшесі

**1978 жылы дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматшасы, саладағы жұмыс өтілі — 15 жыл.**

«KEGOC» АҚ-ның және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді.

**Білімі:**

Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті «Қаржы және несие, Банк ісі» мамандығы бойынша (1999 ж.), «Мирбис» Москва халықаралық жоғары бизнес мектебі» мемлекеттік емес білім беру мекемесінің Халықаралық бизнес университеті, Іскери әкімшілік ету магистрі (2009 ж.).

**Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:**

- 2008-2021 жж. — «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Департамент директоры.
- 2021-2022 жж. — «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Экономика және қаржы жөніндегі серіктес басқарушы директоры.

**«KEGOC» АҚ-дағы функциялары:** қаржылық-экономикалық мәселелер, баға белгілеу, «KEGOC» АҚ бағалы қағаздарының KASE ресми тізімінде болу процесіне басшылық ету және үйлестіру; «KEGOC» АҚ миноритарлық акционерлерімен және бағалы қағаздардың басқа да ұстаушыларымен өзара әрекеттесу; «KEGOC» АҚ қызметтеріне тарифтерді және тарифтік сметаларды әзірлеу, түзету және бекіту бойынша қызметті үйлестіру; «KEGOC» АҚ-ның шоғырландырылған аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін әзірлеу, қаржы институттарымен, аудиторлық компаниялармен ынтымақтастық, басқарушылық есептілік және қызметтің процестік көрсеткіштері жүйесі.

## Басқарма қызметі туралы есеп

Акционерлердің мүдделерін барынша сақтау, адалдық, ақ ниеттілік, кәсібилік, абайлаушылық, объективтілік, парасаттылық және жүйелілік Басқарма қызметінің негізгі қағидаттары болып табылады.

2023 жылы «KEGOC» АҚ Басқармасының 31 отырысы өткізіліп, онда 160 мәселе қаралды.

2-13

**«KEGOC» АҚ Басқармасы қараған мәселелер құрылымы, %**




- Стратегиялық, қаржылық-экономикалық және инвестициялық бағыттағы мәселелер
- Корпоративтік басқару және тұрақты даму мәселелері
- Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит мәселелері
- Кадрлық саясат мәселелері
- ІНҚ
- Еншілес ұйым қызметінің мәселелері
- Басқа мәселелер

2-13

## Басқарма жанындағы комитеттер

Алдын ала қарау, алқалық шешімдер қабылдау және жетекшілік ететін мәселелер бойынша «KEGOC» АҚ Басқармасына ұсынымдар әзірлеу мақсатында Компанияда консультативтік-кеңесші органдар әрекет етеді:

- Инвестициялық комитет;
- Тәуекелдер жөніндегі комитет;
- Бюджет комитеті;
- Кадрлық дамыту жөніндегі комитет;
- Дебиторлармен және кредиторлармен жұмыс жөніндегі комитет;
- Тауарлық-материалдық қорлармен жұмыс жөніндегі комитет.

Бұдан басқа, «KEGOC» АҚ-ның тұрақты даму саласындағы басқару, біріктірілген менеджмент жүйесін әзірлеу, енгізу, оның қызмет ету мәселелері бойынша, менеджмент жүйелерінің тиімділігін үнемі арттыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және олардың жүргізілуін қамтамасыз ету үшін Компанияда консультативтік-кеңесші орган — «KEGOC» АҚ-ның Басқарма төрағасы басқаратын Тұрақты даму және БМЖ бойынша Үйлестіру кеңесі құрылды.

Үйлестіруші кеңестің құрамына барлық басқарушы директорлар, еншілес ұйымдардың басшылары кіреді.

Үйлестіруші кеңестің тұрақты даму мәселелері бойынша негізгі міндеттері:

- тұрақты даму саласындағы қағидаттарды ілгерілетуді және сақталуын қамтамасыз ету;
- жоспарлаудың жүзеге асырылуын қамтамасыз ету, тұрақты дамуды басқару бойынша іс-шараларға мониторинг жүргізу үшін жауапкершілікті айқындау, сондай-ақ стейкхолдерлерге ұсынылатын тұрақты даму қызметі туралы ақпараттың мазмұнын анықтау болып табылады.

2023 жылы «KEGOC» АҚ Басқармасының

**31** отырысы өткізіліп

онда

**160** мәселе қаралды



# Менеджментті бағалау және сыйақы

Директорлар кеңесі 2023 жылғы 24 қарашада «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі комитеттерінің, Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелерінің, Корпоративтік хатшысының 2023 жылғы қызметіне өзін-өзі бағалау әдісімен бағалауды жүргізу туралы шешім қабылдады.

«Самұрық-Қазына» АҚ ұйымдарының Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің, Директорлар кеңесі төрағасының, мүшелерінің және Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау жөніндегі Әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізілген 2023 жылдағы қызметті өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша қорытынды рейтинг 96%-ды құрап, рейтинг «АА» деңгейінде бағаланды. Бұл көрсеткіш «KEGOC» АҚ-ның Директорлар кеңесі, оның комитеттері және Корпоративтік хатшысы барлық маңызды аспектілерде белгіленген критерийлердің көпшілігіне сәйкес келетінін, және олардың тиімді жұмыс істейтінін жеткілікті растау бар екенін растайды.

Сауалнамаға қатысуды қоспағанда, «KEGOC» АҚ-ның Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің, Директорлар кеңесінің төрағасының, мүшелері мен Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау қағидаларына сәйкес директорлардың ешқайсысы да өз қызметін бағалау процесіне тартылған жоқ.

2-15, 2-18

Акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің құрамын қалыптастыру, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы мен шығыстарды өтеуді айқындау қағидаларына сәйкес директорлардың сыйақысы екі бөлімнен тұрады: Директорлар кеңесі комитеттерінің күндізгі отырыстарына төрағалық еткені немесе қатысқаны үшін жылдық тіркелген сыйақы және қосымша сыйақы, бұл ретте Акционерлердің жалпы жиналысының 2020 жылғы 26 маусымдағы шешіміне (№ 18 хаттама) сәйкес Директорлар кеңесі комитеттерінің күндізгі отырыстарына қатысқаны үшін директорларға қосымша сыйақыны төлеу тоқтатылды.

Акционерлердің жалпы жиналысының ұсынысын қалыптастыру мақсатында Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет тиісті талдауды (бенчмаркингті) жүргізуді есепке ала отырып, Директорлар кеңесі үшін Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы мөлшері, анықтау тәртібі және төлеу шарттары бойынша ұсынымдар әзірлеп береді. Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет мүшелерінің көпшілігін тәуелсіз директорлар құрайды.

Директорға Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына баруға, тұрғылықты жерінен тыс өткізілетін кеңестерге баруына байланысты шығыстар: жол жүру, соның ішінде трансфер, тұру, тәуліктік ақы, Қазақстан Республикасындағы телефон байланысы (ұялы байланысты қоспағанда), сканерлеу, ксерокөшіру, факс, құжаттарды басып шығару, теру, Қазақстан Республикасындағы интернет желісіне қол жеткізу қызметтері, курьерлік және пошта қызметінің қызметтері өтеледі. «KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес, 2023 жылы Директорлар кеңесінің бірде-бір мүшесі өзінің сыйақысына байланысты шешімдер қабылдауға қатысқан жоқ.

2-20

Басқарма төрағасы мен мүшелеріне еңбекақы төлеу жүйесі бір жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша лауазымдық жалақы мен сыйақыны қамтиды. «KEGOC» АҚ-ның жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы аудиттелген қаржылық есептілік негізінде қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері бекітілгеннен кейін «KEGOC» АҚ бюджетінде осы мақсаттарға ескерілген ақшалай қаражат шегінде төленеді. Есептік жылдағы шоғырландырылған қорытынды пайданың болуы сыйақыны төлеудің негізгі шарты болып табылады.

Есептік кезеңнің (қысқа мерзімді) қорытындылары бойынша Басқарма төрағасы мен мүшелерінің қызметін бағалау кезінде «KEGOC» АҚ-ның стратегиялық мақсаттарын «KEGOC» АҚ Басқармасының әрбір мүшесі үшін ҚНК картасы түрінде «KEGOC»АҚ-ның бизнес-процестері/қызметінің бағыттары бойынша нақты көрсеткіштерге каскадтау арқылы әзірленетін уәждемелік ҚНК қолданылады. Қысқа мерзімді кезеңдегі уәждемелік ҚНК корпоративті және функционалды ҚНК-ға бөлінеді.

Басшы қызметкерлердің корпоративтік ҚНК-сын және функционалдық ҚНК-сын Компанияның Директорлар кеңесі бекітеді. Мысалы, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі Басқарма мүшелерінің уәждемелік ҚНК-сын және олардың 2023 жылға арналған мақсатты мәндерін бекітті.

**Негізгі уәждемелік ҚНК**

| 1-Стратегиялық мақсат | 2-Стратегиялық мақсат | 3-Стратегиялық мақсат |
|---|---|---|
| **GA (Grid Availability – желінің қол жетімділігі, бір жыл ішінде %-бен)** | EBITDA margin | LTIFR |
| **ЭЖЖ-дағы және ҚС-дағы технологиялық бұзылыстар саны** | Акцияға шаққандағы дивиденд | «KEGOC» АҚ-ның әлеуметтік тұрақтылық деңгейі |
| **Басым инвестициялық жобаларды іске асыру** | Жоспарлау сапасы | «KEGOC» АҚ ESG қағидаттарын жетілдіру бойынша Жоспардың іс-шараларын іске асыру |
| **«WAMS синхрофазорлық технологиялар негізіндегі мониторинг жүйесі (2-кезең)» ЖСҚ-ны әзірлеу** | Қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерінің мақсатты мәндеріне қол жеткізу | «KEGOC»АҚ Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жоспардың іс-шараларын орындау |
| | «KEGOC» АҚ-ның қор биржасында үлесті орналастыру арқылы бәсекелестік ортаға шығуы | ESG рейтингі |

Тәртіптік жазаның қолданылу кезеңін қоспағанда, есепті кезеңде тиісті лауазым бойынша нақты жұмыс істеген Басқарма мүшелері есепті кезеңдегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы алуға құқылы болды.

Жыл ішінде басшы қызметкерлердің уәждемелік ҚНК-ның орындалуына мерзімді түрде мониторинг жүргізіліп тұрады. Есептік жыл аяқталғаннан кейін барлық деңгейлердің ҚНК-ның нақты мәндерін есептеу жүзеге асырылады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша корпоративтік ҚНК-ның нысаналы мәндеріне қол жеткізілді.

2023 жылы Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақылардан немесе болашақ сыйақылардан бас тарту немесе бас тарту туралы келісім фактілері орын алған жоқ. Осылайша, негізгі басқару қызметкерлер құрамына сыйақы (Директорлар кеңесінің мүшелері және Басқарма) және онымен байланысты аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілікте жалақы бойынша шығыстар құрамына енгізілген барлық басқа шығыстар (салықтар, аударымдар, еңбекке жарамсыздық парақтары, демалысақы, материалдық көмек және т.б.) 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылда 420,3 млн теңгені құрады.

2-19



# Мүдделер қайшылығы

«KEGOC» АҚ Іскери этика кодексіне және Мүдделер қайшылығын реттеу саясатына сәйкес, жұмыскердің, лауазымды тұлғаның және Компанияның жеке мүдделері арасында қайшылықтардың болмауы, ал мұндай қайшылықтар болған жағдайда — оларды дер кезінде анықтап реттеу жұмыскердің өзінің лауазымдық міндеттерін тиімді орындауының қажетті шарттарының бірі болып табылады. KEGOC» АҚ-ның барлық жұмыскерлері мен лауазымды тұлғалары өздерін өздеріне де (немесе өздеріне байланысты тұлғаларға да), басқаларға да қатысты мүдделер қайшылығы туындауы мүмкін жағдайға жол бермейтіндей ұстаулары тиіс.

Компанияның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері 2023 жылы мүдделер қайшылығына жол берген жоқ:

- жеке қызығушылық олардың өз міндеттерін лайықты орындауларына әсер етуі мүмкін болған жағдайлар орын алған жоқ;
- бейтарап шешім қабылдауға әсер ететін немесе әлеуетті әсер етуі мүмкін мүдделер қайшылығы жағдайлары орын алған жоқ;
- мүдделілігі бар лауазымды тұлғалар мұндай шешімдерді талқылауға және қабылдауға қатысқан жоқ.

Превентивтік (алдын алу) шарасы ретінде «KEGOC» АҚ лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің мүдделер қайшылығын реттеу жөніндегі саясатқа 2023 жылы толықтыру енгізіліп, әлеуетті мүдделер қайшылығын ашу туралы декларацияның нысаны бекітілді. 2023 жылы Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын мүдделілікпен мәмілелер жасауға қатысты мәселелерді талқылауға және дауыс беруге тек тәуелсіз директорлар ғана қатысқан болатын, бұл туралы Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамаларына тиісті жазбалар енгізілді. Есепті жылы «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі «KEGOC» АҚ филиалдары және «Батыс транзит» АҚ арасында жалпы сомасы 335,9 млн теңгені құрайтын жабдықты пайдалану және оған техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды ұйымдастыруға 3 (үш) келісімге қол қою арқылы мүдделілік бар мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдады.

2023 жылы ірі мәмілелер жасалған жоқ.

2-15

# Корпоративтік этика

**БОЛАШАҚ ЖЕТІСТІКТЕРДІҢ ЭНЕРГИЯСЫ**

ТҰРАҚТЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ КҮШТІ ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР АКЦИОНЕРЛЕР МЕН ИНВЕСТОРЛАР ҮШІН KEGOC АҚ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚҰНЫНЫҢ ӨСУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ.

# Қаржылық тұрақтылық

Тарифтік саясат .......... 85
Сатып алу тәжірибесі .......... 86
Қаржылық-экономикалық көрсеткіштердің талдауы .......... 87

# Тарифтік саясат

«KEGOC» АҚ қызметі «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі. Оған сәйкес «KEGOC» АҚ көрсететін мынадай қызметтер табиғи монополия саласына жатады:

- ҰЭТ желілері арқылы электр энергиясын жеткізу;
- ҰЭТ-ты пайдалану;
- электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру;
- электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру.

«KEGOC» АҚ өзі құрылған сәттен бастап реттелетін қызметтердің тарифтік саясатын жетілдіру бойынша жұмысты дәйекті түрде жүзеге асыруда, тарифтік саясатты жетілдіру бойынша тиісті ұйымдардың жұмысына белсенді қатысуда.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес «KEGOC» АҚ-да Табиғи монополияларды реттеу комитетіне табиғи монополиялар саласына жататын реттеліп көрсетілетін қызметтер тарифтерін бекітуге (қайта қарауға) өтінімдерді беру жөніндегі жұмыс жүзеге асырылады.

Компанияның тарифтері «шығындар плюс тіркелген пайда» әдісі бойынша белгіленеді. Оған сәйкес Компания белгілі бір уақыт кезеңіне тариф қалыптастыру мақсатында операциялық және қаржылық шығыстардың тиісті бағалауларына және капитал табыстылығының әділ нормасына сүйенеді.

2013 жылы «KEGOC» АҚ тарифтердің шекті деңгейлерін бекітуге көшті. Тарифтердің шекті деңгейлерін есептеу қағидаттары тарифтердің шекті деңгейлері қатарынан бірнеше жыл мерзімге бекітілетінін қоспағанда, жыл сайынғы тарифтердің есептелуіне ұқсас. Тарифтердің шекті деңгейлері Компанияға өз мүмкіндіктерін ұзақ мерзімге жоспарлауға жағдай туғызады, ал акционерлер Компания туралы толық ақпарат алуға мүмкіндік алады.

«KEGOC» АҚ «Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы» механизмін және теңгерімдеуші электр энергиясы нарығын енгізуге байланысты «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына енгізілген өзгерістерге сәйкес, 2023 жылғы 1 шілдеден бастап беру саласында ҰЭТ арқылы электр энергиясын жеткізу және ҰЭТ-ты пайдалану бойынша екі қызмет көрсетеді.

Осы өзгерістерді жаңарту мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің шешімімен (2023 жылғы 3 шілдедегі № 92-НҚ бұйрығы) 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін «KEGOC» АҚ-ның реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтер мен тарифтік сметаларға өзгерістер бекітілді:

**«KEGOC» АҚ-ның реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтік өзгеріс**

| Теңге/ кВт·сағ | 01.10.2022-30.06.2023 ж. | 01.07.2023-30.09.2023 ж. | 01.10.2023-30.09.2024 ж. | 01.10.2024-30.09.2025 ж. | 01.10.2025-30.09.2026 ж. |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰЭТ арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша қызмет | 2,848 | 2,935 | 3,381 | 3,492 | 3,564 |
| ҰЭТ-ты пайдалану бойынша қызмет | - | 1,651 | 1,943 | 2,002 | 2,056 |
| Электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша қызмет | 0,314 | 0,320 | 0,339 | 0,351 | 0,356 |
| Электр энергиясын өндіруді-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша қызмет | 0,102 | 0,057 | 0,060 | 0,064 | 0,066 |

«KEGOC» АҚ-ның өтініші негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті 2023 жылғы 22 қыркүйектегі № 133-НҚ бұйрығы арқылы «KEGOC» АҚ-ның реттеліп көрсетілетін қызметтеріне 2-ші реттелетін кезеңге (2022 жылғы 1 қазаннан бастап 2023 жылғы 30 қыркүйекті қоса алғанда) тарифтік сметаларды түзетуді бекітті.

2023 жыл ішінде «KEGOC» АҚ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің 2«KEGOC» АҚ-ның реттеліп көрсетілетін қызметтеріне өтемдік тарифтерді 022 жылғы 1 маусымнан бастап 2023 жылғы 31 мамырды қоса алғанда қолданысқа енгізе отырып, бекіту бойынша 2022 жылғы 22 сәуірдегі № 67-НҚ бұйрығын даулау бойынша сот талқылауын жалғастырды.

Қолданыстағы заңнаманың ережелеріне сәйкес сот талқылауы кезеңіне осы бұйрықтың қолданылуы тоқтатылды.

Нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына сәйкес мақсаты тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесін күшейту, тұтынушылар мен басқа да мүдделі тұлғалар алдында қызметтің айқындығын қамтамасыз ету болып табылатын реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсету жөніндегі іс-әрекет туралы жыл сайынғы есептік тыңдауларды өткізу ескерілген.

# Сатып алу тәжірибесі

2-6

Компанияда ақпараттық ашықтық, айқындық, тең құқықтылық және адал бәсекелестікті дамыту қағидаттары-на негізделген тиімді сатып алу жүйесі құрылған.

2023 жылы «KEGOC» АҚ-да сатып алу қызметі «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның және дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығында тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне сәйкес жүзеге асырылған.

Сатып алу қызметінің басымдықтары:

- «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары тобындағы сатып алынатын тауарларды шығаратын мүгедектер ұйымда-рының тізіліміне енгізілген мүгедектер ұйымдарынан (жеке тұлғалар-кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыра-тын мүгедектер) тауарларды сатып алу;
- тауарларды «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары тобының Тауар өндірушілері тізілімінде тұратын сатып алынатын тауарлардың тауар өндірушілерінен сатып алу;
- сатып алуды білікті әлеуетті өнім берушілер арасында жүзеге асыру.

Сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім бе-рушілердің алдын ала біліктілік іріктеу үлгісі, яғни сауална-ма жүргізу және аудит арқылы жүзеге асырылатын әлеуетті өнім берушілердің жоғарыда көрсетілген тәртіпке сәйкес белгіленетін біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалау про-цесі қолданылады.

Алдын ала біліктілік іріктеуін жүргізген кезде әлеуетті өнім берушілер келесі критерийлер бойынша бағаланады:

- құқықтық құрамдас;
- әлеуетті өнім берушінің шарттық жұмысын ұйымдастыру;
- әлеуетті өнім берушінің ресурстары;
- тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің сапасын қамтамасыз ету;
- жобалар мен тәуекелдерді басқару; еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау;
- қоршаған ортаны қорғау және т.б.

2-24

Сондай-ақ, сатып алу рәсімдерін өткізген кезде «KEGOC» АҚ сатып алынатын тауарларды өндірушілерді қолдау тәртібін-де ескерілген шараларды қолданды.

Келесі жағдайларда әлеуетті өнім берушілердің Компания жүргізетін сатып алуларға қатысуға құқығы жоқ:

- әлеуетті өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері (бір-лесіп орындаушы), немесе консорциумге қатысушы мемле-кеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде және (немесе) сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде және (немесе) «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілері тізілімінде және (немесе) банкрот деп тану туралы сот шешімі күшіне енген борыш-керлер тізімінде болса;
- әлеуетті өнім беруші және (немесе) ол тартатын қо-салқы мердігер (бірлесіп орындаушы) және (немесе) олар-дың басшысы және (немесе) құрылтайшылары (акционер-лері) терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне немесе «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген;
- әлеуетті өнім беруші және (немесе) ол тартқан қо-салқы мердігер (бірлесіп орындаушы) және (немесе) олардың құрылтайшылары (акционерлері) тіркелген орны салық және бюджетке міндетті төлемдер түсімдерін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен жеңілдікті салық са-лынатын мемлекеттер тізбесіне енгізілген мемлекет немесе аумақ болып табылатын заңды тұлғалар болып табылады.

Осыған байланысты, сатып алу рәсімдерін өткізген кезде әлеуетті өнім берушілер Тәртіппен белгіленген шектеу-лердің болуына немесе болмауына тексеріледі.

Сондай-ақ, әлеуетті өнім берушілердің сатып алуды ұйымда-стыруының немесе тендерлік комиссияның, сатып алу жөніндегі сараптау комиссиясының әрекетіне (әрекетсіздігі-не) берген өтініштері/шағымдары қаралады. Қарау нәтиже-лері бойынша өтініштерде/шағымдарда келтірілген дәлел-дерді растау/растамау туралы шешімдер қабылданады.

2-25, 2-26

Өнім берушілермен өзара іс-қимылдың ыңғайлылығы үшін сатып алу рәсімдері «Самұрық-Қазына» АҚ электрондық сатып алу порталы (www.zakup.sk.kz) арқылы жүзеге асы-рылады. Бұл тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді өнім берушілердің көбірек санын және сатып алу қызметінің тиімділігін арттыруға септігін тигізетін бәсекелі ортаны тар-туды қамтамасыз етеді.

«Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу порталында (www.zakup.sk.kz), сондай-ақ, «KEGOC» АҚ сайтындағы www.kegoc.kz «Сатып алу» бөлімінде «KEGOC» АҚ Тауарларды, жұмыстар мен қызмет-терді сатып алудың жаңартылған жылдық жоспары және Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың ұзақ мерзімді жоспары жарияланады.

**«KEGOC» АҚ 2023 жылы іске асырған сатып алулар, млн теңге**

| | «KEGOC» АҚ | «Энергоинформ» АҚ | Барлығы |
|---|---|---|---|
| Тауарлар (жақын шетелден, соның ішінде **Ресей Федерациясы мен Қырғыз Республикасынан** жеткізілетін электр энергиясын қоспағанда) | 16 770 | 497,38 | 17 267,38 |
| Жұмыстар | 5 510 | 43,47 | 5 553,47 |
| Қызметтер | 6 313 | 463,56 | 6 776,56 |
| Электр энергиясы | 25 657 | 37,54 | 25 694,54 |
| **ЖИЫНЫ:** | **54 252** | **1 041,95** | **55 291,95** |

Тұрақты даму және ESG қағидаттарына, БҰҰ-ның Жаһандық шартының ережелеріне және БҰҰ-ның Тұрақты даму мақ-саттарына сәйкестік рухында өз қызметін жүзеге асыруда Өнім берушілерге қолдау көрсету үшін Компания өнім берушілермен жасалған шарттардың ажырамас бөлігіне айналған «KEGOC» АҚ өнім берушілерінің мінез-құлық ко-дексін әзірледі.

Компанияның барлық өнім берушілері «KEGOC» АҚ-мен жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болу үшін осы Кодексті сақта-уға міндетті. Кодекске сәйкес Компанияның өнім берушілері келесі талаптарды сақтайды:

- өз қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермейді;
- Компаниямен жасалған шарттар бойынша өз жұмыскер-леріне, өкілдеріне және қосалқы мердігерлеріне коммер-циялық парақорлық және сыбайлас жемқорлық сипаттағы басқа да әрекеттер жасауға тыйым салады;
- заңсыз мәжбүрлі еңбектің барлық түрлерін болдырмайды;
- балалар еңбегін болдырмайды;
- кез келген кемсітушілікті, соның ішінде жұмысқа орналасты-ру және еңбек қызметіне қатысты кемсітуді болдырмайды;
- жұмыскерлердің жұмыс уақыты мен демалысына қатысты нормативтік құқықтық актілерді сақтайды;
- жалақының ең төменгі мөлшеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді сақтайды;
- еңбек заңнамасын сақтайды.

Кодексте Компанияның өнім берушілерінің келесі қағидат-тарды ұстануы жөніндегі нормалар қамтылған:

- Жұмысқа орналастырудың әділ тәжірибесі;
- Этикалық қағидаттар;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі талаптар;
- Өндірістік қауіпсіздік және еңбекті қорғау;
- Қоршаған ортаны қорғау;
- Деректердің құпиялылығы және қауіпсіздігі.

«KEGOC» АҚ ұзақ мерзімді немесе қысқа мерзімді пер-спективада пайданы барынша ұлғайтуға негізделе отырып, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәсілдерін оңтайландыруға бағытталған және өткен ке-зеңдердің шығыстарына, болашақ қажеттілікке, жеткізілім нарығына және бизнес талаптарына жүргізілген талдау нәтижелері негізінде жасалған қорытындыларды қамтитын «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу санаттық стратегияларын (ССС) іске асыру бойынша жұмыс жүргізеді.

2023 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ деңгейінде «IT жабдығы» мен «Арнайы киім» санаттары бойынша ССС іске асырылды.

### Қызметтерді жеткізушілердің 2023 жылғы көрсеткіштері

| | |
|---|---|
| **Жеткізушілер — тізілім (АБІ)** | **3** |
| соның ішінде: | |
| ССС аясында | 3 |
| ССС аясынан тыс | 0 |
| шарт бойынша жалпы сома | 265 833 912 |
| **Өнім берушілер — тізілімге емес (АБІ)** | **0** |
| соның ішінде: | |
| ССС аясында | 0 |
| ССС аясынан тыс | 0 |
| шарт бойынша жалпы сома | 0 |

| | |
|---|---|
| **Жеткізушілер — тізілім (СБЖТ)** | **3** |
| соның ішінде: | |
| ССС аясында | 3 |
| ССС аясынан тыс | 0 |
| шарт бойынша жалпы сома | 198 803 935 |
| **Өнім берушілер — тізілімге емес (СБЖТ)** | **1** |
| соның ішінде: | |
| ССС аясында | 1 |
| ССС аясынан тыс | 0 |
| шарт бойынша жалпы сома | 646 685 |

2023 жылы «KEGOC» АҚ-та тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудағы елішілік құндылықтың үлесі 67%-ды құрады, соның ішінде: тауарларда (жақын шетелдің электр энергиясын есепке алмағанда) 70%-ды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуда 65%-ды құрады. «Энергоинформ» АҚ-да тауарларды сатып алуда елішілік құндылықтың үлесі 21,52%-ды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуда 97,3%-ды құрады.

2-6

# Қаржылық-экономикалық көрсеткіштердің талдауы

**2023 жылғы кірістер мен шығыстардың нақты көрсеткіштерін талдау, млн теңге**

| | 2023 жоспар | 2023 факт | Ауытқу | Ауытқулардың негізгі себептері |
|---|---|---|---|---|
| **Шоғырландырылған кіріс** | **255 204,8** | **266 496,2** | **104,4%** | |
| негізгі қызметтен түскен кірістер | 248 996,1 | 252 136,4 | 101,3% | Жоспар реттеліп көрсетілетін қызметтердің өсуінің нәтижесінде асыра орындалды:<br>• көрсетілген қызметтердің нақты көлемдерінің 1 421 млн кВт·сағ-қа ұлғаюы нәтижесінде электр энергиясын жеткізу бойынша 4 438,3 млн-теңгеге;<br>• көрсетілген қызметтердің нақты көлемдерінің 367 млн кВт·сағ-қа ұлғаюы нәтижесінде ҰЭТ-ты пайдалану бойынша қызметтерді сатудан түскен кірістің 1 237,9 млн теңгеге артуы;<br>• нақты көлемдердің 690 млн кВт·сағ-қа ұлғаюы салдарынан диспетчерлендіру бойынша 510,6 млн теңгеге артуы;<br>• электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша көрсетілген қызметтерден түскен кірістердің 51,3 млн теңгеге артуы;<br>• сондай-ақ «Бірыңғай сатып алушы» моделін енгізуге байланысты Қазақстан Республикасының теңгерімдеуші нарығында теңгерімдеуші электр энергиясын сату жоспары 2 075,5 млн теңгеге артық орындалды.<br>Бұл ретте кірістің төмендеуі келесі себептерге байланысты орын алды:<br>• рубльдің сараланған бағамының төмендеуін және электр энергиясының нақты көлемдерінің жоспарланғанмен салыстырғанда — 285,7 млн кВт·сағ-қа (немесе — 2 091,8 млн теңгеге) азаюын қоса алғанда, нақты орташа өлшемді бағаның жоспарлы бағамен салыстырғанда 7,32 теңгеден 6,49 теңге/кВт·сағ-қа (немесе -1 111,0 млн теңгеге) азаюы есебінен мемлекетаралық сальдо-ағынның орнын толтыру мақсатында электр энергиясын сатудан түскен кірістер бойынша 3 202,9 млн теңгеге;<br>• қызметке қызмет көрсетуден түскен кірістер бойынша 1 726,2 млн теңгеге. |
| **Шоғырландырылған шығыстар** | **215 706,1** | **212 897,5** | **98,7%** | |
| өзіндік құны | 188 965,4 | 181 403,6 | 96,0% | 4,0%-ға төмендеу негізінен:<br>• Қазақстан Республикасының теңгерімдеуші нарығында теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алуға жұмсалған нақты шығындардың 4 012,6 млн теңгеге азаюы;<br>• негізгі құралдардың қызмет ету мерзімін қайта қарау нәтижесінде амортизациялық аударымдардың 3 383,4 млн теңгеге төмендеуі;<br>• салық салынатын базаны қайта қарау есебінен негізгі және қосалқы өндірістің мүлік салығы бойынша шығыстардың 1 333,3 млн теңгеге төмендеуі;<br>• нақты көлемнің 1 579 млн кВт·сағ-қа азаюы, сондай-ақ тарифтің төмендеуі есебінен үшінші тұлғалар көрсеткен қуатты реттеу шығындарының 1 479,5 млн теңгеге төмендеуі;<br>• жөндеу жұмыстарын жүргізу фактісі бойыншан транзит қызметтеріне жұмсалған шығыстардың 466,7 млн теңгеге азаюы нәтижесінде орын алды.<br>Бұл ретте жоспарлы көрсеткіштермен салыстырғанда келесі шығыстар өсті:<br>• электр энергиясының нақты көлемдерінің 416,3 млн кВт·сағ-қа ұлғаюы есебінен электр энергиясы ағынының нақты мемлекетаралық теңгеріміндегі ауытқулардың сағаттық көлемдерін 3 030,8 млн теңгеге өтеу мақсатында электр энергиясын сатып алу;<br>• орташа өлшемді бағаның 11,05-тен 11,8 теңге/кВт·сағ-қа өсуі есебінен электр энергиясының технологиялық шығысының (ысырабының) 2 066,3 млн теңгеге |
| **Жалпы және әкімшілік шығыстар** | **11 906,6** | **13 680,3** | **114,9%** | **Арту негізінен операциялық қызмет бойынша күмәнді қарыздар бойынша резервтің ұлғаюы есебінен қалыптасты** |
| өткізу бойынша шығыстар | 504,0 | 491,0 | 97,4% | Ағымдағы шығыстар бойынша орын алған үнемдеу нәтижесіндегі төмендеу |
| **Операциялық пайда** | **47 620,1** | **56 561,5** | **137,9%** | |

2-6



**2023 жылғы кірістер мен шығыстардың нақты көрсеткіштерінің 2022 жылғы нақты көрсеткіштерімен талдауы, млн теңге**

| | 2022 факт | 2023 факт | ауытқу | Ауытқулардың негізгі себептері |
|---|---|---|---|---|
| **Шоғырландырылған кіріс** | **249 888,5** | **255 204,8** | **106,6%** | |
| негізгі қызметтен түскен кірістер | 217 255,5 | 252 136,4 | 116,1% | 16,1%-ға өсу негізінен тарифтер мен ұсынылған көлемдердің өсуі нәтижесінде 17 254,7 млн теңгеге реттеліп көрсетілетін қызметтерден түскен кірістер, сондай-ақ 2023 жылғы 1 шілдеден бастап Бірыңғай сатып алушыны енгізуге байланысты теңгерімдеуші нарықта теңгерімдеуші электр энергиясын сатудан түскен кірістің 19 171,9 млн теңгеге өсуі нәтижесінде орын алды. Бұл теңгерімсіздікті өтемдеу мақсатында электр энергиясын сатудан түскен кіріс 1 836,0 млн теңгеге азайды. |
| **Шоғырландырылған шығыстар** | **217 420,5** | **212 897,5** | **97,9%** | |
| өзіндік құны | 166 355,9 | 181 403,6 | 109,0% | 9,0%-ға өсу негізінен көрсетілетін қызметтердің ұлғаюы және нақты тарифтің, 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап ЭТН-ді нақты уақыт режимінде іске қосуға байланысты 6 202,9 млн теңгеге теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алуға жұмсалған шығыстардың, шегерімдермен 6 080,8 млн теңгеге жалақы шығыстарының, сондай-ақ әлеуметтік жағдайларды жақсарту мақсатында жұмыскерлерді медициналық сақтандыру бойынша 701,4 млн теңгеге шығындардың өсуі нәтижесінде электр энергиясын технологиялық тұтынуға (ысыраптарға) шығыстардың 10 842,0 млн теңгеге ұлғаюының есебінен орын алды.<br>Бұл ретте негізгі құралдардың қызмет ету мерзімін қайта қарау нәтижесінде амортизациялық аударымдар бойынша шығыстар 9 873,4 млн теңгеге төмендеді. |
| **Жалпы және әкімшілік шығыстар** | **9 746,0** | **13 680,3** | **140,4%** | **Шығындардың қызметкерлер құрамының еңбекақысына жұмасалатын шығыстардың ұлғаюына, сондай-ақ операциялық қызмет бойынша күмәнді қарыздар бойынша резервтің ұлғаюына байланысты өсуі.** |
| өткізу бойынша шығыстар | 310,4 | 491,0 | 158,2% | Өсім ең алдымен қызметкерлер құрамының еңбекақысына жұмсалытын шығындардың артуына байланысты. |
| **Операциялық пайда** | **40 843,3** | **56 561,5** | **138,5%** | |

2-6

**Қаржылық-экономикалық көрсеткіштердің серпіні, млрд теңге**




## Коэффициенттерді талдау

2023 жылдың қорытындысы бойынша ROACE көрсеткіші 2022 жылғы деңгеймен салыстырғанда пайыздық тармаққа, атап айтқанда: түзетілген пайданың (NOPAT) 18,07 млрд теңгеге артуы салдарынан 2,179 пайыздық тармаққа, сондай-ақ орташа іске қосылған капиталдың (ACE) 29,54 млрд теңгеге төмендеуі нәтижесінде 0,148 пайыздық тармаққа өсті.

2023 жылдың қорытындысы бойынша 2022 жылмен салыстырғанда реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі мен тарифтерінің өзгеруі (+17,255 млрд теңге) есебінен, электрэнергетикалық нарық жұмысының жаңа механизмін енгізу нәтижесінде электр энергиясы ағындарының нақты мемлекетаралық теңгеріміндегі ауытқулар сағаттық көлемдерін өтеу мақсатындағы электр энергиясын сатып алу-сату операциясынан орын алған шығындарының 8,797 млрд теңгеге азаюы салдарынан EBITDA көрсеткіші 5,630 млрд теңгеге артты. Сондай-ақ, көрсеткіштің өзгеруіне мына факторлар да әсерін тигізді:

- шегерімдердің ескере отырып, еңбекақы төлеуге жұмсалған шығындардың 6,451 млрд теңгеге артуы;
- электр энергиясының орташа сатып алу бағасының өсуі және өзге де факторлар нәтижесінде 10,842 млрд теңге сомасына технологиялық электр энергиясының шығысы (ысырабы) бойынша шығыстардың ұлғаюы.

2023 жылы қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері мен ковенанттар бойынша нормативтер бұзылған жоқ.

## Жасалған және бөлінген экономикалық құн

«KEGOC» АҚ қызметінің экономикалық құрамдас бөлігі Компанияның өзі үшін де, мемлекет экономикасы үшін де үлкен стратегиялық маңызға ие, және «KEGOC» АҚ акционерлері мен инвесторлары үшін ұзақ мерзімді құндылықты арттыруға бағытталған.

Бизнес-жоспар мен бюджеттерді (соның ішінде Компания объектілерін салу, реконструкциялау және жаңғырту жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған күрделі қаржы салымдары жоспарын) қалыптастыру және бекіту рәсімдері «KEGOC» АҚ Бизнес-жоспары (Даму жоспарын) мен Бюджеттерін әзірлеу, үйлестіру, бекіту, түзету, орындау және орындалуын мониторингілеу қағидаларымен регламенттеледі. Іс-шаралар жоспары (Бизнес-жоспар) шоғырландырылған түрде жасалады, яғни ол еншілес ұйымдардың сырғып отыратын негізде 5-жылдық кезеңге арналған жоспарларын қамтиды. Іс-шаралар жоспарын (Бизнес-жоспарды) жүзеге асыру үшін жылдық бюджет бекітіледі. Бизнес-жоспардың орындалуына мониторингті «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі тоқсан сайын жүзеге асырып тұрады.

### Экономикалық құнды бөлу, млн теңге

| | 2021 | 2022 | 2023 |
|---|---|---|---|
| **Жалпы капиталдандыру** | **908 336,27** | **809 916,87** | **849 254,52** |
| меншікті капитал | 737 136,82 | 653 565,16 | 685 719,13 |
| қарыз капиталы | 171 199,45 | 156 351,70 | 163 535,39 |
| Мемлекеттен алынған қаражат | - | - | |
| **Жасалған экономикалық құн** | **199 424,10** | **227 003,95** | **263 910,63** |
| негізгі қызметтен түскен кірістер | 186 443,14 | 217 255,55 | 252 136,38 |
| қаржылай кірістер | 5 368,22 | 5 726,12 | 7 576,47 |
| өзге де кірістер | 7 612,74 | 4 022,29 | 4 197,78 |
| **Бөлінген экономикалық құн** | **201 789,23** | **217 270,65** | **253 879,87** |
| еңбекақы төлеу шығыстары | 23 672,49 | 26 755,43 | 33 272,86 |
| салықтар және мемлекеттік бюджетке түсетін алымдар бойынша шығыстар | 14 047,26 | 18 026,52 | 21 610,03 |
| капитал өнім берушілеріне төлемдер | 53 200,01 | 30 309,24 | 47 075,04 |
| қайырымдылық және демеушілік көмек* | - | - | |
| өзге операциялық шығындар | 99 492,06 | 136 625,19 | 148 327,37 |
| өзге операциялық емес шығындар* | 11 377,43 | 5 554,26 | 3 594,57 |
| Тоқтатылған қызметтен түскен бір жылдағы салық салынғаннан кейінгі пайда | 13 471,47 | - | |
| **Таратылатын экономикалық құн** | **11 106,33** | **9 733,30** | **10 030,77** |

**201-1, 201-4**

## Теңгерімді талдау

### «KEGOC» АҚ экономикалық теңгерімінің көрсеткіштері, млн теңге

| Көрсеткіш | 2019 | 2020 | 2021 | 2022 | 2023 | 2023/2022 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Айналымнан тыс активтер | 659 175,9 | 695 192,5 | 1 019 820,4 | 873 932,8 | 881 414,5 | 101% |
| Айналымдағы активтер | 97 111,0 | 116 820,1 | 73 396,9 | 112 679,4 | 120 370,5 | 107% |
| **Активтер жиыны** | **756 987,7** | **812 012,6** | **1 093 217,3** | **986 612,2** | **1 001 785,0** | **102%** |
| **Капитал** | **481 838,0** | **502 556,5** | **737 136,8** | **653 565,2** | **685 719,1** | **105%** |
| Ұзақ мерзімді міндеттемелер | 230 808,2 | 239 766,9 | 310 396,6 | 273 569,6 | 277 539,5 | 101% |
| Қысқа мерзімді міндеттемелер | 44 341,5 | 69 689,2 | 45 683,9 | 59 477,4 | 38 526,4 | 65% |
| **Міндеттемелер жиыны** | **275 149,7** | **309 456,1** | **356 080,5** | **333 047,0** | **316 065,9** | **95%** |
| **Капитал және міндеттемелер жиыны** | **756 987,7** | **812 012,6** | **1 093 217,3** | **986 612,2** | **1 001 785,0** | **102%** |

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компанияның активтері 1 001 785,0 млн теңгені құрады және 2022 жылмен салыстырғанда 1,5%-ға өсті.

Ұзақ мерзімді активтер теңгерім құрылымның 88,0%-ын құрайды, олар көбінесе негізгі құралдармен ұсынылған. 2023 жылдың қорытындысы бойынша ұзақ мерзімді активтер 0,9%-ға немесе 7 481,7 млн теңгеге аздап өсіп, 881 414,5 млн теңгені құрады.

Қысқа мерзімді активтер теңгерімнің 12,0%-ын құрайды. 2023 жылы олар 6,8%-ға (немесе 7 691,1 млн теңгеге) өсіп, жыл соңында 120 370,5 млн теңгені құрады. Өсім Бірыңғай электр энергиясын сатып алушы моделін енгізуге байланысты электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының іске қосылуына қатысты энергетика саласындағы кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулардың күшіне енуіне, сондай-ақ ақшалай қаражат пен оның баламаларының өсуіне байланысты сауда дебиторлық берешегінің ұлғаюымен шартталған. Бұл ретте қысқа мерзімді активтердің өсуі «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 30 000 млн теңге сомасындағы купондық облигацияларын өтеу нәтижесінде ағымдағы қаржы активтерінің төмендеуімен ішінара тегістелді.

Капитал 2023 жылдың аяғында 685 719,1 млн теңгені құрайды — 2022 жылға қарай 4,9%-ға немесе 32 153,9 млн теңгеге «KEGOC» АҚ SPO шеңберінде жүзеге асырылатын жай акцияларды қайталама орналастыру және бөлінбеген пайданың өсуі нәтижесінде қалыптасқан. Теңгерім құрылымындағы капиталдың үлесі 68,4%-ды құрады.

Міндеттемелер жыл қорытындысы бойынша 316 065,9 млн теңгені құрады — 2022 жылмен салыстырғанда 5,1%-ға немесе 16 981,2 млн теңгеге азайды. Міндеттемелердің 87,8%-ы ұзақ мерзімді, 12,2%-ы қысқа мерзімді болып табылады. Өзгеріс негізінен 2022 жылдың 1-жартыжылдығындағы дивидендтер бойынша төленетін міндеттемелердің 17 014,3 млн теңгеге азаюына, Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінен алынған 10 000,00 мың АҚШ доллары сомасындағы несиенің бір бөлігін мерзімінен бұрын ішінара өтелуіне, табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған кредиттік міндеттеменің 4 328,6 млн теңге төмендеуімен шартталды. Сонымен қатар 2023 жылғы 30 наурызда 16 000 млн теңге сомасына «жасыл» облигацияларды тарту есебінен ұзақ мерзімді міндеттемелердің ұлғаюы орын алады.

Валюталық тәуекелді, борыштық жүктемені және шетел валютасындағы кредиттерге қызмет көрсету шығыстарын азайту мақсатында «KEGOC» АҚ 2023 жылғы қыркүйекте Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінен 1 010,0 млн АҚШ доллары сомасында алынған қарызды мерзімінен бұрын толық өтеуді жүзеге асырды. 2009 жылы 25 жылдық мерзімге «Мойнақ ГЭС қуатын беру схемасы» инвестициялық жобасын іске асыру үшін кредиттік желі бойынша 48 000 мың АҚШ доллары көлемінде қаражат тартылды. Нәтижесі — таза валюталық міндеттемелердің 26,836 миллион АҚШ долларынан 14,599 миллион АҚШ долларына дейін төмендеуі, сондай-ақ валюталық позициялардың өзгеруі нәтижесіндегі бағамдық айырма бойынша залалдың азаюы.

Тұрақты қаржылық нәтижелілік Компанияға негізгі стейкхолдерлердің алдындағы міндеттемелерін дер кезінде және толық көлемде орындауға мүмкіндік береді:

- жұмыскерлерге еңбекақы төлеу және әлеуметтік қолдау көрсету бойынша;
- акционерлерге дивидендтер төлеу бойынша;
- инвестициялық жобаларды іске асыру және ҰЭТ сапасы мен сенімділігін арттыру бойынша;
- өнім берушілермен ждер кезінде есеп айырысу бойынша;
- салықтарды төлеу бойынша.

## «KEGOC» АҚ-ның пайдалылық көрсеткіштері , млрд теңге




## 3-мақсатты жүзеге асыру индикаторлары

| ҚНК атауы | 2019 факт | 2020 факт | 2021 факт | 2022 факт | 2023 мақсат* | 2023 факт |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **TSR (акционердің жалпы табыстылығы), %** | индикатор 2021 жылдың желтоқсанында белгіленген | | | -10,7 | 7,06 | 3,44 |
| **EBITDA, млрд теңге** | 88,5 | 108,4 | 93,9 | 102,5 | 102,6 | 108,1 |

* Жоспарлы мәндер 2023-2027 жылдарға арналған бизнес-жоспармен белгіленген.

TSR көрсеткішінің нақты мәніне Компанияның 2023 жылы акциялар бағасының 1 акцияға шаққанда жоспарланған 1 552 теңгеден 1 482 теңгеге дейін төмендеуі әсерін тигізді, бұл ретте Компания 1 акцияға шаққанда жоспарланған 1 акцияға шаққандағы 182,23 теңгеге қарсы 193,76 теңге дивиденд төледі. EBITDA көрсеткішінің өсуіне беру көлемінің өсуі және реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтердің өсу факторлары әсерін тигізді.



# 7. Қосымшалар

## 1-қосымша. Есеп туралы

Осы «KEGOC» АҚ-ның 2023 жылғы жылдық есебі тұрақты даму саласындағы жұмысты және 2023 жылғы аудиттелген қаржылық есептілікті қоса алғанда, барлық негізгі бағыттар бойынша Компания қызметіне кешенді шолу болып табылады. Тұрақты даму саласындағы қызмет туралы ақпарат дәстүрлі түрде «KEGOC» АҚ оны 2009 жылдан бастап ұсынған нысанда және көлемде ұсынылған. Компания жыл сайынғы негізде екінші тоқсанда тұрақты даму туралы ақпаратты ашық қолжетімділікте шығару және орналастыру тәжірибесін жалғастыруда.

2-3

«KEGOC» АҚ Жарғысына сәйкес Басқарма дайындаған және Стратегия, корпоративтік және тұрақты даму комитеті мен Аудит жөніндегі комитет алдын ала қараған Жылдық есептер мен тұрақты даму саласындағы есептерді «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі бекітеді. 2022 жылғы жылдық есептің құрамына енгізілген «KEGOC» АҚ-ның 2022 жылғы тұрақты даму саласындағы алдыңғы есебін «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі бекітіп, 2023 жылғы мамырда жарияланды. Компанияның барлық есептері «KEGOC» АҚ-ның ресми сайтында қолжетімді.

2-3, 2-14

Компания маңызды тақырыптардың көрсеткіштерін растау үшін конкурстық негізде айқындалған тәуелсіз тарапты тартты. Тақырыптар мен көрсеткіштердің тізбесі осы қосымшаның «Маңыздылықты талдау» бөлімінде келтірілген. Тәуелсіз аудитордың есебі 6-қосымшада берілген.

2-5

### Есептіліктің шекаралары

«KEGOC» АҚ осы Есепті жалпы корпоративтік деңгейде дайындады — осы Есепте ұсынылған тұрақты даму контекстіндегі деректер «KEGOC» АҚ еншілес ұйымы — «Энергоинформ» АҚ деректерін қамтиды.

2-2

Осы Есепке енгізілген тұрақты даму туралы ақпарат AA1000SES стейкхолдерлерімен өзара іс-қимыл жөніндегі стандарттың талаптарын ескере отырып, GRI Universal Standards 2021 (In accordance) сәйкес әзірленді және Компанияның 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 2023 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғандағы тиісті қызметін сипаттайды.

Осы Жылдық есепте көрсетілген жоспарларға қатысты кез келген ақпарат болжамды сипатта болады және «KEGOC» АҚ-ның болашақ оқиғаларға қатысты ағымдағы көзқарастарын көрсетеді және «KEGOC» АҚ-ның бизнеске, қаржылық жағдайға, операциялық нәтижелерге, өсу стратегиясына және өтімділігіне қатысты қандай да бір тәуекелдерге, белгісіздіктер мен болжамдарға ұшырайды.

## Тұрақты даму мақсаттары

Осы Есепте «KEGOC» АҚ БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарына бейілділігін растайтын ақпарат, сондай-ақ 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған тұрақты даму саласындағы күн тәртібі шеңберінде 2015 жылы БҰҰ-ға мүше барлық мемлекеттер қабылдаған ТДМ бойынша жұмыс туралы ақпарат бар.

Біз кез келген бизнестің ТДМ-ға қол жеткізуге қосқан негізгі үлесі жұмысқа орналасу, салық төлеу және әлеуметтік-экономикалық даму мүмкіндіктері, сондай-ақ қоршаған ортаға ұқыпты қарау болып табылады деп санаймыз. Бұдан басқа, нақты және ұзақ мерзімді оң өзгерістерге біздің қоршаған ортаға әсерімізді басқару (кең мағынада), мақсатты әрекет ету, негізгі ойыншылармен және мүдделі тараптармен ынтымақтастық және күш-жігерімізді кеңейту арқылы ғана қол жеткізуге болады.

Жыл сайын біз өз қызметімізбен ең күшті байланысы бар нақты ТДМ бойынша жұмыс туралы хабарлайтын боламыз. Сонымен қатар, біз жағдайды өзгерту үшін ең үлкен әлеуетіміз бар салаларды талдаймыз. Біз теріс әсердің қай жерде болуы мүмкін екенін зерттейміз, сондай-ақ мүдделі тараптармен бірге оң өзгерістерді жүзеге асырудың бірегей мүмкіндіктері бар бағыттарды іздейміз. Бағалау шеңберінде біздің құндылық тізбегіміз үшін мақсаттар мен міндеттердің өзектілігі, жауапкершілікпен және тұрақты дамуға деген ұмтылыстарымызға сәйкестігі, өзгерістерді ынталандыру үшін дағдыларымызды, құзыреттеріміз бен ресурстарымызды пайдалану қабілетіміздің болуы және мүдделі тараптар үшін мәселелердің маңыздылығы сияқты факторлар талданады.

**2023 жылы жұмыс жүргізілген негізгі бөлінген ТДМ**



**БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттары**

| Жаһандық шарттың қағидаттары | бет. |
|---|---|
| **Адам құқықтары саласындағы қағидаттар** | |
| **1-қағидат.** Іскер топтар халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қорғауды қолдауы және құрметтеуі тиіс. | 40 |
| **2-қағидат.** Іскер топтар адам құқықтарының бұзылуына қатысы болмауы тиіс. | 75 |
| **Еңбек қатынастары саласындағы қағидаттар** | |
| **3-қағидат.** Іскер топтар бірлестік еркіндігін және ұжымдық шарттар жасасу құқығын нақты мойындауды қолдауы тиіс. | 49 |
| **4-қағидат.** Іскер топтар мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық түрлерін жоюды жақтауы тиіс. | 40 |
| **5-қағидат.** Іскер топтар балалар еңбегін толығымен жоюды жақтауы тиіс. | 40 |
| **6-қағидат.** Іскер топтар Жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюды жақтауы тиіс. | 40 |
| **Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қағидаттар** | |
| **7-қағидат.** Іскер топтар сақтық қағидатына негізделген экологиялық мәселелерге көзқарасты қолдауы тиіс. | 33 |
| **8-қағидат.** Іскер топтар қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамалар қабылдауы тиіс. | 33 |
| **9-қағидат.** Іскер топтар экологиялық таза технологияларды дамытуға және таратуға жәрдемдесуі тиіс. | 33 |
| **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қағидаттар** | |
| **10-қағидат.** Іскер топтар сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне, соның ішінде бопсалау мен парақорлыққа қарсы тұруы тиіс. | 75-76 |

## Есепті қалыптастыру қағидаттары

Жылдық есептің тұрақты даму саласындағы қызмет туралы есептемеге қатысты бір бөлігін әзірлеу кезінде Компания GRI стандарттарының төмендегі қағидаттарын қолданады:

| | |
|---|---|
| **Дәлдік** | Осы Есепте ұсынылған ақпарат құжатталған деректер негізінде жиналады және мүдделі тараптарға Компания қызметінің нәтижелерін бағалауға мүмкіндік береді. Осы Есептің экономикаға қатысты бөлімдерін әзірдеу кезінде ХҚЕС сәйкес жасалған аудиттелген қаржылық есептілік пайдаланылды. |
| **Теңгерімділік** | Осы Есеп «KEGOC» АҚ қызметінің нәтижелілігінің оң және теріс тақырыптарын көрсетеді. |
| **Айқындық** | «KEGOC» АҚ осы Есепті түсінікті және мүдделі тараптардың кең ауқымына қолжетімді етуге ұмтылады. Нақты терминдер мен қысқартуларды түсіну үшін есептің соңында глоссарий берілген. |
| **Салыстырмалылық** | Осы Есеп GRI стандарттарына сәйкес әзірленді, бұл мүдделі тұлғаларға «KEGOC» АҚ қызметін басқа ұйымдардың қызметімен салыстыруға мүмкіндік береді. Осы Есепте ашылған көрсеткіштер соңғы бес жылдағы динамикада ұсынылған. |
| **Толықтығы** | Осы Есепте саланың ерекшелігін ескере отырып, экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға барлық елеулі әсерлер бойынша барлық ЖЭТ филиалдарының, ЖО ҰДО филиалының, Атқарушы дирекцияның, «Энергоинформ» АҚ еншілес ұйымының қызметі туралы ақпарат қамтылады. Кейбір жағдайларда ақпараттың қайталануын болдырмау үшін «KEGOC» АҚ интернет-сайтына немесе көпшілікке қолжетімді құжаттарға сілтемелер келтіріледі. |
| **Тұрақты даму контексті** | Осы Есептегі деректер үш құрамдас бөлікті қоса алғанда, «KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексінде айқындалған тұрақты даму контекстінде ұсынылған: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік. «KEGOC» АҚ Даму стратегиясында тұрақты даму саласындағы мақсаттар, міндеттер, негізгі бастамалар мен стратегиялық ҚНК айқындалған және олардың 2023 жылғы жетістіктері туралы ақпарат осы есепке енгізілген. |
| **Уақытылылық** | Осы Есепті дайындау жоспарлы сипатта болады, есепті жылдан кейінгі жылдың екінші тоқсанында жарияланады. |
| **Верификациялануы** | Есептегі барлық ақпарат тексерілуі мүмкін деректерге, оның ішінде ресми статистикалық есептерге, бақылаушы органдардың есептеріне, компанияның және KASE сайтында орналастырылған ақпаратқа, SAP цифрлық платформасына, аудиттелген қаржылық есептілікке және т.б. негізделген. |

## Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және маңыздылығын бағалау

Компанияның стратегиялық мақсаттарына жету үшін:

- стейкхолдерлермен тиімді жұмыс істейтін өзара іс-қимыл саясатының болуы;
- барлық мүдделі тараптармен ашықтық пен өзара тиімді ынтымақтастыққа қол жеткізу;
- стейкхолдерлердің даму стратегиясын іске асыру кезінде барлық нақты тәуекелдерді барынша азайту және жою бойынша компания қабылдайтын шараларды түсінуіне қол жеткізу;
- мүдделі тараптар үшін компания қызметі туралы сенімді ақпарат көзін құру және «KEGOC» АҚ қызметі туралы сенімді ақпаратты стейкхолдерлердің нысаналы топтарына жедел жеткізуді қамтамасыз ету маңызды.

«KEGOC» АҚ компанияның барлық құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп анықталған мүдделі тараптардың (стейкхолдерлердің) топтарын, сондай-ақ олардың даму Стратегиясының мақсаттарына қол жеткізуге әсер ету дәрежесін және Компания қызметінің оларға бес балдық шкала бойынша әсер ету дәрежесін айқындады. Бұл ретте, талдау қорытындыларын шығару кезінде «сарапшылардың», яғни стейкхолдерлердің нақты топтарымен тікелей өзара іс-қимыл жасайтын құрылымдық бөлімшелердің пікірлеріне ерекше назар аударылды.

2-29

«KEGOC» АҚ осы топтармен тұрақты ашық диалог жүргізеді және «KEGOC» АҚ қызметіне, оның ішінде тұрақты даму саласындағы қызметіне қатысты ақпаратты үнемі ашып отырады. Компания стейкхолдерлер картасын, өзара іс-қимылдың негізгі арналарын айқындайтын коммуникациялық стратегияны, сондай-ақ Даму стратегиясын іске асыруды қолдау үшін жыл сайын әзірленетін өзара іс-қимыл кезеңділігі белгіленген барлық мүдделі тараптармен коммуникациялар жоспарын бекітті.

**«KEGOC» АҚ стейкхолдерлерінің картасы**




■ Стейкхолдерлердің компанияға әсер ету дәрежесі
■ Компанияның стейкхолдерлерге әсер ету дәрежесі

## Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

2-29

| Стейкхолдерлер | Өзара әрекеттесу мақсаттары | Өзара әрекеттесу арналары |
|---|---|---|
| **1. Акционерлер** | Компанияның акционерлермен өзара іс-қимыл жөніндегі қызметі корпоративтік басқару кодексінде және «KEGOC» АҚ Жарғысында бекітілген акционерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және құрметтеуге бағытталған. | Компанияның жылдық және аралық есептілігін, корпоративтік оқиғалар, мәмілелер туралы ақпаратты, акционерлердің жалпы жиналыстарын, инвестициялық қоғамдастықпен кездесулерді өткізу туралы ақпаратты, өтініштерге жауаптарды жариялау. 2023 жылғы 1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығында акционерлерден «KEGOC» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне өтініштер түскен жоқ. 2-25 |
| **2. Қаржыландыру топтары** | Компания инвесторларға қатысты өзінің қаржылық міндеттемелерін уақтылы және толық көлемде орындайды және өзара сенімге негізделген ұзақ мерзімді өзара іс-қимылға ұмтылады. | Компанияның жылдық және аралық есептерін жариялау, ХҚИ-ға мерзімді есептілікті және сұрау салулар бойынша ақпаратты жіберу, қарыз қаражатын тарта отырып іске асырылатын жобалар шеңберінде ХҚИ делегацияларының кездесулері, миссиялары мен сапарлары, ақпаратты веб-сайтқа орналастыру. |
| **3. Билік және бақылаушы органдар** | «KEGOC» АҚ Қазақстан Республикасының стратегиялық объектісі және табиғи монополиялар субъектісі бола отырып, мемлекет алдындағы өзінің жауапкершілігін түсінеді және құқықтық және этикалық міндеттемелерді орындауға, сондай-ақ заңнама нормаларын сақтауға ұмтылады. | Тұрақты есептілік, құқықтық актілерді, бағдарламалық және салалық құжаттарды әзірлеуге қатысу, жұмыс кездесулері, сұрауларға жауаптар, жедел кеңестер. |
| **4. Кәсіби және сараптамалық ұйымдар, қоғамдық ұйымдар, БАҚ** | «KEGOC» АҚ интеграцияны тереңдету тетіктеріне және Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде электр энергетикасын дамытудың Үйлестірілген стратегиясын әзірлеуге назар аудара отырып, халықаралық, өңірлік және республикалық салалық ұйымдардың мүшесі және қатысушысы болып табылады. Компания жеделдік, сенімділік, қолжетімділік және теңгерімділік қағидаттарына сүйене отырып, өзара іс-қимыл және ақпаратты ашу есебінен БАҚ-та беделді капитал мен оң имиджді қалыптастыруды қамтамасыз етеді. | Электр энергетикалық ұйымдардың қызметіне, бағдарламалық және салалық құжаттар мен бастамаларды әзірлеуге белсенді қатысу, инвестициялық жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу, веб-сайтта және БАҚ-та қызмет туралы ақпаратты ашу, сұрауларға жауаптар, брифингтер, баспасөз конференцияларын өткізу. 2-26 |
| **5. Өнім берушілер** | Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде Компания: сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығы; сапалы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу; мүгедектер ұйымдарын қолдау шартымен барлық әлеуетті өнім берушілерге тең мүмкіндіктер беру; әлеуетті өнім берушілер арасында адал бәсекелестік; қабылданатын шешімдерді бақылау және жауапкершілік; делдалдарды сатып алу процесіне қатысуды барынша азайту қағидаттарына негізделеді. | Шарттық міндеттемелерді орындау, әлеуетті өнім берушілермен тендерлік құжаттама жобаларын алдын ала талқылау, сатып алу қызметі туралы хабардар ету. |
| **6. Тұтынушылар** | Компанияда тұтынушыға бағдарлану қағидаты енгізіліп, сақталады, тұтынушылардың талаптарын айқындау және орындау тетігі құрылады және қамтамасыз етіледі. | Тұтынушылардың қанағаттанушылығын бағалауды, Қоғамдық тыңдауларды, тұтынушылар алдындағы жыл сайынғы есепті, тұтынушылармен кездесулерді жүйелі түрде өткізу, веб-сайтта қолжетімділік рәсімдерін және қатысу өңірлері бойынша бос қуаттардың болуын жариялау. 2-26 |
| **7. Қызметкерлер** | Компания өз қызметкерлерін құрметтейді және бағалайды, персоналдың қажеттіліктері мен қажеттіліктеріне бағдарланады, персонал үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын, еңбекақы мен әлеуметтік жеңілдіктердің лайықты деңгейін, кәсіптік оқыту мен дамытуды қамтамасыз етуге ұмтылады. | Менеджменттің жыл қорытындысы және болашақ кезеңге арналған жоспарлар бойынша ұжыммен есептік кездесулері, өзекті мәселелер бойынша қызметкерлердің пікірін сұрау, ішкі портал арқылы ақпараттандыру және кері байланыс, әлеуметтік тұрақтылық рейтингін жыл сайынғы зерттеулер, омбудсмен институты, жедел желі. 2-26 |
| **8. Еншілес ұйымдар** | Компания корпоративтік басқарудың тиімді тетіктеріне негізделген еншілес ұйымдарды теңгерімді дамытуға ұмтылады. | Өзара іс-қимыл корпоративтік рәсімдер шеңберінде жүзеге асырылады. «KEGOC» АҚ басқаруды ЕҰ басқару органдарының өкілдері арқылы жүзеге асырады, ЕҰ қызметіне әдіснамалық қолдау көрсетеді. |
| **9. Іргелес мемлекеттердің энергия жүйелері** | Қазақстан Республикасы мен іргелес мемлекеттердің энергия жүйелерінің қатар жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін Компания Ресей Федерациясымен және Орталық Азия елдерімен өзара тиімді және тиімді ынтымақтастыққа ұмтылады. | Кездесулерді тұрақты негізде өткізу (ОА ҮЭК, ТМД Электр энергетикалық кеңесі және т.б.), энергия жүйелерінің жұмыс режимдерін және нормативтік құжаттаманы келісу. |

## Маңыздылықты талдау

Компания мүдделі тараптар үшін өзекті және маңызды ақпаратты жылдық есепте көрсетуге тырысады. «KEGOC» АҚ жыл сайын сыртқы және ішкі стейкхолдерлердің сауалнамасы негізінде маңыздылығына талдау жүргізеді. 2023 жылы маңызды тақырыптар анықталған кезде компанияны басқару ерекшеліктерін, экономикалық тиімділік мәселелерін, адам құқықтарын сақтауды, салалық ерекшеліктерді ескере отырып, компанияның қоғам мен экологияға әсерін қамтитын барынша толық тізім қарастырылды. GRI стандарттарының маңыздылығы принципіне сәйкес, тұрақты даму туралы ең өзекті тақырыптарды анықтау үшін 2023 жылдың тамызында компанияға анағұрлым елеулі әсер ететін ішкі және сыртқы стейкхолдерлердің бес балдық шкаласы бойынша сауалнама-бағалау жүргізілді. 2023 жылы жүргізілген маңыздылыққа талдау «Қос маңыздылық»тәсілін қолдануға негізделген. Осы есепті дайындау шеңберінде стейкхолдерлерге сауалнама жүргізілді, оның ішінде 120 сыртқы (тұтынушылар) және 123 ішкі (акционерлер, компания қызметкерлері) стейкхолдерлерден 243 толтырылған сауалнама алынды.

2-29

Сауалнамаларды талдау нәтижелерін қарастыра отырып, орнықты даму жөніндегі үйлестіру кеңесі мен БМЖ бес балдық шкала бойынша мүдделі тараптардың бағалауы мен шешімдеріне маңызды тақырыптардың экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әсерінің маңыздылығын бағалады. Сауалнама нәтижелері мүдделі тараптардың басымдықтарын және тұрақты даму саласындағы негізгі тенденцияларды көрсететін ішкі құжаттарды бағалаумен біріктірілді. Маңыздылығын бағалау нәтижелері бекітілді орнықты даму жөніндегі үйлестіру кеңесі және БММ (2023 жылғы 11 желтоқсандағы №4 хаттама).

Жоғарыда сипатталған екі бағалау негізінде маңыздылық матрицасы құрылды, оған сәйкес компания үшін ең маңызды болып табылатын «KEGOC» АҚ стейкхолдерлерін қызықтыратын 6 тақырып анықталды.

3-1

### Маңыздылық матрицасы




Осылайша, осы есепте ашылған маңызды тақырыптардың тізімі мыналарды қамтиды:

**Экономикалық тақырыптар:**

- 201 Экономикалық тиімділік

**Экологиялық тақырыптар:**

- 302 Энергия
- 305 Шығарындылар
- 306 Қалдықтар

**Әлеуметтік тақырыптар:**

- 403 Еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау
- 405 Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер

3-2

2023 жылғы сауалнаманы талдау нәтижелері 2022 жылы жүргізілген талдау нәтижелерімен салыстырылды. 2022 жылы жүргізілген талдау нәтижелері бойынша маңызды деп анықталған тақырыптардан басқа, «Қалдықтар», «Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер» тақырыптарын стейкхолдерлер маңызды деп таңдайды. Дегенмен, GRI тақырыптарының көпшілігі осы есепте, соның ішінде TCFD ұсынымдарын қолдана отырып әзірленген KASE және AIX биржаларының бағалы қағаздарға рұқсат беру бастамашыларының ақпаратты ашу ережелерінің талаптарын сақтау үшін ашылған.

3-2

Тұрақты қаржыландыруға қатысты мәселелер мен мақсаттарға қатысты шешімдер қабылдауға қызығушылық танытатын бизнес пен нарықтардың өсіп келе жатқан назары ESG аспектілеріне және онымен байланысты тәуекелдерге көбірек назар аударуға әкеледі. ESG мәселелері Топтың стратегиясы мен бизнес-моделінің ажырамас бөлігі болып табылады және оларға көбірек көңіл бөлінеді. Бұл, ең алдымен, экологиялық сипаттағы тәуекелдерге және әлеуметтік мәселелермен байланысты тәуекелдерге қатысты болып табылады.

# 2-қосымша. Индикаторлар

## Кадрлық саясат

4 САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ

8 ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ

405-1

| Көрсеткіш | Өлшем б. | 2019 | 2020 | 2021 | 2022 | 2023 | 2023/2022 | 2023/2022, % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Кадрлық көрсеткіштер** | | | | | | | | |
| Қызметкерлердің тізімдік саны | адам | 4 819 | 4 371 | 4 400 | 4 376 | 4 446 | 70 | 1,5% |
| оның ішінде: | | | | | | | | |
| - ерлер | адам | 3 502<br>(72,7%) | 3 465<br>(73,2%) | 3 377<br>(76,8%) | 3 367<br>(76,9%) | 3 409<br>(76,7%) | 42 | 1,2% |
| - әйелдер | адам | 1 317<br>(27,3%) | 1 266<br>(26,8%) | 1 023<br>(23,2%) | 1 009<br>(23,1%) | 1 037<br>(23,3%) | 28 | 2,7% |
| SRS Индексі | % | 90 | 91 | 85 | 86 | 86 | 0 | - |
| Қызметкерлерді тарту индексі | % | 74 | 90 | 85 | - | - | - | - |
| **Дамыту және оқыту** | | | | | | | | |
| Бір қызметкерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа жылдық саны | сағ. | 25,2 | 23,0 | 22,3 | 27,6 | 25,96 | -1,64 | -5,9% |
| оның ішінде | | | | | | | | |
| - ерлер | сағ. | 25,9 | 22,7 | 21,9 | 27,7 | 30,2 | 2,5 | 9,0% |
| - әйелдер | сағ. | 21,3 | 26,3 | 25,5 | 26,9 | 12 | -14,9 | -55,3% |
| - ӘБҚ | сағ. | 18,9 | 23,7 | 21,5 | 27,1 | 18,2 | -8,9 | -32,8% |
| - ӨҚ | сағ. | 26,3 | 22,9 | 22,4 | 27,6 | 27,1 | -0,5 | -1,8% |

## 31.12.2023 жылғы жай-күй бойынша жалдау шарты және жынысы бойынша бөлінген қызметкерлердің жалпы саны, адам

2-7

| | Толық жұмыс күні жұмыс істейтіндер, адам. | | | Вахталық жұмыс әдісімен айналысатындар, адам. | | | Толық емес жұмыс күні жұмыс істейтіндер, адам. | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Бөлімше | Барл. | ер. | әйел. | Барл. | ер. | әйел. | Барл. | ер. | әйел. | Барлығы |
| Ақмола ЖЭТ | 568 | 470 | 98 | 0 | | | 3 | 3 | 0 | 571 |
| Ақтөбе ЖЭТ | 262 | 211 | 51 | 0 | | | 0 | | | 262 |
| Алматы ЖЭТ | 466 | 393 | 73 | 5 | 5 | | 3 | 2 | 1 | 474 |
| Шығыс ЖЭТ | 289 | 236 | 53 | 0 | | | 1 | 1 | 0 | 290 |
| Батыс ЖЭТ | 202 | 146 | 56 | 50 | 50 | | 0 | | | 252 |
| Сарыбай ЖЭТ | 411 | 334 | 77 | 0 | | | 0 | | | 411 |
| Солтүстік ЖЭТ | 379 | 286 | 93 | 0 | | | 2 | 1 | 1 | 381 |
| Орталық ЖЭТ | 413 | 335 | 78 | 7 | 7 | 0 | 0 | | | 420 |
| Оңтүстік ЖЭТ | 431 | 360 | 71 | 0 | | | 1 | 1 | 0 | 432 |
| ЖО ҰДО | 101 | 60 | 41 | 0 | | | 0 | | | 101 |
| Атқарушы дирекция | 372 | 186 | 186 | 0 | | | 0 | | | 372 |
| «Энергоинформ» АҚ | 476 | 318 | 158 | 2 | 2 | | 2 | 2 | | 480 |
| **Барлығы** | **4 370** | **3 335** | **1 035** | **64** | **64** | **0** | **12** | **10** | **2** | **4 446** |

* Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 70-бабына сәйкес жұмыс беруші жүкті әйелдің, үш жасқа дейінгі баласы (балалары) бар ата-анасының бірінің (асырап алушының), сондай-ақ медициналық қорытындыға сәйкес отбасының науқас мүшесіне күтім жасауды жүзеге асыратын қызметкердің жазбаша өтініші бойынша оларға толық емес жұмыс уақыты режимін белгілеуге міндетті.

## 31.12.2023 жылғы жай-күй бойынша жұмыспен қамту түрі мен жынысы бойынша бөлінген қызметкерлердің жалпы саны., адам.

2-7

| 2023 жылғы 1 шілдеден бастап «Электр энергетикасы туралы» Заңға (бұдан әрі — Заң) электр энергиясын бірыңғай сатып алушыны енгізу арқылы электр энергиясының көтерме сауда нарығының (ЭКН) жұмыс істеу механизмін реттеу және нақты уақыт режимінде электр энергиясының теңгерімдегі нарығы (ЭТН) туралы өзгерістер енгізілді.<br>ЭКН-да энергия өндіруші ұйымдар өндіретін барлық электр энергиясы, тұтынушылар мен өнеркәсіптік кешендердің энергия өндіруші ұйымдары мен бір ұйымға жататын ұйымдар арасындағы электр энергиясын сатып алу-сатуды қоспағанда, электр энергиясы Бірыңғай сатып алушыға сатылады (*тұлғалар топтарының тізімін Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі қалыптастырады*).<br>Өз кезегінде, ЭТН Қазақстандағы БЭЖ-дегі теңгерімсіздіктерді реттеуді қамтамасыз етеді және ауытқулар тудырған нарық субъектілеріне бағыттауға мүмкіндік береді.<br>Жаңа нарық моделінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында «Электр энергетикасы туралы» Заңға сәйкес тиісті келісімдер негізінде 2023 жылғы 1 шілдеден бастап «KEGOC» АҚ нарық субъектілеріне ұлттық электр торабын пайдалану жаңа қызметін көрсетеді. Сонымен бірге, электр энергиясын ұлттық электр торабы арқылы беру бойынша электр энергиясын беру қызметі сақталды және тұлғалар тобына кіретін ұйымдарға (электр станциясынан бір тұлғалар тобына жататын тұтынушыға ҰЭТ арқылы электр энергиясын беру кезінде, яғни беру бағыты мен нысаналы бағытын анықтауға болады) электр энергиясының мемлекетаралық транзитіне (басқа мемлекеттердің ұйымдарына қызмет көрсетуге), экспортқа/импортқа және ЖЭК екіжақты шарттар жасасқан тұтынушыларға көрсетіледі.<br>ЭТН теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алуды және сатуды жүзеге асырады. «KEGOC» АҚ мен «Электр энергиясы мен қуаты рыногының қазақстандық операторы» («ЭҚРҚО» АҚ) арасындағы сатып алу-сату ЭТН-ның барлық субъектілерімен жасалған Сату-сатып алу және өзара қосылу шарттарына сәйкес жүзеге асырылады. | Біз Заңға енгізілген өзгерістермен таныстық. Біз Заңға енгізілген өзгерістердің «KEGOC» АҚ-да кірістерді қалыптастыру және тану процесіне әсерін зерттедік.<br>Біз нарық субъектілеріне көрсетілген қызметтерден түскен кірістерді, оның ішінде ҰЭТ пайдаланудан түскен кірісті және ҰЭТ арқылы электр энергиясын беруден түскен кірістерді тануды тексердік.<br>Сондай-ақ, теңгерімдеуші электр энергиясын сатудан түскен кірісті және «ЭҚРҚО» АҚ теріс теңгерімсіздікті сатып алу құнын тануды тексердік.<br>Біз ақшалай міндеттемелерді өзара есепке алу тізілімдерін тексердік, оның негізінде «ЭҚРҚО» АҚ тізілімде көрсетілген тұлғаларға сыйақыны талап ету құқығын «KEGOC» АҚ-на береді.<br>Біз өтелмеген шот-фактуралар бойынша ЭТН субъектілерінің дебиторлық берешегін өтеуді тексердік.<br>Біз саудалық дебиторлық берешек бойынша болжамды күтілетін несиелік шығындардың дұрыстығын тексердік. |

«RSM Qazaqstan» ЖШС RSM қатысушыларының фирмалар желісінің мүшесі болып табылады. RSM желісіне қатысатын әрбір фирма тәуелсіз заңды тұлға болып табылады. RSM желісін Англия мен Уэльсте тіркелген RSM International Limited компаниясы басқарады.

# Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

RSM

***Топтың 2023 жылғы жылдық есебіне енгізілген өзге ақпарат***

Өзге ақпарат Топтың 2023 жылғы жылдық есебінде қамтылған ақпаратты қамтиды,бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік пен ол туралы біздің аудиторлық есебімізді қамтымайды. Өзге ақпарат үшін басшылық жауапты. 2023 жылғы жылдық есеп осы аудиторлық есеп беру күнінен кейін бізге қолжетімді болады деп күтілуде.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік бойынша біздің аудиторлық пікіріміз өзге ақпаратты қамтымайды және біз бұл ақпарат бойынша сенімділік қорытындысын білдірмейміз.

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитіне байланысты біздің жауапкершілігіміз жоғарыда аталған өзге ақпаратты бізге берілген кезде қарап шығу және өзге ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептілік арасында немесе аудит барысында алған біліміміздің арасында елеулі сәйкессіздіктердің бар-жоғын және басқа ықтимал елеулі бұрмаланулардың бар-жоғын қарастыру болып табылады.

***Шоғырландырылған қаржылық есептілікке қатысты басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалардың жауапкершілігі***

Басшылық осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға және оның ХҚЕС сәйкес шынайы ұсынылуына, сонымен қатар басшылықтың пікірінше алаяқтық немесе кателесуден болатын айтарлықтай бұрмаланушылықтары болмайтын шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға қажет болатын ішкі бақылау жүйесіне жауапты. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, қызмет үздіксіздігіне байланысты деректерді тиісті жағдайларда ашып көрсетуге және қызмет үздіксіздігі жорамалы негізінде есептілікті дайындауға, жағдайларды немесе оның тарату немесе қызметін тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындауын бақылауға жауапты.

***Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі***

Біздің мақсатымыз ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаушылықтардың жоқтығына орынды сенімділік алу және біздің пікірімізді қосатын аудиторлық есеп шығару болып табылады. Орынды сенімділік — сенімділіктің жоғары дәрежесі болып табылады, бірақ ол ХАС сәйкес жүргізілген аудит барысында елеулі бұрмалаушылықтар бар болған жағдайда олардың әрдайым анықталуының кепілдігі болып табылмайды. Бұрмалаушылықтар ықылассыз әрекеттердің немесе қателесудің нәтижесінде туындауы мүмкін. Егер бұрмалаушылықтар пайдаланушылардың қаржылық есептілік негізінде қабылдайтын экономикалық шешімдеріне жекеше немесе бірлесіп әсер ете алса, елеулі бұрмалаушылықтар болып есептеледі.



RSM

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдау қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күмәншілдік сақтаймыз. Бұған қоса, біз келесілерді орындаймыз:

- ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болуы үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Ықылассыз әрекеттер салдарынан елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелі қателесу салдарынан болатын елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелінен жоғары, себебі ықылассыз әрекеттерге сөз байласу, жалғандық, әдейі қалдырып кету, ақпаратты бұрмалап ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айланып өту арқылы әрекеттер жасау кіруі мүмкін;
- жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдер әзірлей мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін зерделейміз, бірақ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі жайында пікір білдіру мақсатында емес;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;
- басшылық қызмет үздіксіздігі жорамалын қолдануының заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде — Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алатынына елеулі күдік тудырта алатын оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздіктің бар немесе жоқ екендігі жайлы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екені туралы тұжырымға келсек, біз аудиторлық есебімізді шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі тиісті ақпарат ашуға назар аудартуымыз керек, немесе ақпарат тиісті түрде ашылмаған болса, пікірімізде ескертпе жасаймыз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық есебіміздің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелерге негізделген. Алайды, келешек оқиғалар немесе жағдайлар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылуына әкелуі мүмкін;
- шоғырландырылған қаржылық есептіліктің жалпы ұсынылуын, оның құрылымын және масмұнын, соның ішінде ақпараттың ашылуын, сондай-ақ қаржылық есептілікте оның негізі болатын операциялар мен оқиғалардың шынайы көрсетілуінің қамтамасыз етілуін бағалаймыз;
- шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірді білдіру үшін, Топ ішіндегі ұйымдардың қаржы ақпаратына немесе олардың қызметіне қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз Топтың аудитін басқару, бақылау және жүргізу үшін жауап береміз. Біз өз аудиторлық пікірімізге толықтай жауапты болып қаламыз.

Біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалармен ақпараттық әрекеттесуді жүзеге асырып, оларды аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері жөніндегі, сондай-ақ аудит барысында анықталған елеулі ескертулер, соның ішінде біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы хабардар етеміз.

Біз сондай-ақ корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларға тәуекелсіздікке қатысты барлық тиісті әдеп талаптарын сақтағанымыз көрсетілген және бұл тұлғаларға аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізді санауға болатын барлық өзара қарым-қатынастар мен өзге мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайларда — тиісті сақтық шаралары жөнінде хабарлағанымыз туралы мәлімдемені ұсынамыз.

«RSM Qazaqstan» ЖШС RSM қатысушыларының фирмалар желісінің мүшесі болып табылады. RSM желісіне қатысатын әрбір фирма тәуелсіз заңды тұлға болып табылады. RSM желісін Англия мен Уэльсте тіркелген RSM International Limited компаниясы басқарады.

RSM

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға хабарлаған мәселелерден ағымдағы кезең іші қаржылық есептіліктің аудиті үшін неғұрлым маңызды болған, демек, аудиттің негізгі мәселелері болып табылатын мәселелерді анықтаймыз. Біз бұл мәселелер туралы ақпаратты жария етуге заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған немесе өте сирек жағдайларда бұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оны хабарлаудан болатын қоғамдық мыңызы бар пайдадан асып түсетінін негізді түрде болжауға болатындықтан, қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есепте хабарланбауы тиіс деген тұжырымға келген жағдайларды қоспағанда, осы мәселелерді біздің аудиторлық есебімізде сипаттаймыз.

Аудит нәтижелері бойынша осы тәуелсіз аудитордың есептілігін шығаруға аудитті жүргізуге жауапты серіктес, — Айсулу Нарбаева.

ТОО "RSM Qazaqstan"

Айсулу Нарбаева
Аудитор / Бас директор
«RSM Qazaqstan» ЖШС

Аудитордың біліктілік куәлігі
1994 жылғы 21 қазандағы
№ 0000137

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті 2019 жылғы 24 желтоқсанда берген № 19024411 Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензия

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Достық даңғ., 43, «D43» бизнес-орталығы, 302-кеңсе

2024 жылғы 27 ақпан

«RSM Qazaqstan» ЖШС RSM қатысушыларының фирмалар желісінің мүшесі болып табылады. RSM желісіне қатысатын әрбір фирма тәуелсіз заңды тұлға болып табылады. RSM желісін Англия мен Уэльсте тіркелген RSM International Limited компаниясы басқарады.

## Шоғырландырылған қаржылық есептеме

### Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша

| Мың теңгемен | Ескертпе | 2023 жылғы 31 желтоқсан | 2022 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| **Активтер** | | | |
| **Айналымнан тыс активтер** | | | |
| Негізгі құралдар | 6 | **870.122.684** | 859.129.917 |
| Материалдық емес активтер | | **3.163.452** | 3.453.791 |
| Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар | 6 | **2.823.470** | 6.118.449 |
| Қауымдасқан компанияға инвестициялар | 7 | **2.942.759** | 2.747.455 |
| Байланысты тараптардан ұзақ мерзімді дебиторлық берешек | 26 | **382.638** | 514.613 |
| Басқа да қаржылық активтер, ұзақ мерзімді бөлік | 11 | **1.979.457** | 1.968.564 |
| | | **881.414.460** | **873.932.789** |
| **Айналымдағы активтер** | | | |
| Қорлар | 8 | **3.289.266** | 3.207.155 |
| Сауда дебиторлық берешек | 9 | **34.314.906** | 21.047.390 |
| Өтелетін ҚҚС және басқа да салықтар бойынша алдын ала төлем | | **234.527** | 871.258 |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем | | **1.834.225** | 128.400 |
| Басқа да ағымдағы активтер | 10 | **2.733.677** | 1.649.971 |
| Басқа да қаржылық активтер, қысқа мерзімді бөлік | 11 | **30.589.367** | 57.196.672 |
| Пайдаланылуы шектелген ақша қаражаты | 12 | **1.846.056** | 1.015.462 |
| Ақша қаражаты және олардың баламалары | 13 | **45.528.523** | 27.563.092 |
| | | **120.370.547** | **112.679.400** |
| **Активтердің жиыны** | | **1.001.785.007** | **986.612.189** |

| Мың теңгемен | Ескертпе | 2023 жылғы 31 желтоқсан | 2022 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| **Капитал және міндеттемелер** | | | |
| **Капитал** | | | |
| Акционерлік капитал | 14 | **148.922.757** | 126.799.554 |
| Меншікті сатып алынған акциялар | 14 | **(930)** | (930) |
| Активтерді қайта бағалау резерві | 14 | **488.537.852** | 489.297.133 |
| Бөлінбеген пайда | | **48.259.455** | 37.469.407 |
| | | **685.719.134** | **653.565.164** |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Қарыздар, ұзақ мерзімді бөлік | 15 | **5.588.895** | 11.367.844 |
| Облигациялар, ұзақ мерзімді бөлік | 16 | **149.521.918** | 133.394.155 |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері | 25 | **119.642.670** | 123.971.284 |
| Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек | 17 | **2.163.124** | 4.146.691 |
| Болашақ кезеңдердің кірістері, ұзақ мерзімді бөлігі | | **622.896** | 676.138 |
| Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер | | **–** | 13.522 |
| | | **277.539.503** | **273.569.634** |
| **Қысқа мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Қарыздар, қысқа мерзімді бөлік | 15 | **1.146.917** | 5.530.813 |
| Облигациялар, қысқа мерзімді бөлік | 16 | **7.277.659** | 6.058.889 |
| Сауда және басқа да кредиторлық берешек | 17 | **19.721.022** | 21.713.025 |
| Төленетін дивидендтер | 14 | **–** | 17.014.309 |
| Шарт бойынша міндеттемелер | | **1.185.059** | 1.669.590 |
| Болашақ кезеңдердің кірістері, қысқа мерзімді бөлігі | | **53.243** | 53.243 |
| Корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар бойынша берешек | 18 | **3.426.356** | 1.933.096 |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша берешек | | **–** | 267.335 |
| Басқа да ағымдағы міндеттемелер | 19 | **5.716.114** | 5.237.091 |
| | | **38.526.370** | **59.477.391** |
| **Міндеттемелер жиыны** | | **316.065.873** | **333.047.025** |
| **Капитал және міндеттемелер жиыны** | | **1.001.785.007** | **986.612.189** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Бір жай акцияның баланстық құны (теңгемен)** | **14** | **2.479** | **2.500** |

## Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

| Мың теңгемен | Ескертпе | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|---|
| Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім | 20 | **252.136.383** | 217.255.548 |
| Көрсетілген қызметтердің өзіндік құны | 21 | **(181.403.604)** | (166.355.885) |
| **Жалпы пайда** | | **70.732.779** | **50.899.663** |
| | | | |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | 22 | **(11.113.427)** | (9.020.431) |
| Өткізу бойынша шығыстар | | **(490.990)** | (310.355) |
| Негізгі құралдарды қайта бағалаудан болған залалды қалпына келтіруден түскен кіріс | 6 | **–** | 949.895 |
| Негізгі құралдарды қайта бағалаудан болған залал | 6 | **–** | (4.548.255) |
| (Құнсызданудан болған залал) / негізгі құралдардың құнсыздануын қалпына келтіру | 6 | **(462.516)** | 23.385 |
| **Операциялық пайда** | | **58.665.846** | **37.993.902** |
| | | | |
| Қаржылық кірістер | 23 | **7.576.474** | 5.726.115 |
| Қаржылық шығыстар | 23 | **(13.709.414)** | (13.294.934) |
| Оң бағамдық айырма, нетто | 24 | **951.337** | 114.963 |
| Қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесі | 7 | **195.304** | 469.123 |
| Басқа да кірістер | | **3.051.135** | 2.488.310 |
| Басқа да шығыстар | | **(747.948)** | (500.704) |
| Күтілетін кредиттік залалдарға резервті есептеу | 9,10,11,12,13 | **(2.384.102)** | (528.687) |
| **Салық салынғанға дейінгі пайда** | | **53.598.632** | **32.468.088** |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар | 25 | **(10.202.243)** | (5.720.479) |
| **Жыл ішіндегі пайда** | | **43.396.389** | **26.747.609** |
| | | | |
| **Басқа да жиынтық кіріс / (шығын)** | | | |
| Кейінгі кезеңдерде пайда немесе залал құрамына қайта жіктеуге жатпайтын басқа да жиынтық кіріс | | | |
| Негізгі құралдарды қайта бағалаудан болған залал | 4 | **–** | (100.105.029) |
| Салықтың пайдаға әсері | 25 | **–** | 20.021.005 |
| Корпоративтік табыс салығын шегергендегі кейінгі кезеңдердегі пайда немесе залал құрамына қайта жіктеуге жатпайтын таза басқа да жиынтық залал | | **–** | (80.084.024) |
| **Корпоративтік табыс салығын шегергендегі жыл ішіндегі жиынтық кіріс / (залал) жиыны** | | **43.396.389** | **(53.336.415)** |
| | | | |
| **Акцияға есептегендегі пайда** | | | |
| Бас компанияның жай акцияларын ұстаушыларға келетін базалық және бөлінген пайда (теңгемен) | 14 | **165,50** | 102,88 |

## Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

| Мың теңгемен | Ескертпе | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|---|
| **Операциялық қызмет** | | | |
| Салық салынғанға дейінгі пайда | | **53.598.632** | 32.468.088 |
| | | | |
| **Салық салынғанға дейін пайданы таза ақша ағындарымен салыстырып тексеру үшін түзетулер** | | | |
| Тозу және амортизация | | **51.409.922** | 61.202.463 |
| Қаржылық шығыстар | 23 | **13.709.414** | 13.294.934 |
| Қаржылық кірістер | 23 | **(7.576.474)** | (5.726.115) |
| Оң бағамдық айырма, нетто | | **(951.337)** | (114.963) |
| Күтілетін кредиттік залалдарға резервті есептеу | | **2.384.102** | 528.687 |
| Ескірген қорларға резервті есептеу | | **79.272** | 77.931 |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің шығуынан болған залалдар | | **249.114** | 94.956 |
| Негізгі құралдарды қайта бағалаудан болған залалды қалпына келтіруден түскен кіріс | 6 | **–** | (949.895) |
| Негізгі құралдарды қайта бағалаудан болған залал | 6 | **–** | 4.548.255 |
| Негізгі құралдардың (құнсыздануды қалпына келтіру) құнсызданудан болған залал | 6 | **462.516** | (23.385) |
| Қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесі | 7 | **(195.304)** | (469.123) |
| Мемлекеттік субсидиядан түскен кіріс | | **(53.242)** | (42.708) |
| | | | |
| **Айналым капиталына түзетулер** | | | |
| Қорлардың өзгеруі | | **(161.383)** | (694.703) |
| Сауда дебиторлық берешегінің өзгеруі | | **(16.002.251)** | (8.847.516) |
| Басқа ағымдағы активтердегі өзгеріс | | **(1.258.905)** | (924.897) |
| Өтелетін ҚҚС және басқа да салықтар бойынша алдын ала төлем | | **636.731** | 2.360.396 |
| Сауда және басқа да кредиторлық берешектегі өзгеріс | | **731.901** | 5.505.375 |
| Шарт бойынша міндеттемелердің өзгеруі | | **(484.531)** | (394.756) |
| Басқа ағымдағы міндеттемелердің өзгерісі | | **(13.522)** | (158.106) |
| Табыс салығынан басқа салықтар бойынша берешектерге өзгеріс | | **1.473.334** | (427.761) |
| Басқа ағымдағы міндеттемелердің өзгерісі | | **545.587** | 1.189.689 |
| **Операциялық қызметтен алынған ақша ағындары** | | **98.583.576** | **102.496.846** |
| | | | |
| Қарыздар бойынша төленген проценттер | 27 | **(738.058)** | (1.336.740) |
| Төленген купондық сыйақы | 27 | **(21.572.501)** | (12.727.000) |
| Банк кепілдіктер бойынша комиссияны төлеу | | **(124.994)** | (1.172.412) |
| Түскен пайыздар | | **7.595.069** | 5.658.863 |
| Төленген корпоративтік табыс салығы | | **(16.478.545)** | (12.240.835) |
| **Операциялық қызметтен алынған таза ақша ағындары** | | **67.264.547** | **80.678.722** |

## Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (жалғасы)

| Мың теңгемен | Ескертпе | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|---|
| **Инвестициялық қызмет** | | | |
| Депозиттік шоттардан алу | | **7.287.964** | 44.735.130 |
| Депозиттік шоттарды толықтыру | | **(5.061.468)** | (23.523.047) |
| Пайдалануға шектелген ақша қаражаттарының өзгеруі | | **(898.893)** | – |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатудан түскен түсім | | **196.498** | 2.378.537 |
| Негізгі құралдарды сатып алу | | **(54.705.720)** | (49.476.255) |
| Материалдық емес активтерді сатып алу | | **(597.410)** | (693.486) |
| Борыштық бағалы қағаздарды сатып алу | 11 | **(148.467.501)** | (36.933.373) |
| Борыштық бағалы қағаздарды өтеу | 11 | **174.113.437** | 32.117.343 |
| Эмитенттің DSFK облигацияларын сатып алуы | 11 | **31.087** | 12.671 |
| Казинвестбанк және Эксимбанк Қазақстан қаражатын ішінара қайтару | | **38.478** | 173.876 |
| Қарыздар бойынша төленген комиссиялар | 27 | **(22.358)** | – |
| **Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары** | | **(28.085.886)** | **(31.208.604)** |
| | | | |
| **Қаржылық қызмет** | | | |
| Акцияларды сатудан түскен ақша қаражаттарының түсімі | 14 | **22.665.883** | – |
| Акциялар эмиссиясы бойынша шығындар | 14 | **(542.680)** | – |
| Облигацияларды шығару | 28 | **16.867.598** | 16.141.100 |
| Дивидендтерді төлеу | 14 | **(50.379.931)** | (13.220.929) |
| Қарыздарды өтеу | 27 | **(9.973.990)** | (35.865.915) |
| Жалдау міндеттемелері бойынша негізгі қарызды төлеу | 27 | **–** | (111.895) |
| **Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары** | | **(21.363.120)** | **(33.057.639)** |
| **Ақша қаражаты және олардың баламаларындағы таза өзгеру** | | **17.815.541** | **16.412.479** |
| | | | |
| Валюта бағамдарының өзгеруінің ақша қаражаттары және олардың баламаларына әсері | | **(9.059)** | (600.425) |
| Ақша қаражаттарына және олардың баламаларына күтілетін кредиттік залалдар үшін резервті есептеудің әсері | | **158.949** | (182.790) |
| Ақша қаражаты және олардың баламалары 1 қаңтарға | | **27.563.092** | 11.933.828 |
| **Ақша қаражаты және олардың баламалары 31 желтоқсанға** | **13** | **45.528.523** | **27.563.092** |

**Ақшалай емес операциялар:**

2023 жылдың ішінде Топ облигациялар бойынша купондық сыйақы бойынша шығындарды 8.013.366 мың теңге сомасына негізгі құралдардың құнына капиталдандырды (6-Ескертпе).

## Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

| Мың теңгемен | Жарғылық капитал | Меншік сатып алынған акциялар | Активтерді қайта бағалау резерві | Бөлінбеген пайда | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|
| **2022 жылғы 1 қаңтарға** | **126.799.554** | **(930)** | **569.845.780** | **40.492.413** | **737.136.817** |
| | | | | | |
| Жыл ішіндегі пайда | – | – | – | 26.747.609 | 26.747.609 |
| Пайдаға салынатын салықты шегергендегі негізгі құралдарды қайта бағалаудан болған залал (4-Ескертпе) | – | – | (80.084.024) | – | (80.084.024) |
| **Жиынтық кіріс жиыны** | **–** | **–** | **(80.084.024)** | **26.747.609** | **(53.336.415)** |
| | | | | | |
| Дивидендтер (14-Ескертпе) | – | – | – | (30.235.238) | (30.235.238) |
| Активтерді қайта бағалау резервін ауыстыру (14-Ескертпе) | – | – | (464.623) | 464.623 | – |
| **2022 жылғы 31 желтоқсанға** | **126.799.554** | **(930)** | **489.297.133** | **37.469.407** | **653.565.164** |
| | | | | | |
| Жыл ішіндегі пайда | – | – | – | 43.396.389 | 43.396.389 |
| **Жиынтық кіріс жиыны** | **–** | **–** | **–** | **43.396.389** | **43.396.389** |
| | | | | | |
| Акционерлік капиталды шығару (14-Ескертпе) | 22.123.203 | – | – | – | 22.123.203 |
| Дивидендтер (14-Ескертпе) | – | – | – | (33.365.622) | (33.365.622) |
| Активтерді қайта бағалау резервін ауыстыру (14-Ескертпе) | – | – | (759.281) | 759.281 | – |
| **2023 жылғы 31 желтоқсан** | **148.922.757** | **(930)** | **488.537.852** | **48.259.455** | **685.719.134** |

## Шоғырландырылған қаржылық есептемеге ескертпелер

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

### 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі — «Компания» немесе «KEGOC») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 қыркүйектегі № 1188 Қаулысына сәйкес бұрынғы «Қазақстанэнерго» Ұлттық энергетика жүйесі активтерінің бір бөлігін беру арқылы құрылды.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компанияның негізгі акционері «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі — «Самұрық-Қазына») болып табылады (иелік үлесі 85%). Самұрық-Қазына Қазақстан Республикасы Үкіметінің бақылауында. Акциялардың қалған 15%-ы 2014 және 2023 жылдары «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі — KASE) және Astana International Exchange — AIX (АХҚО биржасы) (бұдан әрі-AIX) ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарықтарында орналастырылды.

KEGOC компаниясы Қазақстанда электр энергиясын жеткізу, техникалық диспетчерлендіру және электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру қызметтерін көрсететін ұлттық компания болып табылады. Мемлекет тағайындаған Жүйелік оператор ретінде Компания орталықтандырылған оперативтік-диспетчерлік басқаруды жүзеге асырады, басқа мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатарлас жұмысты қамтамасыз етеді, энергия жүйесінде теңгерімді қолдап отырады, жүйелік қызметтерді көрсетеді және электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілерінен қосалқы қызметтерді сатып алады, сонымен қатар электр энергиясын ұлттық электр торабы (бұдан әрі — «ҰЭТ») арқылы жеткізіп, оған техникалық қызмет көрсетеді және пайдалануға дайын күйінде ұстап отырады. ҰЭТ қосалқы станциялардан, тарату құрылғыларынан, өңіраралық және (немесе) мемлекетаралық электр жеткізу желілерінен және кернеуі 220 киловольт және одан жоғары болатын электр станцияларының электр энергиясын жеткізетін электр жеткізу желілерінен тұрады.

2023 жылғы 19 сәуірде Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының (бұдан әрі — ҚР) кейбір заңнамалық актілеріне әкімшілік реформа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды, оның ішінде 2023 жылғы 1 шілдеден бастап нысаналы модельді өзгерту бөлігінде «Электр энергетикасы туралы» Заңға (бұдан әрі — Заң) түзетулер енгізуді көздейді электр энергиясын Бірыңғай сатып алушы институтын (бұдан әрі — Бірыңғай сатып алушы) енгізу және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығын (бұдан әрі — ЭТН) имитациялық нарықтан нақты уақыт режиміне ауыстыру арқылы электр энергиясының көтерме сауда нарығы.

Анықтама ретінде: Бірыңғай сатып алушы — электр энергиясының жоспарлы көлемдерін орталықтандырылған сатып алуды және орталықтандырылған сатуды жүзеге асыратын, уәкілетті орган айқындайтын, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлға.

Көтерме сауда нарығының осы моделі кезінде Бірыңғай сатып алушы әр сағат бөлінісінде екі жақты шарттары бар электр энергиясының жаңартылатын көздерін (бұдан әрі — ЖЭК) қоспағанда, энергия өндіруші ұйымдардан (бұдан әрі — ЭӨҰ) электр энергиясының мәлімделген жоспарлы көлемдерін олардың шекті тарифтері шегінде орталықтандырылған сатып алуды жүргізеді, электр энергиясын барлық тұтынушылар үшін орташа баға бойынша және тапшылық кезінде өткізеді ҚР Бірыңғай электр энергетикалық жүйесіндегі (бұдан әрі — ҚР БЭЖ) электр энергиясының жоспарлы импортын жүзеге асырады.

Көтерме сауда нарығы субъектілерінен электр энергиясын орталықтандырылған сатып алуды Бірыңғай сатып алушы Заңда айқындалған басымдық тәртібімен жүзеге асырады.

Бірыңғай сатып алушының моделі электр энергиясын бөлудің «атаулылығын» болдырмайтындығына байланысты (станциядан — тұтынушыға) жүйелік операторда жасалған шарт негізінде шартты тұтынушыны қоспағанда, нарықтың барлық қатысушыларына техникалық қызмет көрсетуді және пайдаланушылық әзірлікте қолдауды қамтамасыз ететін ҰЭТ пайдалану бойынша жаңа қызмет енгізіледі.

Анықтама ретінде: шартты тұтынушы — «ЖЭК пайдалануды қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалатын, онымен бірге адамдардың бір тобына кіретін ЭӨҰ-дан электр энергиясын, өнеркәсіп кешенін және білікті тұтынушыны сатып алатын көтерме тұтынушы.

Электр энергиясының көтерме сауда нарығына қатысушылардың электр энергиясын өндірудің — тұтынудың мәлімделген жоспарлы көлемінен ауытқуы арқылы теңгерімсіздіктерге жол берген кезде көтерме сауда нарығына қатысушы ЭТН-ге ауысады.

ЭТН-ге қатысушылардың қаржылық жауапкершілігін ЭТН-де қалыптасқан бағалар бойынша жіберілген теңгерімсіздіктер үшін төлемді атаулы бөлу арқылы көздейді, бұл тұтынушылардың ең жоғары сағаттарда электр энергиясын тұтынуының төмендеуіне әкелуі тиіс, сонымен қатар электр энергиясын қосымша генерациялау үшін көтерілген төлем арқылы ЭӨҰ-ны ынталандыруы тиіс. ЭТН-нің барлық субъектілері дербес немесе нарық провайдері арқылы теңгерімсіздікті қаржылық реттеу үшін ЭТН-нің есеп айырысу орталығымен шарттар жасайды.

Анықтама ретінде: ЭТН есеп айырысу орталығы — ЭТН-де теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді орталықтандырылған сатып алу-сатуды жүзеге асыратын уәкілетті орган айқындаған ұйым.

Электр энергиясының көтерме сауда нарығында да, ЭТН-де де электр энергиясын өндіру мен тұтыну, импорттау және экспорттау көлемдерін физикалық реттеуді теңгерімдеуші нарық жүйесінде электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесін қалыптастыру және бекіту арқылы Жүйелік оператор жүргізеді.

Бұл жаңалық алдағы үш-бес жылға арналған электр энергиясының болжамды тапшылығы проблемасын шешуге және заңға тәуелді актілерге сәйкес Жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілген барлық қатысушылардың бәсекелестігі үшін тең жағдайлар жасауға бағытталған.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компанияның келесі еншілес ұйымға ие болды:

| Компания | Қызмет | Қатысу үлесі 2023 жылғы 31 желтоқсан | Қатысу үлесі 2022 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| «Энергоинформ» АҚ | KEGOC қызметін ақпараттық қамтамасыз ету | 100% | 100% |

Компания мен оның еншілес ұйымы бұдан әрі бірге «Топ» деп аталады

Компанияның бас кеңсесі мына мекенжай бойынша тіркелген: Қазақстан Республикасы, Z00T2D0, Астана, қ. Тәуелсіздік даңғ., 59-ғимарат.

Топтың қоса беріліп отырған шоғырландырылған қысқартылған қаржылық есептемесін Компанияның Басқарма төрағасы мен бас бухгалтері 2024 жылғы 27 ақпанда бекітті.

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТЕМЕНІ ӘЗІРЛЕУ НЕГІЗДЕРІ

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептемесі Халықаралық қаржылық есептеме стандарттары жөніндегі Кеңес (бұдан әрі — «ХҚЕС жөніндегі Кеңес») түзетулерімен Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес әзірленді.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептеме бастапқы құн бойынша бағалау қағидатына сәйкес, қайта бағаланған құн бойынша көрсетілген негізгі құралдардың кейбір сыныптарын және осы шоғырландырылған қаржылық есептемеге арналған есепке алу саясатында және ескертпелерде көрсетілгендей әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтерін қоспағанда дайындалды. Шоғырландырылған қаржылық есептеме теңгемен ұсынылды, ал өзге көрсетілген жағдайларды қоспағанда, барлық сомалар бүтін мыңға дейін дөңгелектенді.

Топ Қызметтің үздіксіздігі туралы болжамға сүйене отырып, шоғырландырылған қаржылық есептемені әзірледі.

### Шоғырландыру негізі

Шоғырландырылған қаржылық есептеме 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компанияның және оның еншілес ұйымдарының қаржылық есептемесін қамтиды. Егер Топ инвестициялар объектісіне қатысудан түсетін табыспен байланысты тәуекелдерге ұшыраса немесе осындай табысты алуға құқығы болса, сонымен қатар инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін жүзеге асыру арқылы табысқа ықпал ету мүмкіндігі болған жағдайда бақылау жүзеге асырылады. Атап айтқанда Топ инвестициялар объектісін келесі шарттар орындалған жағдайда бақылайды:

- Топтың инвестициялар объектісіне қатысты өкілеттіктерінің болуы (яғни, инвестициялар объектісінің маңызды қызметін басқарудың ағымдағы мүмкіндігін қамтамасыз ететін қолданыстағы құқықтар);
- Топтың инвестиция объектісіне қатысудан түсетін ауыспалы табыспен байланысты тәуекелдерге ұшырағыштықтың немесе осындай табысты алу құқығының болуы;
- Топтың кіріс көлеміне әсер ету үшін өз өкілеттіктерін пайдалануға мүмкіндігінің болуы.

Әдетте, дауыс беру құқығының көпшілігі бақылаудың болуын анықтайды деп болжанады. Осындай жол беруді растау үшін және Топта Инвестициялар объектісіне қатысты дауыс беру құқығының немесе ұқсас құқықтардың көпшілігінен азы болған кезде Топ осы инвестициялар объектісіне қатысты өкілеттіктердің болуын бағалау кезінде барлық орынды фактілер мен мән-жайларды ескереді:

- инвестициялар объектісінде дауыс беру құқығы бар басқа тұлғалармен келісім(дер);
- инвестициялар объектісінде дауыс беру құқығы бар басқа тұлғалармен келісім (дер) ; басқа келісімдерге негізделген құқықтар;
- Топтың дауыс беру құқығы және ықтимал дауыс беру құқығы.

Егер фактілер мен мән-жайлар бақылаудың үш компонентінің біреуінің немесе бірнешеуінің өзгергені туралы куәландырса, Топ инвестициялар объектісіне қатысты бақылаудың болуын қайта талдайды. Еншілес ұйымды шоғырландыру Топ еншілес ұйымды бақылауды алған кезде басталады және Топ еншілес ұйымды бақылауды жоғалтқан кезде тоқтатылады. Сатып алынуы немесе шығарылуы бір жыл ішінде болған еншілес ұйымның активтері, міндеттемелері, кірістері мен шығыстары Топ бақылауды алған күннен бастап жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке енгізіледі және Топ еншілес ұйымды бақылауды жоғалтқан күнге дейін көрсетіледі.

Пайда немесе залал және өзге жиынтық табыстың әрбір құраушысы (ЖТҚ), тіпті егер бұл бақыланбайтын қатысу үлестерінің теріс сальдосына әкеп соқтырса да, Топтың бас компаниясының меншік иелеріне тиесілі және бақыланбайтын қатысу үлестеріне жатады. Қажет болған кезде еншілес ұйымдардың қаржылық есептемесі осындай компаниялардың есеп саясатын топтың есеп саясатына сәйкес келтіру үшін түзетіледі. Топ ішіндегі операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде туындайтын барлық топішілік активтер мен міндеттемелер, капитал, кірістер, шығыстар және ақша ағындары шоғырландыру кезінде толығымен алып тасталады.

Бақылауды жоғалтпай еншілес ұйымдағы қатысу үлесін өзгерту капиталмен жүргізілген операция ретінде ескеріледі. Егер Топ еншілес ұйымды бақылауды жоғалтса, ол тиісті активтерді (оның ішінде гудвилді), міндеттемелерді, бақыланбайтын қатысу үлестерін және меншікті капиталдың өзге де компоненттерін тануды тоқтатады және пайда немесе залал құрамында пайда немесе залалды таниды. Қалған инвестициялар әділ құны бойынша танылады.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

### Топ алғаш қолданған жаңа стандарттар, қолданыстағы стандарттар мен түсіндірулер мен түсіндірулерге түзетулер

Топ алғаш рет 2023 жылдың 1 қаңтарынан басталатын немесе осы күннен кейінгі жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енетін кейбір стандарттар мен түзетулерді қолданды (егер басқаша көрсетілмесе). Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген қандай да бір стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданбаған.

**«Сақтандыру шарттары» ХҚЕС (IFRS) 17**

«Сақтандыру шарттары» ХҚЕС (IFRS) 17 тану және бағалау, ақпаратты ұсыну және ашу мәселелерін қарайтын сақтандыру шарттары үшін қаржылық есептіліктің жаңа барлығын қамтитын стандарты болып табылады. ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары» ХҚЕС (IFRS) 4 ауыстырады. ХҚЕС (IFRS) 17 сақтандыру келісімшарттарының барлық түрлеріне (яғни өмірді сақтандыру және өмірді сақтандырудан басқа сақтандыру, тікелей сақтандыру және қайта сақтандыру), оларды шығаратын ұйымның түріне қарамастан, сонымен қатар белгілі бір кепілдіктер мен қаржылық құралдарға дискрециялық қатысу шарттарымен қолданылады. Қолдану саласында бірнеше ерекшеліктер бар. ХҚЕС (IFRS) 17 негізгі мақсаты сақтандырушылар үшін тиімдірек және дәйекті болып табылатын және есепке алудың барлық маңызды аспектілерін қамтитын сақтандыру шарттарын есепке алудың кешенді моделін ұсыну болып табылады. 17 ХҚЕС (IFRS) негізінде: тікелей қатысу шарттары бар сақтандыру шарттары үшін белгілі бір модификациялар (ауыспалы сыйақы әдісі); жеңілдетілген тәсіл (сыйақыны бөлуге негізделген тәсіл) негізінен қысқа мерзімді шарттар үшін толықтырылған жалпы модель жатыр. Жаңа стандарт Топтың шоғырландырылған қаржылық есептемесіне әсер етпеді.

**«Бухгалтерлік бағалауды анықтау» ХБЕС (IAS) 8-ге түзетулер**

ХБЕС (IAS) 8-ге түзетулерде бухгалтерлік бағалардағы өзгерістер мен есеп саясатындағы өзгерістер мен қателерді түзету арасындағы айырмашылық түсіндіріледі. Сонымен қатар, құжат ұйымдардың бухгалтерлік бағалауды жасау үшін өлшеу әдістері мен бастапқы деректерді қалай қолданатынын түсіндіреді. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептемесіне айтарлықтай әсер етпеді деп болжанады.

**ХБЕС (IAS) 1 және «Есеп саясаты туралы ақпаратты ашу» ХҚЕС қолдану жөніндегі N° 2 практикалық ұсынымдарға**

ХБЕС (IAS) 1 түзетулерін және ұйымдарға есеп саясаты туралы ақпаратты ашу кезінде маңыздылығы туралы пайымдауларды қолдануға көмектесетін басшылық пен мысалдарды қамтитын «Маңыздылығы туралы пайымдауларды қалыптастыру» ХҚЕС қолдану бойынша N° 2 практикалық ұсынымдарды шығарды. Түзетулер ұйымдарға есеп саясатының «маңызды ережелерін» ұйымдардың есеп саясаты туралы «маңызды ақпаратты» ашу талабын есеп саясаты туралы «маңызды ақпаратты» ашу талабына ауыстыру арқылы, сонымен қатар ұйымдардың есеп саясаты туралы ақпаратты ашу туралы шешім қабылдауда маңыздылық ұғымын қалай қолдануы керектігі туралы басшылықты қосу арқылы есеп саясаты туралы неғұрлым пайдалы ақпаратты ашуға көмектесуі керек. Бұл түзетулер Топтың есеп саясаты туралы ақпаратты ашуына әсер етті, бірақ Топтың шоғырландырылған қаржылық есептемесіндегі кез келген баптарды бағалауға, тануға немесе ұсынуға әсер етпеді.

**«Бір операция нәтижесінде туындайтын активтер мен міндеттемелерге байланысты кейінге қалдырылған салық салу» ХБЕС (IAS) 12-ге түзетулер**

«Табыс салығы» ХБЕС (IAS) 12 -ге түзетулер бастапқы тануға қатысты алып тастау аясын тарылтады, сондықтан ол жалдау және пайдаланудан шығару міндеттемелері сияқты тең шамалы салық салынатын және шегерілетін уақытша айырмашылықтарына, мысалы жалға алу немесе объектілерді пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелер жағдайда әкелетін операцияларға қолданылмайды. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептемесіне айтарлықтай әсер етпеді деп болжанады.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

### Топ алғаш қолданған жаңа стандарттар, қолданыстағы стандарттар мен түсіндірулер мен түсіндірулерге түзетулер (жалғасы)

**ХБЕС (IAS) 12 — «Халықаралық салық реформасы — Pillar II үлгілік ережелері»түзетулері**

ХБЕС (IAS) 12-ге осы түзетулер ЭЫДҰ BEPS жобасы шеңберінде екінші компоненттің (Pillar II) қағидаларын қабылдау нәтижесінде шығарылды және мыналарды көздейді:

- заңнамаға Pillar II үлгілік ережелерін енгізуге байланысты туындайтын кейінге қалдырылған салықтарды танудан және ашудан міндетті түрде уақытша босату, және
- жаңа заңнамамен қамтылған ұйымдардың қаржылық есептілігін пайдаланушыларға осы ұйымдарға заңнамада көзделген табыс салығы Pillar II ережелеріне сәйкес қандай әсер ететінін жақсырақ түсінуге көмектесетін ақпаратты ашуға қойылатын талаптар, оның ішінде ол күшіне енгенге дейін.

  Міндетті уақытша босату өзгерістер енгізілген сәттен бастап дереу қолданылады, бұл ретте оның қолданылуы туралы ақпаратты ашу талап етіледі. Ақпаратты ашуға қойылатын қалған талаптар 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты қолданылады, бірақ 2023 жылғы 31 желтоқсанда немесе осы күнге дейін аяқталатын аралық кезеңдерге қатысты қолданылмайды. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептемесіне айтарлықтай әсер етпеді деп болжанады.

### Активтер мен міндеттемелерді айналымдық/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ұзақ мерзімді жіктеу

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте Топ активтер мен міндеттемелерді олардың айналымдық/қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді/ұзақ мерзімді жіктелуіне қарай ұсынады.

Актив айналым болып табылады, егер:

- ол іске асырылуы керек немесе әдеттегі операциялық цикл шеңберінде сатуға немесе тұтынуға арналған;
- ол негізінен сауда мақсаттарына арналған;
- оны есептік кезең аяқталғаннан кейін 12 (он екі) ай ішінде іске асыру көзделеді; немесе
- есептік кезең аяқталғаннан кейін кемінде 12 (он екі) ай ішінде оны айырбастауға немесе міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ол ақша қаражатын немесе оның баламаларын білдіреді.

Барлық басқа активтер айналымнан тыс ретінде жіктеледі.

Міндеттеме қысқа мерзімді болып табылады, егер:

- оны әдеттегі операциялық цикл аясында өтесе;
- ол негізінен сауда мақсаттары үшін ұсталса;
- ол есептік кезең аяқталғаннан кейін 12 (он екі) ай ішінде өтелуге жататын болса; немесе
- компанияда есептік кезең аяқталғаннан кейін кемінде 12 (он екі) ай ішінде міндеттемені өтеуді кейінге қалдыруға сөзсіз құқығы болмаса.

Топ барлық басқа міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктейді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері айналымнан тыс/ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

### Әділ құнды бағалау

Топ әрбір есептік күнге әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері және олардың әділ құны олардың қалдық құнынан айтарлықтай ерекшеленетін кезде әділ құны бойынша қаржылық емес активтер (ҰЭТ активтері) сияқты қаржы құралдарын бағалайды. Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарының әділ құны туралы ақпарат 27-Ескертпеде ашылады.

Әділ құнды бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында әдеттегі тәртіппен жасалатын мәміле шеңберінде активті сатқаны үшін алынатын немесе міндеттемені бергені үшін төленетін баға болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша мәміле жасалатынын болжайды:

- немесе осы актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- немесе негізгі нарық болмаған жағдайда, осы актив немесе міндеттеме үшін неғұрлым қолайлы нарықта.

Топтың негізгі немесе ең қолайлы нарыққа қолжетімділігі болуы тиіс. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарыққа қатысушылар активтің немесе міндеттеменің бағасын айқындау кезінде пайдаланатын жол берулерді пайдалана отырып бағаланады, бұл ретте нарыққа қатысушылар өздерінің үздік мүдделерінде әрекет етеді деп болжанады.

Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарыққа қатысушының немесе активті ең жақсы және неғұрлым тиімді түрде пайдалану арқылы, не оны осы активті ең жақсы және неғұрлым тиімді түрде пайдаланатын нарықтың басқа қатысушысына сату нәтижесінде экономикалық пайдаларды генерациялау мүмкіндігін ескереді.

Топ қалыптасқан жағдайларда қолайлы болып табылатын және әділ құнды бағалау үшін жеткілікті деректер қолжетімді болатын, бұл ретте орынды бақыланатын бастапқы деректерді барынша пайдалана отырып және бақыланбайтын бастапқы деректерді барынша аз пайдалана отырып, осындай бағалау әдістемелерін пайдаланады.

Әділ құны қаржылық есептемеде бағаланатын немесе ашылатын барлық активтер мен міндеттемелер әділ құнды тұтастай бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төменгі деңгейдің бастапқы деректері негізінде әділ құн көздерінің төменде сипатталған иерархиясы шеңберінде жіктеледі:

- 1-деңгей – бірдей активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтағы бағалардың нарықтық белгіленімдері (қандай да бір түзетулерсіз).
- 2-деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды иерархияның неғұрлым төмен деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама байқалатын бағалау модельдері.
- 3-деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды иерархияның неғұрлым төмен деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта байқалмайтын бағалау модельдері.

Мерзімді негізде қаржылық есептемеде қайта бағаланатын активтер мен міндеттемелер жағдайында Топ әрбір есептік кезеңнің соңына сыныптаманы қайта талдай отырып (тұтас алғанда әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төменгі деңгейдің бастапқы деректері негізінде) оларды иерархия көздерінің деңгейлері арасында ауыстыру қажеттілігін айқындайды.

Топтың қаржылық басшылығы ҰЭТ активтерінің және сату үшін қолда бар бағасы белгіленбеген қаржы активтерінің әділ құнын мерзімді бағалау үшін де, қолданылатын жерде активтердің әділ құнын біржолғы бағалау үшін де саясат пен рәсімдерді айқындайды.

ҰЭТ активтерінің құнын бағалау үшін сыртқы бағалаушылар тартылады. Сыртқы бағалаушыларды тарту туралы шешімді қаржы басшылығы қабылдайды. Іріктеу критерийлері ретінде нарықты білу, салалық тәжірибе, бедел және кәсіби стандарттарға сәйкестік қолданылады. Сыртқы бағалаушылармен талқылағаннан кейін қаржы басшылығы әр жағдайда қандай бағалау әдістері мен бастапқы деректерді пайдалану қажет екендігі туралы шешім қабылдайды.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

### Әділ құнды бағалау (жалғасы)

Әрбір есептік күнге қаржы басшылығы Топтың есеп саясатына сәйкес қайта талдау және қайта бағалау қажет активтер мен міндеттемелер құнының өзгерістерін талдайды. Осындай талдау шеңберінде қаржы басшылығы соңғы бағалау кезінде қолданылған негізгі бастапқы деректерді бағалау кезінде пайдаланылатын ақпаратты шарттармен және өзге де тиісті құжаттармен салыстыру арқылы тексереді.

Топтың қаржылық басшылығы мен сыртқы бағалаушылары сонымен қатар есеп саясатына сәйкес негізгі құралдардың қайта бағаланатын сыныбы бойынша әрбір активтің әділ құнының өзгерістерін өзгерістердің негізділігін айқындау мақсатында тиісті сыртқы көздермен салыстырады. Қаржылық басшылық және сыртқы бағалаушылар бағалау кезінде қолданылған негізгі болжамдарды талқылайды.

Әділ құн туралы ақпаратты ашу мақсаттары үшін Топ активтер мен міндеттемелерді олардың сипаты, оларға тән сипаттамалар мен тәуекелдер, сонымен қатар жоғарыда көрсетілгендей әділ құн көздерінің иерархиясында қолданылатын деңгей негізінде жіктеді.

### Шетел валютасындағы операциялар

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептемесі теңгемен ұсынылды. Теңге сонымен қатар Топ компанияларының функционалды валютасы болып табылады. Топтың әрбір компаниясы өзінің функционалдық валютасын айқындайды және әрбір компанияның қаржылық есептілігіне енгізілген баптар осы функционалдық валютада бағаланады.

Шетел валютасындағы операцияларды Топ компаниялары бастапқыда операция тану критерийлерін қанағаттандыратын күні қолданылатын спот-бағам бойынша олардың функционалдық валютасында ескереді.

Шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есептік күні қолданыстағы функционалдық валютаның спот-бағамы бойынша қайта есептеледі.

Монетарлық баптарды өтеу немесе қайта есептеу кезінде туындайтын барлық бағамдық айырмалар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке енгізіледі.

Тарихи құн негізінде шетел валютасымен бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Әділ құны бойынша шетел валютасымен бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құнды айқындау күніне қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Монетарлық емес баптарды қайта есептеу кезінде туындайтын кірістер немесе шығыстар баптың әділ құнының өзгеруі нәтижесінде кірістерді немесе шығыстарды тану қағидаттарына сәйкес ескеріледі (яғни, әділ құнының өзгеруінен түскен кірістері немесе шығыстары өзге жиынтық табыстың немесе пайданың немесе залалдың құрамында танылатын баптар бойынша бағамдық айырмалар да тиісінше өзге жиынтық табыстың немесе пайданың немесе залалдың құрамында танылады).

Топ елеулі мәмілелер жүргізген шетел валюталарының айырбастау бағамдары былайша берілген:

| Жыл соңындағы айырбас бағамы (теңгеге) | 2023 жылғы 31 желтоқсан | 2022 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| 1 АҚШ доллары | **454,56** | 462,65 |
| 1 еуро | **502,24** | 492,86 |
| 1 ресей рублі | **5,06** | 6,43 |

| Жыл ішіндегі орташа айырбас бағамы (теңгеге) | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| 1 АҚШ доллары | **456,31** | 460,48 |
| 1 еуро | **493,33** | 484,22 |
| 1 ресей рублі | **5,40** | 6,96 |

### Негізгі құралдар

ҰЭТ активтерін қоспағанда, негізгі құралдар жинақталған амортизацияны және олар болған жағдайда құнсызданудан болған жинақталған шығындарды шегере отырып, бастапқы құны бойынша ескеріледі. Мұндай құн негізгі құралдардың бөліктерін ауыстыру құнын және ұзақ мерзімді құрылыс жобалары жағдайында, егер оларды капиталдандыру өлшемдері орындалса, қарыздар бойынша шығындарды қамтиды.

Негізгі құралдардың маңызды компоненттерін белгілі бір уақыт аралығында ауыстыру қажет болған кезде Топ осындай компоненттерді оларға сәйкес келетін жеке пайдалы пайдалану мерзімдері бар жеке активтер ретінде таниды және оларды тиісті түрде амортизациялайды. Сол сияқты, негізгі техникалық қарап-тексеруді жүргізу кезінде оған байланысты шығындар, егер танудың барлық критерийлері орындалса, жабдықты ауыстыру ретінде негізгі құралдардың баланстық құнында танылады. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге арналған барлық өзге шығындар оларды шеккен кездегі пайданың немесе залалдың құрамында танылады.

ҰЭТ активтері жинақталған амортизация мен қайта бағалау күнінен кейін танылған құнсызданудан болған шығындар шегеріле отырып, әділ құн бойынша бағаланады. Қайта бағалау қайта бағаланған активтің әділ құны оның баланстық құнынан айтарлықтай ерекшеленбейтініне сенімділікті қамтамасыз ету үшін жеткілікті жиілікпен жүзеге асырылады.

Қайта бағалаудан болған құн өсімі ЖСҚ құрамында көрсетіледі және пайда немесе залал құрамында бұрын жүргізілген қайта бағалаудың салдарынан танылған осы активті қайта бағалаудан болған шығынды қалпына келтіретін бөлігін қоспағанда, капитал құрамына кіретін активтерді қайта бағалау резерві ұлғайтылады. Қайта бағалаудан болған залал, қайта бағалау резервінің құрамында бұрын танылған сол актив бойынша оң қайта бағалауды тікелей азайтатын бөлігін қоспағанда, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады. Актив шығып қалған жағдайда қайта бағалау резервінің осы активке тікелей қатысты бөлігі активтерді қайта бағалау резервінен бөлінбеген пайданың құрамына ауыстырылады.

Амортизация активтерді пайдалы қолдануды бағалау мерзімі ішінде желілік әдіспен келесідей есептеледі:

| | |
|---|---|
| **Ғимараттар** | 60 жыл |
| **ҰЭТ активтері** | |
| Құрылыстар, машиналар және ҰЭТ жабдықтары | 8-100 жыл |
| **Көлік және өзге де негізгі құралдар** | |
| Өзге де машиналар мен жабдықтар және көлік құралдары | 2-50 жыл |
| Өзге де топтарға енгізілмеген басқа да негізгі құралдар | 2-20 жыл |

Жер амортизацияланбайды.

Негізгі құралдардың пайдалы пайдалану мерзімдері мен тарату құны әрбір жылдық есептік кезеңнің соңында талданады және қажет болған жағдайда түзетіледі.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

### Негізгі құралдар (жалғасы)

Егер болжамдар алдыңғы болжамдардан өзгеше болған жағдайда, өзгерістер «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаулардағы өзгерістер және қателер» ХБЕС (IAS) 8-ге сәйкес бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер ретінде ескеріледі. Осы бухгалтерлік бағалау негізгі құралдардың қалдық құнына және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылатын негізгі құралдардың тозу сомасына елеулі әсер етуі мүмкін.

Негізгі құралдар объектісін тану ол істен шыққан кезде немесе оны пайдаланудан немесе істен шығудан болашақ экономикалық пайда алу күтілмеген кезде тоқтатылады. Активті тануды тоқтату кезінде туындайтын кез келген кірістер немесе залалдар (таза түсімдер мен істен шығудан және активтің баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептелген) активті тану тоқтатылған есептік жылы пайданың немесе залалдың құрамына енгізіледі.

### Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер бастапқы тану кезінде бастапқы құны бойынша бағаланады. Материалдық емес активтер бастапқы танылғаннан кейін жинақталған амортизация мен құнсызданудан болған жинақталған шығындар шегеріле отырып, бастапқы құны бойынша ескеріледі. Өнімдерді әзірлеуге арналған капиталдандырылған шығындарды қоспағанда, Топ ішінде өндірілген материалдық емес активтер капиталдандырылмайды және тиісті шығыс ол туындаған есептік кезеңде пайдалар мен шығындарда көрсетіледі.

Топтың материалдық емес активтеріне негізінен компьютерлік бағдарламалық жасақтама және лицензиялар кіреді. Материалдық емес активтер 3-тен 5 жылға дейінгі активтерді пайдалы пайдаланудың бағалау мерзімі ішінде желілік әдіспен амортизацияланады.

### Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Әрбір есептік күні Топ активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын айқындайды. Егер мұндай белгілер орын алса немесе активтің құнсыздануына жыл сайын тексеру жүргізу талап етілсе. Топ активтің өтелетін құнын бағалауды жүргізеді. Активтің немесе ақша ағындарын генерациялайтын бөлімшенің (ААГБ) өтелетін құны – бұл мынадай шамалардың ішіндегі ең үлкені: сатуға жұмсалған шығындарды шегергендегі активтің әділ құны (ААГБ) және активті пайдаланудан түскен құндылық (ААГБ). Өтелетін құн, негізінен, басқа активтер немесе активтер топтары генерациялайтын ағындардан тәуелсіз ақша қаражатының ағындарын актив генерациялайтын жағдайларды қоспағанда, жеке актив үшін айқындалады. Егер активтің немесе ақша ағындарын генерациялайтын бөлімшенің баланстық құны оның өтелетін құнынан асып кетсе, актив құнсызданған болып есептеледі және өтелетін құнға дейін есептен шығарылады.

Пайдаланудан құндылықты бағалау кезінде болашақ ақша ағындары ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және активке тән тәуекелдерді көрсететін салық салуға дейінгі дисконттау мөлшерлемесі бойынша дисконтталады. Сатуға арналған шығындарды шегергендегі әділ құнды айқындау кезінде тиісті бағалау моделі қолданылады. Бұл есептеулер бағалау коэффициенттерімен, акциялар нарығында еркін айналыстағы баға белгіленімдерімен немесе әділ құнның өзге де қолжетімді көрсеткіштерімен расталады.

Топ жекелеген активтер жататын топтың әрбір ААГБ үшін жеке дайындалатын пайдаланудан алынған құндылыққа сүйене отырып, құнсыздану сомасын айқындайды. Бұл жоспарлар мен болжамды есептеулер әдетте 5 (бес) жылға жасалады. Неғұрлым ұзақ кезеңдер үшін бесінші жылдан кейін болжанатын болашақ ақша ағындарына қатысты қолданылатын ұзақ мерзімді өсу қарқыны есептеледі.

Үздіксіз қызметтің құнсыздануынан болған залалдар (қорлардың құнсыздануын қоса алғанда) құнсызданған активтің функциясына сәйкес келетін шығыстар санаттарының құрамындағы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте, оларға қатысты қайта бағалау өзге жиынтық кірісте танылған ҰЭТ-тың бұрын қайта бағаланған активтерін қоспағанда танылады. Мұндай активтердің құнсыздануы бұрын танылған қайта бағалау сомасы шегінде өзге жиынтық табыста танылады. Әрбір есептік күн үшін Топ активтің құнсыздануынан бұрын танылған шығындар енді жоқ немесе азайған деген белгілердің бар-жоғын анықтайды. Егер мұндай белгі болса, топ активтің немесе ААГБ өтелетін құнын есептейді. Құнсызданудан болған бұрын танылған шығындар, егер активтің өтелетін құнын айқындау үшін пайдаланылған бағалауда өзгеріс орын алған жағдайда ғана құнсызданудан болған залалды соңғы тану уақытынан бастап қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан аспайтындай, сондай-ақ егер өткен жылдары құнсызданудан залал танылмаса, осы актив танылатын амортизацияны шегергендегі баланстық құннан аспайтындай етіп шектеледі. Мұндай құнды қалпына келтіру актив артық бағаланған құн бойынша танылған жағдайларды қоспағанда, пайда мен залал ретінде танылады. Мұндай жағдайларда құнның қалпына келуі қайта бағалаудан құнның өсуі ретінде ескеріледі.

Топ климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдердің, соның ішінде физикалық және өтпелі тәуекелдердің айтарлықтай әсер етуі мүмкін екенін бағалайды. Мұндай әсер бар болған кезде бұл тәуекелдер пайдалану құнын бағалау кезінде ақша ағындарын болжауда ескеріледі.

### Қауымдасқан компанияға инвестициялар

Қауымдасқан компания – бұл Топ оған қатысты елеулі ықпалға ие компания, Елеулі ықпал — бұл инвестиция объектісінің қаржылық және операциялық саясатына қатысты шешімдер қабылдауға қатысуға өкілеттік, бірақ мұндай саясатқа қатысты бақылау немесе бірлескен бақылау емес. Елеулі ықпалдың немесе бірлескен бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторлар.Еншілес компанияларға бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторларға ұқсас.

Топтың оның қауымдасқан компаниясына салған инвестициялары үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынады. Үлестік қатысу әдісіне сәйкес қауымдасқан компанияға инвестиция бастапқыда бастапқы құны бойынша танылады. Инвестицияның теңгерімдік құны сатып алу күнінен кейін туындайтын қауымдасқан компанияның таза активтерінің өзгерістеріндегі топтың үлесін тану салдарынан кейіннен ұлғаяды немесе азаяды. Қауымдасқан компанияға жататын Гудвилл инвестицияның теңгерімдік құнына қосылады және амортизацияланбайды, сонымен қатар құнсыздану мәніне жеке тексеруге ұшырамайды.

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп қауымдасқан компания қызметінің қаржылық нәтижелеріндегі Топтың үлесін көрсетеді. Егер қауымдасқан компанияның капиталында тікелей танылған өзгеріс орын алған болса, Топ осындай өзгерістің өз үлесін таниды және капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте қолданылатын кезде осы фактіні ашады. Топтың қауымдасқан компаниямен операциялары бойынша туындайтын іске асырылмаған пайда мен шығындар Топтың қауымдасқан компанияға қатысу үлесі бар дәрежеде алып тасталды.

Қауымдасқан компанияның пайдасындағы Топтың үлесі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте тікелей ұсынылған. Ол қауымдасқан компанияның акционерлеріне келетін пайданы білдіреді, сондықтан салық салуды және қауымдасқан компанияның еншілес компанияларындағы бақыланбайтын қатысу үлесін есепке алғаннан кейінгі пайда ретінде айқындалады.

Қауымдасқан компанияның қаржылық есептемесі Топтың қаржылық есептемесі сияқты есептік кезең үшін жасалады. Қажет болған жағдайда оған есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру мақсатында түзетулер енгізіледі.

Үлестік қатысу әдісін қолданғаннан кейін Топ қауымдасқан компанияға өзінің инвестициясы бойынша құнсызданудан болатын қосымша залалды тану қажеттілігін айқындайды. Әрбір есептік күні Топ қауымдасқан компанияға инвестициялардың құнсыздануының объективті куәліктерінің болуын белгілейді. Мұндай куәліктер болған жағдайда, Топ құнсыздану сомасын қауымдасқан компанияның өтелетін құны мен оның баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептейді және бұл соманы «Қауымдасқан компанияның пайдасындағы үлес» бабы бойынша пайдалар мен шығындарда таниды.

Қауымдасқан компанияға елеулі ықпалын жоғалтқан жағдайда Топ қалған инвестицияларды әділ құны бойынша бағалайды және таниды. Қауымдасқан компанияның елеулі ықпалын жоғалтқан кездегі баланстық құны мен қалған инвестициялардың әділ құны мен шығудан түскен түсімдер арасындағы айырма пайданың немесе залалдың құрамында танылады.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

### Қаржы құралдары-бастапқы тану және кейінгі бағалау

Бір ұйымда қаржы активінің және басқа ұйымда қаржылық міндеттеменің немесе үлестік құралдың туындауына әкеп соғатын кез келген шарт қаржы құралы болып табылады.

**Қаржылық активтер**

**Бастапқы тану және бағалау**

Бастапқы тану кезінде қаржы активтері кейіннен амортизацияланған құны бойынша, басқа жиынтық кіріс (БЖК) арқылы әділ құны бойынша және пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі.

Бастапқы тану кезінде қаржы активтерін жіктеу қаржы активі бойынша шартта көзделген ақша ағындарының сипаттамаларына және Топ осы активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-модельге байланысты болады. Қаржыландырудың маңызды құрамдаушысы жоқ немесе оған қатысты Топ практикалық сипаттағы оңайлатуды қолданған Сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, Топ бастапқыда пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активтері жағдайында ұлғайған әділ құн бойынша мәміле бойынша шығындар сомасына қаржы активтерін бағалайды. Қаржыландырудың маңызды компонентін қамтымайтын немесе оған қатысты Топ практикалық сипаттағы жеңілдетуді қолданған Сауда дебиторлық берешегі Түсімді тану бөлімінде сипатталғандай мәміле бағасы бойынша бағаланады.

Қаржылық активті амортизацияланған құны бойынша немесе басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша жіктеуге және бағалауға мүмкіндік беру үшін осы активтің шарттық талаптары борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне «тек қана борыштың және пайыздардың негізгі сомасының есебіне төлемдер» болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздеуі қажет. Мұндай бағалау «ақша ағындары» сынағы (SPPI-тесті) деп аталады және әр құрал деңгейінде жүзеге асырылады. Ақша ағындары «ақша ағындары» өлшеміне сай келмейтін қаржы активтері бизнес-модельге қарамастан пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын активтер ретінде жіктеледі.

Топ қаржылық активтерді басқару үшін пайдаланатын бизнес-модель Топтың ақша ағындарын құру мақсатында өзінің қаржылық активтерін қалай басқаратынын сипаттайды. Бизнес-модель ақша ағындары шартта көзделген ақша ағындарын алудың, қаржы активтерін сатудың немесе екеуінің де салдары болатынын анықтайды. Амортизацияланған құны бойынша бағаланатындар ретінде жіктелетін қаржы активтері шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін қаржы активтерін ұстап қалу мақсаты болып табылатын бизнес-модель шеңберінде ұсталады, ал өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатындар ретінде жіктелетін қаржы активтері мақсатына ақша ағындары арқылы қол жеткізілетін бизнес-модель шеңберінде шартта көзделген ақша ағындарын алу, сонымен қатар қаржы активтерін сату арқылы ұсталады.

Заңнамада белгіленген мерзімде немесе белгілі бір нарықта (стандартты талаптарда сауда жасау) қабылданған ережелерге сәйкес активтерді жеткізуді талап ететін қаржы активтерін сатып алудың немесе сатудың барлық операциялары мәміле жасалған күні, яғни Топ активті сатып алу немесе сату міндеттемесін өзіне қабылдаған күні танылады.

**Кейінгі бағалау**

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржы активтері төрт санатқа жіктеледі:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- жинақталған пайда мен залалдарды кейіннен қайта сыныптай отырып, басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- тану тоқтатылған кезде жинақталған пайда мен залалдарды кейіннен қайта жіктеместен, басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде ұйымның қалауы бойынша жіктелген қаржы активтері (үлестік құралдар);
- Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері.

**Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар)**

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Пайда немесе залал активті тану, оны түрлендіру немесе құнсыздану тоқтатылған жағдайда пайданың немесе залалдың құрамында танылады. Топ амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына сауда және өзге де дебиторлық берешек пен өзге де қаржы активтерін жатқызады.

**Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері**

Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері әділ құн бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте ескеріледі, ал олардың әділ құнының таза өзгерістері жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады. Осы санатқа топ өз қалауы бойынша пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша жіктеген құралдар жатады.

**Тануды тоқтату**

Қаржылық актив (немесе — қолданылатын жерде-қаржылық активтің бөлігі немесе ұқсас қаржылық активтер тобының бөлігі) танылуын тоқтатады (яғни Топтың қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есебінен шығарылады), егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса; немесе
- Топ активтен ақша ағындарын алуға өз құқықтарын берсе не «транзиттік» келісім бойынша толық көлемде және елеулі кідіріссіз алынатын ақша ағындарын үшінші тарапқа төлеу жөнінде өзіне міндеттеме алса; және немесе (а) Топ активтен түсетін барлық тәуекелдер мен пайданы іс жүзінде берсе, немесе (б) Топ бермейтін болса, бірақ активтен түсетін барлық тәуекелдер мен пайданы өзінде сақтамайды, бірақ осы активке бақылауды берді.

Егер Топ активтен ақша ағындарын алу құқығын берсе немесе транзиттік келісім жасаса, ол меншік құқығымен байланысты тәуекелдер мен пайданы сақтағанын және егер болса, қандай көлемде бағалайтынын бағалайды. Егер Топ активтен түсетін барлық тәуекелдер мен пайданы тапсырмаса, бірақ өзінде сақтамаса, сонымен қатар активті бақылауды тапсырмаса, Топ берілген активті оған қатысуын жалғастыратын дәрежеде тануды жалғастырады. Бұл жағдайда Топ тиісті міндеттемені де таниды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Топ сақтаған құқықтар мен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады.

Берілген актив бойынша кепілдік нысанын қабылдайтын жалғасып жатқан қатысу мынадай шамалардың ең азы бойынша бағаланады: активтің бастапқы баланстық құны немесе оны төлеу Топтан талап етілуі мүмкін өтеудің ең жоғары сомасы.

**Күтілетін кредиттік залалдарды тану**

Топ, егер кредиттік шығын бастапқы тану сәтінен бастап Елеулі ұлғайған болса, бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдарға тең сомада амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік залалдарға бағалау резервін таниды.

Қаржы активтерінің құнсыздануы туралы толық ақпаратты ашу да мынадай ескертпелерде ұсынылған:

- елеулі жол берулер туралы ақпаратты ашу (4-Ескертпе);
- пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын активтерді қоспағанда, сауда дебиторлық берешек және ақша қаражаты мен олардың баламаларын қоса алғанда, өзге де ағымдағы және қаржылық активтер (9,10,11,12,13-Ескертпелер);

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

### Қаржы құралдары-бастапқы тану және кейінгі бағалау (жалғасы)

**Қаржылық активтер (жалғасы)**

**Күтілетін кредиттік залалдарды тану (жалғасы)**

Топ пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша емес бағаланатын барлық борыштық құралдарға қатысты күтілетін кредиттік залалдарға (ККЗ) арналған бағалау резервін таниды. ККЗ шартқа сәйкес тиесілі ақша ағындары мен Топ алуды күтетін барлық ақша ағындары арасындағы бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның шамамен алынған мәнін пайдалана отырып дисконтталған айырма негізінде есептеледі. Болжалды ақша ағындары ұсталатын қамтамасыз етуді сатудан немесе шарттық талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын кредиттік сапаны арттырудың басқа да тетіктерінен түсетін ақша ағындарын қамтиды.

ККЗ екі сатыда танылады. Бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекел айтарлықтай ұлғаймаған қаржы құралдары жағдайында келесі 12 ай ішінде болуы мүмкін дефолттар салдарынан туындауы мүмкін кредиттік залалдарға қатысты шығындарға бағалау резерві құрылады (12 айлық күтілетін кредиттік залалдар). Бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекел елеулі ұлғайған қаржы құралдары үшін дефолттың басталу мерзімдеріне қарамастан осы қаржы құралының қалған қолданылу мерзімі ішінде күтілетін кредиттік залалдарға қатысты шығындарға бағалау резерві құрылады (бүкіл мерзімге күтілетін кредиттік залалдар).

Сауда дебиторлық берешекке және басқа да қаржы активтеріне қатысты топ ККЗ-ны есептеу кезінде оңайлатылған тәсілді қолданады. Демек, Топ кредиттік тәуекелдің өзгеруін қадағаламайды, оның орнына әрбір есептік күні барлық мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдарға тең сомада шығындарға арналған бағалау резервін таниды. Топ қарыз алушыларға тән болжамды факторларды және жалпы экономикалық жағдайларды ескере отырып түзетілген несиелік шығындардың пайда болуының бұрынғы тәжірибесіне сүйене отырып, бағалау резервтерінің матрицасын қолданды.

Егер шартта көзделген төлемдер 90 күнге кешіктірілсе, Топ қаржы активі бойынша дефолт болды деп есептейді. Алайда, белгілі бір жағдайларда Топ, егер ішкі немесе сыртқы ақпарат Топ ұстап отырған кредиттік сапаны арттыру механизмдерін есепке алмай, шартта көзделген қалған төлемдердің барлық сомасын Топтың алуы екіталай екенін көрсетсе, қаржы активі бойынша дефолт болды деген қорытындыға келуі мүмкін. Егер Топта шартта көзделген ақша ағындарын өтеуге қатысты негізделген күтулер болмаса, қаржылық актив есептен шығарылады.

**Қаржылық міндеттемелер**

**Бастапқы тану және бағалау**

Қаржылық міндеттемелер бастапқы тану кезінде тиісінше пайда немесе залал, кредиттер және қарыз алу арқылы әділ құн бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер немесе тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған туынды құралдар ретінде жіктеледі.

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда қарыздар, шығарылған облигациялар және мәміле бойынша олармен тікелей байланысты шығындар кредиторлық берешек жағдайында шегеріле отырып, әділ құн бойынша танылады.

Топтың қаржылық міндеттемелері сауда және өзге де кредиторлық берешекті, кредиттер мен қарыздарды және шығарылған облигацияларды қамтиды.

**Кейінгі бағалау**

Қаржылық міндеттемелерді кейіннен бағалау олардың мынадай түрде жіктелуіне байланысты болады:

<u>Қарыздар және шығарылған облигациялар</u>

Бастапқы танылғаннан кейін пайыздық қарыздар мен шығарылған облигациялар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, амортизацияланған құны бойынша бағаланады. Осындай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар оларды тану тоқтатылған кезде, сонымен қатар тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып амортизацияны есептеу шамасына қарай пайдалар мен шығындарда танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйақыларды, сонымен қатар тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеменің амортизациясы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық шығыстардың құрамына енгізіледі.

<u>Сауда және басқа да кредиторлық берешек</u>

Сауда және өзге де кредиторлық берешек бастапқыда әділ құн бойынша көрсетіледі және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

**Тануды тоқтату**

Егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса немесе оның қолданылу мерзімі өтіп кетсе, қаржылық міндеттемені тану тоқтатылады. Егер қолда бар қаржылық міндеттеме сол кредитордың алдындағы айтарлықтай ерекшеленетін талаптармен басқа міндеттемемен ауыстырылса немесе қолда бар міндеттеменің шарттары айтарлықтай өзгерсе, мұндай ауыстыру немесе өзгерістер бастапқы міндеттемені тануды тоқтату және жаңа міндеттемені тануды бастау ретінде ескеріледі, ал олардың баланстық құнындағы айырма жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

### Қаржы құралдарын өзара есепке алу

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынады, ал нетто-сома қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылған сомаларды өзара есепке алуға қазіргі кезде жүзеге асырылатын заңды құқық болған кезде және нетто-негізде есеп айырысуды жүргізу не активтерді сату және осымен бір мезгілде міндеттемелерді өтеу ниеті болған кезде ғана ұсынылады.

### Қорлар

Қорлар ФИФО әдісі бойынша есепке алынады.

Қорлар екі шаманың ең азы бойынша бағаланады: сатып алу құны және сатудың таза құны.

Өткізудің таза құны өндірісті аяқтауға арналған болжамды шығыстар мен сатуға арналған бағаланған шығындар шегеріле отырып, әдеттегі қызмет барысында сатудың болжамды бағасы ретінде айқындалады.

### Ақша қаражаты және олардың баламалары

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі ақша қаражаты мен оның баламалары банктердегі және кассадағы ақша қаражатын және бастапқы өтеу мерзімі 3 (үш) айға дейінгі немесе одан кем қысқа мерзімді депозиттерді қамтиды.

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептің мақсаттары үшін ақша қаражаты мен оның баламалары жоғарыда көрсетілген анықтамаға сәйкес өтелмеген банктік овердрафттарды шегергендегі ақша қаражаты мен қысқа мерзімді депозиттерден тұрады.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

### Пайдаланылуы шектелген ақша қаражаты

Егер ақша қаражаты есептік күннен бастап 12 (он екі) айға дейінгі кезеңде пайдалануда қандай да бір түрде шектелсе, мұндай ақша қаражаты қысқа мерзімді активтер ретінде жіктеледі және шоғырландырылған қаржылық есептемеге ескертпелерде тиісті түрде ашылады. Егер ақша қаражаты есептік күннен бастап 12 (он екі) айдан астам кезеңде пайдалануға шектелген болса, мұндай ақша қаражаты ұзақ мерзімді активтердің құрамында көрсетіледі.

### Резервтер

Егер Топтың өткен оқиғаның нәтижесінде туындаған ағымдағы міндеттемесі (заңды немесе практикадан туындайтын) болса, осы міндеттемені өтеу үшін талап етілетін экономикалық пайданың кетуі ықтимал болса және осындай міндеттеме сомасының сенімді бағасы алынуы мүмкін болса, резервтер танылады. Егер Топ резервтердің белгілі бір бөлігін немесе барлық бөлігін өтеуді алуды болжаса, мысалы, сақтандыру шарты бойынша, өтеу жеке актив ретінде танылады, бірақ өтемді алу күмән тудырмаған жағдайда ғана. Резервке жататын шығыс өтем шегеріле отырып, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

### Түсімді тану

Егер Топтың экономикалық пайда алуы ықтимал деп бағаланса және егер түсім төлемді жүзеге асыру уақытына қарамастан сенімді бағалануы мүмкін болса, түсім танылады. Түсім шартта айқындалған төлем талаптарын ескере отырып және салықтарды немесе баждарды шегере отырып, алынған немесе алынуы тиіс сыйақының әділ құны бойынша бағаланады. Топ оның принципал немесе агент ретінде әрекет ететінін анықтау мақсатында белгілі бір өлшемдерге сәйкес түсім алуды көздейтін өзі жасасатын шарттарды талдайды. Топ барлық осындай шарттар бойынша принципал ретінде әрекет етеді деген қорытындыға келді.

Топ тұтынушыларға уәде етілген қызметтерді беруді өтеу мөлшерінде көрсету үшін кірісті таниды, бұл Топ, оның үміттері бойынша, көрсетілген тауарлар мен қызметтердің орнына алуға құқылы болады.

Топ түсімді таныған кезде мынадай қадамдарды жүзеге асырады:

1. тұтынушымен шартты сәйкестендіру;
2. шарт шеңберінде орындалуға жататын міндеттемені сәйкестендіру;
3. мәміле бағасын айқындау;
4. мәміле бағасын шарт шеңберінде орындалуға жататын жекелеген міндеттер арасында бөлу;
5. шарт шеңберінде орындалуы тиіс міндеттерді орындау сәтінде (немесе шамасы бойынша) түсімді тану болып табылады.

Көрсетілген қызметтерден түскен кірістер қызметтердің көрсетілуіне қарай танылады. Топ электр энергиясын өндірушілерден көтерме және ірі тұтынушыларға дейін жеткізу жөніндегі, электр энергиясын желіге босатуды және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі, электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді, сонымен қатар шектес мемлекеттердің энергия жүйелерімен электр энергиясы ағындарының шарттық шамаларын қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді және өзге де қызметтерді көрсетуден кіріс алады.

Электр энергиясын жеткізу, техникалық диспетчерлендіру және электр энергиясын өндіруді/тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтер бойынша кірісті есептеуге арналған тарифтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті (бұдан әрі — Комитет) бекітеді.

Шектес мемлекеттердің энергия жүйелерімен электр энергиясы ағындарының шарттық шамаларын қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер бойынша кірістер Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының Біртұтас энергетикалық жүйелерінің қатарлас жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» келісім негізінде жасалған шарттардың талаптарына сәйкес танылады.

### Сауда дебиторлық берешек

Дебиторлық берешек шартсыз өтем сомасы сатып алушы төлеуі тиісті болған кезде танылады (яғни, мұндай өтем төленетін сәттің басталуы уақыт өте келе ғана анықталады). Қаржы активтеріне қатысты есеп саясаты Қаржы құралдары — бастапқы тану және кейінгі бағалау бөлімінде қаралады.

### Шарт бойынша міндеттемелер

Шарт бойынша міндеттемелер, егер сатып алушыдан төлем алынса немесе Топ тиісті тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді бермес бұрын төленуге жататын болса (бұрын не болғанына қарай) танылады. Шарт бойынша міндеттемелер Топ шарт бойынша өз міндеттерін орындаған кезде (яғни сатып алушыға тиісті тауарларға немесе қызметтерге бақылауды берген кезде) түсім ретінде танылады.

### Пайыздық кіріс

Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін барлық қаржы құралдары және әділ құны бойынша ескерілетін ретінде жіктелген пайыздық кіріс немесе шығыс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып танылады, ол қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішінде немесе, егер орынды болса, күтілетін болашақ төлемдерді немесе ақша қаражатының түсуін нақты дисконттайды. қаржылық активтің немесе міндеттеменің таза баланстық құнына дейінгі кезең. Пайыздық кіріс жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке енгізіледі.

### Қарыздар бойынша шығындар

Топтың немесе сатудың ниетіне сәйкес оны пайдалануға дайындау үшін міндетті түрде ұзақ уақыт кезеңін талап ететін активті сатып алуға, салуға немесе өндіруге тікелей байланысты қарыздар бойынша шығындар осындай активтің бастапқы құнының бөлігі ретінде капиталдандырылады. Қарыздар бойынша барлық өзге шығындар олар шеккен есептік кезеңдегі шығыстарға жатқызылады. Қарыздар бойынша шығындар сыйақы төлеуді және Қарыз қаражатына байланысты топ шеккен өзге де шығындарды қамтиды.

### Жалға алу

Шарт жасасу кезінде Топ келісімнің жалдау болып табылатындығын немесе оның жалдау белгілері бар-жоғын бағалайды. Басқаша айтқанда, Топ шарттың белгілі бір уақыт аралығында сәйкестендірілген активтің пайдаланылуын бақылау құқығын өтемақыға айырбастауға беретіндігін анықтайды.

**Қысқа мерзімді жалдау және құны төмен активтерді жалға алу**

Топ қысқа мерзімді жалға алуға қатысты танудан босатуды өзінің техника мен жабдықты жалға алудың қысқа мерзімді шарттарына (яғни жалға алудың басталу күніне жалдау мерзімі 12 айдан аспайтын және базалық активті сатып алуға арналған опционды қамтымайтын шарттарға) қолданады. Топ құны төмен деп саналатын офистік жабдықты жалдау шарттарына құны төмен активтерді жалға алуға қатысты танудан босатуды да қолданады. Қысқа мерзімді жалдау және төмен құны бар активтерді жалдау бойынша жалдау төлемдері жалдау мерзімі ішінде желілік әдіспен шығыстар ретінде танылады.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

### Жалға алу (жалғасы)

**Топ жалға беруші ретінде**

Топтың активке иелік етумен байланысты барлық дерлік тәуекелдері мен пайдасы бар жалдау операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Пайда болған жалдау кірісі жалдау мерзімі ішінде сызықтық әдіспен ескеріледі және өзінің операциялық сипатына байланысты жиынтық кіріс туралы есепте басқа кірістерге енгізіледі. Операциялық жалдау шартын жасау кезінде шеккен бастапқы тікелей шығындар жалға берілген активтің баланстық құнына енгізіледі және жалдау мерзімі ішінде жалдау кірісі сияқты негізде танылады. Шартты жалдау ақысы алынған кезеңдегі кірістің бөлігі ретінде танылады.

### Зейнетақы міндеттемелері

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Топ қызметкерлердің жалақысының 10%-і мөлшерінде, бірақ жинақтаушы зейнетақы қорларына аударымдар ретінде айына 350.000 теңгеден (2022 жыл: 300.000 теңге) аспайтын төлемдерді жүзеге асырады. Зейнетақы қорларына төлемдер қызметкерлердің жалақысынан ұсталады және олар туындаған сәтте жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте еңбекақы төлеуге байланысты басқа да аударымдармен бірге еңбекақы төлеу жөніндегі жалпы шығыстарға енгізіледі. Топтың зейнетақы төлемдері бойынша қандай да бір басқа міндеттемелері жоқ.

### Ағымдағы корпоративтік табыс салығы

Ағымдағы кезең мен алдыңғы кезеңдер үшін ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша салық активтері мен міндеттемелер салық органдарынан өтелуі немесе салық органдарына төленуі болжанатын сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлермелері мен салық заңнамасы – бұл Топ өз қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын пайда алатын елдерде есептік күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен заңнама.

Тікелей капиталда танылған баптарға жататын ағымдағы корпоративтік табыс салығы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте емес, капитал құрамында танылады. Басшылық салық декларацияларында көрсетілген позицияларды бағалауды мерзімді түде жүзеге асырады, оларға қатысты тиісті салық заңнамасы әртүрлі түсіндірілуі мүмкін және қажет болған жағдайда резервтер жасайды.

### Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған салық есептік күнгі қаржылық есептеме мақсаттары үшін активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасындағы уақытша айырманы айқындау арқылы міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері, мынадай жағдайлардан басқа, барлық салық салынатын уақытша айырмалар бойынша танылады:

- кейінге қалдырылған салық міндеттемесі бизнестің бірлестігі болып табылмайтын мәміле барысында гудвилді, активті немесе міндеттемені бастапқы тану нәтижесінде туындайды және операция жасалған кезде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе залалға да әсер етпейді;
- еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компанияларға салынатын инвестициялармен, сонымен қатар бірлескен қызметке қатысу үлестерімен байланысты салық салынатын уақытша айырмаларға қатысты, егер уақытша айырманың азаюы уақытында бөлуді бақылауға болатын болса және жақын болашақта уақытша айырманың төмендемеуінің елеулі ықтималдығы бар.

Кейінге қалдырылған салық активтері барлық шегерілетін уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық шығындары бойынша танылады, бұл салық салынатын кірістің айтарлықтай ықтималдығы бар, оған қарсы шегерілетін уақытша айырмашылықтар, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық шығындары есептелуі мүмкін, мына жағдайларды қоспағанда:

- шегерілетін уақытша айырмаға жататын кейінге қалдырылған салық активі бизнесті біріктіру салдарынан туындамаған және операция жасалған кезде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе залалға да әсер етпейтін активті немесе міндеттемені бастапқы тану нәтижесінде туындайды;
- еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компанияларға инвестициялармен, сонымен қатар бірлескен қызметке қатысу үлестерімен байланысты шегерілетін уақытша айырмаларға қатысты кейінге қалдырылған салық активтері уақытша айырмалардың таяу болашақта пайдаланылатындығының және оған қарсы болуы мүмкін салық салынатын пайда болуының елеулі ықтималдығы бар дәрежеде ғана танылады және уақытша айырмашылықтар қолданылады. Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есептік күнге қайта қаралады және кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын пайдаға қол жеткізу екіталай деп бағаланатын дәрежеде төмендетіледі.

Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есептік күнге қайта қаралады және болашақ салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік беретіндігінің ықтималдығы пайда болатын дәрежеде танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есептік күнге қайта қаралады және кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын пайдаға қол жеткізу екіталай деп бағаланатын дәрежеде төмендетіледі.

Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есептік күнге қайта қаралады және болашақ салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік беретіндігінің ықтималдығы пайда болатын дәрежеде танылады. Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері актив іске асырылатын және міндеттеме есептік күнгі жағдай бойынша қабылданған немесе іс жүзінде қабылданған салық мөлшерлемелері (және салық заңнамасы) негізінде өтелетін есептік жылы қолданылатын салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Пайданың немесе залалдың құрамында танылмаған баптарға жататын кейінге қалдырылған салық та пайданың немесе залалдың құрамында танылмайды. Кейінге қалдырылған салықтардың баптары олардың негізінде жатқан операцияларға сәйкес не өзге жиынтық табыстың құрамында не тікелей капиталда танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері, егер ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерін есепке алудың заңды түрде бекітілген құқығы болса және кейінге қалдырылған салықтар сол салық салынатын компанияға және салық органына қатысты болса, бір-біріне қарсы есептеледі.

### Дивидендтер

Дивидендтер міндеттемелер ретінде танылады және егер олар есептік күнді қоса алғанға дейін жарияланған жағдайда ғана есептік күнге капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер, егер олар есептік күнге дейін ұсынылса, сонымен қатар есептік күннен кейін, бірақ шығаруға шоғырландырылған қаржылық есептеме бекітілген күнге дейін ұсынылса немесе жарияланса, есептемеде ашылады.

### Шартты міндеттемелер мен шартты активтер

Шартты міндеттемелер шоғырландырылған қаржылық есептемеде танылмайды, бұл ретте оларды өтеуге байланысты ресурстардың шығуы екіталай болып табылған жағдайларды қоспағанда, олар туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептемеде ашылады.

Шартты активтер шоғырландырылған қаржылық есептемеде танылмайды, бұл ретте олар туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептемеде олармен байланысты экономикалық пайда алу ықтимал болып табылған жағдайларда ашылады.

## 4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ ЖОРАМАЛДАР

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептемесін әзірлеу оның басшылығынан түсім, шығыстар, активтер мен міндеттемелер сомасының есептілігіне, сонымен қатар шартты міндеттемелер мен активтер туралы ақпаратты ашуға әсер ететін есептік кезеңнің соңында пайымдаулар шығаруды және бағалау мәндері мен жол берулерді айқындауды талап етеді. Алайда, осы жол берулерге және бағалау мәндеріне қатысты белгісіздік болашақта оларға қатысты осындай жол берулер мен бағалаулар қабылданатын активтің немесе міндеттеменің баланстық құнына елеулі түзетулерді талап етуі мүмкін нәтижелерге алып келуі мүмкін.

### Бағалау мәндері және жорамалдар

Келесі қаржы жылы ішінде активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын елеулі түзетулерге себеп болуы мүмкін есептік күнгі бағалауларды болашақ туралы негізгі жол берулер мен белгісіздіктің өзге де негізгі көздері төменде қаралады. Топтың жорамалдары мен бағалау мәндері шоғырландырылған қаржылық есептемені дайындау сәтінде болған бастапқы деректерге негізделген. Алайда, ағымдағы жағдайлар мен болашаққа қатысты жорамалдар нарықтық өзгерістерге немесе топтың бақылауынан тыс жағдайларға байланысты өзгеруі мүмкін. Мұндай өзгерістер болжамдарда олар орын алған кезде көрсетіледі.

### Негізгі құралдардың әділ құны

Топ 2022 жылғы 1 желтоқсандағы жай-күй бойынша ҰЭТ активтеріне қайта бағалау жүргізді. Топ ҰЭТ әділ құнын бағалау үшін «Grant Thornton Appraisal» ЖШС аккредиттелген тәуелсіз бағалаушыны тартты.

ҰЭТ-тың қайта бағаланған активтері активке тән табиғатқа, сипаттамаға және тәуекелдерге негізделе отырып, ХҚЕС (IFRS) 13-ке сәйкес активтердің бір класын білдіреді. ҰЭТ активтерінің әділ құнын айқындау үшін бастапқы деректер әділ құн иерархиясындағы 3-ші деңгейге жатады (бақыланбайтын бастапқы деректер).

ҰЭТ активтерінің әділ құны шығынды әдіспен айқындалды. Шығындар әдісі активтер жоғары мамандандырылған және тарихи активтер ешқашан сатылмағандықтан қолданылды. Шығындық әдіс шеңберінде алмастыру құнын немесе өсімін молайту құнын айқындау әдісі қолданылды, ол бойынша жинақталған тозудың барлық түрлерін шегере отырып, негізгі құралдарды алмастырудың толық құнын есептеу жүргізілді, сонымен қатар аналогтар бойынша есептеу әдісі, үлестік көрсеткіштер әдісі және өткен шығындарды индекстеу әдісі қолданылды.

Ауыстырудың есептелген ағымдағы құны кейіннен ақша ағындарын дисконттау моделі негізінде айқындалған өтелетін құнмен салыстырылды. Ақша ағындары бюджеттен келесі 5 (бес) жылға алынады. Топтың кірістерін болжау кезінде 2021 жылғы 1 қазаннан бастап 2026 жылғы 30 қыркүйекке дейінгі кезеңге электр энергиясын жеткізу, техникалық диспетчерлеу және электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге Комитет бекіткен тарифтер ескерілді. Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша негізгі құралдардың өтелетін құны оны ауыстырудың ағымдағы құнынан асып түсті.

Бағалау нәтижесінде ҰЭТ активтерінің әділ құны бағалау күніне (2022 жылғы 1 желтоқсан) 774.045.986 мың теңгені құрады. 20.021.005 мың теңге сомасында тиісті кейінге қалдырылған салық жеңілдіктерін есепке отырып, 2022 жылғы басқа жиынтық табыстың құрамында 100.105.029 мың теңге сомасында ҰЭТ активтерінің артық бағаланған құнының төмендеуі көрсетілді. Бұрын арзандатылған кейбір активтер құнының артуы 949.895 мың теңге сомасында кірістер мен шығыстар туралы шоғырландырылған есепте, сонымен қатар 4.524.870 мың теңге сомасында кейбір активтер құнының азаюымен көрсетілді.

2022 жылы әділ құнды бағалау кезінде мынадай негізгі жол берулер қолданылды:

| | |
|---|---|
| Дисконттау мөлшерлемесі (WACC) | 12,97% |
| Ұзақ мерзімді өсу қарқыны | 3,09% |
| Негізгі активтің орташа қалдық қызмет ету мерзімі | 40 лет |

Дисконттау мөлшерлемесінің 0,5%-ке артуы немесе өсудің ұзақ мерзімді қарқынының 0,5% — ке азаюы тиісінше Топтың негізгі құралдарының әділ құнының 46.537.397 мың теңгеге немесе 24.247.101 мың теңгеге азаюына әкеледі.

Әрбір есепті күн үшін топ ҰЭТ активтерінің баланстық құны арасындағы айырмашылықтардың бар-жоғын есепті күнгі әділ құнды пайдалана отырып айқындалғанмен бағалайды. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Топ басшылығы жинақталған тозудың барлық түрлерін шегергендегі ҰЭТ активтерін алмастырудың әзекті құнын есептей отырып, ҰЭТ активтерінің әділ құнына қатысты өз бағаларын қайта қарады. Нәтижесінде, Топ басшылығы 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша ҰЭТ активтерінің баланстық құны олардың әділ құнынан айтарлықтай ерекшеленбейді деген қорытындыға келді.

### Негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімі

Топ негізгі құралдардың қалған пайдалы қызмет мерзімін кем дегенде әрбір қаржы жылының соңына бағалайды және егер күтулер алдыңғы бағалаулардан өзгеше болса, өзгерістер «Есеп саясаты, есептік бағалаулардағы өзгерістер және қателер» ХБЕС 8 (IAS) сәйкес есептік бағалаулардағы өзгерістер ретінде ескеріледі.

### Салықтар

Күрделі салық заңнамасын, сонымен қатар болашақ салық салынатын пайданы алудың сомалары мен мерзімдерін түсіндіруге қатысты белгісіздік бар. Топтың халықаралық операцияларының едәуір алуан түрлілігін, сонымен қатар шарттық қатынастардың ұзақ мерзімді сипаты мен күрделілігін ескере отырып, нақты нәтижелер мен қабылданған жол берулер арасында туындайтын айырма немесе осындай жол берулердің болашақтағы өзгерістері есептемеде көрсетілген шығыстар сомасының болашақтағы түзетулеріне немесе табыс салығы бойынша үнемдеуге әкелуі мүмкін. Негізделген жорамалдарды негізге ала отырып, Топ салықтық тексерулердің ықтимал салдарларына резервтер жасайды. Мұндай резервтердің шамасы әр түрлі факторларға, мысалы, алдыңғы тексерулердің нәтижелері және Топ пен тиісті салық органының салық заңнамасын әр түрлі түсіндірулеріне байланысты. Интерпретациядағы ұқсас айырмашылықтар топтың қызметі мен операцияларының сипатына байланысты көптеген сұрақтар бойынша туындауы мүмкін.

Топ салық заңнамасына байланысты сот ісін жүргізудің пайда болуын және одан кейінгі ақша қаражаттарының кетуін екіталай деп бағалайтындықтан, шартты міндеттеме танылмады.

### Қаржы құралдарының әділ құны

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылған қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелердің әділ құнын осы белсенді нарықтардың негізінде айқындау мүмкін болмаған жағдайларда, ол дисконтталған ақша ағындарының моделін қоса алғанда, бағалау әдістерін пайдалана отырып айқындалады. Осы модельдер үшін бастапқы деректер ретінде мүмкіндігінше бақыланатын нарықтардан ақпарат пайдаланылады, алайда бұл іс жүзінде жүзеге асырылуы мүмкін болмаған жағдайларда әділ құнды белгілеу үшін пайымдаудың белгілі бір үлесі талап етіледі. Пайымдау өтімділік тәуекелі, кредиттік тәуекел және құбылмалылық сияқты бастапқы деректерді есепке алуды қамтиды. Осы факторларға қатысты жол берулердегі өзгерістер шоғырландырылған қаржылық есептемеде көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнына әсер етуі мүмкін.

**DSFK облигациялары**

2017 жылғы 28 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 7 қарашадағы шешіміне сәйкес Топ «RBK банк» АҚ-да (бұдан әрі — «RBK банк») орналастырылған қаражатпен сатып алуды төлей отырып, «DSFK арнайы қаржы компаниясы» ЖШС облигацияларын (бұдан әрі — «DSFK облигациялары») сатып алды. RBK банкке облигацияларды сатып алғанға дейін орналастырылған депозиттердің номиналды сомасы 1. 498. 249 мың теңгені құрады. DSFK облигацияларының жылдық купондық мөлшерлемесі 0,01% және өтеу мерзімі 15 жыл. Облигациялар «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-нің 411.883 мың теңге сомасына қаржылық кепілдігімен қамтамасыз етілген. Кепілдік Топтың сұрауы бойынша пайдаланылуы мүмкін, бірақ облигациялар шығарылған күннен бастап бес жылдан ерте емес. DSFK облигациялары пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша есепке алынды.

## 4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ ЖОРАМАЛДАР (ЖАЛҒАСЫ)

### Қаржы құралдарының әділ құны (жалғасы)

**DSFK облигациялары (жалғасы)**

2023 жыл ішінде Топ кепілдік бойынша төлем жасауды талап етіп, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-ға бірнеше рет өтініш білдірді. «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС тарапынан міндеттеменің орындалмауына байланысты топ сотқа талап арызбен өтініш білдірді. Сот талқылауы нәтижесінде сот «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-нан «KEGOC» АҚ пайдасына кепілдік бойынша 411.883 мың теңге мөлшерінде берешек сомасын өндіріп алу туралы шешім қабылдады.

Топ басшылығы 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша DSFK облигацияларының әділ құны 411.883 мың теңгеге тең деп есептейді. 2024 жылғы 3 қаңтарда «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС сот шешіміне сәйкес кепілдік бойынша 411.883 мың теңге мөлшерінде берешекті толығымен өтеді.

### Дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік залалдарға арналған бағалау резерві

Топ дебиторлық берешек бойынша ККЗ есептеу үшін бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланады. Бағалау резервтерінің мөлшерлемелері шығындардың туындауының ұқсас сипаттамалары бар (яғни географиялық өңір, өнім түрі, сатып алушылардың типі мен рейтингі, аккредитивтер және кредиттік тәуекелдерді сақтандырудың басқа да нысандары арқылы қамтамасыз ету бойынша) әртүрлі клиенттік сегменттердің топтары үшін төлемнің мерзімі өткен күндерінің санына байланысты белгіленеді.

Бастапқыда бағалау резервтерінің матрицасы өткен кезеңдерде дефолттардың пайда болуының бақыланатын деректеріне негізделген. Топ болжамды ақпаратты ескере отырып, несиелік шығындардың бұрынғы тәжірибесін түзету үшін матрицаны жаңартады. Әрбір есептік күні алдыңғы кезеңдердегі дефолт деңгейі туралы бақыланатын деректер жаңартылады және болжамды бағалардың өзгерістері талданады.

Дефолттың тарихи бақыланатын деңгейлері, болжамды экономикалық жағдайлар мен ККЗ арасындағы байланысты бағалау айтарлықтай есептелген бағалау болып табылады. ККЗ мөлшері жағдайлардың өзгеруіне және болжамды экономикалық жағдайларға сезімтал. Кредиттік шығындардың пайда болуының бұрынғы тәжірибесі Топ және экономикалық жағдайлардың болжамы болашақта сатып алушының нақты дефолты үшін көрсеткішті болмауы мүмкін.

## 5. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША АҚПАРАТ

### Географиялық ақпарат

Тұтынушының тіркелген елінің негізінде тұтынушылардың географиялық орналасуы жөніндегі ақпарат мынадай түрде берілген:

| Мың теңгемен | 2023 жыл | 2022 жыл |
|---|---|---|
| Қазақстандық тұтынушылардан түскен түсім | 227.433.874 | 189.094.392 |
| Ресейлік тұтынушылардан түскен түсім | 23.202.509 | 27.488.474 |
| Өзбекстандық тұтынушылардан түскен түсім | 426.953 | 645.538 |
| Қырғызстандық тұтынушылардан түскен түсім | 1.073.047 | 27.144 |
| **Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке сай түсімнің жиыны** | **252.136.383** | **217.255.548** |

Басшылық ХҚЕС-қа сәйкес салық салынғанға дейінгі кіріс пен пайданы талдайды.

| Қызметтерді сату | **2023 жыл** | **44.805.694** | **8.299.225** | **3.043.371** | **542.910** |
| | 2022 жыл | 39.817.193 | 8.352.832 | 2.463.455 | 621.219 |
| Қызметтер мен тауарларды сатып алу | **2023 жыл** | **14.170.530** | **1.767.385** | **–** | **30.206** |
| | 2022 жыл | 25.437.643 | 1.933.556 | 12.936 | 89.968 |
| Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек бойынша дисконт амортизациясы | **2023 жыл** | **64.525** | **–** | **–** | **–** |
| | 2022 жыл | 76.925 | – | – | – |
| Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек бойынша дисконт амортизациясы | **2023 жыл** | **411.253** | **–** | **–** | **–** |
| | 2022 жыл | 569.384 | – | – | – |

## 26. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР (ЖАЛҒАСЫ)

Байланысты тараптармен операциядан 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша берешек мынадай:

| Мың теңгемен | | Самұрық-Қазына тобына кіретін еншілес компаниялар | Самұрық-Қазына қауымдастырылған компаниялары | Самұрық-Қазына бірлескен кәсіпорындары | Топтың қауымдасқан компаниялары |
|---|---|---|---|---|---|
| Қызметтерді сатқаны үшін қысқа мерзімді сауда дебиторлық берешек | **2023 жыла** | **4.344.858** | **917.520** | **227.020** | **50.976** |
| | 2022 жыла | 4.196.537 | 706.405 | 137.722 | 58.744 |
| Негізгі құралдарды сату үшін басқа да дебиторлық берешек | **2023 жыла** | **562.761** | **–** | **–** | **–** |
| | 2022 жыла | 694.735 | – | – | – |
| Мүліктік кешен үшін кредиторлық берешек | **2023 жыла** | **4.431.817** | **–** | **–** | **–** |
| | 2022 жыла | 6.379.501 | – | – | – |
| Сатып алынған қызметтер үшін қысқа мерзімді сауда және басқа да кредиторлық берешек | **2023 жыла** | **277.960** | **169.819** | **2.008** | **–** |
| | 2022 жыла | 1.446.569 | 208.615 | 582 | 8.821 |

**Түсім және өзіндік құн, сауда дебиторлық және кредиторлық берешек**

Байланысты тараптарға көрсетілетін қызметтерді сату негізінен электр энергиясын жеткізу, техникалық диспетчерлендіру жөніндегі және электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер, электр қуатының дайындығын ұстап тұру жөніндегі көрсетілетін қызметтер болып табылады. Байланысты тараптардан көрсетілетін қызметтерді сатып алу негізінен байланыс қызметтерін, энергетика саласындағы көрсетілетін қызметтерді, электр энергиясын сатып алуды, электр қуатының дайындығын ұстап тұру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алуды, пошта қызметтерін және бағдарламалық жасақтама бойынша техникалық қолдауды қамтиды.

**Басқа да дебиторлық берешек**

2015 жылғы 30 қыркүйекте Топ 2.161.476 мың теңге үшін «Қазпочта» АҚ байланысты тарапқа Астана қаласында орналасқан жабдықтар кешені мен іргелес жер учаскелері бар ғимараттар мен құрылыстарды сатты. Сату шартына сәйкес «Қазпочта» АҚ 2027 жылғы маусымға дейін ай сайынғы тең төлемдермен берешекті төлейді. Тиісінше, Топ болашақ ақша ағындарын 10,37% дисконттау мөлшерлемесі бойынша дисконттады. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша «Қазпочта» АҚ-ның дебиторлық берешегі бойынша амортизацияланбаған дисконты 108.594 мың теңге болды (2022 жылғы 31 желтоқсанға: 173.120 мың теңге). 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша дисконтты шегергендегі берешек сомасы 562.761 мың теңгені құрады, онда 382.638 мың теңге сомасы байланысты тараптардың ұзақ мерзімді дебиторлық берешегінің құрамына кірді (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша дисконтты шегергендегі берешек сомасы 694.735 мың теңгені, байланысты тараптардан ұзақ мерзімді дебиторлық берешек сомасы 514.613 теңгені құрады). 2023 жыл ішінде Топ 64.526 мың теңге сомасындағы дисконт амортизациялануынан кірісті таныды (2022 жыл: 76.925 мың теңге) (23-Ескертпе).

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Топтың «Балқаш ЖЭС» АҚ негізгі құралдарын сатқаны үшін 220.494 мың теңге мөлшерінде (2022 жылғы 31 желтоқсанға: 220.494 мың теңге) дебиторлық берешегі болды. Сату шартына сәйкес «Балқаш ЖЭС» АҚ 2018 жылдың соңына дейін берешегін төлеуі тиіс болатын, алайда 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша берешек өтелмеді. Балқаш ЖЭС құрылысының тоқтатылуына байланысты Топ басшылығы 2018 жылы күтілетін кредиттік залалдарға 100% мөлшерінде резерв есептеу туралы шешім қабылдады.

Байланысты тараптардың сауда дебиторлық берешегіне БКШ жалпы сомасы 2023 жылғы 31 желтоқсанға 421.790 мың теңгені құрады. (2022 жылғы 31 желтоқсанға: 312.336 мың теңге).

**Мүліктік кешен үшін кредиторлық берешек**

2020 жылдың қараша-желтоқсан айларында Топ байланысты тарап — «Karabatan utility solutions» ЖШС-дан 11.794.689 мың теңгеге мүліктік кешен сатып алды. Сатып алу-сату шартына сәйкес Топ 2025 жылдың 25 наурызына дейін берешекті жыл сайынғы тең төлемдермен төлейді. Тиісінше, Топ болашақ ақша ағындарын 10,25% сыйақының нарықтық мөлшерлемесі бойынша дисконттады. 2023 жылғы 31желтоқсандағы жай-күй бойынша «Karabatan utility solutions» ЖШС кредиторлық берешегі бойынша амортизацияланбаған дисконт 286.058 мың теңгені құрады (2022 жылғы 31 желтоқсан: 697.311 мың теңге).

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша дисконтты шегергендегі берешек сомасы 4.431.817 мың теңгені құрады, оның 2.163.124 мың теңгесі байланысты тараптардан ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің құрамына кірді. 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Топ 411.253 мың теңге сомасындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешек бойынша дисконт амортизациясынан болған шығыстарды таныды.

**Басқасы**

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша ХҚДБ қарызы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдік сомасы 6.758.169 мың теңгені құрады (2022 жылғы 31 желтоқсанда: 12.590.206 мың теңге).

Негізгі басқарушы персоналдың сыйақысы және онымен байланысты барлық басқа да шығыстар (салықтар, аударымдар, еңбекке жарамсыздық, еңбек демалысы, материалдық көмек және басқалар) қоса беріліп отырған жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте жалақы бойынша шығыстар құрамына енгізілген 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған кезең ішінде 420.289 мың теңгені құрады. (2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған кезең: 279.176 мың теңге).

Негізгі басқарушы персоналдың сыйақысы негізінен шарттық жалақыдан және операциялық қызмет нәтижелері бойынша сыйақылардан тұрады.

## 27. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ

Топтың негізгі қаржылық міндеттемелеріне қарыздар, шығарылған облигациялар, сауда және басқа да кредиторлық берешектер жатады. Осы қаржылық міндеттемелердің негізгі мақсаты Топтың операцияларын қаржыландыру болып табылады. Топтың сауда және басқа да дебиторлық берешегі, ақшалай қаражаттары мен олардың баламалары, операциялық қызметі барысында тікелей туындайтын қысқа мерзімді депозиттері, сонымен қатар бағалы қағаздарға инвестициялары бар.

Топ пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекеліне, валюталық тәуекелге, кредиттік тәуекелге және өтімділік тәуекеліне ұшырайды.

### Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі — бұл нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне байланысты болашақ ақша ағындарының әділ құны қаржы құралы бойынша өзгеріп отыратын тәуекел. Топтың нарықтық проценттік мөлшерлемелердің өзгеру қаупіне ұшырауы, ең алдымен, өзгермелі проценттік мөлшерлемесі бар Топтың ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді борыштық міндеттемелерін білдіреді (15 және 16-Ескертпелер).

## 27. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (ЖАЛҒАСЫ)

Топ қарыздар көрсетілген валютадағы пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруін бақылау арқылы пайыздық мөлшерлеменің өзгеру қаупін шектейді. Барлық басқа параметрлер өзгермеген жағдайда өзгермелі пайыздық мөлшерлememен қарыздар Топ салық салғанға дейінгі пайдаға келесі әсер етеді:

| Мың теңгемен | Базистік тармақтарда / пайызбен арттыру/ азайту* | Салық салынғанға дейінгі пайдаға әсері |
|---|---|---|
| **2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін** | | |
| СОФР | **382/(382)** | **(258.162)/258.162** |
| Қазақстан Республикасындағы инфляция мөлшерлемесі | **1%/0%** | **(795.556)/–** |
| **2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін** | | |
| Либор | 245/(245) | (304.180)/304.180 |
| Евробор | 136/(136) | (57.818)/57.818 |
| Қазақстан Республикасындағы инфляция мөлшерлемесі | 1%/0% | (635.452)/– |

*1 базистік тармақ = 0,01%.

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне сезімталдықты талдау шеңберіндегі базалық тармақтардағы өзгерістер туралы болжамдар қазіргі уақытта байқалатын нарықтық жағдайға негізделеді, ол өткен жылдармен салыстырғанда айтарлықтай үлкен құбылмалылықпен сипатталады.

### Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел — бұл валюта бағамдарының өзгеруіне байланысты қаржы құралы бойынша болашақ ақша ағындарының әділ құны өзгеретін тәуекел. Топ шетел валюталарының айырбас бағамдарының өзгеру тәуекеліне ұшырауы, ең алдымен, Топтың қаржылық қызметіне байланысты. Сонымен қатар, Топ айырбас бағамдарының өзгеру қаупіне ұшырауы операциялық қызметпен байланысты (кірістер мен шығыстар Топтың функционалдық валютасынан басқа валютада көрсетілген кезде).

Келесі кестерде барлық басқа параметрлер өзгермеген жағдайда АҚШ доллары мен еуроның айырбас бағамындағы мүмкін болатын өзгерістерге сезімталдықты талдау келтірілген. Топтың басқа валюталардың бағамдарының өзгеру қаупіне ұшырауы маңызды емес.

| Мың теңгемен | Айырбас бағамының абсолютті түрде (теңге) артуы/төмендеуі | Валюта бағамының өсуі/ (төмендеуі) | Салық салынғанға дейінгі пайдаға әсері |
|---|---|---|---|
| **2023 жылғы 31 желтоқсан** | | | |
| АҚШ доллары | **64,32/(64,32)** | **14,15%/(14,15%)** | **(205.330)/ 205.330** |
| Еуро | **65,04/(65,04)** | **12,95%/(12,95%)** | **(3.207)/ 3.207** |
| Рубль | **1,44/(1,44)** | **28,54%/(28,54%)** | **(1.867.184)/ 1.867.184** |
| **2022 жылғы 31 желтоқсан** | | | |
| АҚШ доллары | 97,16/(97,16) | 21%/(21%) | (630.606)/630.606 |
| Еуро | 88,67/(88,67) | 17,99%/(17,99%) | (777.656)/777.656 |
| Рубль | 1,42/(1,42) | 22,05%/(22,05%) | (1.394.677)/1.394.677 |

### Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел — бұл Топтың қаржылық шығынға ұшырау қаупі, өйткені контрагенттер қаржы құралы немесе клиенттік келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін орындамайды. Топ өзінің операциялық қызметімен, ең алдымен, сауда дебиторлық берешегіне (9-Ескертпе) және инвестициялық қызметке, соның ішінде банктердегі депозиттерге және борыштық бағалы қағаздарға инвестициялауға байланысты кредиттік тәуекелге ұшырайды (11, 12 және 13-Ескертпелер).

**Сауда дебиторлық берешек**

Сатып алушылармен байланысты несиелік тәуекелді басқаруды әрбір бизнес бөлімшесі сатып алушылармен байланысты несиелік тәуекелді басқаруға қатысты Топ белгілеген саясатқа, процедураларға және бақылау жүйесіне сәйкес жүзеге асырады. Құнсыздануды тану қажеттілігі күтілетін кредиттік залалдарды бағалау үшін бағалау резервтерінің матрицасын пайдалана отырып, әрбір есептік күн үшін талданады. Бағалау резервтерінің ставкалары шығындардың пайда болу сипаттамалары ұқсас әр түрлі клиенттік сегменттер топтары үшін төлемді кешіктіру күндерінің санына байланысты есептеледі (яғни өнім түрі бойынша және т.б.). Есептеулер ықтималдықты ескере отырып өлшенген нәтижелерді, ақшаның уақытша құнын және есепті күнге қол жетімді өткен оқиғалар, ағымдағы жағдайлар және болжамды болашақ экономикалық жағдайлар туралы негізделген және расталған ақпаратты көрсетеді.

**Қаржы құралдары және ақшалай депозиттер**

Банктер мен қаржы институттарындағы шоттардағы қаражаттың қалдықтарымен шартталған кредиттік тәуекелді басқаруды Топтың саясатына сәйкес Топтың Қазынашылығы жүзеге асырады. Артық қаражат тек бекітілген контрагенттердің шоттарына және әрбір контрагент үшін белгіленген кредиттік лимиттер шеңберінде инвестицияланады. Контрагенттер үшін белгіленген кредиттік лимиттерді Топтың Директорлар кеңесі жыл сайын талдайды және оны Топтың қаржы комитеті бекіткеннен кейін бір жыл ішінде өзгертуге болады. Лимиттер тәуекелдердің шоғырлануын азайту және осылайша контрагенттің ықтимал төлемеуі нәтижесінде туындайтын қаржылық шығындарды азайту мақсатында белгіленеді.

Топтың 2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің құрамдас бөліктері бойынша кредиттік тәуекелге барынша ұшырауы олардың баланстық құнымен көрсетіледі.

Келесі кестеде құрылған резервтерді шегергендегі «Standard & Poor’s» және «Moody’s» агенттіктерінің кредиттік рейтингтерін пайдалана отырып, есепті күнге банктерде орналастырылған ақша қаражаттары, банк депозиттері бойынша сальдо көрсетіледі:

| Мың теңгемен | Орналасқан жері | Рейтинг | | 2023 жылғы 31 желтоқсан | 2022 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 2023 жыл | 2022 жыл | | |
| «Қазақстандық тұрақтылық қоры» АҚ | Қазақстан | BBB-/тұрақты | – | 13.078.167 | – |
| «Forte Bank» АҚ | Қазақстан | BB-/тұрақты | BB-/негативті | 10.642.826 | 6.161.681 |
| «Банк Центр Кредит» АҚ | Қазақстан | BB-/тұрақты | B+/тұрақты | 9.279.599 | 2.612.282 |
| «Қазақстан Халық Банкі» АҚ | Қазақстан | BB+/тұрақты | BB+/тұрақты | 7.670.554 | 14.981.871 |
| ҚР Қаржы министрлігі | Қазақстан | BBB-/тұрақты | – | 6.978.109 | – |
| «Jysan Bank» АҚ | Қазақстан | Ba3/позитиві | B+/тұрақты | 4.774.152 | 12.227.652 |
| «Евразиялық Банк» АҚ | Қазақстан | Ba3/позитиві | B/позитиві | 18 | 12 |
| «Москоммерцбанк» КБ (АҚ) | Ресей | – | – | 19 | 6 |
| «Казпочта» АҚ | Қазақстан | – | – | – | 9 |
| | | | | **52.423.444** | **35.983.513** |

## 27. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (ЖАЛҒАСЫ)

### Өтімділік тәуекелі

Топ басшылығы өтімділікті басқару және қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді қаржыландыру талаптарына сәйкес өтімділік тәуекелін басқарудың қажетті жүйесін құрды. Топ өтімділік тәуекелін барабар резервтерді, банктік қарыздарды және қол жетімді несие желілерін қолдау, ақшаның болжамды және нақты қозғалысын үнемі бақылау және қаржылық активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерін салыстыру арқылы басқарады.

Топ қарызды қайта қаржыландыруға қатысты тәуекелдің шоғырлануын бағалады және бұл төмен болады деген қорытындыға келді. Топ қаржыландырудың әр түрлі көздеріне қол жеткізе алады.

Келесі кестелерде Топтың қаржылық міндеттемелері бойынша келісімшарттық мерзімдері шарттық дисконтталмаған ақша ағындары негізінде көрсетіледі.

| Мың теңгемен | Талап етілгенге дейін | 1-ден 3 айға дейін | 3 айдан 1 жылға дейін | 1-ден 5 жылға дейін | 5 жылдан астам | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2023 жылғы 31 желтоқсанға** | | | | | | |
| Қарыздар | – | 617.564 | 898.891 | 4.947.843 | 1.604.485 | 8.068.783 |
| Облигациялар | – | 5.677.742 | 17.064.593 | 90.922.289 | 267.086.396 | 380.751.020 |
| Сауда және басқа да кредиторлық берешек | – | 17.452.328 | 2.358.938 | 2.358.938 | – | 22.170.204 |
| | **–** | **23.747.634** | **20.322.422** | **98.229.070** | **268.690.881** | **410.990.007** |
| **2022 жылғы 31 желтоқсанға** | | | | | | |
| Қарыздар | – | 4.936.035 | 1.070.082 | 5.852.617 | 8.347.857 | 20.206.591 |
| Облигациялар | – | 4.532.400 | 13.597.200 | 72.518.399 | 240.497.448 | 331.145.447 |
| Сауда және басқа да кредиторлық берешек | – | 19.480.214 | 2.358.938 | 4.717.875 | – | 26.557.027 |
| | **–** | **28.948.649** | **17.026.220** | **83.088.891** | **248.845.305** | **377.909.065** |

### Капиталды басқару

Топтың капиталын басқарудың негізгі мақсаты Топтың қарыз бен капитал қатынасын оңтайландыру арқылы акционерлер үшін кірісті барынша арттырумен қатар қызметтің үздіксіздігі қағидатын ұстануды жалғастыра алатынын қамтамасыз ету болып табылады. Топ экономикалық жағдайдағы өзгерістерді ескере отырып, өз капиталын басқарады. Өз капиталын басқару немесе өзгерту үшін Топ акционерлерге дивидендтер төлеуді өзгерте алады, капиталды акционерлерге қайтара алады немесе жаңа акциялар шығара алады. Топ капиталды капиталға қарыздың коэффициентін қолдана отырып басқарады, бұл жалпы қарызға бөлінген қарыз міндеттеме плюс капитал. Топтың міндеті-коэффициентті 0,5-тен жоғары емес деңгейде ұстау. Қарыз барлық қарыздар мен облигацияларды қамтиды. Капитал барлық міндеттемелердің және барлық акционерлік капиталдың сомасына тең.

| Мың теңгемен | 2023 жылғы 31 желтоқсан | 2022 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Борыш/капитал | 0,16 | 0,16 |
| Қарыздар мен облигациялардың ұзақ мерзімді бөлігі | 155.110.813 | 144.761.999 |
| Қарыздар мен облигациялардың қысқа мерзімді бөлігі | 8.424.576 | 11.589.702 |
| **Қарыз** | **163.535.389** | **156.351.701** |
| | | |
| Міндеттемелер жиынтығы | 316.065.873 | 333.047.025 |
| Капитал | 685.719.134 | 653.565.164 |
| **Капитал және міндеттемелер жиыны** | **1.001.785.007** | **986.612.189** |

Топтың капитал құрылымына 14-Ескертпеде көрсетілгендей акционерлік капитал, резервтер және бөлінбеген пайда кіреді.

### Әділ құн иерархиясы

- Топ қаржы құралдарының әділ құнын анықтау және бағалау модельдері бойынша ол туралы ақпаратты ашу үшін келесі иерархияны пайдаланады:
- 1-деңгей: бірдей активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтағы бағалардың нарықтық белгіленімдері (қандай да бір түзетулерсіз).
- 2-деңгей: нарықта тікелей немесе жанама түрде көрінетін әділ құнға айтарлықтай әсер ететін барлық бастапқы деректер байқалатын басқа әдістер.
- 3-деңгей: бақыланатын нарықтық ақпаратқа негізделмеген, шағылысатын әділ құнға елеулі әсер ететін бастапқы деректерді пайдаланатын әдістер

Төмендегі кестеде Топтың активтері мен міндеттемелерін әділ құн бойынша бағалау көздерінің иерархиясы келтірілген:

**Әділ құны бойынша бағаланатын активтер**

| Мың теңгемен | 2023 жылғы 31 желтоқсан | 1-деңгей | 2-деңгей | 3-деңгей |
|---|---|---|---|---|
| **Қайта бағаланған негізгі құралдар** | | | | |
| ҰЭТ активтері (6-Ескертпе) | 718.550.166 | – | – | 718.550.166 |
| «DSFK арнайы қаржы компаниясы» ЖШС облигациялары (11-Ескертпе) | 411.883 | – | – | 411.883 |

| Мың теңгемен | 2022 жылғы 31 желтоқсан | 1-деңгей | 2-деңгей | 3-деңгей3 |
|---|---|---|---|---|
| **Қайта бағаланған негізгі құралдар** | | | | |
| ҰЭТ активтері (6-Ескертпе) | 733.464.524 | – | – | 733.464.524 |
| «DSFK арнайы қаржы компаниясы» ЖШС облигациялары (11-Ескертпе) | 377.731 | – | – | 377.731 |

**Әділ құны ашылатын активтер**

| Мың теңгемен | 2023 жылғы 31 желтоқсан | 1-деңгей | 2-деңгей | 3-деңгей |
|---|---|---|---|---|
| **Қаржылық активтер** | | | | |
| Басқа да қаржылық активтер (11-Ескертпе) | 32.156.941 | – | 32.156.941 | – |

| Мың теңгемен | 2022 жылғы 31 желтоқсан | 1-деңгей | 2-деңгей | 3-деңгей |
|---|---|---|---|---|
| **Қаржылық активтер** | | | | |
| Басқа да қаржылық активтер (11-Ескертпе) | 58.787.505 | – | 58.787.505 | – |

## 27. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (ЖАЛҒАСЫ)

### Әділ құн иерархиясы (жалғасы)

**Әділ құны ашылатын міндеттемелер**

| Мың теңгемен | 2023 жылғы 31 желтоқсан | 1-деңгей | 2-деңгей | 3-деңгей |
|---|---|---|---|---|
| **Қаржылық міндеттемелер** | | | | |
| Облигациялар (16-Ескертпе) | **156.799.577** | – | **156.799.577** | – |
| Қарыздар (15-Ескертпе) | **6.735.812** | – | **6.735.812** | – |

| Мың теңгемен | 2022 жылғы 31 желтоқсан | 1-деңгей | 2-деңгей | 3-деңгей |
|---|---|---|---|---|
| **Қаржылық міндеттемелер** | | | | |
| Облигациялар (16-Ескертпе) | 139.453.044 | – | 139.453.044 | – |
| Қарыздар (15-Ескертпе) | 16.898.657 | – | 16.898.657 | – |

2023 жылғы 31 желтоқсанда және 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған кезеңдерде қаржы құралдарының әділ құнының 1, 2 және 3 деңгейлері арасында ауысулар болған жоқ.

### Қаржы құралдарының әділ құны

2023 жылғы 31 желтоқсанда және 2022 жылғы 31 желтоқсанда басшылық Топтың қаржы құралдарының сауда дебиторлық және кредиторлық берешегі, өзге де қаржы активтері, ақша қаражаттары және олардың баламалары, пайдалануда шектелген ақша қаражаттары сияқты әділ құны негізінен осы құралдарды өтеудің қысқа мерзіміне байланысты олардың баланстық құнына шамамен тең екенін анықтады. Топ шығарған қарыздар мен облигациялар амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі, бұл олардың әділ құнына тең.

### Қаржылық қызметке байланысты міндеттемелердің өзгеруі

| Мың теңгемен | 2023 жылғы 1 қаңтарға | Ақша ағындары | Есептелген пайыздар | Төленген пайыздар мен комиссиялар | Валюта бағамдары-ның өзгеруі | Басқасы | 2023 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қарыздар | 16.898.657 | (9.973.990) | 625.214 | (760.416) | (64.393) | 10.740 | 6.735.812 |
| Облигациялар | 139.453.044 | 16.867.598 | 21.942.670 | (21.572.501) | – | 108.766 | 156.799.577 |
| **Барлығы** | **156.351.701** | **6.893.608** | **22.567.884** | **(22.332.917)** | **(64.393)** | **119.506** | **163.535.389** |

| Мың теңгемен | 2022 жылғы 1 қаңтарға | Ақша ағындары | Есептелген пайыздар | Төленген пайыздар | Валюта бағамдары-ның өзгеруі | Басқасы | 2022 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қарыздар | 49.493.952 | (35.865.915) | 937.558 | (1.336.740) | 2.989.308 | 680.494 | 16.898.657 |
| Облигациялар | 121.705.499 | 16.141.100 | 14.222.906 | (12.727.000) | – | 110.539 | 139.453.044 |
| Жалдау бойынша мін-деттемелер | 111.895 | (111.895) | – | – | – | – | – |
| **Барлығы** | **171.311.346** | **(19.836.710)** | **15.160.464** | **(14.063.740)** | **2.989.308** | **791.033** | **156.351.701** |

«Басқалары» бағанында қаржылық міндеттемелер бойынша дисконттар мен сыйлықақылардың амортизациясы көрсетілген. Топ төленген пайыздарды операциялық қызметтен түсетін ақша ағындары ретінде жіктейді.

## 28. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

### Қызметті жүргізу шарттары

Қазақстанда экономикалық реформалар және нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылымды дамыту жалғасуда. Болашақта Қазақстан экономикасының тұрақтылығы осы реформалардың барысына, сондай-ақ экономика, қаржы және ақша-кредит саясаты саласында Үкімет қабылдайтын шаралардың тиімділігіне байланысты болады.

### Салық салу

Қазақстан Салық заңнамасы және нормативтік-құқықтық актілер тұрақты өзгерістердің және әртүрлі түсіндірулердің нысанасы болып табылады. Түсімге, шығыстарға және қаржылық есептеменің өзге де баптарына ҚЕХС тәсілі бойынша пікірді қоса алғанда, жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдары арасындағы пікірлерде алшақтық жағдайлары жиі кездеседі. Қазіргі уақытта қолданылып жүрген Қазақстан заңдары негізінде анықталған құқық бұзушылықтар үшін айыппұлдар мен өсімпұлдар жүйесі өте қатал. Нәтижесінде салықтар, айыппұлдар мен өсімпұлдар бойынша қосымша есептеулер сомасы 2023 жылғы 31 желтоқсанға есептелмеген шығыстарға жатқызылған сомадан асып кетуі мүмкін.

Басшылық 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қолданыстағы заңнаманы түсіндіру тиісті болып табылады және Топтың салық бойынша ұстанымы расталады деп санайды.

### Кредиттік келісімдердің шарттары

15-Ескертпеде ашып көрсетілгендей, Топ ЕҚДБ мен ХҚДБ-мен кредиттік келісімдер жасасты. ЕҚДБ-мен кредиттік келісім өтеу кестесіне сәйкес толық орындалуына байланысты, 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша кредиттік келісімнің шарттарын қаржы бөлігінде орындау қажеттілігі жоқ.

Сонымен қатар Топ облигациялар шығарды (16-Ескертпе) және келесі ковенанттарды сақтауға міндетті:

- Борыштың EBITDA қатынасы 3:1 аспайды (2023 жылғы 31 желтоқсанға — 1,51);
- Борыштың Капиталға қатынасы 0,6:1 аспайды (2023 жылғы 31 желтоқсанға — 0,24);
- өзін-өзі қаржыландыру коэффициенті кемінде 20% (2023 жылғы 31 желтоқсанға — 59%);
- қарызға қызмет көрсету коэффициенті кемінде 1,2 (2023 жылғы 31 желтоқсанға — 13,8);
- өтімділік кемінде 1:1 (2023 жылғы 31 желтоқсанға — 3,1);
- таза борыштың EBITDA қатынасы 4:1 аспайды (2023 жылғы 31 желтоқсанға — 1,0).

Топ басшылығы облигациялар шығару шарттарында қарастырылған барлық ковенанттар сақталған деп санайды.

### Сақтандыру

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Топ құны 521.802.639 мың теңге өндірістік активтерді сақтандырды. Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемі сақтандыру сомасы шегінде жүргізіледі. Топ қалған өндірістік активтерді сақтандырған жоқ. Сақтандырудың болмауы активтер құнының азаюын немесе міндеттемелердің туындауын білдірмейтіндіктен, осы шоғырландырылған қаржылық есептемеде мұндай активтердің бүлінуіне немесе жоғалуына байланысты күтпеген шығыстарға ешқандай резерв жасалмаған.

## 28. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

### Шарттық міндеттемелер

220-500 кВ электр жеткізу желілерін реконструкциялау арқылы ұлттық электр торабы жұмысының сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында, алдағы жылдары қол жеткізілген және Қазақстан БЭЖ Батыс аймағының тұтынушыларын электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру үшін, сонымен қатар өндірістік активтерді жұмыс жағдайында ұстау үшін Топ күрделі инвестициялар жоспарын әзірледі.

Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің 2021 жылғы 11 наурыздағы N°21-НҚ және Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2021 жылғы 7 сәуірдегі N°122 бірлескен бұйрығымен «KEGOC» АҚ бес жылдық (2021-2026) инвестициялық бағдарламасы жалпы сомасы 274.760.648 мың теңгеге бекітілген және 100% орындауға жатады. Алайда, «KEGOC» АҚ оған өзгерістер енгізіп, жекелеген іс-шаралардың құны мен өткізу мерзімін түзете алады. «KEGOC» АҚ бес жылдық инвестициялық бағдарламасы Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2023 жылғы 30 қарашадағы N°431 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің 2023 жылғы 15 желтоқсандағы N°157-НҚ бірлескен бұйрығымен түзетілді.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша инвестициялық жоспар шеңберінде Топпен жасалған шарттар бойынша күрделі сипаттағы шарттық міндеттемелердің сомасы 95.751.033 мың теңге болды (2022 жылғы 31 желтоқсанда: 57.388.081 мың теңге).

### Қызметті реттеу және сот талқылаулары

Электр энергиясын жеткізу, ұлттық электр торабын пайдалану бойынша, электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру және электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша тарифтер

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің (бұдан әрі-ТМРК) 2021 жылғы 16 тамыздағы N° 79-ОД бұйрығына сәйкес мынадай тарифтер бекітілді:

1. электр энергиясын жеткізу бойынша:
- 2021 жылғы 1 қазаннан бастап 2022 жылғы 30 қыркүйекке дейін — 2,797 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз);
- 2022 жылғы 1 қазаннан бастап 2023 жылғы 30 қыркүйекке дейін — 2,848 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз).
2. электр энергиясын желіге босатуды және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша:
- 2021 жылғы 1 қазаннан бастап 2022 жылғы 30 қыркүйекке дейін — 0,306 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз);
- 2022 жылғы 1 қазаннан бастап 2023 жылғы 30 қыркүйекке дейін — 0,314 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз).
3. электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша:
- 2021 жылғы 1 қазаннан бастап 2022 жылғы 30 қыркүйекке дейін — 0,098 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз);
- 2022 жылғы 1 қазаннан бастап 2023 жылғы 30 қыркүйекке дейін — 0,102 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз).

ҚР ТМРК 2022 жылғы 22 сәуірдегі N°67-НҚ бұйрығымен 2022 жылғы 1 маусымнан бастап 2023 жылғы 31 мамырға дейін қолданысқа енгізіле отырып, «KEGOC» АҚ реттеліп көрсетілетін қызметтеріне уақытша өтемдік тарифтер бекітілді

Көрсетілген бұйрықпен «KEGOC» АҚ ҚР Табиғи монополиялар туралы Заңына сәйкес 2017 және 2018 жылдардың қорытындысы бойынша тарифтік смета шығындарының баптары бойынша қалыптасқан үнемдеу Инвестициялық бағдарламаны іске асыруға бағытталғандығына байланысты сәйкес келмейді. Осылайша, «KEGOC» АҚ тұтынушыларға шығын келтірген жоқ және негізсіз кіріс алған жоқ. Осыған байланысты 2022 жылғы 22 сәуірдегі N°67-НҚ бұйрығына «KEGOC» АҚ сот тәртібімен дауласады.

Сот талқылауын қарау кезеңінде осы Бұйрықтың қолданылуы уақытша тоқтатылды.

Егер Топ уақытша өтемдік тарифті қолданған жағдайда, онда Топтың 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы пайдасы 3.245.513 мың теңгеге төмендеген болар еді.

Сот талқылауы кезінде «KEGOC» АҚ-ның 2021-2026 жылдарға арналған реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді, тарифтік сметаларды бекіту туралы 2021 жылғы 16 тамыздағы N° 79-НҚ және 2023 жылғы 22 қыркүйектегі N° 133-НҚ бұйрығы қолданылады.

2023 жылғы 22 қыркүйектегі N°133-НҚ ТМРК бұйрығымен ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша, ұлттық электр торабын пайдалану бойынша, электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлеу бойынша, электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді енгізу арқылы ұйымдастыру бойынша «KEGOC» АҚ реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтер мен тарифтік сметалардың өзгерістері бекітілді 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі:

1. ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша мына өлшемде:
- 2023 жылғы 1 шілдеден бастап 2023 жылғы 30 қыркүйекке дейін — 2,935 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз);
- 2023 жылғы 1 қазаннан бастап 2024 жылғы 30 қыркүйекке дейін — 3,381 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз);
- 2024 жылғы 1 қазаннан бастап 2025 жылғы 30 қыркүйекке дейін — 3,492 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз);
- 2025 жылғы 1 қазаннан бастап 2026 жылғы 30 қыркүйекке дейін — 3,564 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз).
2. ұлттық электр торабын пайдалану бойынша мына өлшемде:
- 2023 жылғы 1 шілдеден бастап 2023 жылғы 30 қыркүйекке дейін — 1,651 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз);
- 2023 жылғы 1 қазаннан бастап 2024 жылғы 30 қыркүйекке дейін — 1,943 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз);
- 2024 жылғы 1 қазаннан бастап 2025 жылғы 30 қыркүйекке дейін — 2,002 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз);
- 2025 жылғы 1 қазаннан бастап 2026 жылғы 30 қыркүйекке дейін — 2,056 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз).
3. электр энергиясын желіге босатуды және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша мына өлшемде:
- 2023 жылғы 1 шілдеден бастап 2023 жылғы 30 қыркүйекке дейін — 0,320 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз);
- 2023 жылғы 1 қазаннан бастап 2024 жылғы 30 қыркүйекке дейін — 0,339 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз);
- 2024 жылғы 1 қазаннан бастап 2025 жылғы 30 қыркүйекке дейін — 0,351 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз);
- 2025 жылғы 1 қазаннан бастап 2026 жылғы 30 қыркүйекке дейін — 0,356 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз).
4. электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша мына өлшемде:
- 2023 жылғы 1 шілдеден бастап 2023 жылғы 30 қыркүйекке дейін — 0,057 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз);
- 2023 жылғы 1 қазаннан бастап 2024 жылғы 30 қыркүйекке дейін — 0,060 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз);
- 2024 жылғы 1 қазаннан бастап 2025 жылғы 30 қыркүйекке дейін — 0,064 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз);
- 2025 жылғы 1 қазаннан бастап 2026 жылғы 30 қыркүйекке дейін — 0,066 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз).

2024 жылғы 9 ақпандағы N°25-НҚ ТМРК бұйрығымен ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу және ұлттық электр торабын пайдалану бойынша «KEGOC» АҚ реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтер мен тарифтік сметалардың өзгерістері 2024 жылғы 1 наурыздан бастап төмендегілер қолданысқа енгізілуімен бекітілді:

1. ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша 2024 жылғы 1 наурыздан бастап 2024 жылғы 30 қыркүйекке дейінгі кезеңге 3,474 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз) мөлшерінде;
2. ұлттық электр торабын пайдалану бойынша 2024 жылғы 1 наурыздан бастап 2024 жылғы 30 қыркүйекке дейінгі кезеңге 1,996 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз) мөлшерінде.

## 29. ЕСЕПТІК КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2024 жылғы 31 қаңтарда «Қазақстан БЭЖ Оңтүстік аймағының электр желісін күшейту. Электр желілік объектілерді салу» жобасын қаржыландыру мақсатында Топ пен Азия Даму Банкі (АДБ) арасында қарыздың алдын ала шарттары келісілді. Келісімнің шарттары тек бағыттау сипатта. Келісімнің талаптарына негізгі қарыз шартына қол қойылған күннен бастап 48 айға дейінгі қолжетімділік кезеңімен теңгелік баламада үш траншпен алынатын 130 миллион АҚШ доллары мөлшеріндегі қарыз сомасы кіреді. Сыйақы мөлшерлемесі АБР кешенді шығындарының сомасын және теңгемен жылдық 3% мөлшерінде маржаны қамтитын болады.

# 5-қосымша. Қызметтің қаржылық нәтижелеріне басшылықтың түсініктемелері

## 2023 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖӘНЕ СОЛ КҮНМЕН АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙ БОЙЫНША

Қызметке шолу ........ 140
Электр желілік шаруашылықтың сипаттамасы ........ 141
KEGOC-тың өндірістік құрылымы ........ 142
Еншілес компаниялар туралы ақпарат ........ 142
Біздің операциялық сегменттер ........ 143
Үкіметпен және негізгі акционермен өзара қарым-қатынас сипаты ........ 143
Тарифтік саясат ........ 143
Қызметтің нәтижелері ........ 148
Қолданыстағы кредиттік келісімдер ........ 155
Күрделі қаржы шығыстары ........ 155

«KEGOC» АҚ 2023 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖӘНЕ СОЛ КҮНМЕН АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙ БОЙЫНША «KEGOC» АҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТЕМЕСІНДЕ КӨРСЕТІЛГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕРГЕ ТӨМЕНДЕ БЕРІЛГЕН ТҮСІНДІРМЕЛЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАРДЫ «KEGOC» АҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТЕМЕСІМЕН ЖӘНЕ АТАЛҒАН КЕЗЕҢДЕГІ ОЛАРҒА БЕРІЛГЕН ЕСКЕРТПЕЛЕРМЕН БІРГЕ ҮЙЛЕСТІКТЕ ҚАРАҒАН ДҰРЫС. СОНЫМЕН ҚАТАР, БҰЛ ШОЛУ БОЛЖАМДЫ ПІКІРДІ ҚАМТИДЫ. АТАЛҒАН БОЛЖАМДЫ ПІКІРЛЕР БҰЛ ПІКІРЛЕРДЕ КӨРСЕТІЛГЕН НЕМЕСЕ ОЛАРДАН ТУЫНДАЙТЫН НӘТИЖЕЛЕРДЕН БІЗДІҢ НАҚТЫ НӘТИЖЕЛЕРІМІЗДІҢ АУЫТҚУЫНА ӘКЕЛІП СОҒУЫ МҮМКІН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ МЕМОРАНДУМДА КӨРСЕТІЛГЕН ТӘУЕКЕЛДЕРДІҢ, ЕКІҰШТЫЛЫҚ ПЕН БАСҚА ДА ФАКТОРЛАРДЫҢ ӘСЕРІНЕ ҰШЫРАҒАН. БІЗДІҢ НАҚТЫ НӘТИЖЕЛЕРІМІЗ БҰЛ БОЛЖАМДЫ ПІКІРЛЕРДЕ ҰСЫНЫЛҒАН НӘТИЖЕЛЕРДЕН ЕРЕКШЕЛЕНУІ МҮМКІН.

### ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамы (бұдан әрі — «Компания» немесе «KEGOC») Қазақстан Республикасында құрылған және электр энергиясын жеткізу, Ұлттық электр торабын пайдалану, электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру қызметін, сонымен қатар Қазақстан Республикасында электр энергиясын өндіру/тұтыну теңгерімін ұйымдастыру қызметін ұсынатын Компания болып табылады.

Компания Үкіметтің Қазақстан Республикасының энергетикалық жүйесін басқаруды қайта құрылымдау жөніндегі бастамалары аясында 1997 жылы құрылды. «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамына (бұдан әрі — Қор немесе «Самұрық-Қазына» АҚ) KEGOC-тың 234 000 001 дана жай акциялары (85%) тиесілі, KEGOC-тың 41 292 727 дана жай акциялары миноритарлық акционерлерге тиесілі және KEGOC-тың 1 390 дана жай акцияларын Компания сатып алды.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша KEGOC-тың жарғылық және меншік капиталы сәйкесінше 148 922 757 мың теңгені және 685 719 134 мың теңгені құрады.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компания қызметкерлерінің тізім бойынша саны 4446 адамды құрады.

Мемлекет тағайындаған Жүйелік оператор ретінде Компания Қазақстанның Біртұтас электр энергетикасы жүйесін («БЭЖ») басқарады. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша БЭЖ:

- Ұлттық электр торабы («ҰЭТ»);
- Ұлттық, өнеркәсіптік және өңірлік маңызы бар 207 электр станциясы;
- 0,4 — 220 киловольт электр желілері арқылы бөлшек (соңғы) сауда тұтынушыларына электр энергиясын беретін 19 аймақтық энергетикалық компания мен 126 шағын компания;
- жүйелік қызметтер көрсетуге шарттар жасаған көтерме сауда нарығының 551 субъектісінен тұрады.

«KEGOC» АҚ ұзындығы 27 632,9 км 35-1150 кВ жоғары вольтты электр жеткізу желілері және 83 қосалқы станциядан тұратын ҰЭТ активтеріне иелік етеді және басқарады, сонымен қатар сол активтерге техникалық қызмет көрсетеді және жөндейді.

**Қазақстан Республикасында 2018 жылдан бастап 2023 жылды қоса алғандағы кезеңде электр энергиясын тұтыну және өндіру көлемі**




Казақстан Республикасында электр энергиясын тұтыну көлемі (млн кВт·сағ)
Казақстан Республикасында электр энергиясын өндіру көлемі (млн кВт·сағ)

**2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша KEGOC акционерлерінің құрылымы**




«Самұрық-Қазына» АҚ · «БЗЖҚ» АҚ · Басқа акционерлер

## ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛІК ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ СИПАТТАМАСЫ

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша ЖЭТ филиалдарының балансында трансформаторларының белгіленген қуаты 39 112,6 МВА болатын 83 35-1150 кВ-тық қосалқы электр станция бар, соның ішінде:

- 1150 кВ — 3 дана қуаты 9 384,1 МВА;
- 500 кВ — 20 дана қуаты 17 447,5 МВА;
- 220 кВ — 57 дана қуаты 12 257,8 МВА;
- 35 кВ — 2 дана қуаты 23,2 МВА.

Кернеуі 35-1150 кВ-тық электр жеткізу желісінің жалпы ұзындығы 27 632,991 км құрайды (тізбектер бойынша), соның ішінде кернеу сыныбы бойынша габариттері мынадай:

- 1150 кВ ӘЖ — 1421,225 км;
- 500 кВ ӘЖ– 8281,931 км;
- 330 кВ ӘЖ — 1 863,28 км;
- 220 кВ ӘЖ — 15 669,584 км;
- 110 кВ ӘЖ– 352,841 км;
- 35 кВ ӘЖ — 44,13 км.

KEGOC мемлекетаралық және өңіраралық электр жеткізу желілері арқылы электр энергиясын жеткізуді, өңірлік электр желілік компаниялармен және ірі тұтынушылармен байланысты қамтамасыз етеді. Бұл ретте, Компания халыққа электр энергиясын жеткізбейді.

БЭЖ-дің қалған активтері үшінші тұлғаларға тиесілі. KEGOC-тың электр энергиясын өндіретін электр станцияларында немесе тарату желілерін пайдаланатын компанияларда акциялары немесе қатысу үлесі жоқ.

## «KEGOC» АҚ Даму жоспары (Стратегиясы):

«KEGOC» АҚ қызметі Қазақстанның бүкіл экономикасын дамыту үшін стратегиялық маңызға ие және мүдделі тараптардың кең ауқымының мүдделерін қозғайды. Компания мұны шешім қабылдау және ұзақ мерзімді стратегия құру кезінде ескереді. Қоғамның мүдделеріне мұқият қарау, Қазақстан Республикасы БЭЖ-інің сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету, Қазақстан ҰЭТ-тың озық дамуы, адамдардың лайықты еңбек жағдайлары мен әл-ауқатын қамтамасыз ету, экология туралы қамқорлық біздің басты назарымызда. Бұл «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі 2023 жылғы 1 сәуірде бекіткен (№3 хаттама) «KEGOC» АҚ 2023-2032 жылдарға арналған даму жоспарында (Стратегия) көрсетілген.

Энергетикалық жүйені дамыту мен трансформациялауды, Қазақстанның карбонсыздандырылуын және тұрақты экономикалық өсуін қамтамасыз етуді негізге ала отырып, Компанияның стратегиялық **пайымы** айқындалды.

Компанияның миссиясы:

Қазақстанның энергия жүйесінің сенімділігін, қолжетімділігін және озық дамуын қамтамасыз ету.

Компанияның пайымы:

«Энергия ауысуы жағдайында болашақ энергетикалық жүйенің және нарықтың өзгеруіне ықпал ететін, экономиканың өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қамтамасыз ететін және инфрақұрылымды жоспарлау және таза энергияны дамыту арқылы тұрақты электр энергетикалық жүйенің дамуына үлес қосатын Қазақстан БЭЖ-інің Жүйелік операторы».

Компанияның миссиясына сәйкес қызметтің келесі стратегиялық бағыттары айқындалды:

1. Сапалы жүйелік қызмет көрсету. Мақсаты — электр энергиясын жеткізуді, теңгерімдеуді және техникалық диспетчерлендіруді қамтамасыз ету.

2. Таза активтердің құнын ұлғайту. Мақсаты — қаржылық тұрақтылық, жобалар мен бастамалар портфелін айқындау, озық таза технологияларды енгізу және цифрландыру жөніндегі жобаларды қоса алғанда, ірі инвестициялық және табысты жобаларды іске асыру, өзіндік көміртегі ізін азайту және ESG қағидаттарын ескере отырып, корпоративтік басқаруды жетілдіру.

Пайымды, миссияны іске асыру стратегиялық мақсаттарды және әрбір мақсат үшін айқындалған міндеттерді іске асыру арқылы қол жеткізілетін болады:

**1-мақсат:** Энергетикалық ауысу кезеңінде Қазақстан БЭЖ-інің сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Оған келесі міндеттерді іске асыру арқылы қол жеткізіледі: i) Қазақстан БЭЖ Жүйелік операторының функцияларын орындау; ii) ҚР ҰЭТ озық дамуы, ЖЭК тиімді интеграциясы 19% деңгейінде; iii) Заманауи инновациялық және цифрлық технологияларды енгізу, Smart Grid.

**2-мақсат:** ESG қағидаттарына сәйкес мыналар арқылы тұрақты дамуды қамтамасыз ету: i) Көміртек ізін азайту, ii) Адами капиталды дамыту, iii) Корпоративтік басқаруды жетілдіру және iv) Кәсіби қауіпсіздік жүйесін жетілдіру.

**3-мақсат:** Таза активтердің құнын i) қаржылық тұрақтылықты нығайту және iii) халықаралық ынтымақтастықты дамыту **арқылы ұлғайту**.

## KEGOC-ТЫҢ ӨНДІРІСТІК ҚҰРЫЛЫМЫ




ЖЭТ* — Жүйеаралық электр торaптары

## ЕНШІЛЕС КОМПАНИЯЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2023 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖӘНЕ 2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙ БОЙЫНША КОМПАНИЯНЫҢ МЫНАДАЙ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРДА ҚАТЫСУ ҮЛЕСІ БОЛДЫ:

| Компания | Қызметі | Қатысу үлесі | |
|---|---|---|---|
| | | 2023 жылғы 31 желтоқсан | 2022 жылғы 31 желтоқсан |
| «Энергоинформ» АҚ (бұдан әрі – «Энергоинформ») | KEGOC қызметін ақпараттық қамтамасыз ету | 100% | 100% |
| «Батыс транзит» АҚ | «Солтүстік Қазақстан — Ақтөбе облысы өңіраралық электр жеткізу желісін салу» жобасын іске асыру | 20% | 20% |

### «Энергоинформ» АҚ

«Энергоинформ» мекемесі 2002 жылы заңды тұлға болып табылатын коммерциялық емес ұйым ретінде «KEGOC» АҚ ақпараттық-телекоммуникациялық кешеніне қызмет көрсетуге байланысты қолдау функцияларын орындау мақсатында құрылды. 2010 жылғы қараша айында «Энергоинформ» мекемесі акционерлік қоғам болып қайта ұйымдастырылды, онда «KEGOC» АҚ 100% дауыс беруші акцияларын иеленеді. «Энергоинформ» АҚ жарғылық капиталы 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша 2 179 700 мың теңгені құрайды.

Миссиясы: үздік әлемдік тәжірибелерді және инновациялық технологияларды қолдана отырып, ҚР БЭЖ ақпараттық-телекоммуникациялық кешенінің сенімді жұмыс істеуін және тиімді дамуын қамтамасыз ету.

«Энергоинформ» АҚ қызметінің стратегиялық мақсаттары:

- «KEGOC» АҚ және ҚР БЭЖ субъектілерінің ақпараттық-телекоммуникациялық кешенінің (бұдан әрі — АТК) сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- ҚР энергия нарығын басқару жүйесіне зияткерлік шешімдерді ендіру;
- ҚР энергия нарығы субъектілерінің инфрақұрылымдық кешендерін дамыту;
- Қоғам құнының өсу көздерін әртараптандыру.

«Энергоинформ» АҚ қызметінің негізгі тұтынушысы бұл Қазақстан Біртұтас электр энергетикалық жүйесінің Жүйелік операторы — «KEGOC» АҚ болып табылады.

**2023 жылдың қорытындысы бойынша «Энергоинформ» АҚ кірісінің жалпы сомасы,** мың теңге



## БІЗДІҢ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ СЕГМЕНТТЕР

Басқару мақсаттары үшін Топтың қызметі көрсетілетін қызмет түріне сәйкес үш операциялық сегментке бөлінеді:

- Электр энергиясын жеткізу, электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру, электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру;
- Қуатты реттеу бойынша қызметтер.
- Сатып алынатын электр энергиясын сату.

## «KEGOC» АҚ қызметінің қаржылық жағдайына және нәтижелеріне әсер еткен негізгі факторлар мен тәуекелдер

«KEGOC» АҚ қызметін күрделі ортада жүзеге асырады, онда оның қызметіне әсер ететін бірқатар сыртқы факторлар бар. Мұндай фактор дебиторлық берешектің өсу қаупіне әкелетін біздің қызмет тұтынушыларымыздың төлем қабілеттілігінің төмендеуі болып табылады. «KEGOC» АҚ медиативтік келісімдер жасасудан бастап кінәраттық-талап қою жұмыстарын жүргізуге дейін осы тәуекелді көшіруге бағытталған бірқатар шараларды қабылдайды.

## ҮКІМЕТПЕН ЖӘНЕ НЕГІЗГІ АКЦИОНЕРМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС СИПАТЫ

«KEGOC» АҚ Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша, «Қазақстан Республикасының электр энергетикалық жүйесін басқаруды құрылымдық қайта құру жөніндегі кейбір шаралар туралы» 1996 жылғы 28 қыркүйектегі N° 1188 қаулыға сәйкес құрылды.

2006 жылға дейін «KEGOC» АҚ-ның 100% акциялары мемлекеттің меншігінде болды. «KEGOC» АҚ жалғыз акционері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі болды.

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 қаңтардағы N° 50 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 ақпандағы N° 117 қаулысымен мемлекеттік акциялар пакеті (100%) «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі Қазақстан холдингі» АҚ-ның орналастырылатын акцияларын төлеу үшін табыс етілді.

«Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы N° 669 Жарлығына және «Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы N° 669 Жарлығын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы N° 962 қаулысына сәйкес «Қазына» орнықты даму қоры» және «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі Қазақстан холдингі» акционерлік қоғамдарының бірігуі арқылы «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы құрылды. Осылайша, «KEGOC» АҚ-ның 100% акциялары Қазақстан Республикасы Үкіметінің бақылауында тұрған «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының меншігіне берілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 қыркүйектегі N° 1027 қаулысымен бекітілген «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының еншілес және бағынысты ұйымдарының акциялар пакетін бағалы қағаздар нарығына шығару бағдарламасына («Халық IPO» бағдарламасы) сәйкес «KEGOC» АҚ 25 999 999 дана мөлшеріндегі жай акциялары пакеті 2014 жылы Қазақстан қор биржасына орналастырылды.

«Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы N°908 қаулысын орындау шеңберінде 2023 жылы KEGOC акциялары екі KASE және AIX биржаларында қайталама орналастырылды (SPO). Оның нәтижесінде «KEGOC» АҚ орналастырылған акцияларының жалпы санының кемінде 85%-ын «Самұрық-Қазына» АҚ меншігінде сақтай отырып, 15 294 118 дана акция орналастырды.

«Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді.

## ТАРИФТІК САЯСАТ

«KEGOC» АҚ қызметі «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының заңымен (бұдан әрі — Заң) реттеледі. Заңға сәйкес KEGOC ұсынатын мынадай қызметтер табиғи монополиялар саласына жатады:

- Ұлттық электр торабының желілері арқылы электр энергиясын жеткізу;
- Ұлттық электр торабын пайдалану бойынша;
- электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру;
- электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру.

Қазақстан Республикасының «Электр энергетикасы туралы» Заңына сәйкес 2023 жылғы 1 шілдеден бастап Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы институты енгізіліп, нақты уақыт режимінде теңгерімдеуші нарық жұмыс істей бастады.

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы нарығының жаңа моделі электр энергиясының жоспарлы көлемдерін орталықтандырылған сатып алу-сатуға көшуді көздейді.

Электр энергиясын сатып алу-сатудың осындай орталықтандырылған механизмі Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының есеп айырысу орталығы оператор болып табылатын электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеуі шеңберінде Қазақстан БЭЖ-інде теңгерімсіздіктерді реттеу үшін көзделген.

Электр энергиясын бөлудің «атаулылығының» болмауына байланысты 2023 жылғы 01 шілдеден бастап Компания көрсететін «жаңа» қызмет — Ұлттық электр торабын пайдалану қызметі енгізілді.

Бұл ретте, ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу қызметі сақталды және электр энергиясының мемлекетаралық транзиті (басқа мемлекеттердің ұйымдарына қызмет көрсету кезінде), экспорт/импорт кезінде тұлғалар тобына кіретін ұйымдарға (ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын электр станциясынан тұтынушыға, тұлғалардың бір тобына кіретіндерге беру кезінде, яғни, беру бағыты мен атаулылығын анықтауға болады) және ЖЭК-пен шарт жасасқан тұтынушыларға көрсетіледі.

Нақты уақыт режимінде электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының енгізілуіне байланысты электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша қызметтерге тарифті есептеу әдістемесіне түзетулер енгізілді, онда Қазақстан БЭЖ-інің Ресей БЭЖ-імен шекарасындағы сағаттық ауытқуларды өтеу үшін электр энергиясын сатып алу мен сатудан түсетін шығыстар мен кірістер арасындағы айырма (бұдан әрі — ҚР-РФ шығындарының өтемақысының айырмасы) алынып тасталды. ҚР-РФ шығындарының өтемақысының айырмасын Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының есеп айырысу орталығы.

Компанияның тарифтері «шығындар плюс тіркелген пайда» әдісі бойынша белгіленеді. Оған сәйкес Компания белгілі бір уақыт кезеңіне тариф белгілеу мақсатында операциялық және қаржылық шығыстардың тиісті бағалауларына және капитал кірістілігінің әділ нормасына сүйенеді.

## ТАРИФТІК САЯСАТ (ЖАЛҒАСЫ)

**Тариф = ұйғарынды түсім/ қызметтердің болжалды көлемі**
**ұйғарынды түсім** = негізделген шығындар + ұйғарынды пайда деңгейі

ТМРК ұйғарынды пайда деңгейін активтердің реттелетін базасына («АРБ») пайда мөлшерлемесінің іске қосылған активтер коэффициентіне («ІАК») көбейтіндісі ретінде анықтайды.

**Пайданың ұйғарынды деңгейі** = АРБ * ІАК* кірістілік нормасы

мұнда:

- АРБ (іске қосылатын активтердің реттелетін базасы) — Табиғи монополиялар субъектісінің (ТМС) меншігінде тұрған және ТМС пайда алу құқығы бар қызметтерді жүргізу және ұсыну кезінде қолданылатын активтердің реттелетін құны;

- ІАК (іске қосылған активтер коэффициенті) — табиғи монополиялар саласына жатқызылған қызметтерді бжүргізген және көрсеткен кезде ТМС негізгі құралдарының нақты пайдаланылуын (іске қосылуын) сипаттайтын, олардың технологиялық қуатынан пайыз түріндегі көрсеткіш;

2010 жылы ТМРБҚК Компанияның желілері арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша қызмет көрсетуге бірыңғай тарифтерді есептеу рәсімдерін белгілеу мақсатында, Компанияның желілері арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша қызметтерге тарифтерді есептеу әдістемесіне өзгерістер енгізді. Компанияның желілері арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша қызмет көрсетуге бірыңғай тарифті ендірумен, жоғарыда аталған әдістемеге және ТМРК бұйрығына сәйкес аймақтық тарифтер 2010 жылғы 1 тамыздан бастап жойылды. Бірыңғай тарифті енгізу Компанияның жұмысын жақсартты, барлық тұтынушылары үшін ҰЭТ-қа теңдей қол жеткізілуін қамтамасыз етті, баға белгілеуде айқындық қалыптастырды.

2013 жылы «KEGOC» АҚ тарифтердің шекті деңгейлерін бекітуге көшті. Тарифтердің шекті деңгейлерін есептеу қағидаттары тарифтердің шекті деңгейлері бұдан кейінгі бірнеше жылға бекітілетінін қоспағанда, жыл сайынғы тарифтердің есебіне ұқсас. Тарифтердің шекті деңгейлері Компанияға өз мүмкіндіктерін ұзақ мерзімді кезеңге жоспарлауға мүмкіндік береді, ал акционерлердің Компания туралы аса толық ақпарат алуға мүмкіндігі бар.

«Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы» механизмін және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығын енгізуге байланысты «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына енгізілген өзгерістерге сәйкес ағымдағы жылғы 1 шілдеден бастап э/э жеткізу саласында ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу және ұлттық электр торабын пайдалану бойынша екі қызмет көрсетеді.

Осы өзгерістерді жаңарту мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің шешімімен (2023 жылғы 3 шілдедегі №92-НҚ Бұйрығы) 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіле отырып, «KEGOC» АҚ реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер мен тарифтік сметалардың өзгерістері бекітілді:

| теңге/кВт·сағ | 01.01.2021-30.09.2021 | 01.10.2021-30.09.2022 | 01.10.2022-30.06.2023 | 01.07.2023-30.09.2023 | 01.10.2023-29.02.2024 | 01.03.2024-30.09.2024 | 01.10.2024-30.09.2025 | 01.10.2025-30.09.2026 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша қызмет | 2,448 | 2,797 | 2,848 | 2,935 | 3,381 | 3,474 | 3,492 | 3,564 |
| Ұлттық электр торабын пайдалану бойынша қызмет | | | | 1,651 | 1,943 | 1,996 | 2,002 | 2,056 |
| Электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша қызмет | 0,264 | 0,306 | 0,314 | 0,320 | 0,339 | 0,339 | 0,351 | 0,356 |
| Электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша қызмет | 0,086 | 0,098 | 0,102 | 0,057 | 0,060 | 0,060 | 0,064 | 0,066 |

«KEGOC» АҚ өтініші негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті 2023 жылғы 22 қыркүйектегі № 133-НҚ бұйрық арқылы «KEGOC» АҚ реттелетін қызметтеріне тарифтік сметаларды 2-реттелетін кезеңге (2022 жылғы 1 қазаннан 2023 жылғы 30 қыркүйекті қоса алғанда) түзетуді бекітті.

2023 жылы «KEGOC» АҚ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің 2022 жылғы 1 маусымнан бастап 2023 жылғы 31 мамырға дейін қолданысқа енгізіле отырып, «KEGOC» АҚ реттеліп көрсетілетін қызметтерге өтемдік тарифтерді бекіту бойынша 2022 жылғы 22 сәуірдегі № 67-НҚ бұйрығына қатысты сот талқылауын жалғастырды.

Қолданыстағы заңнаманың ережелеріне сәйкес сот талқылауы кезеңінде осы бұйрықтың қолданылуы тоқтатылды.

«Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» ҚР Заңының талаптарына сәйкес 2023 жылы 3 146 млн кВт•сағ көлемінде жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясын жеткізу бойынша қызметтер ақысыз көрсетілді.

## Электр энергиясын жеткізу көлемдері

2023 жылы көрсетілген жүйелік қызметтердің көлемі жөніндегі мәлімет:

- ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша қызметтер көлемі 39 244 млн кВт•сағ құрады;
- ұлттық электр торабын пайдалану бойынша қызметтер көлемі 35 984 млн кВт•сағ құрады.

«Қазақстан Республикасындағы әкімшілік реформа мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен 2023 жылғы 1 шілдеден бастап электр энергиясын бірыңғай сатып алушының моделін енгізу және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығын іске қосу бөлігінде «Электр энергетикасы туралы» Заңға (бұдан әрі — Заң) өзгерістер енгізілді.

Осыған байланысты ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша қызметтер көлемінің құрылымы өзгертілді.

Мәселен, Электр энергетикасы туралы заңның 1-бабының 27-1) тармағына сәйкес, ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша қызмет — электр энергиясын экспорттайтын және импорттайтын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілеріне және электр энергиясының мемлекетаралық транзитінің көлемі үшін басқа мемлекеттердің ұйымдарына, осы ұйымдардың құрамына кіретін объектілер үшін ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізуді жүзеге асыратын тұлғалар тобына кіретін ұйымдарға, шартты тұтынушыларға, сондай-ақ жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдармен екіжақты шарттар жасасқан тұтынушыларға жүйелік оператор көрсететін қызмет.

Заңның 1-бабының 27-1) тармағының анықтамасын негізге ала отырып, ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша қызметтерді тұтынушылар айқындалды.

Сондай-ақ, Заңның 1-бабының 27-2) тармағымен Ұлттық электр торабын пайдалану бойынша қызмет енгізілді. Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес электр энергиясын жеткізу саласына жатқызылған жаңа қызметті «KEGOC» АҚ шартты тұтынушылар мен адамдар тобының құрамына кіретін заңды тұлғаларды қоспағанда, электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алған кезде электр энергиясының көтерме сауда нарығының барлық субъектілеріне көрсетеді.

## Электр энергиясын жеткізу көлемдері (жалғасы)

Осылайша, ұлттық электр торабы арқылы э/э жеткізу бойынша қызмет электр энергиясын экспорттайтын және импорттайтын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілеріне және э/э мемлекетаралық транзит көлемі үшін ұйымдарға, KEGOC желісі арқылы электр энергиясын жеткізуді жүзеге асыратын тұлғалар топтарына, сондай-ақ ЖЭК-пен екіжақты шарттар жасасқан тұтынушыларға көрсетіледі.

ҚР-да э/э тұтынудың қалған көлемі ұлттық электр торабын пайдалану бойынша қызметте қамтылады, өйткені заңнамаға сәйкес электр энергиясын барлық тұтынушылар электр энергиясын ҰЭТ-ты пайдалана отырып, электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан сатып алуға міндетті.

Нәтижесінде 2023 жылдың нақты кезеңдерін 2022 жылмен салыстыру қате болып табылады.

Электр энергиясын желіге босатуды және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша қызметтер көлемі 106 284 млн кВт•сағ құрады. 2022 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда 255 млн кВт•сағ немесе 2,6%-ға артты. Импорттталатын электр энергиясы көлемінің ұлғаюына байланысты қызметтер көлемі өсті.

Электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша қызметтер көлемі 205 415 млн кВт•сағ құрады. 2022 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда 465 млн кВт•сағ немесе 2,4%-ға артты. Қазақстан Республикасының электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің электр энергиясын тұтынуының артуы себебінен көрсетілетін қызметтер көлемі артты.

## Электр энергиясының келісімшарттық емес ағындары

2023 жылы «KEGOC» АҚ (Қазақстан Республикасы) және «НЭС Кыргызстана» ААҚ (Қырғыз Республикасы) арасында жоспардан тыс ағындарды реттеу үшін электр энергиясын сатып алу-сату шарттары жасалды. Осы шарттар бойынша өзара есеп айырысу шарттардың талаптарына сәйкес жүргізілді.

«НЭС Кыргызстана» ААҚ (Қырғыз Республикасы) және «НЭС Узбекистана» АҚ-мен (Өзбекстан Республикасы) 2024 жылға да шарт жасалды.

Орталық Азиямен электр энергиясының келісімшарттық емес ағыны тәуекелі жоқ

## Қазақстанның макроэкономикалық көрсеткіштері

2023 жылғы қаңтар-қарашаның қорытындысы бойынша Қазақстан экономикасының өсуі 4,9 пайызды құрады, ал өткен жылдың ұқсас кезеңінде бұл көрсеткіш 2,7 пайыз деңгейінде болды. Жалпы, жан басына шаққандағы ЖІӨ 11,5 мыңнан 13,3 мың долларға дейін өсті. Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 15%-ға өсіп, 15 трлн теңгені құрады.

2023 жылы электр энергиясын тұтыну көлемі 115 млрд кВт•сағ (2022 жылы — 112,9 млрд кВт•сағ) деңгейінде болды. Өндіріс 112,8 млрд кВт•сағ, көршілес елдерден электр энергиясының импорты — 3,4 млрд кВт•сағ, экспорт — 1,4 млрд кВт•сағ құрады.

ҚР БЭЖ қуаты мен электр энергиясының болжамды теңгеріміне сәйкес электр энергиясын тұтынудың 2024 жылғы 120,6 млрд кВт•сағ-тан 2030 жылы 155,9 млрд кВт•сағ-қа дейін өсуі, сондай-ақ электр энергиясын өндірудің 2024 жылғы 118,3 млрд кВт•сағ-тан 2030 жылы 142,5 млрд кВт•сағ-қа дейін өсуі күтілуде, бұл Қазақстан Республикасында электр энергиясын жеткізу көлемін ұлғайтады.

## Маусымдылық

Көрсетілетін жүйелік қызметтердің көлемі айқын маусымдық сипатқа ие. Күзгі-қысқы кезеңдерде көрсетілетін қызметтердің көлемі электр энергиясын тұтынудың өсуіне байланысты ұлғаяды. Жазғы және көктемгі кезеңдерде тұтынудың төмендеуі және тиісінше көрсетілетін жүйелік қызметтер көлемінің төмендеуі байқалады.

## Инфляция деңгейі

Соңғы жылдары Қазақстандағы инфляцияның орташа деңгейі 2022 жылы 20,3%-ға дейін өсу кезеңін қоспағанда, кемінде 8,4%-ды құрайды (дереккөз: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі). 2023 жылы инфляция Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша 9,8%-ға жетті.

## Қызметтің негізгі көрсеткіштері (ҚНК)

Компания Басшылығы мен Директорлар кеңесі тоқсан сайын ҚЕХС сәйкес дайындалған шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде есептелген ҚНК-ні мониторингтейді.

## Қаржылық ҚНК

| № | Көрсеткіштер | Өлш. бірл. | Түрі | Анықтамасы/Есептеу |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Таза табыс | млн/млрд теңге | аналитикалық | Таза табыс = A-B-C, мұнда<br>A — Жалпы кірістер (негізгі және негізгі емес қызметтен түсетін кірістер);<br>B — Жалпы шығыстар (КТС қоса алғанда, негізгі және негізгі емес қызметтен түсетін шығыстар);<br>C — бақыланбайтын үлес. |
| 2 | EBITDA | млн/млрд теңге | салалық | EBITDA = (A+B+B1)-(C-F)-(D-G)-(E-H)+P, мұнда<br>A — Сатудан түскен кірістер;<br>B — Мемлекеттік субсидиялар;<br>B1 — Пайыздық кірістер және басқа да қаржылық кірістер (олардың негізгі қызметі бойынша қаржы сегментіне дейін);<br>C — Сату құны;<br>D — Жалпы және әкімшілік шығыстар;<br>E — Тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар;<br>F — Сатудың өзіндік құнында ескерілетін тозу, сарқылу және амортизация;<br>G — Жалпы және әкімшілік шығыстарда ескерілетін тозу, сарқылу және амортизация;<br>H — тасымалдау өткізу бойынша шығыстарда ескерілетін тозу, сарқылу және амортизация;<br>P — Есепті күннің алдындағы 12 (он екі) ай ішінде үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын ұйымдардан алынған пайда/залал. |
| 3 | EBITDA margin | % | салалық | EBITDA margin = ((A+B+B1)-(C-F)-(D-G)-(E-H))/(A+B+B1) x 100, мұнда<br>A — Сатудан түскен кірістер;<br>B — мемлекеттік субсидиялар;<br>B 1 — пайыздық кірістер және басқа қаржылық кірістер (олардың негізгі қызметі бойынша қаржы сегментіне дейін);<br>C — сату құны;<br>D — жалпы және әкімшілік шығындар;<br>E — Тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар;<br>F — Сатудың өзіндік құнында ескерілетін тозу, сарқылу және амортизация;<br>G — Жалпы және әкімшілік шығыстарда ескерілетін тозу, сарқылу және амортизация;<br>H — Тасымалдау өткізу бойынша шығыстарда ескерілетін тозу, сарқылу және амортизация. |
| 4 | FCF | млн/млрд теңге | аналитикалық | FCF = Операциялық қызметтен алынған таза ақша ағындары — CAPEX + ДЗО/СП түскен дивидентер. |
| 5 | Долг/EBITDA | коэф. | стратегиялық | Қарыз/EBITDA = A/B, мұнда<br>A = қарыз алу нәтижесінде компания тартқан ақша қаражатының сомасы,<br>B = Негізгі қызметтен түсетін кіріс — амортизацияны есепке алмағанда қызметтердің өзіндік құны — амортизацияны есепке алмағанда жалпы және әкімшілік шығыстар-өткен 12 айдағы амортизацияны есепке алмағанда өткізу бойынша шығыстар. |
| 6 | ROACE | % | аналитикалық | ROACE (Тартылған капиталдың табыстылығы) = (Таза табыс + (сыйақы шығыстары) * (1-корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі))/ACE, мұнда<br>ACE = кезеңдер арасындағы орташа тартылған капитал (қарыз + меншікті капитал). |
| 7 | NAV | млн./млрд теңге | стратегиялық | NAV (Таза активтердің құны) = (Активтер-міндеттемелер-бақыланбайтын қатысу үлесі)*n + [(Акционерге/Үкіметке есептелген дивидендтер + өзге де бөліністер — үкіметтен не бас компаниядан қарыздар бойынша дисконт — Акционерден/Үкіметтен жарғылық капиталға салым) акционердің үлесіне] 2015 жылдан бастап жиынтық түрде. |
| 8 | TSR | % | стратегиялық | TSR (Листингілік компания үшін акционердің жалпы кірістілігі) = (акцияның соңындағы бағасы-акцияның басындағы бағасы + бір акцияға алынған дивидендтер-бір акцияға жарғылық капиталға салым) / акцияның басындағы бағасы. |

## Қаржылық ҚНК (жалғасы)

Төменде компанияның қаржылық стратегиялық, аналитикалық және салалық тиімділігінің динамикасы көрсетілген.

| | | 2022 жыл | 2023 жыл | | кезеңге арналған жоспарға % | осығaн ұқсас кезеңдегі фактіге % |
|---|---|---|---|---|---|---|
| № | Атауы | Факт | Жоспар | Факт | | |
| **Стратегиялық ҚНК** | | | | | | |
| 1 | NAV, млрд теңге | 421,2 | 427,3 | 408,0 | 95% | 97% |
| 2 | TSR, % | -10,67 | 7,06 | 3,44 | 49% | -32% |
| 3 | Қарыз/EBITDA, коэф. | 1,53 | 1,64 | 1,51 | 92% | 99% |
| **Аналитикалық ҚНК** | | | | | | |
| 4 | Таза табыс, млрд теңге | 26,7 | 31,5 | 43,4 | 138% | 163% |
| 5 | ROACE, % | 4,16 | 5,08 | 6,49 | 128% | 156% |
| 6 | FCF, млрд теңге | 66,3 | 63,8 | 46,0 | 72% | 69% |
| **Салалық ҚНК** | | | | | | |
| 7 | EBITDA, млрд теңге | 102,5 | 102,6 | 108,1 | 105% | 106% |
| 8 | EBITDA margin, % | - | 41 | 43 | 102% | - |

**2023 жылғы 12 айдыңқорытындысы бойынша қалыптастырылған 1 деңгейдегі ҚНК-ның нақты мәндерінің жоспарлы мәндерден ауытқу факторлары:**

**NAV, млрд теңге**

2023 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша жоспарлы көрсеткішпен салыстырғанда NPV 19,3 млрд теңгеге төмендеді. Көрсеткіштің өзгеруіне 1акция бағасының төмендеуі әсер етті (факт — 1 482,0 теңге, жоспар 1 552,1 теңге).

**TSR, %**

2023 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша жоспармен салыстырғанда көрсеткіш 3,6 пайыздық тармаққа төмендеді. Көрсеткіштің өзгеруіне 1 акция бағасы ның төмендеуі әсер етті (факт-1 482,0 теңге, жоспар — 1 552,1 теңге).

**Қарыз/EBITDA, коэф.**

2023 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша жоспармен салыстырғанда көрсеткіш 0,13%-ға немесе 7,94%-ға төмендеді. Көрсеткіштің өзгеруіне мыналар оң әсер етті:

- 4,9 млрд теңге — негізінен 1 млн АҚШ доллары сомасына ХҚДБ қарызының бір бөлігін ішінара мерзімінен бұрын өтеуге байланысты қарыздар бойынша міндеттемелерді азайту есебінен;
- 5,6 млрд теңге — EBITDA артуы.

**Таза табыс, млрд теңге**

2023 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша жоспарлы көрсеткішпен салыстырғанда таза пайда 11,9 млрд теңгеге өсті, көрсеткіштің өзгеруіне мынадай факторлар әсер етті:

(+) оң факторлар:

- 6,2 млрд теңге — негізінен қызметтер көлемінің ұлғаюы есебінен, оның ішінде э/энергиясын жеткізу бойынша 3,8 млрд теңгеге (34,8-ден 36,01 млрд кВт•сағатқа дейін), техникалық диспетчерлеу бойынша 220,3 млн теңгеге (105,6-дан 106,3 млрд кВт•сағатқа дейін) және ҰЭТ-ты пайдалану бойынша жаңа қызметті қосу есебінен 1,2 млрд теңгеге реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша кірістердің өсуі;
- 3,3 млрд теңге – 2023 жылғы 4-тоқсанда жүргізілген түгендеу нәтижесінде НҚ және МЕА амортизациясы бойынша шығынның төмендеуі;
- 2,7 млрд теңге – жинақ шоттарындағы және депозиттердегі ақшалай қаражаттармен жасалған операциялардан сыйақы мөлшерлемесінің жоғарылауы салдарынан қаржылық операциялардан түсетін кірістің өсуі;
- 0,9 млрд теңге – ұлттық валютаны нығайту нәтижесінде валюталық операциялар бойынша кірістердің өсуі;
- 0,7 млрд теңге – басқа факторлар.

(-) теріс факторлар:

- 2,1 млрд теңге – сатып алудың орташа бағасының 8,33-тен 11,73 теңге/кВт•сағатқа дейін өсуі нәтижесінде э/энергиясының технологиялық шығыны бойынша шығыстың артуы (ЭТН-де ысырапты өтеу үшін э/э сатып алу-сату бойынша операцияларды есепке алғанда).

**ROACE, %**

2023 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша жоспармен салыстырғанда көрсеткіш 1,41 пайыздық тармаққа өсті. Көрсеткіштің өзгеруіне келесі оң факторлар әсер етті:

- 11,8 млрд теңге — салық салудан кейінгі таза операциялық пайданың өсуі (1,43 пайыздық тармақ), оның ішінде реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша кірістердің өсуі есебінен (э/энергиясын жеткізу бойынша көлемдердің 34,8-ден 36,01 млрд кВт•-сағ-қа 3,8 млрд теңгеге өсуі және ҰЭТ-ты пайдалану бойынша қызмет бойынша 1,2 млрд теңгеге өсуі);
- 2,9 млрд теңге — активтерді қайта бағалау бойынша резервті төмендету шоты нәтижесінде меншікті капиталды ұлғайту үшін (бастапқы жоспарды қалыптастыру кезінде бағалау резерві 570 млрд теңгені, факт — 489 млрд теңгені құрады) АСЕ орташа тартылған капиталын ұлғайту (-0,2 пайыздық тармақ).

**Еркін ақша ағыны (FCF), млрд теңге**

2023 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша жоспарлы көрсеткіштермен салыстырғанда көрсеткіштің 17,8 млрд теңгеге төмендеуі байқалды, көрсеткіштің өзгеруіне мынадай факторлар әсер етті:

(-) теріс факторлар:

- 8,5 млрд теңге — корпоративтік табыс салығы бойынша төлемдер;
- 2,2 млрд теңге — пайыздар бойынша сыйақы төлеу;
- 5,2 млрд теңге — операциялық қызмет бойынша өзге де төлемдер;
- 2,0 млрд теңге — өндірістің ағымдағы деңгейін ұстап тұру мақсатында күрделі қаржы салымдары бойынша шығындардың өсуі.

**EBITDA, млрд теңге**

2023 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша жоспарлы көрсеткіштермен салыстырғанда 5,6 млрд теңгеге өсу байқалды, көрсеткіштің өзгеруіне мынадай факторлар әсер етті:

(+) оң факторлар:

- 6,2 млрд теңге — реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша кірістердің өсуі негізінен қызметтер көлемін ұлғайту есебінен, оның ішінде э/энергиясын жеткізу бойынша (34,8-ден 36,01 млрд кВт•сағ) 3,8 млрд теңгеге, техникалық диспетчерлеу бойынша (105,6-дан 106,3 млрд кВт•сағ) 220,3 млн теңгеге және жаңа ҰЭТ-ты пайдалану қызметін қосу есебінен 1,2 млрд теңгеге ұлғаюы есебінен болды;
- 1,3 млрд теңге — негізгі қорлар жіктеуішінің өзгеруі салдарынан салықтар бойынша, оның ішінде мүлік салығы бойынша шығыстардың азаюы;
- 1,2 млрд теңге — салықтық тексеру актісіне сәйкес 2023 жылы жөндеу бойынша шығыстардың шамамен 0,8 млрд теңгесін ККС (күрделі қаржы салымдарына) қайта жіктеуге, сондай-ақ транзиттік желілер бойынша жөндеуге арналған шығындардың 0,5 млрд теңгеге төмендеуі есебінен жөндеу бойынша шығындардың төмендеуі;

(-) теріс факторлар

- 2,1 млрд теңге — орташа сатып алу бағасының 8,33 теңгеден 11,73 теңгеге/кВт•сағ дейін өсуі салдарынан э/энергияның технологиялық шығысы бойынша шығындардың артуы (ЭТН-дегі шығындарды өтеу үшін э/э сатып алу-сату операцияларын ескере отырып);
- 1,0 млрд теңге — басқа факторлар.

## Қаржылық ҚНК (жалғасы)

**2023 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша қалыптастырылған 1 деңгейдегі ҚНК нақты мәндерінің 2022 жылғы нақты мәндерден ауытқу факторлары:**

**NAV, млрд теңге**

2023 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша 2022 жылдың нақты мәнімен салыстырғанда NAV 13,2 млрд теңгеге төмендеді. Көрсеткіштің өзгеруіне 1 акцияға бағаның төмендеуі (факті — 1 482,0 теңге, жоспар-1 620,02 теңге), сондай-ақ Компания акцияларын қайталама орналастыру нәтижесінде акциялар санының 275 292 728 данаға дейін ұлғаюы әсер етті (22,6 млрд теңге сомасына 15 294 118 акция орналастырылды).

**TSR, %**

2023 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша 2022 жылдың нақты мәнімен салыстырғанда көрсеткіш 14.11 пайыздық тармаққа өсті. Көрсеткіштің өзгеруіне 1 акция бағасының өзгеруі және 2022 жылмен салыстырғанда ағымдағы жылы дивидендтер төлеудің ұлғаюы әсер етті.

**Қарыз/EBITDA, коэф.**

2023 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша 2022 жылғы нақты мәнмен салыстырғанда 0,02 тармаққа шамалы төмендеді.

**Таза пайда, млрд теңге**

2023 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша 2022 жылдың ұқсас кезеңінің нақты мәнімен салыстырғанда таза пайда 16,6 млрд теңгеге өсті, көрсеткіштің өсуіне мынадай факторлар әсер етті:

(+) оң факторлар::

- 17,3 млрд теңге — реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша кірістердің өсуі негізінен жаңа ҰЭТ-ты пайдалану бойынша қызметті іске асыру есебінен 65,0 млрд теңге мөлшерінде және беру көлемдерінің 46,3 млрд теңгеге төмендеуі салдарынан э/энергия жеткізу бойынша кірістердің төмендеуі есебінен болды;
- 8,8 млрд теңге – Бірыңғай сатып алушы мен ЭТН-нің енгізілуіне байланысты Ресей Федерациясымен шекарадағы теңгерімсіздіктерді өтеу мақсатында теңгерімдеуші электр энергиясы мен электр энергиясы бойынша жиынтықтың қаржылық нәтижесі өткен жылмен салыстырғанда төмендеді;
- 2,2 млрд теңге – жинақ шоттарындағы және депозиттердегі Ақшалай қаражаттармен жасалған операциялардан сыйақы мөлшерлемесінің жоғарылауы салдарынан қаржылық операциялардан түсетін кірістің өсуі.

(-) теріс факторлар:

- 10,8 млрд теңге — электр энергиясының технологиялық шығынын өтеу мақсатында электр энергиясын сатып алуға арналған шығыстардың артуы (ЭТН-дегі шығындарды өтеу үшін э/э сатып алу-сату жөніндегі операцияларды ескере отырып) сатып алудың орташа бағасын 8,33 теңгеден 11,73 теңгеге/кВт•сағ ұлғайту есебінен болды;
- 0,9 млрд теңге – басқа факторлар.

**ROACE, %**

2023 жылғы 12 айдыңқорытындысы бойынша 2022 жылдың ұқсас кезеңінің нақты мәнімен салыстырғанда көрсеткіш 2,33 пайыздық тармаққа өсті. Көрсеткіштің өзгеруіне келесі оң факторлар әсер етті:

- 18,0 млрд теңге — салық салудан кейінгі таза операциялық пайданың өсуі (2,18 пайыздық тармақ), оның ішінде реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша кірістердің өсуі есебінен негізінен жаңа ҰЭТ-ты пайдалану қызметін іске асыру есебінен 65,0 млрд теңге мөлшерінде және жеткізу көлемдерінің 46,3 млрд теңгеге төмендеуі салдарынан э / энергия жеткізу бойынша кірістердің төмендеуі;
- 29,5 млрд теңге — негізінен қарызды азайту есебінен орташа тартылған АСЕ капиталын төмендету (0,15 пайыздық тармақ).

**Еркін ақша ағыны (FCF), млрд теңге**

2023 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша 2022 жылдың нақты көрсеткішімен салыстырғанда 20,305 млрд теңгеге төмендеу орын алды, көрсеткіштің өзгеруіне мынадай факторлар әсер етті:

(-) теріс факторлар:

- 6,890 млрд теңге — өндірістің ағымдағы деңгейін ұстап тұру мақсатында күрделі қаржы салымдар бойынша шығындардың өсуі;
- 8,703 млрд теңге — пайыз бойынша сыйақы төлеу;
- 4,238 млрд теңге — корпоративтік табыс салығы бойынша төлемдер;
- 0,474 млрд теңге – басқа факторлар.

**EBITDA, млрд теңге**

2023 жылғы 12 айдыңқорытындысы бойынша 2022 жылдың нақты көрсеткішімен салыстырғанда көрсеткіштің мәні 5,6 млрд теңгеге ұлғайды, көрсеткіштің өзгеруіне мынадай факторлар әсер етті:

(+) оң факторлар:

- 17,3 млрд теңге — реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша кірістердің өсуі негізінен жаңа ҰЭТ-ты пайдалану бойынша қызметті іске асыру есебінен 65,0 млрд теңге мөлшерінде және жеткізу көлемдерінің 46,3 млрд теңгеге төмендеуі салдарынан э/энергия жеткізу бойынша кірістердің төмендеуі есебінен болды;

(-) теріс факторлар:

- 10,8 млрд теңге — электр энергиясының технологиялық шығынын өтеу мақсатында электр энергиясын сатып алуға арналған шығыстардың ұлғаюы (ЭТН-дегі шығындарды өтеу үшін э/э сатып алу-сату жөніндегі операцияларды ескере отырып) сатып алудың орташа бағасы 8,33 теңгеден 11,73 теңгеге/кВт•сағ ұлғайту есебінен болды;
- 0,8 млрд теңге — басқа факторлар.

## Қаржылық емес корпоративтік ҚНК

| № | Көрсеткіштер | Өлш. бірл. | Түрі | Анықтау/Есептеу |
|---|---|---|---|---|
| 1 | LTIFR | коэф. | корпоративтік | Уақытша еңбекке жарамсыздыққа әкелетін жарақаттар жиілігінің коэффициенті, оның ішінде еңбек қызметіне байланысты қайтыс болу жағдайлары |
| 2 | GA (Grid Availability — желінің қолжетімділігі, жылына %) | % | корпоративтік | Тұтынушыларды электрмен жабдықтаудың сенімділігін сипаттайтын, тұтынушыларды электрмен жабдықтау үзілісінің орташа уақытын және электр энергиясын жеткіліксіз шығарудың жылдық көлемін ескере отырып айқындалатын коэффициент. GA мәнін анықтау кезінде үтірден кейінгі 5 белгі көрсетіледі,<br>GA = (1 — AIT/ Жылына минуттар саны) х 100%,<br>мұнда: AIT — average interruption time — орташа үзіліс уақыты, минут<br>AIT = ∑ENS (MBT.сағ.)/ Орташа жылдық қуат (МВт) * 60,<br>мұнда: ENS (Energy Not Supplied — табиғи сипаттағы ТЖ, сондай-ақ дүлей құбылыстар нәтижесінде болған технологиялық бұзылыстарды қоспағанда, бір жыл ішінде э/э толық босатылмауы, МВт*сағ) |
| 3 | «KEGOC» АҚ әлеуметтік тұрақтылық деңгейі | % | корпоративтік | Samruk Research services әдістемесі (SRS индекс) негізінде «KEGOC» АҚ еңбек ұжымындағы әлеуметтік тұрақтылық деңгейін талдау. SRS индексі «Самұрық-Қазына» АҚ еңбек ұжымдарындағы әлеуметтік тұрақтылық деңгейін өлшеудің мониторингтік құралы болып табылады. SRS зерттеуінің негізгі мақсаты — уақтылы ескерту шараларын қабылдауға мүмкіндік беретін еңбек қатынастарындағы проблемалық аймақтарды диагностикалау. Зерттеу бірқатар индикаторларды қамтиды: жалпы әл-ауқат (өмір сапасының шарттары, материалдық жағдай және болашақты қабылдау); еңбек жағдайлары мен қауіпсіздігі (еңбек жағдайлары, еңбекті қорғау және қауіпсіздік); адалдық (сенім, әділеттілік және адалдық); қарым-қатынас (қарым-қатынас, тапсырмаларды түсіну және кері байланыс) және наразылық көңіл-күйлері (еңбек жағдайындағы шиеленіс және наразылық акцияларына қатысуға дайындығы) өндірістік персонал арасында. |
| 4 | Басым инвестициялық жобаларды іске асыру | саны | корпоративтік | Көрсеткіш «KEGOC» АҚ басым инвестициялық жобаларын іске асыру жөніндегі іс шаралардың орындалуын көрсетеді |

## Қаржылық емес корпоративтік ҚНК (жалғасы)

**LTIFR, коэффициент**

2023 жылдың қорытындысы бойынша 0,15 (бір қызметкер аяғынан жарақат алды) деңгейінде көрсеткішке қол жеткізілді, 2022 жылдың нақты мәнімен салыстырғанда (факт-0,45) жазатайым оқиғалар саны азайды.

**GA (Grid Availability — желінің қолжетімділігі, жылдық %)**

2023 жылдың қорытындысы бойынша нақты мәнмен салыстырғанда көрсеткіш біршама өсті және 99,99988% деңгейінде қол жеткізілді.

**«KEGOC» АҚ әлеуметтік тұрақтылық деңгейі**

2023 жылдың қорытындысы бойынша көрсеткіш 2022 жылдың деңгейінде қалды және 86%-ды құрады.

**Басым инвестициялық жобаларды іске асыру**

2023 жылдың қорытындысы бойынша көрсеткішке мақсат деңгейінде қол жеткізілді, жобалар бойынша жоспарланған 2 іс-шара белгіленген мерзімде орындалды

## ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Төмендегі кестеде 2023 және 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы KEGOC нәтижелерін ұсынылды:

| | 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін | | Өзгеріс | |
|---|---|---|---|---|
| **Мың теңгемен** | **2023 ж.** | **2022 ж.** | **абсолютті мән** | **%** |
| Кірістер | **252.136.383** | 217.255.548 | 34.880.835 | 16 |
| Көрсетілген қызметтердің өзіндік құны | **(181.403.604)** | (166.355.885) | (15.047.719) | 9 |
| **Жалпы пайда** | **70.732.779** | **50.899.663** | **19.833.116** | **(39)** |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | **(11.113.427)** | (9.020.431) | (2.092.996) | (23) |
| Іске асыру бойынша шығыстар | **(490.990)** | (310.355) | (180.635) | 58 |
| Негізгі құралдарды қайта бағалаудан болған шығынды қалпына келтіруден түскен кіріс | - | 949.895 | (949.895) | (100) |
| Негізгі құралдарды қайта бағалаудан болған шығын | - | (4.548.255) | 4.548.255 | (100) |
| (Құнсызданудан болған шығын)/негізгі құралдардың құнсыздануын қалпына келтіру | **(462.516)** | 23.385 | (485.901) | (2078) |
| **Операциялық пайда** | **58.665.846** | **37.993.902** | **20.671.944** | **54** |
| Қаржылық кірістер | **7.576.474** | 5.726.115 | 1.850.359 | 32 |
| Қаржылық шығындар | **(13.709.414)** | (13.294.934) | (414.480) | 3 |
| Оң бағамдық айырмашылық, нетто | **951.337** | 114.963 | 836.374 | 728 |
| Қауымдасқан компанияның пайдадағы үлесі | **195.304** | 469.123 | (273.819) | (58) |
| Басқа кірістер | **3.051.135** | 2.488.310 | 562.825 | 23 |
| Басқа шығындар | **(747.948)** | (500.704) | (247.244) | 49 |
| (Есептеу)/ күтілетін кредиттік залалдар үшін резервті қалпына келтіру | **(2.384.102)** | (528.687) | (1.855.415) | 351 |
| **Салық салуға дейінгі пайда** | **53.598.632** | **32.468.088** | **21.130.544** | **65** |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар | **(10.202.243)** | (5.720.479) | (4.481.764) | 78 |
| **Үздіксіз қызметтен бір жылдағы пайда** | **43.396.389** | **26.747.609** | **16.648.780** | **62** |

Жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепке сәйкес Компанияның 2023 жылғы барлық кірістері 266 496 173 мың теңгені құрады. Компанияның 2023 жылғы шығыстары (оның ішінде КТС) барлығы 223 099 784 мың теңгені құрады.

## «KEGOC» АҚ түсімі (мың теңге)

Негізгі қызметтен түскен кірістер 252 136 383 мың теңгені құрады және 2022 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 34 880 834 мың теңгеге немесе 16,06% — ға ұлғайды. Негізінен өсім көлемдер мен тарифтердің 17 254 686 мың теңгеге ұлғаюы салдарынан реттеліп көрсетілетін қызметтерден түсетін кірістердің, сондай-ақ ҚР теңгерімдеуші нарығында теңгерімдеуші электр энергиясын сатудан түсетін кірістердің 19 171 922 мың теңгеге өсуімен байланысты.

**Негізгі қызметтен түскен кіріс,** млрд теңге




Келесі кестеде 2023 және 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қызметтерді сатудан түскен түсім бойынша KEGOC шоғырландырылған деректері берілген:

| | 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін | | Ауытқу | |
|---|---|---|---|---|
| **Мың теңгемен** | **2023 ж.** | **2022 ж.** | **абсолютті мән** | **%** |
| Электр энергиясын жеткізу | **105.590.568** | 151.863.107 | (46.272.540) | (30) |
| ҰЭТ-ты пайдалану бойынша қызметтер | **65.012.533** | – | 65.012.533 | - |
| Техникалық диспетчерлендіру бойынша қызметтер | **34.220.352** | 32.130.461 | 2.089.892 | 7 |
| Теңгерімдеуші электр энергиясын сатудан түсетін кірістер | **19.171.922** | – | 19.171.922 | - |
| Электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша қызметтер | **16.549.298** | 20.124.496 | (3.575.198) | (18) |
| Электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосын өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан түсетін кірістер | **8.740.009** | 10.485.035 | (1.745.026) | (17) |
| — с.і. сатып алынған электр энергиясын сатудан түскен табыс | **118.080** | 27.144 | 90.936 | 335 |
| Қуатты реттеу қызметтері | **481.092** | 645.538 | (164.446) | (25) |
| Басқалары | **2.370.609** | 2.006.911 | 363.698 | 18 |
| **Барлығы** | **252.136.383** | **217.255.548** | **34.880.835** | **16** |

Төмендегі кестеде 2023 және 2022 жылдарға арналған ТМРК бекіткен тарифтерді ескере отырып, реттелетін қызметтер бойынша кірістердің есебі берілген:

## Электр энергиясын жеткізу және ҰЭТ-ты пайдалану бойынша қызмет

«KEGOC» АҚ Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы механизмін және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығын енгізуге байланысты «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына енгізілген өзгерістерге сәйкес 2023 жылғы 1 шілдеден бастап э/э жеткізу саласында екі қызмет көрсетеді: ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу және ұлттық электр торабын пайдалану бойынша.

| Мың теңгемен | Өлш. бірл. | 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 2023 ж. | 2022 ж. | %, өзг. |
| Электр энергиясын жеткізуден түскен табыс (жеңілдіктерді ескере отырып) | мың теңге | **105 590 568** | 151 863 107 | (30) |
| Электр энергиясын жеткізудің нақты көлемі | млн кВт·сағ | **39 244** | 58 570 | (33) |
| - оның ішінде электр энергиясын жеткізудің ақылы көлемі | млн кВт·сағ | **36 098** | 53 898 | (33) |
| Орташа тариф | теңге/кВт·сағ | **2,925** | 2,812 | 4 |
| ҰЭТ-ты пайдалану бойынша қызметтен түсетін табыс | мың теңге | **65 012 533** | - | - |
| Қызметтің нақты көлемі | млн кВт·сағ | **35 984** | - | - |
| Орташа тариф | теңге/кВт·сағ | **1,807** | - | - |

Электр энергиясын жеткізу бойынша кірістер 105 591 млн теңгені құрады және 2022 жылғы ұқсас кезеңнің нақты көрсеткіштерімен салыстырғанда 46 273 млн теңгеге төмендеді.

ҰЭТ-ты пайдалану бойынша қызметтен түскен кірістер 65 013 млн теңгені құрады.

2022 жылмен салыстырғанда ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша қызметтер көлемінің төмендеуі мыналарға байланысты болды.

«Қазақстан Республикасындағы әкімшілік реформа мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен 2023 жылғы 1 шілдеден бастап электр энергиясын бірыңғай сатып алушының моделін енгізу және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығын іске қосу бөлігінде «Электр энергетикасы туралы» Заңға (бұдан әрі — Заң) өзгерістер енгізілді.

Осыған байланысты ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша қызметтер көлемінің құрылымы өзгертілді.

Мәселен, Электр энергетикасы туралы заңның 1-бабының 27-1) тармағына сәйкес, ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша көрсетілетін қызмет — электр энергиясын экспорттайтын және импорттайтын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілеріне және электр энергиясының мемлекетаралық транзитінің көлемі үшін басқа мемлекеттердің ұйымдарына, осы ұйымдардың құрамына кіретін объектілер үшін ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізуді жүзеге асыратын тұлғалар тобына кіретін ұйымдарға, шартты тұтынушыларға, сондай-ақ жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдармен екіжақты шарттар жасасқан тұтынушыларға жүйелік оператор көрсететін қызмет.

Бұдан басқа, заң шеңберінде Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес электр энергиясын жеткізу саласына жататын, «KEGOC» АҚ электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілеріне олардың электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан сатып алуы және теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу-сату операцияларын және теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының есеп айырысу орталығымен теріс теңгерімсіздіктерді жүзеге асыруы кезінде көрсететін ұлттық электр торабын пайдалану бойынша жаңа қызмет енгізіледі.

## Техникалық диспетчерлендіру бойынша қызметтерден түскен табыс

| Мың теңгемен | Өлш.бірл. | 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 2023 ж. | 2022 ж. | %, өзг. |
| Техникалық диспетчерлендіруден түскен табыс | мың теңге | **34 220 352** | 32 130 461 | 6,5 |
| Техникалық диспетчерлендіру бойынша қызметтер көлемі | млн кВт·сағ | **106 284** | 104 264 | 1,9 |
| Орташа тариф | теңге/кВт·сағ | **0,322** | 0,308 | 4,5 |

Электр энергиясын желіге босатуды және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша кірістердің ұлғаюы 2022 жылғы ұқсас кезеңнің нақты көрсеткіштерімен салыстырғанда тарифтің 4,5%-ға (0,308-ден 0,322 теңгеге/кВт•сағ) ұлғаюы есебінен 2 090 млн теңгені құрады, бұл кірісті 1 467 млнтеңгеге ұлғайтуға мүмкіндік береді, техникалық диспетчерлендіру бойынша қызметтер көлемінің өсуі есебінен кірістер 622 млн теңгеге өсті.

2023 жылғы 12 айда электр энергиясын желіге босатуды және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша қызметтердің нақты көлемі 106,284 млрд кВт•сағатты құрады. 2022 жылдың ұқсас кезеңінің нақты көрсеткіштерімен салыстырғанда көлемі 2,020 млрд кВт•сағ немесе 1,9% — ға өсті.

## Электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтен түскен кіріс

| Мың теңгемен | Өлш.бірл. | 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 2023 ж. | 2022 ж. | %, өзг. |
| Электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастырудан түсетін табыс | мың теңге | **16 549 298** | 20 124 496 | (17,8) |
| Электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша қызметтер көлемі | млн кВт·сағ | **205 415** | 203 124 | 1,1 |
| Орташа тариф | теңге/кВт·сағ | **0,081** | 0,099 | (18,7) |

Электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша кірістердің төмендеуі тарифті 18,7%-ға (0,099 теңгеден 0,081 теңгеге/кВт•сағ) төмендету есебінен 2022 жылдың ұқсас кезеңінің нақты көрсеткіштерімен салыстырғанда 3 575 млн-теңгені құрады, бұл кірістерді 3 803 млн теңгеге қысқартты.

Электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша қызметтердің нақты көлемі 2023 жылғы 12 айда 205,415 млрд кВт•сағатты құрады. 2022 жылмен салыстырғанда Қазақстан Республикасының көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндіру-тұтыну көлемінің өсуіне байланысты 2,291 млрд кВт•сағ немесе 1,1% — ға өсу байқалды.

## Электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосының ауытқуларының сағаттық көлемін өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан түскен табыс

| Мың теңгемен | Өлш.бірл. | 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 2023 ж. | 2022 ж. | %, өзг. |
| **Э/э ағындарының мемлекетаралық сальдосының ауытқуларының сағаттық көлемін өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан түскен кіріс** | мың теңге | **8 740 009** | 10 485 035 | (18) |
| Э/э ағындарының мемлекетаралық сальдо ауытқуларының сағаттық көлемін өтеу мақсатында электр энергиясын сату жөніндегі қызметтер көлемі | мың кВт·сағ | **1 342 338** | 1 297 672 | (6) |
| - с.і. сатып алынған электр энергиясын сатудан түскен табыс | мың теңге | **118 080** | 27 144 | 335 |
| - Сатып алынған электр энергиясын өткізу бойынша қызметтер көлемі | мың кВт·сағ | **13 141** | 3 628 | 262 |
| - Бағасы | теңге/кВт·сағ | **8,99** | 7,48 | 20 |

Электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосының сағаттық ауытқу көлемін өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан түскен табыс ҚР-дан РФ-ға электр энергиясын сату көлемінің 87 млн кВт·сағ (немесе 642 млн теңгеге) төмендеуіне және орташа өлшенген бағаның 7,38-ден 6,49 теңге/ кВт·сағ-қа дейін (немесе 1 194 млн теңгеге) төмендеуіне байланысты өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1 836 млн теңгеге немесе 18% -ға төмендеді.

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде сатып алынған электр энергиясын сатудан түскен табыс 118 млн теңгені құрады және 2022 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда (27 млн теңге) 91 млн теңгеге өсті, негізінен Қырғыз Республикасына электр энергиясының жоспарлы ағыны көлемінің 9 512 мың кВт·сағ-ға (3 629-дан 13 141 мың кВтағатқа дейін) өсуі есебінен, баға 7,48 теңгеден 8,99 теңге/кВт·сағ-қа дейін ұлғайды.

## Қуатты реттеу бойынша қызметтерді іске асырудан түсетін кіріс

| Мың теңгемен | Өлш.бірл. | 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін 2023 ж. | 2022 ж. | %, өзг. |
|---|---|---|---|---|
| **Қуатты реттеу бойынша қызметтерді іске асырудан түскен кіріс** | мың теңге | **481 092** | 645 538 | (25) |
| Қуатты реттеу бойынша қызметтердің көлемі | МВт | **516** | 604 | (15) |
| Орташа өлшенген баға | теңге/кВт·сағ | **932,35** | 1068,83 | (13) |

Бейрезиденттерге қуатты реттеу бойынша қызметтерді сатудан түскен табыс 2023 жылы (481 млн теңге) 2022 жылмен салыстырғанда (646 млн теңге) 25% — ға немесе 164 млн теңгеге азайды. Бұл көрсетілген қызметтер көлемінің 88 МВт-қа (немесе 94 млнтеңгеге) азаюына және орташа өлшенген бағаның 1 068,83 теңгеден 932,35 теңге/кВт-қа (немесе 70 млн теңгеге) төмендеуіне байланысты болды.

## Сатудың өзіндік құны

**Өзіндік құны,** млрд теңге




Келесі кестеде 2023 және 2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған сатудың өзіндік құны бойынша «KEGOC» АҚ шоғырландырылған деректері берілген:

| | 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін 2023 жыл, мың теңгемен | 2023 жыл, сату құнының % | 2022 жыл, мың теңгемен | 2022 жыл, сату құнының % |
|---|---|---|---|---|
| Тозуы және амортизация | **50 380 059** | **28%** | 60 253 195 | 36% |
| Электр энергиясының технологиялық шығысы | **35 185 787** | **19%** | 23 279 882 | 14% |
| Электр энергиясы ағындарының мемлекет аралық сальдосының ауытқуларын сағаттық көлемдерін өтеу мақсатымен электр энергиясын сатып алу шығыстары | **31 317 122** | **17%** | 28 421 668 | 17% |
| Еңбекақыны төлеу бойынша шығыстар және еңбекақыны төлеумен байланысты басқа да төлемдер | **30 807 594** | **17%** | 24 612 591 | 15% |
| Пайдалану және жөндеу бойынша шығыстар | **8 021 154** | **4%** | 8 910 057 | 5% |
| Салықтар | **7 656 776** | **4%** | 9 283 619 | 6% |
| ҚР ЭТН-де теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алуға арналған шығыстар | **4 750 406** | **3%** | – | |
| Жүктемені көтеруге қуаттың дайындығын қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | **4 140 042** | **2%** | 4 701 427 | 3% |
| Қорлар | **1 611 784** | **1%** | 1 185 808 | 1% |
| Қорғау бойынша шығыстар | **1 553 273** | **1%** | 1 475 501 | 1% |
| Басқалары | **5 979 607** | **3%** | 4 232 137 | 3% |
| **Сатудың жиынтық өзіндік құны** | **181 403 604** | **100%** | **166 355 885** | **100%** |

Сатудың өзіндік құны 9%-ға немесе 15 047 719 мың теңгеге ұлғайды.

2023 жылғы сатудың өзіндік құнының құрылымында 2022 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда мынадай негізгі өзгерістер болды:

- тозу және амортизация 9 873 136 мың теңгеге немесе 16%-ға артты;
- электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық ауытқуларының сағаттық көлемдерін өтеу мақсатымен электр энергиясын сатып алу шығыстары 2 895 454 мың теңгеге немесе 10%-ға артты;
- Еңбекке ақы төлеу бойынша шығыстар және еңбекке ақы төлеуге байланысты өзге де аударымдар 6 195 003 мың теңгеге немесе 25%-ға ұлғайды;
- «Электр энергиясының технологиялық шығыны» бабы бойынша өсім 11 905 905 мың теңге немесе 51%-ды құрады (ЭТН шығындарын өтеу үшін э/э сатып алу-сату операцияларын есепке алмағанда).

## Тозу және амортизация

2023 жылы амортизация бойынша шығыстар сомасы 50 380 059 мың теңгені құрады, бұл 2022 жылдың ұқсас кезеңінің көрсеткішімен салыстырғанда 16%-ға (9 873 136 мың теңге) төмен.

Амортизациялық аударымдардың төмендеуі НҚ-ны қайта бағалауға, сондай-ақ қызмет мерзімдерін қайта карауға байланысты.

## Электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосының ауытқуларын сағаттық көлемдерін өтеу мақсатымен электр энергиясын сатып алу шығыстары

2023 жылы электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосының сағаттық ауытқу көлемін өтеу мақсатында электр энергиясын сатып алу бойынша шығыстар 2022 жылмен салыстырғанда 10% — ға немесе 2 895 454 мың теңгеге артты.

Бұл көрсеткіштің өзгеруіне сағаттық ауытқуларды өтеу үшін Ресей Федерациясынан электр энергиясын сатып алу көлемінің 336,7 млн кВт•сағатқа өсуі әсер етті.

## Еңбекақыны төлеу бойынша шығыстар және еңбекақыны төлеумен байланысты басқа да төлемдер

2023 жылы еңбекақы төлеуге жұмсалған шығыстар 30 807 594 мың теңгені құрады және өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 6 199 179 мың теңгеге немесе 25% — ға ұлғайды. Бұл өсім келесі негізгі себептерге байланысты болды:

- 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап лауазымдық айлықақыларды/тарифтік мөлшерлемелерді көтеру арқылы;
- «Наурыз мейрамы» және «Республика күні» мемлекеттік мерекелеріне арналған біржолғы сыйлықақыларды төлеу;
- тоқсандық сыйлықақы мөлшерін ұлғайту есебінен.

## Электр энергиясының технологиялық шығыны

2022 жылы «Электр энергиясының технологиялық шығыны» бабы бойынша шығындар (ЭТН-де шығындарды өтеу үшін э/э сатып алу-сату операцияларын есепке алмағанда) өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 51% — ға немесе 11 906 млн теңгеге ұлғайды.

Сонымен қатар, 2023 жылы электр энергиясының технологиялық шығыны (ысырабы) ЭТН-дегі шығындарды өтеу үшін электр энергиясын сатып алу-сату операцияларын ескере отырып, 2022 жылмен салыстырғанда 10 842 млнтеңгеге артты.

| | | | 2022 ж. | | 2023 ж. | ажырау Ж-Ф | | ажырау. Ф-Ф | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| N° | Атауы (бап) | Өлш. бірл. | факт | Жоспар | факт | абс. | % | абс. | % |
| 1 | Электр энергиясының технологиялық шығыны (ысырабы) | млн теңге | 23 279,9 | 32 055,6 | 35 185,8 | 3 130,2 | 9,8% | 11 905,9 | 51,1% |
| 1.1. | Көлемі | млн кВт·сағ | 2 795,9 | 2 900,0 | 2 988,3 | 88,3 | 3,0% | 192,4 | 6,9% |
| 1.2. | Бағасы | теңге/кВт·сағ | 8,33 | 11,05 | 11,77 | 0,72 | 6,5% | 3,45 | 41,4% |
| 2 | Теңгерімдеуші э/э және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сатуға арналған кірістер (KEGOC желілері арқылы жеткізуге арналған технологиялық шығыстарды өтеу үшін) | млн теңге | | | 1 063,9 | 1 063,9 | | 1 063,9 | |
| 2.1. | Көлемі | млн кВт·сағ | | | 80,2 | 80,2 | | 80,2 | |
| 2.2. | Бағасы | теңге/кВт·сағ | | | 13,26 | 13,26 | | 13,26 | |
| **3** | **Ысырап бойынша сальдо** | **млн теңге** | **23 279,9** | **32 055,6** | **34 121,9** | **2 066,3** | **6,4%** | **10 842,0** | **46,6%** |
| 3.1. | Көлемі | млн кВт·сағ | 2 795,9 | 2 900,0 | 2 908,0 | 8,0 | 0,3% | 112,2 | 4,0% |
| 3.2. | Бағасы | теңге/кВт·сағ | 8,33 | 11,05 | 11,73 | 0,68 | 6,2% | 3,41 | 40,9% |

**Жалпы және әкімшілік шығыстар (бұдан әрі — ЖӘШ),** млрд теңге




Төмендігі кестеде KEGOC-тың 2023 және 2022 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша жалпы және әкімшілік шығыстары бойынша шоғырландырылған деректері берілген:

| | 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 2023 жыл | | 2022 жыл | |
| | мың теңге | жалпы және әкімшілік шығыстардан % | мың теңге | жалпы және әкімшілік шығыстардан % |
| Еңбекке ақы төлеу жөніндегі шығыстар және еңбекке ақы төлеуге байланысты өзге де аударымдар | **6 061 290** | **55%** | 5 134 881 | 57% |
| Техникалық қолдау шығындары | **1 006 948** | **9%** | 577 552 | 6% |
| Тозу және амортизация | **1 001 940** | **9%** | 923 604 | 10% |
| Үшінші тарап ұйымдарының қызметтері | **772 273** | **7%** | 638 305 | 7% |
| Корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар | **244 435** | **2%** | 163 872 | 2% |
| Консультациялық қызметтер | **231 769** | **2%** | 251 294 | 3% |
| Сақтандыру бойынша шығыстар | **112 193** | **1%** | 26 169 | 0% |
| Іссапар шығындары | **107 309** | **1%** | 63 847 | 1% |
| Коммуналдық шығындар | **83 414** | **1%** | 76 207 | 1% |
| Материалдар | **67 925** | **1%** | 80 542 | 1% |
| Директорлар кеңесін ұстауға арналған шығыстар | **63 780** | **1%** | 67 450 | 1% |
| Тренингтер | **51 715** | **0%** | 41 896 | 0% |
| Ескірген қорларға резервті есептеу | **79 272** | **1%** | 77 931 | 1% |
| Басқалары | **1 229 164** | **11%** | 896 881 | 10% |
| **Жалпы және әкімшілік шығыстар жиыны** | **11 113 427** | **100%** | **9 020 431** | **100%** |

Жалпы және әкімшілік шығыстар 11 113 427 мың теңгені құрады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 2 092 996 мың теңгеге (23%) жоғары.

## Еңбекке ақы төлеу жөніндегі шығыстар және еңбекке ақы төлеуге байланысты өзге де аударымдар

Еңбекке ақы төлеу бойынша шығыстар 6 061 290 мың теңгені құрады және 2022 жылмен салыстырғанда 926 409 мың теңге немесе 18 %-ға артты.

Ауытқу келесі факторларға байланысты:

- 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап лауазымдық айлықақыларды/тарифтік мөлшерлемелерді көтеру арқылы;
- «Наурыз мейрамы» және «Республика күні» мемлекеттік мерекелеріне арналған біржолғы сыйлықақыларды төлеу;
- тоқсандық сыйлықақы мөлшерін арттыру есебінен болды.

## Техникалық қолдау шығындары

Техникалық қолдауға жұмсалған шығындар 1 006 948 мың теңгені құрады, бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 429 396 мың теңгеге жоғары, бұл ақпараттық байланыс жүйелерінің санын, сондай-ақ құнын (қызметті автоматтандыру) ұлғайту нәтижесінде болды.

## Әкімшілік шығыстардың тозуы және амортизациясы

Әкімшілік шығыстардың амортизациясы бойынша шығыстар сомасы 1 001 940 мың теңге, бұл негізгі құралдарды қайта бағалау нәтижесінде 2022 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 78 335 мың теңгеге немесе 9% -ға жоғары болып табылады.

## Үшінші тарап ұйымдарының қызметтері

Тараптық ұйымдардың қызметтері бойынша шығыстар 772 273 мың теңгені құрады, бұл 2022 жылдың ұқсас кезеңіндегі көрсеткіштен 133 427 мың теңгеге немесе қызметтер құнының өсуі нәтижесінде 24%-ға жоғары.

## Сақтандыру бойынша шығыстар

Сақтандыру бойынша шығыстар 112 193 мың теңгені құрады, бұл қызметкерлерді медициналық сақтандыру бойынша қызметті қосу нәтижесінде 2022 жылғы көрсеткіштен 86 024 мың теңгеге жоғары.

## Ақша ағындары

Келесі кестеде көрсетілген кезеңдердегі операциялық, инвестициялық және қаржылық қызметтің нәтижелері жинақталған:

| | 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша | |
|---|---|---|
| **Мың теңгемен** | **2023 ж.** | **2022 ж.** |
| Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары | **67.264.547** | 80.678.722 |
| Инвестициялық қызметтен түскен таза ақша ағындары | **(28.085.886)** | (31.208.604) |
| Қаржылық қызметтен түскен таза ақша ағындары | **(21.363.120)** | (33.057.639) |
| Ақша қаражаттары мен олардың баламаларындағы таза өзгеріс | **17.815.541** | 16.412.479 |
| Валюта бағамының өзгеруінің шетел валютасындағы ақша сальдосына әсері | **(9.059)** | (600.425) |
| Ақша қаражаттарына және олардың баламаларына күтілетін кредиттік залалдар үшін резервті есептеудің әсері | **158.949** | (182.790) |
| **Кезеңнің басындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары** | **27.563.092** | **11.933.828** |
| **Кезең соңындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары** | **45.528.523** | **27.563.092** |

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша ақшалай қаражат және олардың баламалары 45 528 523 мың теңгені құрады, бұл 2022 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 17 965 431 мың теңгеге (65%) жоғары.

## Операциялық қызметтен түскен таза ақша қаражаты

Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағыны 2023 жылы 67 264 547 мың теңгені құрады, бұл 2022 жылғы ұқсас көрсеткіштен 13 414 175 мың теңгеге немесе 17%-ға төмен.

## Инвестициялық қызметтен түскен таза ақша қаражаты

2023 жылы инвестициялық қызметтен ақшалай қаражаттың таза шығуы -28 085 886 мың теңгені құрады және негізінен 2022 жылы Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің «Кернеуі 500, 220 кВ желілер арқылы Қазақстан ҰЭТ-қа қоса отырып, 500 кВ «Алма» ҚС салу» жобасы бойынша 46,3 млн АҚШ доллары мөлшеріндегі қарызын мерзімінен бұрын өтеу үшін депозиттік шоттардан ақша қаражатын алу есебінен, сондай-ақ инвестициялық бағдарламаны іске асыру кестесі шеңберінде негізгі құралдарды сатып алуға ақшалай қаражаттың шығуының өсуі есебінен 2022 жылмен салыстырғанда 3 122 718 мың теңгеге немесе 10%-ға артты.

## Қаржылық қызметтен түскен таза ақша қаражаты

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде қаржы қызметінен ақшалай қаражаттың таза шығуы -21 363 120 мың теңгені құрады және негізінен 2022 жылы Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің «Кернеуі 500, 220 кВ желілер арқылы Қазақстан ҰЭТ-қа қоса отырып, 500 кВ «Алма» ҚС салу» жобасы бойынша 46,3 млнАҚШ доллары мөлшеріндегі қарызын мерзімінен бұрын өтеу есебінен 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11 694 519 мың теңгеге артты.

## Өтімділік

Келесі кестеде «KEGOC» АҚ таза борышының есебі берілген:

| | | Жай-күй бойынша | |
|---|---|---|---|
| **Мың теңгемен** | **Валюта** | **2023 ж. 31 желтоқсан** | **2022 ж. 31 желтоқсан** |
| Алынған қарыздар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер (1) | USD/EUR | **(5 588 895)** | (11 367 844) |
| Алынған қарыздар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер (1) | теңге | **(1 146 917)** | (5 530 813) |
| Шығарылған облигациялар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер | теңге | **(149 521 918)** | (133 394 155) |
| Есептелген купондық сыйақылар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер | теңге | **(7 277 659)** | (6 058 889) |
| Ақша қаражаттары және олардың баламалары | теңге | **47 374 578** | 27 563 092 |
| Самұрық-Қазына Облигациялары | USD/ теңге | **-** | 30 072 911 |
| Қазақстанның Даму Банкі Облигациялары | USD | **1 101 857** | |
| ҚазМұнайГаз Облигациялары | USD | **877 560** | |
| ҚР Ұлттық Банкінің ноталары | теңге | **23 172 951** | 19 062 907 |
| Банктік депозиттер (2) | теңге | **5 051 777** | 7 434 744 |
| ҚР Қаржы министрлігінің еурооблигациялары | теңге | **1 920 172** | 1 968 564 |
| Самұрық-Қазына облигациялары бойынша есептелген сыйақы | теңге | **-** | 254 333 |
| Қазақстанның Даму Банкі облигациялары бойынша есептелген сыйақы | USD | **8 329** | |
| ҚазМұнайГаз облигациялары бойынша есептелген сыйақы | USD | **8 517** | |
| ҚР Қаржы министрлігінің еурооблигациялары бойынша есептелген сыйақы | теңге | **15 778** | 18 945 |
| DSFK арнайы қаржы компаниясының облигациялары | теңге | **411 883** | 377 731 |
| **Таза қарыз** | | **(83 591 987)** | **(69 598 474)** |

(1) Міндеттемелерге міндеттемелердің негізгі сомасын көрсететін компанияның қаржылық кепілдіктері, несиелері мен несиелері кіреді.

(2) Банктік депозиттерге жергілікті банктердегі қысқа мерзімді депозиттер кіреді.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша ақшалай қаражат және олардың баламалары 47 374 578 мың теңгені құрады. Қарыздар бойынша міндеттер 163 535 389 мың теңгені құрады және 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 7 183 688 мың теңгеге артты.

Таза қарыз 83 591 987 мың теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 13 993 513 мың теңгеге ұлғайды.

Валюталар бөлінісінде депозиттердегі ақша қаражаты:

| Депозит валютасы мың | 2023 жылғы 31 желтоқсан<br>шетел валютасында | 2023 жылғы 31 желтоқсан<br>теңге | 2022 жылғы 31 желтоқсан<br>шетел валютасында | 2022 жылғы 31 желтоқсан<br>теңге |
|---|---|---|---|---|
| АҚШ доллары | 130 010 | 59 098 | 16 009 | 7 406 745 |
| Теңге | | 4 992 679 | | 3 100 |
| **Барлығы мың теңге** | | **5 051 777** | | **7 409 845** |

## Қарыздар және шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелер

### Қарыздар

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша өтелмеген қарыздардың қалдығы Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің (ХҚДБ), Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкінің (ЕҚДБ) кредиттерімен ұсынылды. Бұл кредиттер «Ұлттық электр торабын жаңғырту II кезең», «Мойнақ ГЭС қуатын беру схемасы» жобаларын іске асыру үшін кредиттік желілер шеңберінде берілген.

Несиелердің әрқайсысы бойынша өтеу мерзімі, қамтамасыз ету және сома төмендегі кестеде берілген:

| Қарыз шарты | Банк | Қарыз бойынша берешек сомасы 31.12.2023 ж<br>мың теңге | Қарыз бойынша берешек сомасы 31.12.2023 ж<br>мың АҚШ долл. | Қарыз бойынша берешек сомасы 31.12.2023 ж<br>мың еуро | Кредитті өтеу күні | Қарыздар бойынша қамтамасыз ету |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2009 жылғы 12 қараша КС 7738-KZ | ХҚДБ | 6 735 812 | 14 599 | - | Жылына 2 рет 15.09.2034 дейін | 12.11.09ж. № 11СГГ004 |
| **Барлығы** | | **6 735 812** | **14 599** | | | |

2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қарыздар бойынша берешек мынадай кредиттік көздерден қалыптастырылады:

| Мың теңгемен | Жай-күй бойынша<br>2023 ж. 31 желтоқсан | Жай-күй бойынша<br>2022 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі («ХҚДБ») | **6 735 812** | 12 575 944 |
| Еуропалық Қайта Құру және даму банкі («ЕҚДБ») | | 4 322 713 |
| **Барлығы** | **6 735 812** | **16 898 657** |
| 12 ай ішінде төленуі тиіс ХҚДБ мен ЕҚДБ-дан қарыздар бойынша берешектің ағымдағы бөлігін шегергенде | **(1 146 917)** | (5 530 813) |
| | **5 588 895** | **11 367 844** |

2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компанияның қарыздары бойынша есептелген, төленбеген сыйақы тиісінше 131 596 мың теңгені және 252 227 мың теңгені құрады.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қарыздарды ұйымдастыру жөніндегі комиссияның амортизацияланбаған бөлігі тиісінше 32 068 мың теңгені және 20 450 мың теңгені құрады.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қарыздарды өтеу мерзімдері бойынша ақпарат мынадай:

| Мың теңгемен | ХҚДБ | ЕҚДБ | Барлығы |
|---|---|---|---|
| Қарыздың қысқа мерзімді бөлігі | 1 146 917 | - | 1 146 917 |
| 1 жылдан 2 жылға дейін | 1 016 535 | - | 1 016 535 |
| 2 жылдан 3 жылға дейін | 1 016 535 | - | 1 016 535 |
| 3 жылдан 4 жылға дейін | 1 016 535 | - | 1 016 535 |
| 4 жылдан астам | 2 539 290 | - | 2 539 290 |
| **Қарыздың ұзақ мерзімді бөлігі** | **5 588 895** | **0** | **5 588 895** |
| **Барлығы** | **6 735 812** | | **6 735 812** |

2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қарыздар бойынша берешек мынадай валюталарда көрсетілді:

| Мың | 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша<br>теңге | 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша<br>шетел валютасында | 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша<br>теңге | 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша<br>шетел валютасында |
|---|---|---|---|---|
| АҚШ долларындағы қарыздар | **6 758 169** | **14 599** | 12 575 944 | 26 836 |
| Еуродағы қарыз | **0** | **0** | 4 322 713 | 8 626 |
| **Барлығы мың теңге** | **6 758 169** | | **16 898 657** | |

2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компанияда негізгі қарыз бен пайыздар бойынша кешіктірілген төлемдер жоқ.

| Қарыз шарты | Банк | Жоба | 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша | 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша |
|---|---|---|---|---|
| 2008 жылғы 5 маусымдағы КС 38647 | ЕҚДБ | ҰЭТ-ты жаңғырту 2-кезең | 0 | 2008 жылғы 5 маусымдағы КС 38647 |
| 2009 жылғы 12 қарашадағы КС 7738-KZ | ХҚДБ | Мойнақ | 6 758 169 | 2009 жылғы 12 қарашадағы КС 7738-KZ |
| **Барлығы** | | | **6 758 169** | |

### Облигациялар

2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша шығарылған облигациялар бойынша берешек мыналардан тұрады:

| Мың теңгемен | Жай-күй бойынша<br>2023 жылғы 31 желтоқсан | Жай-күй бойынша<br>2022 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Шығарылған облигациялардың номиналды құны | **150 941 100** | 134 941 100 |
| Есептелген купондық сыйақы | **7 277 659** | 6 058 889 |
| Минус: шығарылған облигациялар бойынша жеңілдік | **(1 337 888)** | (1 457 789) |
| Минус: мәміле бойынша шығындар | **(81 294)** | (89 156) |
| **Барлығы** | **156 799 577** | **139 453 044** |
| 12 ай ішінде өтелуі тиіс облигациялардың ағымдағы бөлігін шегергенде | **(7 277 659)** | (6 058 889) |
| **Шығарылған облигациялар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиыны** | **149 521 918** | **133 394 155** |

**Облигациялар (жалғасы)**

Қоғам «500кВ Семей — Ақтоғай — Талдықорған — Алма желісін салу» жобасын іске асыруға қарыздық қаржыландыруды тарту мақсатында Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес 2016 жылғы 4 мамырда «KEGOC» АҚ-ның 83,8 млрд теңге сомасына алғашқы облигациялық бағдарламасын тіркеді. Осы облигациялық бағдарлама шегінде Қоғам шығарылым проспектісімен анықталған шығарылымның әртүрлі шарттары бар облигациялардың екі шығарылымын жүзеге асырды.

Шығарылған облигациялардың негізгі параметрлері (бірінші шығарылым):

| | |
|---|---|
| Бағалы қағаздардың түрі | купондық облигациялар |
| Ұлттық сәйкестендіру нөмірі: | KZP01Y15F281 |
| ISIN: | KZ2C00003572 |
| Номиналды құны, теңге: | 1 000,00 |
| Шығару көлемі, млн теңге: | 47 500,00 |
| Айналымның басталу күні: | 26.05.16 ж. |
| Айналымның соңғы күні: | 25.05.31 ж. |
| Өтеудің басталу күні: | 26.05.31 ж. |
| Өтініш беру мерзімі: | 15 жыл |
| Купондық мөлшерлеме: | Қазақстандағы инфляция деңгейіне тәуелді, еркін, кредиттік тәуекел 290 б.п. қосылады. Бұл ретте инфляция дәлізі 5-16 пайыз. |
| Купондарды төлеу мерзімділігі: | Жылына 1 рет |
| Купондарды төлеу күндері: | Жыл сайын 26 мамырда |

Қалған қажеттілікке сүйене отырып, Компания 36,3 млрд теңге көлеміндегі облигациялардың екінші шығарылымын жүзеге асырды (Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің 2017 жылғы 3 шілдедегі тіркеуі).

Сауда-саттық нәтижесінде тарту көлемі бойынша облигациялардың 24,8% — ын ЕДБ, 63,8 %-ын басқа институционалдық инвесторлар, 2,7%-ын брокерлік — дилерлік компаниялар, 8,7% — ын басқа заңды тұлғалар сатып алды.

Шығарылған облигациялардың негізгі параметрлері (екінші шығарылым):

| | |
|---|---|
| Бағалы қағаздардың түрі | купондық облигациялар |
| Ұлттық сәйкестендіру нөмірі: | KZP02Y15F289 |
| ISIN: | KZ2C00003978 |
| Атаулы құны, теңгемен: | 1 000,00 |
| Шығаралым көлемі, млн теңгемен: | 36 300,00 |
| Айналымның басталу күні: | 29.08.17 ж. |
| Айналымның соңғы күні: | 28.08.32 ж. |
| Өтеу басталған күні: | 29.08.32 ж. |
| Өтініш беру мерзімі: | 15 жыл |
| Купондық мөлшерлеме: | 11,5% жылдық (тіркелген) |
| Купондарды төлеудің мерзімділігі: | Жылына 1 рет |
| Купондарды төлеу күні: | Жыл сайын 29 тамызда |

«KEGOC» АҚ филиалдарының 220-500 кВ ӘЖ-сін реконструкциялау» инвестициялық жобасын іске асыру мақсатында 2020 жылғы 28 мамырда жалпы көлемі 9,7 млрд теңге болатын «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) сауда алаңында «KEGOC» АҚ облигацияларын сәтті орналастыру өтті.

Қалған қажеттілікке сүйене отырып, Компания 2021 жылғы қаңтарда көлемі 8,9 млрд теңге және 2021 жылғы қазанда көлемі 16,6 млрд теңге облигациялар шығаруды жүзеге асырды.

Бағалы қағаздар жалпы көлемі 80 млрд теңге болатын Эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасының облигацияларының бірінші шығарылымы аясында орналастырылды.

Шығарылған облигациялардың негізгі параметрлері (бірінші шығарылым):

| | |
|---|---|
| Бағалы қағаздардың түрі | купондық облигациялар |
| ISIN: | KZ2C00006658 |
| Атаулы құны, теңгемен: | 1 000,00 |
| Шығаралым көлемі, млн теңгемен: | 35 000,00 |
| Айналымдағы облигациялар саны | 18 569 672 дана |
| Айналымның басталу күні: | 28.05.20ж. |
| Айналымның соңғы күні: | 28.05.35ж. |
| Өтеудің басталу күні: | 28.05.35ж. |
| Айналым мерзімі: | 15 жыл |
| Купондық мөлшерлеме: | индекстелген |

2022 жылғы 21 желтоқсанда «KEGOC» АҚ-ның жалпы көлемі 16,1 млрд теңге «жасыл» облигациялары «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) сауда алаңында орналастырылды.

Бағалы қағаздар Эмитенттің 35 млрд теңге көлеміндегі екінші облигациялық бағдарламасы облигацияларының екінші шығарылымы шеңберінде, өтеу мерзімі 2037 жылға дейін орналастырылды.

Тартылған қаражат «KEGOC» АҚ филиалдарының 220-500 кВ ӘЖ-сін реконструкциялау», «Қазақстан БЭЖ Батыс аймағының электр желісін күшейту. Электр желілік объектілерді салу» инвестициялық жобаларын қаржыландыруға арналған.

Шығарылған облигациялардың негізгі параметрлері (екінші шығарылым):

| | |
|---|---|
| Бағалы қағаздардың түрі | купондық облигациялар |
| ISIN: | KZ2C00007797 |
| Атаулы құны, теңгемен: | 1 000,00 |
| Шығаралым көлемі, млн теңгемен: | 35 000,00 |
| Айналымдағы облигациялар саны | 16 141 100 дана |
| Айналымның басталу күні: | 21.12.22 ж. |
| Айналымның соңғы күні: | 21.12.37 ж. |
| Өтеудің басталу күні: | 21.12.37 ж. |
| Айналым мерзімі: | 15 жыл |
| Купондық мөлшерлеме: | индекстелген |

Қалған қажеттілікке сүйене отырып, Компания 2023 жылғы наурызда көлемі 16,0 млрд теңге облигациялар шығарды.

| | |
|---|---|
| Бағалы қағаздардың түрі | купондық облигациялар |
| ISIN: | KZ2C00007797 |
| Атаулы құны, теңгемен: | 1 000,00 |
| Шығаралым көлемі, млн теңгемен: | 35 000,00 |
| Айналымдағы облигациялар саны | 16 000 000 дана |
| Айналымның басталу күні: | 21.12.22 г. |
| Айналымның соңғы күні: | 21.12.37 г. |
| Өтеудің басталу күні: | 21.12.37 г. |
| Айналым мерзімі: | 15 жыл |
| Купондық мөлшерлеме: | индекстелген |

## ҚОЛДАНЫСТАҒЫ КРЕДИТТІК КЕЛІСІМДЕР

**«Қазақстанның Ұлттық электр торабын жаңғырту» II кезең**

2008 жылы «Қазақстанның Ұлттық электр торабын жаңғырту» II кезең жобасын жүзеге асыру үшін мынадай кредиттік желілер ашылды:

ХҚДБ 15 (он бес) жылға берген, олардың алғашқы 4 (төрт) жылы жеңілдік кезеңі болып табылатын, 127 500 мың еуро және 75 000 мың еуро сомаларына екі кредиттік желі. Қарыз бойынша пайыздар ЕВРОБОР банкаралық алты айлық мөлшерлемеге 3,85 % маржаны қоса есептеледі және жылына екі рет өтеледі. 2023 жылғы 30 маусымдағы жай-күй бойынша қарыз бойынша негізгі қарыз толық өтелді (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша: 8.626 мың еуро (теңгедегі баламасы 4.251.360 мың).

**«Мойнақ ГЭС қуатын беру схемасы»**

2009 жылы «Мойнақ ГЭС қуатын беру схемасы» жобасын жүзеге асыру үшін Топ ХҚДБ 25 (жиырма бес) жылға берген, оның алғашқы 5 (бес) жылы жеңілдік кезеңі болып табылатын, 48 000 мың АҚШ доллары сомасына кредиттік желі ашты. Кредиттік желі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілімен қамтамасыз етілген. Қарыз бойынша пайыздар 2023 жылғы 15 қыркүйектен бастап ай сайынғы СОФР мөлшерлемесі және 1,28% тіркелген спрэд бойынша есептеледі және жылына екі рет өтеледі. 2013 жылғы мамырда ХКДБ-дан алынған кредиттік желінің 3.274 мың АҚШ доллары мөлшеріндегі игерілмеген бөлігі аталған жоба барысында жүктелген нақты шығындар сомасы күтілгеннен азырақ соманы құрағандығымен байланысты жойылды. Сондай-ақ, 2023 жылғы 14 қыркүйекте 10 000 мың АҚШ доллары сомасында қарызды ішінара-мерзімінен бұрын өтеу жүргізілді. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қарыз бойынша берешектің қалдығы тиісінше 14 599 мың АҚШ долларын (теңгедегі баламасы 6 636 284 мың) және 26 836 мың АҚШ долларын (теңгедегі баламасы 12 415 520 мың) құрайды.

## КҮРДЕЛІ ҚАРЖЫ ШЫҒЫСТАРЫ

Шаруашылық қызмет капиталды қажет етеді. Ол қолданыстағы өндірісті жаңғыртуға және оны дамытуға айтарлықтай инвестицияларды қажет етеді. Капиталға деген қажеттілік мыналардан тұрады:

- Қазақстанның энергетикалық жүйесінің сенімділігін және бизнестің тұрақтылығын қамтамасыз етуге, активтердің пайдалы қызмет ету мерзімін арттыратын біздің активтеріміздің және соған байланысты ақша ағындарының қолданыстағы тұтастығы мен өндірістік қуатын қолдауға және жаңғыртуға арналған күрделі қаржы шығындары;
- жұмыс істеп тұрған активтердің өндірістік қуатын немесе кірістілігін арттыруға, сондай-ақ құрылыс арқылы жаңа активтерді дамытуға бағытталған өндірісті кеңейтуге арналған күрделі қаржы шығындары.

Компания 2023 және 2022 жылдары тиісінше 28 014,896 млн теңге және 25 364,634 млн теңге сомасына өндірістік активтерді және өндірістік қызмет процесіне тікелей қатысатын өзге де негізгі құралдарды жұмыс жағдайында ұстауға, «ЖЭТ филиалдарында 220-500 кВ ӘЖ-ні реконструкциялау» ірі инвестициялық жобасына инвестицияларды (6 848,006 млн теңге және 11 104,340 млн теңге) қоса алғанда күрделі қаржы шығындарын жұмсады. 2023 жылы «ЖЭТ филиалдарында 220-500 кВ ӘЖ-ні реконструкциялау» жобасының I кезеңі бойынша реконструкциялау үшін таңдалған 24 ӘЖ-де құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталып, «KEGOC» АҚ «Ақтөбе ЖЭТ», «Батыс ЖЭТ» және «Сарыбай ЖЭТ» филиалдарының жұмыс істеп тұрған 220-500 кВ электр жеткізу желілерінің 2023 км ӘЖ-сі реконструкцияланды, соның ішінде 255,9 км ӘЖЖ 2023 жылы реконструкцияланды. Қазақстан ҰЭТ жұмысының сенімділігін арттыруға және Компанияның электр желісінің тозуын азайтуға қол жеткізілді.

2023 жылы Компанияның өндірісті кеңейтуге арналған күрделі қаржы шығындары 2022 жылғы 22 148,234 млн теңгемен салыстырғанда 25 416,615 млн теңгені құрады және негізінен Компанияның негізгі операциялық активтеріне, оның ішінде «Қазақстан БЭЖ Батыс аймағының электр желісін күшейту» ірі инвестициялық жоба бойынша қаржы салымдары (24 678,557 млн теңге) болып табылады.

2023 жылы «Қазақстан БЭЖ Батыс аймағының электр желісін күшейту» жобасы бойынша ӘЖ ұзындығы 779,7 км сымды монтаждау толық аяқталды, оның ішінде 2023 жылы — 481,9 км монтаждалды. Барлық жоспарланған 4 203 тірек орнатылды, оның ішінде 2023 жылы 1 305 тірек орнатылды. Жалпы ұзындығы 779,7 км 220 кВ «Орал-Правобережная — Индер — Қарабатан — Құлсары — Теңіз» ӘЖ 28.11.2023 жылы ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың қатысуымен телекөпір режимінде жұмысқа қосылды. 220 кВ «Орал», «Правобережная», «Индер», «Құлсары», «Теңіз» 5 ӘЖ кеңейтілді және 220кВ «Қарабатан» ТП салынды. Батыс Қазақстан мен Атырау облыстары арасындағы транзиттің екінші тізбегін қосу нәтижесінде электр желісінің өткізу қабілеті едәуір артты: «Батыс Қазақстан энергия торабы-Атырау» учаскесінде 100 МВт — тан 200 МВт-қа дейін; «Атырау-Маңғыстау» учаскесінде 50 МВт-тан 200 МВт-қа дейін. Бұл Батыс аймақ желісінің сенімділігін екі есе арттырды. Тұтынушыларды ажырату ықтималдығы минимумға дейін азаяды.

### Тарифтердің шекті деңгейлерін төмендету, оның ішінде өтемдік тарифті енгізу

Тәуекелді реттеу мақсатында Компания мынадай іс-шараларды жүргізеді:

- Табиғи ресурстар субъектілерінің қызметін реттейтін заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу жөніндегі жұмыс топтарына қатысу;
- тарифтік сметалардың және инвестициялық бағдарламаның орындалуына талдау жүргізу және қажет болған жағдайда реттеліп көрсетілетін қызметтерге және инвестициялық бағдарламаға тарифтік сметаларды түзету бойынша ұсыныстарды дайындау және ТМРК-ға енгізу (тарифтердің шекті деңгейлерін өзгертпестен);
- ТМРК-ға реттеліп көрсетілетін қызметтерге және инвестициялық бағдарламаға тарифтік сметалардың орындалуы бойынша есептерді ұсыну.

Қазақстан Республикасында тариф белгілеу саясатының өзгеруі, тарифтерді немесе олардың шекті деңгейлерін бекіту кезінде ескерілген реттеліп көрсетілетін қызметтерге және инвестициялық бағдарламаларға тарифтік сметалардың орындалмауы Компанияның бизнесіне оның қаржылық нәтижелері мен жай-күйіне теріс әсер етуі мүмкін.

### Валюталық тәуекел

АҚШ долларының және басқа валюталардың теңгеге қатысты айырбас бағамының ауытқуы Компанияның бизнесіне, оның қаржылық жағдайына және жұмыс нәтижелеріне теріс әсер етуі мүмкін, өйткені Компанияның кірісі теңгемен көрсетіледі.

2023 жылы Компания валюталық міндеттемелер бойынша берешек мөлшерін азайтты. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша валюталық міндеттемелер 6 735 812 мың теңгені құрайды, бұл қаржылық міндеттемелердің үлес салмағындағы 4%-ға сәйкес келеді.

Валюталық тәуекелді реттеу мақсатында 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша депозиттік шоттарда 2,8 млнАҚШ доллары (1 258 408 мың теңге) мөлшерінде сома орналастырылды, жалпы сомасы 8,7 млн АҚШ долларына (3 932 093 мың теңге) бағалы қағаздар сатып алынды, бұл шамамен 4 жыл бойы борышқа қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.

## Пайыздық мөлшерлеме тәуекелі

Компанияның нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру қаупіне ұшырауы, ең алдымен, өзгермелі пайыздық мөлшерлемелері бар Компанияның ұзақ мерзімді несиелерімен байланысты. Компания ықтимал тәуекелдерді азайту үшін хеджирлеу құралдарын қолданбайды, өйткені басшылық пайыздық мөлшерлемелерді мерзімді қайта қарауға байланысты несиелер бойынша пайыздық мөлшерлеменің өзгеру қаупі маңызды емес деп санайды.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компанияның теңге және АҚШ долларымен көрсетілген тартылған қарыздары мен шығарылған облигацияларында (163 535 389 мың теңге) өзгермелі пайыздық мөлшерлеме және облигациялардың екінші шығарылымы бойынша тіркелген мөлшерлеме болды. Компания пайыздық мөлшерлемелердің ауытқуынан туындайтын әділ құнның өзгеруіне ұшырайды.

Компанияның пайыздық кіріс әкелетін активтері теңгемен және АҚШ долларымен көрсетілген қысқа мерзімді депозиттерден тұрады, олардың жалпы сомасы 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша тіркелген пайыздық мөлшерлеме бойынша орналастырылған 29 712 451 мың теңгені құрайды; жалпы сомасы 47 161 481 мың теңгені құрайтын бағалы қағаздардан тұрады.

2022 жылдан бастап LIBOR мөлшерлемелерін есептеудің тоқтатылуына байланысты ХҚДБ SOFR-ді АҚШ долларымен несиелер бойынша жаңа базалық мөлшерлемелермен айқындады (АҚШ долларымен ақша нарығындағы «эталондық» пайыздық мөлшерлеме, АҚШ қазынашылығының бағалы қағаздар кепілімен овернайт ақшалай қаражатты қарызға алудың РЕПО құнының бақыланатын мөлшерлемелеріне негізделген).

## Акционерлерге төленетін дивидендтер

2023 жылы шамамен 33,4 млрд теңге дивиденд төленді:

- 2022 жылдың 2 жартыжылдығында 13,2 млрд теңге,
- 2023 жылдың 1 жартыжылдығында — 20,2 млрд теңге, бұл бір жай акцияға есептегенде 128,33 теңгені құрайды.

Дивидендтер «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабының 4-тармағына сәйкес төленді.

Қор биржасында алғашқы орналастырылған сәттен бастап акционерлерге төленген дивидендтердің жалпы сомасы шамамен 238 млрд теңгені құрады, оның ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ ірі акционеріне 214,5 млрд теңге және миноритарлық акционерлерге 23,8 млрд теңге төленді.



# 6-қосымша. Тәуелсіз тексеру нәтижелері туралы есеп

pwc

## Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тәуелсіз тексеру нәтижелері туралы есеп

Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы «KEGOC» Акционерлік қоғамының Директорлар кеңесіне:

### Кіріспе

Біз Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы «KEGOC» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Компания») басшылығымен Компанияның 2023 жылдың 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі Біріктірілген Жылдық Есебіне (бұдан әрі – «Жылдық Есебі») енгізілген, сипатталған таңдаулы ақпаратқа қатысты шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау үшін тартылдық.

### Рәсімдер әдісін және қолданылатын өлшем шарттарын сипаттау

2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойынша таңдалған ақпарат (бұдан әрі – «Таңдалған ақпарат») осы есептің 1-қосымшасында көрсетілген.

Таңдалған ақпарат Global Reporting Initiative (GRI) жариялаған GRI тұрақты даму туралы есеп беру стандарттарына (бұдан әрі – «GRI стандарттары») сәйкес дайындалған.

Таңдалған ақпарат Жылдық Есептің Есеп беру шекарасына сәйкес Компанияға және оның таңдалған еншілес ұйымдарына қатысты ақпаратты ашады.

Біздің рәсімдеріміздің көлемі тек 2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Таңдалған ақпаратпен шектеледі. Біз алдыңғы кезеңдерге немесе Жылдық Есепке енгізілген кез-келген басқа компоненттерге қатысты қандай да бір рәсімдерді орындамадық, соған орай, оларға қатысты қандай да бір қорытынды жасамаймыз.

Біз Таңдалған ақпаратты GRI стандарттарында қамтылған ашу талаптарын, сондай-ақ Компания әзірлеген және Жылдық Есепте ашылған әдістеме мен нұсқаулықты (бұдан әрі – «Қолданылатын өлшемшарттар») пайдалана отырып бағаладық.

Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау мақсатында қолданылатын өлшем шарттарды қолдану орынды деп санаймыз.

### Компания Басшылығының жауапкершілігі

Компания басшылығы:

- абыройсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан Таңдалған ақпаратты дайындауда бұрмалаушылықтарды қамтымас үшін, ішкі бақылау жүйесінде әзірлендіруді, енгізуді және қолдауды қамтамасыз ету;
- қолданылатын өлшем шарттарға сәйкес Таңдалған ақпаратты дайындау және ашу бойынша ішкі әдістемелер мен нұсқаулықтарды әзірлеу;
- Таңдалған ақпаратты Қолданылатын өлшем шарттарға сәйкес дайындау, есептеу және ашу;

«ПрайсуотерхаусКуперс Такс энд Эдвайзори» ЖШС
Әл-Фараби даңғылы 34, А ғимараты, 4 қабат, Алматы, Қазақстан, A25D5F6
Т: +7 (727) 330 32 00, Ф: +7 (727) 244 68 68, www.pwc.kz

pwc

- Таңдалған ақпараттың дәлдігі, толықтығы және ұсынылуына жауапты.

### Біздің жауапкершілігіміз

Біздің жауапкершілігіміз мыналардан тұрады:

- Таңдалған ақпаратта алаяқтық немесе қателіктер нәтижесінде елеулі бұрмалаулар жоқ екендігіне шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы жоспарлау және орындау;
- біз жүргізген процедуралар мен алынған дәлелдер негізінде Таңдалған ақпаратқа қатысты шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін қорытынды жасау;
- біздің қорытындымызды Компанияның Директорлар Кеңесіне ұсыну.

Біз бұл шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы Халықаралық аудит стандарттары және ақпаратты растау комитетімен шығарылған сенімділікті қамтамасыз ететін «Аудиттен және өткен кезеңдердегі қаржылық ақпаратты тексеруден ерекшеленетін Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырма» Халықаралық тапсырмалар 3000 (ШСҚЕТХТ) стандартына (қайта қаралған) сәйкес орындадық.

Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманың көлемі ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік алуды қоса алғанда, тәуекелдерді бағалау рәсімдеріне де, бағаланған тәуекелдерге жауап ретінде орындалатын рәсімдерге де қатысты ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманың көлемінен аз. Тапсырманы орындау кезінде жүзеге асырылатын, шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін рәсімдер сипаты мен мерзімі бойынша ерекшеленеді, олардың көлемі ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындағанға қарағанда аз болады. Демек, шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау кезінде алынған сенімділік деңгейі ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау кезінде алынған сенімділік деңгейінен төмен.

### Тәуелсіздік және сапаны бақылау

Біз есепшілерге арналған этиканың халықаралық стандарттары жөніндегі кеңестің адалдық, объективтік, кәсіби құзыреттілік, құпиялылық және кәсіби мінез-құлық принциптеріне негізделген (АҚҚ СМ кодексі) кәсіби есепшілердің этика кодексінің (Халықаралық Тәуелсіздік стандарттарын қамтитын) тәуелсіздік туралы талаптарына және басқа да этикалық талаптарына сәйкес келеміз.

Біздің ұйым 1-ші Халықаралық сапаны бақылау стандартын қолданады және этикалық талаптарға, кәсіби стандарттарға және қолданылатын құқықтық және заңнамалық талаптарға сәйкестікке қатысты құжатталған саясаттар мен рәсімдерді қоса алғанда, сапаны бақылаудың кешенді жүйесін қолдайды.

### Атқарылған жұмыс туралы қысқаша шолу

Біз жоспарлаған және орындаған рәсімдер Таңдалған ақпараттың барлық маңызды аспектілері бойынша Қолданылатын өлшемшарттарға сәйкес дайындалғанына шектеулі сенімділік алуға арналған. Ол үшін біз орындаған рәсімдерге:

- тұрақты даму және есептілік мәселелерін басқаруға жауапты тұлғаларды қоса алғанда, Компания басшылығына сұрау салу;
- жылдық Есепті дайындауға және тиісті деректерді жинауға жауапты лауазымды тұлғаларға

## Тәуелсіз тексеру нәтижелері туралы есеп

pwc

сауалнама жүргізу және тиесілі ақпаратты жинау;

- тиісті ішкі әдістемелер мен нұсқаулықтарды талдау, Таңдалған ақпаратты дайындау және ашу саласындағы негізгі жүйелер, процестер мен бақылау құралдары қалай ұйымдастырылғандығы туралы түсінік алу;
- деректер тиісті түрде есептелгенін, есепке алынғанын, салыстырылғанын және ашылғанын тексеру үшін Таңдалған ақпаратқа қатысты мәні бойынша шектеулі тестілеуді өткізу кірді.

Біз алған дәлелдер шектеулі сенімділікті қамтамсыз етейн тұжырымға негіз болу үшін жеткілікті және орынды деп есептейміз.

### Ішкі шектеулер

GRI стандарттары тұрғысынан әртүрлі, бірақ рауалы есептеу және ақпаратты ашу әдістерінің ауқымы бар. Бұл әдістер қорытындыларда айтарлықтай айырмашылықтарға әкелуі мүмкін, бұл олардың басқа ұйымдардың деректерімен салыстырылуына әсер етуі мүмкін. Демек, Таңдалған ақпарат басшылық Жылдық Есепте сипатталғандай пайдаланған әдістемемен бірге қаралуы тиіс және ол үшін Компания жеке-дара жауапты болады.

### Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін қорытынды

Жүргізілген рәсімдер мен алынған дәлелдемелердің қорытындылары бойынша 2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Таңдалған ақпарат Қолданылатын өлшемшарттарға сәйкес барлық елеулі қатынастарда дайындалған жоқ деп тұжырымдауға негіз болатын ешқандай деректер біздің назарымызды аударған жоқ.

### Пайдалануға және таратуға шектеулер

Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тұжырымды қамтитын осы есеп Компания басшылығына, Компанияның және оның тұрақты даму саласындағы таңдалған еншілес ұйымдарының қызметі және осы қызметтің нәтижелері туралы ақпаратты ашуға жәрдем көрсету мақсатында арамыздағы келісімге сәйкес Компания Директорлар кеңесі үшін ғана дайындалды.

Біз осы есептің мазмұнын компанияның сайтында жарияланатын Жылдық Есептің құрамында ашуға келісім береміз, осылайша Компания басшылығы Корпоративтік басқару саласындағы өз міндеттерін толық атқару шеңберінде Таңдалған ақпаратқа қатысты шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тәуелсіз тексеру нәтижелері туралы есеп алғанын растай алады.

Компания басшылығы Компанияның веб-сайтының қолдауына және тұтастығына жауап береді; біз жүргізетін жұмыс бұл мәселелерді қарастыруды қамтымайды және сәйкесінше, Компанияның веб-сайтында жарияланған Таңдалған ақпаратқа немесе Қолданылатын өлшемшарттарға қатысты болуы мүмкін кез-келген өзгерістерге жауапты емеспіз.

Қолданыстағы заңнама шеңберінде біз Компанияның және Компанияның Директорлар кеңесінен басқа тұлғалардың алдында орындалған жұмыс және осы есеп үшін, бұған нақты келісілген жазбаша шарттар және біздің жазбаша келісіміміз болған жағдайларды қоспағанда жауапкершілікті қабылдамаймыз.

*PricewaterhouseCoopers Tax & Advisory LLP*

19 тамыз, 2024 жыл
Алматы, Қазақстан



pwc

### 2024 жылдың 19 тамызындағы шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тәуелсіз тексеру нәтижелері туралы есепке 1-ші қосымша

Төменде 2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға арналған, Жылдық Есебінің 34-104 беттерінде ашылған және Компания әзірлеген GRI стандарттарына, әдістемелеріне және нұсқауларыларына сәйкес дайындалған және шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін рәсімдерінің нысанасы болып табылатын Таңдалған ақпарат көрсетілген:

| GRI стандарты | Жарияларған орындалу (Таңдалған ақпарат) |
|---|---|
| 302-1 | Ұйым ішіндегі энергияны тұтыну |
| 305-1 | Парниктік газдардың тікелей шығарындылары (қамту аймағы 1) |
| 305-2 | Парниктік газдардың жанама энергетикалық шығарындылары (қамту аймағы 2) |
| 305-4 | Парниктік газдар шығарындыларының қарқындылығы |
| 305-7 | Атмосфераға азот оксиді (NOX), күкірт оксиді (SOX) және басқа да маңызды ластаушы заттардың шығарындылары |
| 306-3 | Қалдықтардың пайда болуы |
| 306-4 | Қалдықтарды кәдеге жарату |
| 306-5 | Қалдықтарды жою және орналастыру |
| 403-9 | Өндірістік жарақаттанудың түрлері мен деңгейі |
| 403-10 | Кәсіби аурулар |
| 405-2 | Қызметкерлердің жынысы мен санаттары бойынша бөліністегі мансаптың нәтижелілігі мен дамуына мерзімді бағалау жүргізілетін қызметкерлердің үлес |

# Глоссарий

| | |
|---|---|
| **АҚ** | акционерлік қоғам |
| **«Самұрық-Қазына» АҚ** | «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы |
| **«KEGOC» АҚ** | «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамы |
| **АҚҚ** | автоматты қайта қосу |
| **ҚАР** | қозуды автоматты реттеу |
| **ЖҚАР** | Жиілік пен қуатты автоматты реттеу |
| **ӘБП** | әкімшілік-басқару персоналы |
| **БГҚ** | биогаз қондырғылары |
| **ӘЖ** | әуе желілері |
| **ЖЭК** | жаңартылатын энергия көздері |
| **ІНҚ** | ішкі нормативтік құжаттар |
| **ТОБЖ** | талшықты-оптикалық байланыс желісі |
| **ЖЭС** | жел электр станциясы |
| **МАЭС** | мемлекеттік аудандық электр станциясы |
| **ГТЭС** | газ турбиналы электр станциясы |
| **ГЭС** | су электр станциясы |
| **ЕҰ** | еншілес ұйымдар |
| **БЭЖ** | Біртұтас электр энергетикалық жүйесі |
| **АҚ** | ақпараттық қауіпсіздік |
| **АД** | «KEGOC» АҚ Атқарушы дирекциясы |
| **БМЖ** | біріктірілген менеджмент жүйесі |
| **КА** | «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті |
| **ЕҚЕӨҚК** | «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау комитеті |
| **кВт с** | киловатт-сағат |
| **кВ** | киловольт |
| **ТСК** | «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеті |
| **Компания** | «KEGOC» АҚ |
| **ҚНК** | қызметтің негізгі көрсеткіштері |
| **ҚР ТМРК** | Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті |
| **ТБКЖ** | тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі |
| **ЭЖЖ** | электр жеткізу желілері |
| **МВА** | мегавольт-ампер |
| **МВт** | мегаватт |
| **ҚЕХС** | қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары |
| **ХҚИ** | халықаралық қаржы институттары |
| **ЖЭТ** | «KEGOC» АҚ «Жүйеаралық электр торaптары» филиалдары |
| **ҚҚС** | қосылған құн салығы |
| **ЖО ҰДО** | Жүйелік оператордың Ұлттық диспетчерлік орталығы |
| **ҒЗТКЖ** | ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыс |
| **ҰЭТ** | Ұлттық электр торабы |
| **ҚОӘБ** | қоршаған ортаға әсерді бағалау |
| **ҚҮҚ** | қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету |
| **БҰҰ** | Біріккен Ұлттар Ұйымы |
| **ЗТБ** | заңды тұлғалар бірлестігі |
| **АЖЖ** | Аварияларды жою жоспары |
| **ӨП** | өндірістік персонал |
| **ҚС** | қосалқы станция |
| **ЖСҚ** | жобалау-сметалық құжаттама |
| **БЖ** | бағдарламалық жасақтама |
| **ПХД** | полихлордефинил |
| **АДО** | аймақтық диспетчерлік орталық |
| **ЖЭК жөніндегі ҚЕО** | жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы |
| **ІАҚ** | ішкі аудит қызметі |
| **ІБЖ** | ішкі бақылау жүйесі |
| **БАҚ** | бұқаралық ақпарат құралдары |
| **ҚМЖ** | құрылыс-монтаждау жұмыстары |
| **ТМД** | Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы |
| **ТБЖ** | тәуекелдерді басқару жүйесі |
| **АҚБЖ** | ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі |
| **КЭС** | күн электр станциясы |
| **ЖШС** | жауапкершілігі шектеулі серіктестік |
| **ТЭН** | техникалық-экономикалық негіздеме |
| **ЖЭС** | жылу электр станциясы |
| **ЖЭО** | жылу электр орталығы |
| **Филиалдар** | «KEGOC» АҚ ЖЭТ және ЖО ҰДО филиалдары |
| **ААОЖ** | апатқа қарсы автоматиканың орталықтандырылған жүйесі |
| **ТЖ** | төтенше жағдай |
| **CEO** | Chief Executive Officer — компанияның жоғары лауазымды тұлғасы |
| **CFO** | қаржы директоры |
| **COSO ERM** | ұйымның тәуекелдерін басқарудың тұжырымдамалық негіздері |
| **GRI** | Жаһандық есеп беру бастамасы |
| **EBITDA** | пайыздар, салықтар және амортизацияға дейінгі пайда |
| **IPO** | бастапқы орналастыру |
| **ISO** | Халықаралық стандарттау ұйымы |
| **KASE** | Қазақстан қор биржасы |
| **LTIFR** | уақытша еңбекке жарамсыздығы бар жарақаттар жиілігінің коэффициенті |
| **NAV** | активтердің таза құны |
| **ROACE** | капитал табыстылығының көрсеткіші |
| **SAP** | деректерді өңдеудегі жүйелік қосымшалар мен өнімдер |
| **SCADA** | диспетчерлік басқару және деректерді жинау |
| **SPO** | қайталама орналастыру |
| **WAMS/WACS** | синхрофазорлық технологияларға негізделген мониторинг және басқару жүйелері |

# Байланыс




## «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company)» «KEGOC» АҚ

Қазақстан Республикасы, Z00T2D0, Астана қ., Тәуелсіздік даңғылы, 59-ғимарат
Тел.: +7 (7172) 69-38-24, 69-02-43
Факс: +7 (7172) 21-11-08
E-mail: kegoc@kegoc.kz
www.kegoc.kz

2-1

## «KEGOC» АҚ Жылдық есебі бойынша сұрақтар үшін

2-3

### Тұрақты және корпоративтік басқару департаменті

**Исабекова Әсел Нұрланқызы**

Тел.: +7 (7172) 69-04-61
E-mail: Isabekova@kegoc.kz

### Комплаенс-офицер

**Тимашев Алмас Үсенұлы**

Тел.: +7 (7172) 69-05-19
E-mail: Timashev@kegoc.kz

### Инвесторлармен байланыс жөніндегі департамент

**Көккөзова Қалила Таңатқызы**

Тел.: +7 (7172) 69-02-92
E-mail: kokkozova@kegoc.kz

### Аудитор

**«RSM Qazaqstan» ЖШС**

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық даңғылы, 43, «D43» Бизнес-орталығы, 302-кеңсе
Тел.: +7 (7273) 39-87-78
E-mail: contact@rsm.kz

### Тіркеуші

**«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ**

Бас кеңсе:

050040, Алматы қ., Сәтбаев к-сі, 30/8, тұрғын емес үй-жай 163
Тел.: +7 (7272) 62-08-46, 355-47-60

Қосымша кеңселер:

010000, Амангелді қ., «Амангелді» ауданы, Амангелді Иманов к-сі, 13 («Нұр-сәулет 2» БО), 101-кеңсе
Тел.: +7 (7172) 47-67-50
E-mail: ccmail@kacd.kz, ofo@kacd.kz